

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ  
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

**I АМАНЖОЛ ҚАСАБЕК ОҚУЛАРЫ**

философия ғылымының докторы, профессор  
Қасабек Аманжол Қасабекұлының 80 жылдығына,  
Бүкіләлемдік философия күніне арналған  
«ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ» атты  
Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының  
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

*Алматы, 17 қараша 2023 жыл*

**I КАСАБЕКОВСКИЕ ЧТЕНИЯ**

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
международной научно-теоретической конференции  
«МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ИЗУЧЕНИЯ КАЗАХСКОЙ ФИЛОСОФИИ»,  
посвященной 80-летию профессора, доктора философских наук  
Касабек Аманжол Касабекулы,  
Всемирному Дню философии

*Алматы, 17 ноября 2023 г.*

**I AMANZHOL KASABEK READINGS**

COLLECTION OF MATERIALS  
International Scientific and Theoretical Conference  
« METHODOLOGICAL FOUNDATIONS OF THE STUDY OF  
KAZAKH PHILOSOPHY »,  
dedicated to the 80th anniversary of Doctor of Philosophical Sciences,  
Professor Amanzhol Kasabek,  
to the World Philosophy Day

*Almaty, November 17, 2023*

*Алматы*  
*«Қазақ университеті»*  
*2024*

ӘОЖ 1/14 (574)  
КБЖ 87 (5Қаз)  
Қ 17

Бас редактор:

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия және саясаттану факультетінің деканы, философия ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор Мейірбаев Б.Б.

Редакциялық топ:

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия және саясаттану факультетінің деканның ғылыми-инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары Альчимбаева А. Б.

Әл-Фараби орталығының ғылыми кеңесшісі, философия ғылымының докторы, профессор Алтаев Ж.А.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия және саясаттану факультеті философия кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымының кандидаты Құранбек Ә.А.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі философия ғылымының докторы, профессор Құрманәлиева А.Д.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия және саясаттану факультеті философия кафедрасының оқытушысы, гуманитарлық ғылымдарының магистрі Иманбаева Ж.М.

«Қазақ философиясын зерттеудің әдіснамалық негіздері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдар жинағы. Алматы, Қазақстан, 17 қараша 2023 жыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – 213 б.

**ISBN 978-601-04-6630-2**

«Қазақ философиясын зерттеудің әдіснамалық негіздері» халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы материалдарының жинағы (Алматы қ., 17 қараша 2023 ж.) заманауи әлемдік философиядағы әдіснамалық мәселелерді, қазақ философиясының өзіндік ерекшеліктерін, философ-ғалым Аманжол Қасабектің шығармашылығын зерттеуге арналған баяндамалар мен мақалаларды қамтиды.

Басылым әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласының зерттеушілеріне, ғылыми қызметкерлерге, оқытушыларға, магистранттар мен докторанттарға арналған.

Мақалалар авторлық редакцияда жарияланады.

**ISBN 978-601-04-6630-2**

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2024**

<b>МАЗМҰНЫ</b>	
<b>ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР</b>	
<b>АМАНЖОЛ ҚАСАБЕКҰЛЫ – БОЛАШАҚТЫ БОЛЖАҒАН ТАНЫМҒЕР</b> <i>Раев Д. С.</i>	6
<b>ҚАСАБЕК АМАНЖОЛ – ҰЛТ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛІ</b> <i>Нұрмұратов С. Е.</i>	10
<b>АЛЬ-ФАРАБИ КАК ПОЛИТИЧЕСКИЙ И СОЦИАЛЬНЫЙ МЫСЛИТЕЛЬ</b> <i>Алтаев Ж. А.</i>	17
<b>ФИЛОСОФСКИЕ АСПЕКТЫ ИЗУЧЕНИЯ ПРОБЛЕМЫ САМОПОНИМАНИЯ</b> <i>Камчыбек уулу М.</i>	22
<b>ДӘСТҮР МЕН ЖАҒАШЫЛДЫҚ МАЗМҰНЫҢ ҮЙЛЕСТІРГЕН ТҰЛҒА</b> <i>Молтобарова К. И.</i>	26
<b>1-СЕКЦИЯ. ЗАМАНАУИ ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯДАҒЫ ӘДІС ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР</b>	
<b>ҚАЗІРГІ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ «ТЕХНИКА» ҰҒЫМЫНЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ</b> <i>Бекежан Ө. Қ.</i>	32
<b>ДАМУ ИДЕЯСЫН ИНТЕГРАТИВТІ ҒЫЛЫМИ ӘДІСНАМАЛАР АЯСЫНДА ТАЛДАУДЫҢ БАСТАПҚЫ БАҒДАРЛАРЫ</b> <i>Мадалиева Ж. К.</i>	39
<b>ФИЛОСОФСКО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ИНФОРМАТИЗАЦИИ СОВРЕМЕННОГО ОБЩЕСТВА</b> <i>Союзбек кызы Г.</i>	43
<b>МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ В КОНТЕКСТЕ ТУРИЗМА</b> <i>Алибаева А. Н.</i>	49
<b>ҒЫЛЫМДАҒЫ ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫ: «SCOPUS» ДЕРЕКТЕР БАЗАСЫ КӨМЕГІМЕН ШАҒЫН БИБЛИОМЕТРИЯЛЫҚ ТАЛДАУ</b> <i>Насимов М. Ө.</i>	55
<b>ВЗАИМОСВЯЗЬ МЕТОДОЛОГИЧЕСКИХ ПРОБЛЕМ В СОВРЕМЕННОЙ ФИЛОСОФИИ И ПРАКТИЧЕСКОЙ ПСИХОЛОГИИ</b> <i>Сариева Э. М.</i>	66
<b>ДНИ КОНВЕРСИЯ ҰҒЫМЫ МЕН МӘНІ</b> <i>Қасымхан Д.</i>	71
<b>2-СЕКЦИЯ. ДӘСТҮР ЖӘНЕ ЖАҒАШЫЛДЫҚ: ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ</b>	
<b>ДИАЛЕКТИКА ТРАДИЦИОННОГО И НОВАТОРСКОГО В АНАЛИЗЕ ГЛАВНЫХ ГЕРОЕВ ПРОИЗВЕДЕНИЯ «ДЖАМИЛЯ» ЧЫҢГЫЗА АЙТМАТОВА</b> <i>Сааданбекова Ч. И., Эдилова М. М.</i>	75
<b>ПОНЯТИЯ ТЕНГРИ И УМАЙ В ОРХОНО-ЕНИСЕЙСКИХ ИСТОЧНИКАХ</b> <i>Телебаев Ф. Т.</i>	79
<b>ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ДӘСТҮРДІҢ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫ</b>	

<i>Болысова Қ., Рақымжанова С. Қ.</i>	84
<b>ҰЛТТЫҚ БІРТҮТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУДАҒЫ ТІЛДІҢ РӨЛІ</b>	
<i>Құрманалиева А. Д., Қоғабәева Ә.</i>	90
<b>ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ ҚҰНДЫЛЫҒЫ</b>	
<i>Сембаева М.М.</i>	94
<b>ВЗГЛЯДЫ ДРЕВНИХ КАЗАХОВ НА ПРИРОДУ</b>	
<i>Иманбаева Ж. М.</i>	98
<b>КАТЕГОРИИ "АДАПТАЦИЯ" И "ИНТЕГРАЦИЯ" В ТЕОРИИ ОБЩЕСТВЕННОЙ МЫСЛИ</b>	
<i>Токоева Н. Б.</i>	99
<b>СТАЛИНИЗМ ФЕНОМЕНІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМДЫҚ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ ИГЕРУ ДЕҢГЕЙІ</b>	
<i>Айтенова А. А.</i>	104
<b>СЕРИКБОЛ ҚОНДЫБАЙ: ФЕНОМЕН СУДЬБЫ ФИЛОСОФА</b>	
<i>Байғожина А.М.</i>	110
<b>СЕРИКБОЛ ҚОНДЫБАЙДЫҢ МИФТИК-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАНЫМ ФИЛОСОФИЯСЫ</b>	
<i>Бекежан Ө. Қ.</i>	116
<b>МЕЙРАМ - МЕМЛЕКЕТ ТАРИХЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ АЙНАСЫ</b>	
<i>Исламбеков Ә.</i>	126
<b>ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ЭТИКАЛЫҚ ІЛІМІНІҢ ТАРИХИ ЖӘДІГЕРЛЕРДЕ ТАҢБАЛАНУЫ</b>	
<i>Мейрманов А. Д.</i>	129
<b>3-СЕКЦИЯ. РУХАНИ САБАҚТАСТЫҚ АЯСЫНДАҒЫ ФИЛОСОФ-ҒАЛЫМ АМАНЖОЛ ҚАСАБЕКТИҢ ТҮЛҒАЛЫҚ КЕЛБЕТІ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БОЛМЫСЫ</b>	
<b>ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ДІНДАРЛЫҚ ФЕНОМЕНІ</b>	
<i>Құрманалиева А. Д., Қушербаева А. Б.</i>	136
<b>КЕМЕЛ ҰСТАЗ</b>	
<i>Асқарова К. И.</i>	140
<b>УНИВЕРСАЛИИ ЭТИКИ И ПРАВСТВЕННЫЕ ЦЕННОСТИ КАЗАХСКОГО НАРОДА</b>	
<i>Кожан А., Жаныкулов К., Досалиев Т.</i>	143
<b>ФЕНОМЕН ВЛАСТИ В КИТАЙСКОЙ КУЛЬТУРЕ</b>	
<i>Кумисходжаев Е. С., Ердашова А. Б.</i>	149
<b>4-СЕКЦИЯ. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛАРДЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ РЕФЛЕКСИЯСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДІ ОДАН ӘРІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ</b>	
<b>ТРАНСФОРМАЦИЯ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ И НОВЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТРЕНДЫ</b>	
<i>Ашилова М. С., Бегалинова К. К., Нуржанова А. Б., Бегалинов А. С.</i>	155
<b>ҚАЗАҚСТАНДА ДІНИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ</b>	
<i>Халимова А. Б.</i>	159

<b>МОДЕЛИРОВАНИЕ КАК МЕТОД ИССЛЕДОВАНИЯ СОЦИАЛЬНЫХ КОНФЛИКТОВ</b>	<b>168</b>
<i>Абдигалиева Г.К., Ниеткалиева Д.Е.</i>	
<b>ВЛИЯНИЕ ГЕНДЕРНЫХ ФАКТОРОВ НА СЕМЕЙНЫЕ ЦЕННОСТИ В СЕМЬЕ</b>	<b>174</b>
<i>Шакирова С.А.</i>	
<b>ТРАНСФОРМАЦИЯ РОЛЕВЫХ ОЖИДАНИЙ В СОВРЕМЕННОЙ СЕМЬЕ</b>	<b>178</b>
<i>Талғарбекова Э. Б.</i>	
<b>ӘЛ- ФАРАБИ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ ДІН АРАҚАТЫНАСЫ МӘСЕЛЕСІ</b>	<b>183</b>
<i>Сансызбай Д. Қ.</i>	
<b>ӨСКЕЛЕҢ ЖАСТАРҒА ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ-ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫНА АПАРАТЫН АЛҒЫШАРТТАРДЫҢ БІРІ</b>	<b>189</b>
<i>Алтайбаева А. Н.</i>	
<b>КИБЕР КЕҢІСТІК ЖӘНЕ ПОСТАҚИҚАТ: ТҮРМЫСТЫҚ ТАНЫМДАҒЫ ДИСТРУКТИВТІ МЕТАМОРФОЗДАРДЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ</b>	<b>194</b>
<i>Кәрімов Д. А.</i>	
<b>ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ</b>	<b>197</b>
<i>Сағындықова А.</i>	
<b>МЕШІТТЕР ЖАНЫНДАҒЫ САУАТ АШУ КУРСТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ</b>	<b>202</b>
<i>Шаңбаева А. Н.</i>	
<b>ХАЛЫҚПЕН ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ БАҚ-НЫҢ ТЕРРОРИЗМ МЕН ЭКСТРЕМИЗМ ИДЕОЛОГИЯСЫНА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДАҒЫ РӨЛІ</b>	<b>206</b>
<i>Шантемисов Е. Б.</i>	
<b>«МӘДЕНИ ЖАРАҚАТ» РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ: ХОЛОКОСТ ТАРИХИ ОҚИҒАСЫ МЫСАЛЫНДА</b>	<b>209</b>
<i>Айтенова А. А.</i>	

## ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР

### АМАНЖОЛ ҚАСАБЕКҰЛЫ – БОЛАШАҚТЫ БОЛЖАҒАН ТАНЫМҒЕР

**Раев Дәулетбек Сәдуақасұлы**

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің профессоры,  
философия ғылымының докторы

Аманжол Қасабекұлы өзінің соңғы 2021 жылы жарық көрген «Болашақ: философиялық пайымдау» атты монографиясын «Болашақ идеясының жаңа тұрпатты деңгейі» деген тақырыппен бастап, «Өзгерістер үдерісі болашақтың айнасы» деп аталатын мәселемен түйіндейді. Осы реттен келгенде, монография сегіз түрлі өте терең ейкумендік танымдық тақырыптарға құрылған. Әр тақырып өзінше бір кешенді ғылыми-философиялық рефлексияны қажет етеді. Монографияның басты лейтмотиві – болашақты тану болмысты түрлендірудің сенімді әдісіне айналдыру болғаны анық. Ғалымның пікірінше, ол бүгінгі қоғамдық тіршілікті ғылыми танымға салу арқылы қоғам туралы үстірт түсініктер мен бұрмалаушылықтарға жол бермеудің қажеттілігіне негзделеді [1, 31 б.].

Еңбектің кіріспе бөлімінде: «Болашақ философиясы адамдардың барлық қажеттілігі түрлерін ұсынуға бағыттталып, олардың құндылықтарын анықтауды белгілейді» деген сенім білдіріп, тәуелсіздік – «...болашаққа зор сеніммен қараған еліміз үшін баға жетпес құндылық» [1, 3 б.], -дей келіп, ғалым тәуелсіздік феноменінің аксиосферасы мен аксиотанымдық мәртебесін айқындайды. Ал «оның философиялық мән-мағынасын ұғыну ұлт санасының биік шыңына шығуына септігін тигізуі анық» [1, 3 б.], -деген тұжырымында ғалым тәуелсіздіктің философиялық эпистемасын, ең бастысы қазақ философиясы тұрғысынан жасауды келешек ұрпаққа аманаттағаны зайыр.

Алғашқы тақырып «Болашақ идеясының жаңа тұрпатты деңгейі» мәселесіне арналған. Мұнда автор ел болашағы бүгінгі мәселелерге ізденушінің ғылыми философиялық шығармашылық әлеуеті негізінде ой жүйені заманға қарай қайта құру арқылы қарастыру керектігін алға тартады. Танымгер ғалым аталмыш еңбегінде бүгінгі адамзат ойкумені экзистенциясындағы «Болашақ» концептін арман-трансцендентіне көтере отырып, оның жүзеге асу үдерісін адамның тіршілік философиясы асында қарастыруды ұсынады. Осы ретте Аманжол Қасабекұлы бұл мәселені зерттеудің метаәдіснамалық тұғырын меңзейді. Ғалымның пікірінше, «қазіргі әлемді» қарастыруда «шығармашылық» креатив-қабілет протофактор, прототек, түпнегіз болатыны туралы жаңа әдіснамалық ұстанымды ұсынады. Ғалым болашақ ұғымының мәндік құрылымын прагматизм теориясымен байланыстырады, яғни болашақ категориясының мәнін ашуда тәжірибелік іс-әрекеттің орны мен рөлінің маңызын баса көрсетеді.

«Тарихтың енжар объектісі» болудан көрі, «оның белсенді рухани субъектісіне айналу» – болашақты танудың бірден-бір амалы деген идея көтереді. Шындығында бүгінгі күнінің парадокстарының бірі – адамзатының рухани шығармашылық әлеуетінің толық ашылмай жатуы. Ғалым қоғам болашағы адамдардың саналы шығармашылығына тәуелді дейтін тұжырымға келеді. Ал «қоғамдық ақиқат талданымы осы идеяға батыл түзетулер енгізеді», -дейді зиялы ғалым. Бұл үдерісті автор теориялық мәселе ретінде қарастыра отырып, «демек теория практикаға жол салады» [1, 5 б.] –десе, осы ойды «өйткені теориялық пайымдаулар практикалық сұраныстармен арақатынаста болады» [1, 31 б.], -деп

жалғастырады. Ғалымның пікірінше, бүгінгі практикалық мәселелерге ғылыми тұрғыда келуді қамтамасыз ету қажет.

Ғалымның пайымдауынша, бүгінгі адам әлеуметтік экзистенцияның пассивті орындаушысы болудан гөрі, оның «белсенді рухани субъектіне» [1, 5 б.] айналу тенденциясын алға тарта отырып, оның шығармашылық әлеуеті – болашақты танудың басты көзі болмақ. Автор қоғам болашағын адамдардың қызығушылығына, олардың креативті өмір салтына, шығармашылық ізденістеріне тәуелділік заңдылығын көрсетеді. Әріна адамзаты қоғамының даму заңдылығы осыған келіп тіреледі әрі ол аксиома болатыны шындық. Мемлекет басшысы Қ-Ж. Тоқаевтың үстіміздегі жылдағы халыққа Жолдауында: «Әркім отаншыл, білімпаз, еңбекқор, тәртіпті, адал, әділ, үнемшіл әрі жанашыр болса, алынбайтын асу жоқ. Мен еліміздің әрбір азаматын осы қасиетті парызға адал болуға шақырамын. Берекелі бірлігімізді сақтап, табанды еңбек етсек, ...бабалар аманатына адалдық деген – осы!» [2, 21 б.], -дегені сондықтан болса керек.

Философ-танымгердің жоғарыда айтқан шығармашылық – болашақтың айнасы дейтін концепциясында «болмыстың қолжетімсіздік» идесын көтере отарып, оның әр кезде сол деңгейде қала беретін констант құбылыс болатынын мойындайтын танымынан туындайтыны анық. Бұл мәселені автор «Болашақ» концептісімен байланыстырып, соған қатысты «сұрақтарды күнен күнге өткір қоюда», -дей келіп, «...тарихи мақсаттар ауқымының өсуі өлшеміне байланысты жауапкершілікті, саналы әрбір адамның қоғам ісіне белсенді араласуы арта түседі, күшейеді» [1, 5 б.], -деп жазады. Бұл айтқандар Мемлекет басшысының: «Біз болашақта қандай ел болатынымызды нақты білеміз. Бәріне бірдей мүмкіндік беретін өркениетті ел – Әділетті Қазақстанды құрамыз. Заң және тәртіп, өзара түсіністік, тілектестік пен жауапкершілік бәрінен биік тұратын тиімді мемлекет боламыз» [2, 20 б.], -деп айтқанымен үндесіп келеді.

Ғалымның болашаққа қызмет ететін прагматизмге байланысты назарға ілігетін ендігі бір идеясы – материалдық өндірісіндегі әлеуметтік қатынас детерминизмі. Автор өндірістік қатынастың әлеуметтік сипатының басым болатынын меңзейді. Олай болса, болашаққа бағытталған қоғамдық өндіріс үшін әлеуметтік қатынастың өзгеруі протомодерндік фактор болатынын көз жеткізеді ғалым. Абекең болашақ үшін қызметті – екіге: өндірістік қызмет және әлеуметтік қызмет деп бөледі. Мәнін ашып айтар болсақ, автор болашаққа бағыт алған «дамушы қоғам сұраныстарына сәйкес табиғатты зерттеуді мақсат еткен адамдардың өндірістік қызметі...» әлеуметтік қатынасты өзгертудің қажетті өзектілігіне назар аударады. Бұны ғалым қоғамның «әлеуметтік қайта құрушы қызметі» [1, 6 б.], -деп есептейді. Автордың қоғамдағы өндірістік шығармашылық үшін әлеуметтік қатынастық қызметтің өзгеруінің маңыздылығына баса назар аудара келіп, «бұл... адам санасының (формасы – Д.С.) мен мазмұны әлеуметтік байланыстардың бүтіндей жүйесіне тәуелділігі принципінің негізінен бастау алады» [1, 9 б.], -деп жазады. Осының өзі философия саласындағы теориялық-әдіснамалық эпистеманы қайта қарауға жетелейтіні анық.

Осы реттегі, тағы бір зер салатын нәрсе – ол ғалымның болашақ үшін прагматистік әрекеттегі өндірістік қызмет пен әлеуметтік-қатынастық қызметті бірі-біріне қарсы қою тенденциясынан арылуды ұсына отырып, оларды философиялық тұрғыда холистік ұстанымға негіздеп мойындауды талап етеді. Олай болса, адам шығармашылығына негізделген қоғамдық прагматика – «техносфера» тұрғыдан қарағанда «адамның жүзеге асқан мәні» ретінде танылып, ол «екінші табиғат» әлемін қалыптастыратынын еске салып, «табиғаттың өзі де «әлеуметтік» [1, 6 б.], -деген көзқарасты ұсынады.

Осыған орай, автор, «Болашақ» – мақсатты субъектілердің өзара әрекеттесуі арқылы жүзеге асатын қауымдастықтардың саналы қатынасын өзгертетін әлеуметтік протосфера дейтін әдіснамалық идеяны ұсынады [1, 7 б.]. Демек, ғалымның пікірінше, болашақ – әр

тұлғаны тең құқылы, тең еркіндік дәрежесіне көтеретін, нақтыры қоғамдық-тарихи сипатқа ие болатын, қоғамдық өмірдің барлық (саяси, құқықтық, моральдық, эстетикалық және т.б.) саласында көрініс табатын әлеуметтік-мәдени экзистенция кеңістігі. Сонымен бірге, автор, болашақты әлемді тәжірибе жүзінде игеретін субъект әрекетінің жемісі ретінде қарастыратын идеяны алға тартады. «Осылардың өзіндік көріністері» -деп жазады ғалым – «философия теориясының бүтіндей қоғамдық таным ...үшін маңызы аз емес» [1, 7 б.].

Монографияның келесі «Әділеттік ұғымының болашақ идеясымен байытылуы» деп аталатын бөлімінде Аманжол Қасабекұлы бүгінгі тәжірибе мәселесіне ғылыми талдау оның негізгі теориялық ұстанымдарын ашуға көмектесе отырып, әлеуметтік ақиқатқа философиялық ойдың терең бойлауын қамтамасыз етеді және оған деген дүниетанымдық негіздің кеңеюіне ықпал жасайды деген әдіснамалық ой тастайды. Сонымен бірге, ғалым бұл бөлімде бүгінгі әлеуметтік тәжірибедегі ерекше парадоксті – «біз шындықты танып-білуге ұмтылудан гөрі», оны «бақылап басқаруға көп күш жұмсаймыз», танығанның өзінде, «шындықты білу үшін емес, әлемді басқару үшін ұмтыламыз» [1, 31 б.], -деп көрсетеді. Осыған орай, автор «әділеттік» категориясы мен «болашақ идесының» өзара тығыз диалектикалық байланысын ашуға қадам жасайды. Әділеттік ұғымы болашақ идеясын мән-мазмұндық байытса, болашақ идеясы әділет ұғымын өрістете түседі дейтін тұжырымды ұсынады автор. Бұл реттегі ғалымның басты идеясы «әділеттілік – әлеуметтік ақиқат көзі, ақиқат – дүниетанымдық негіздің кеңею өрісі, ал соңғысы – болашақ айнасы» деген формулаға саяды.

Сондай-ақ, Аманжол Қасабекұлы ағамыз бұл бөлімде адам факторының рөлін мойындауды, әлеуметтік өмір сапасын өз деңгейінде бағалауды баса ескрте отырып, бүгінгі қоғамдық санадағы «өмірдің мәнін ...ғалам туралы біреудің ойдан шығарған дайын хикаясына сеніп, содан өзіне орын таба қоюды ыңғайлы көретін» [1, 32 б.] масылдық психологияны да дөп басып көрсетеді. Осыған байланысты автор болашақ ұғымының таным бағытын анықтап, іргелі шешімдерді талап ететінін көрсете келе, бүгінгі ғылыми таным мен әлеумет белсенділігі арасындағы байланыстың философиялық тұрғыда зерттелуіне назар аударады.

Ғалым монографияның келесі – «Сананы улауға жол бермеу – даналық» деп аталатын бөлімінде: «Адам баласының білімді бола тұрып, білместік таныту қабілеті таң қалдырады», - дей келіп, адам «...ой жүгірткен кезде әлдебір нәрсені танып біледі, өкініштісі, ой қозғауы сирек» [1, 44 б.], -деп жазады. Мұнда автор, біздің пікірімізше, жалпы адамзат мәдениеті динамикасы дәстүр мен жаңаның арасындағы өзара күресті бейнелейтіні шындық болатынын айтқысы келген. Қазіргі мәдениеттің бірқалыпты дамуы белгілі бір дәрежеде синкретті, эмпатикалық, эмоционалды, метафизикалық құбылыс болуда. Рационалдылықтың, прагматикалықтың, утилитарлықтың жоғарғы формасы ретінде функционалды техногендік өркениет мәдениеті қалыптасты. Ғалымның: «Қазір біз әлдеқайда көп білетін сияқтымыз, алайда, шын мәнінде, жекелеген адамның білім қоры мардымсыз» [1, 45 б.], -дегені сондықтан болар. Ол дәстүрлі мәдениет пен функционалды техногендік өркениет мәдениеті арақатынасы мәселесін түсінумен байланысты болып отыр. Олардың арасында қазір қандайда бір конфронтация бар деп айтуға негіз бар.

Автор өз еңбегінде мұндай ойлауды Ұлы Дала қазағының ойлау кеңдігімен алмастыру идеясын көтереді. Ғалымның айтуында ой: «Ұлы даланың ең басты қасиеті дүниені кең ойлауға үйреткен», -дей отырып, оны дала кеңдігімен байланыстырып, «қазақ санасын табиғи сана» [1, 44 б.], -деген тұжырым жасайды. «Далалық сана – ұлы сана. Тылсым дүниенің түп-тамырына, тұңғығына апаратын сана», деп айтып, қазақ «біз көрініп тұрған оқиғалардың қалай болып жатқандығына емес, неге солай екендігіне үңілеміз» [1, 44 б.], - дейтіндей болуы керектігін уағыздайды ағамыз. Сондықтан қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени жағдай рухани құндылықтық бағыт-бағдарды түбірінен қарастыруды, тереңінен түсінуді және оны техногендік қоғамның кәдесіне асыру жолдарын анықтауды талап етеді.



Аманжол Қасабекұлы кітабының келесі маңызды бөлімінің бірі «Жалған шындықтан арылу – болашақ рухы мәселесі» деп аталады. Бұл тарауда болашақтағы ұлттық рух феномені стратегиясына қатысты келелі ой қозғай отырып, ғалым болашақтың ұлттық рухани көзін қазақ философиясына тірейді. Осы ойды: «...Ұлттық руханияттың болмыс негіздерін ұлттық философия табиғатынан іздеу – оны зерттеудің басты методологиялық бағытын айқындайды» [1, 55 б.], - деген әдіснамалық тұғырмен нақтылайды.

Қазіргі күрделі мәселелер лабиринтіне негізделі отырып, ғалым ағамыз Қазақстанның даму болашағын қазақ рухымен тамырластырып, «Өткеніміздің өзекті мәселелері қазіргі қазақ философиясы тарихында өзінің лайықты орнын таба қойған жоқ. Философиялық шығармашылық көп жағдайда сол тарихи болмыстың сыртқы көріністерін жанап өтіп, ішкі мәніне бойлай алмайтын дәрежеде қызмет атқаруда» [1, 55 б.], -деген әдіснамалық парадигманы алға тартады. Бұл ретте, автор, бүгінге дейін ұлттық философиямыз батыстық әдіснаманың көлеңкесінен шыға алмай жатқан күйімен келіспейді. Бұны ағамыз сол кездегі отандық ғылым мен білім беру саласындағы ұлттық әдіснамалық көздерден қол үзу үрдісімен байланыстырады. Мәселен, ғалым осы тұрғыда: «Студенттерге еуроцентристік идеяларға негізделген классикалық философия тұрғысынан дәріс беру басым болды. Бұл сайып келгенде, философиялық білім жүйесінде сыңаржақтылыққа әкеп соқтырды. Осылайша ұлттық философиялық ойлау туралы ешқандай бастамаға жол ашылмады. Тек 90-шы жылдардың басында ғана елімізде қазақ философиясын зерттеуге және оқытуға бет бұрыс жасалып, нәтижелі табыстарға қол жеткізе бастадық» [1, 56 б.], -деп жазады.

Осы тұрғыдағы Аманжол Қасабекұлының өз еңбегінде көтерген соны идеясының бірі – ол «отандастарымыздың философиялық мәдениетін көтеру» [1, 56 б.] парадигмасы. Ғалымның пайымдауынша, «оған қазіргі заман ерекшеліктерін әлемдік философия тарихымен байланыстыра зерттеп, заман мазмұнын қоғамдық санаға сіңіру арқылы қол жеткізуге болады» [1, 56 б.]. Осы ретте ғалым ағамыз қоғамдық дамудағы рухани өмірдің маңыздылығын көтерудің қажеттігін алға тартады. Сонымен бірге, ғалым бүгінгі жаһандану әлемінің глокальды көріністерінің бірі – ХХІ ғасырда «топтық дискриминацияның» «жеке адамды кемсіту тенденциясымен» [1, 5 б.] алмасу ықтималдығын болжайды. Осы ретте, ғалым ағамыз бүгінгі жалаң прагматизм мен гедонизм дәуірінде тек «өзінді ғана тыңда» деген қағиданы ұстанудан зиян шегу ықтималдығы арта түсетіндегін» [1, 56 б.] жасырмайды.

Осы орыда Аманжол Қасабекұлы еліміздің болашақ өмірін зерделеуде «ұлттық рух» концепті аясында «қазақ философиясы тарихын» жаңа методология тұрғысынан зерттеу қажеттігін көрсетеді [1, 57 б.]. Демек, ғалым ағамыз, ғылыми таным мен білімде қазақтың өзіне тән тарихи қалыптасқан руханияттық өзегі рухани құндылықтары бар екенін ескеуді ұсынады. Осы ретте ғалым ұлт болашағының кілті – қазақтың далалық философиясы болатынына кәміл сенеді. «Біздің халық осы мұрат ретінде даналықты белгілеп, адамдықтың сара жолына шығуға талпынуда. ...Бұл – бұрынғы жетістіктерімізді толық жоққа шығару емес, тарихи құндылықтарды жаңа дүниетанымдық тұрғыдан сараптап, ақиқатты шынайы, нақты сипатта іздеуге ұмтылыс болып табылады» [1, 59 б.], -деп түйіндейді автор өз әдіснамасын. «Қазақ философиясы – ұлттық сананы түсінудің әдіснамалық құралы» деген идеяны ұсынады. Осы тұста ғалым ағамыз, «рух бостандығы – адам табиғатының басты ерекшелігі», -дей отырып, «...ұлттық руханиятты шындықпен күшейту – бүгінгі күннің мұраты» [1, 64 б.], -деген ұстанымды айтады. «Білімді кісі керекті сөзді айтады» (Ахмет Игунеки) дегеннің мәнісі осында болар.

Монографияның келесі бір ұтымды да маңызды бөлімі – «Мәліметке ие болу – болашаққа жол ашу» деген атаумен тағайындалған. Мұнда автор болашаққа жол ашу идеясының негіздерін айқындау мәселесін көтере отырып, бүгінгі ақпарат нарығы – басты актив болуы және ол кеңістіктегі сырттан «ақпарат тықпалау» тенденциясының өршуін

атайды. Олай болса, мұнда «ақпарат – рухани құндылық» дейтін парадигма универсумы жатыр. Бұл тұста автор: «Болашақ мәртебесіне лайық құндылықтар жүйесінің мәнін, елдік идеяның қалыптасу барысы мен халықтың тарихи тағдырына айналдыратын негізгі факторларды ұғыну қажет. Жаңа тұрпатты болашақтың ең басты шарты – сол ұлттың кодын сақтай білу» [1, 65 б.], -деп есептейді.

Мұндағы ғалымның айтпақшы ойы болашақты зерттеудің тамыры қазақтың ұлттық танымтегінде жатқанына назар аударту, қазақ философиясының ретроспективі мен интроспективті әлеуетін үңілуде жатқанын ескерту. Екіншіден, автор болашаққа ұмтылуды көне түркілік мәдениеттен мирас болған манифест ретінде бағалайды. Ол Ұлы – ақпарат кеңістігі деген идеяны көтереді. Сол көнеден келе жатқан танымдық ақпаратты жоғалтып алмай, иегерлік етіп, оны рухани кемелденудің темірқазығы етуді уағыздайды білгір, көреген ғалым. Дәстүрлі қазақ танымы бүгінгі заманауи ойлаудың антеценденті әрі оның протофилософиясы болатынын ескертеді. Автордың өз сөзімен айтқанда: «Кім едік, таңдаған бағытымыз қандай, енді не істеу керек?», -деген сұрақталдың жауабын өткеннен іздеген абзал» [1, 65 б.]. Олай болса, қазақтың «ататбаба дүниетанымы – қазақ философиясының қағанаты» деген сөз.

Осы Ұлы ақпарат қағанатының алыптары ретінде Асан Қайғы, М. Хайдар Дулати және Қадырғали Жалайырды атай келе, олардың ғұламалық ғибраттарын талдайды [1, 66-68 бб.]. Соңында ғалым: «Қазақ елінің болашағы отандық ғылым жүйесінде тың тұжырымдар жасауды қажет етеді» [1, 69 б.], -деген қорытындыға келеді.

Осындай уақыт пен кеңістік лабиринтінің қайраткері болу әркімге бұйыра бермес өмір кәдесі. Аманжол ағаның ұстанған елжандылық, ұлтын жан-тәнімен сүйген, жалтарып жалтақтамаған азаматтық позициясы. Міне, бұл Әйтеке бабаның сөзімен айтқанда «Өмірім өзгенікі...» дейтін тұғыры биік ұстаным. Ғалым тәлімгердің осы бір мықты рухани қуатының жалыны болған, ел мүддесін – үн байрағы еткен тағлымына Мың алғыс!

Әдебиеттер:

1. Қасабек А. Болашақ: философиялық пайымдау. Монография. –Талдықорған: І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, 2021. -103 б.
2. Тоқаев Қ-Ж. «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы //Егемен Қазақстан, 01.09.2023.

## ҚАСАБЕК АМАНЖОЛ – ҰЛТ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛІ

Нұрмұратов Серік Есентайұлы

ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және  
дінтану институты философия орталығының директоры,  
философия ғылымының докторы, профессор

**Abstract.** The history of Turkic end of Kazakh philosophy should be considered as an integral part of the history of world philosophy. Appeal to the heritage of Turkic thinkers, which has become a source of Kazakh spiritual culture, studying it from the standpoint of today's realities will undoubtedly contribute to the spiritual renewal of modern Kazakhstanian society. In the conditions of a spiritual crisis in the modern world, the peoples of Central Asia need to use the potential of Turkic ethical, moral and aesthetic norms. Turkic philosophical, ideological, spiritual sources should be fundamental in determining the intellectual priorities of the nation and national culture as a whole.

**Keywords:** history, traditions, philosophy, values, ethics

Еліміздің көрнекті философтарының бірі – Қасабек Аманжол Қасабекұлы өзінің зияткерлік өмір жолында өмірлік шығармашылығына іргетас болған философиялық жоғары білімді Еуропаның ірі философиялық орталықтардың бірі, бұрынғы КСРО астанасы – Мәскеу қаласында да алған еді. Ол өзінің шығармашылығында әлемдік және қазақ философиясын жете білетіндігінің кандидаттық және докторлық диссертациялары арқылы дәлелдеп берді. Ол сонымен қатар отанымыздың тәуелсіздік жылдарындағы өзекті мәселелерін рухани игеріп, тек философия тарихы ғана емесе, сонымен қатар, тәуелсіз Қазақстанның зияткерлік кеңістігіне қажетті әлеуметтік философия, мәдениеттану, әлеуметтану, саясаттану сияқты салалар бойынша біршама зерттеулер жасады. Әсіресе, әріптестермен біріге отырып түркі және қазақ философиясының ерекше дәстүрлерін, оның Шығыс философиясы мен руханиятын айшықтауы, ақиқатты іздеуіне арнаған жарияланымдарды кейінгі ұрпақ үшін өте құнды болып қала береді [Қасабек, 1994: 240]. Аманжол Қасабекұлының ұрпағы Сайлау Аманжолұлы да гуманитарлық саладағы шығармашылықты таңдап, табысты еңбек етіп келе жатқанын білеміз. Көрнекті ғалымның шығармашылық мұрасын насихаттау да үлкен маңызы бар іске жатады. Автордың қазақ философиясына арнаған іргелі еңбектері кейін де толыққанды сипатта жарық көрді [Қасабек, 2017: 341]

Жалпы ұлт философиясы – еліміздегі барлық халық өкілдерінің философиялық ойының барша жетістігін қамтитын философия дегенді негізге аламыз. Түркі халықтарының тарихы сияқты, оның да «ақтаңдақтары» жетіп жатыр, өйткені соңғы жылдарға дейін кеңестік ресми философия оны елемей келген. Біз, түрік халықтарының тарихы мен мәдениетін көзге ілмей, оларды кемсіту арнасында болған кеңестік кезеңдегі философияның маркстік-лениндік философиядан өзге ешқандай философиялық болмысты шынайы деп мойындамағанын мезгеп отырмыз. Идеологиялық тұрғыда ресми философия ең озық дүниетаным ретінде коммунистік қоғамда тұратын адамның дүниетанымын жаппай дәріптеп бақты, бірақ оның ішінде түріктік тарих пен мәдениет мойындалатын тарихи жадқа орын табылмады. Жаппай жүргізілген идеологиялық қысымда коммунистік партияның тарихына тым көп көңіл бөлініп, түрік халықтарының тарихы ұмыт қалды. Түркі терең тарихын, философиясын, руханиятын, мәдениеті мен дүниетанымын түркологиямен айналысатын Еуразиялық кеңістіктегі түркітанушы-мамандардың шағын тобы ғана зерттеді және соңғы тарихи кезеңде қазақ философиясын терең зерттеушілер де санаулы мамандар деуге болады [Бүлекбаев, 2019: 320]. Сонымен қатар түркілік кезеңнің тарихын, тілін, дәстүрін, сондай-ақ түркі мәдениетінің озық ойлы өкілдерінің дүниетанымын, философиясын зерттеуге қомақты үлестерін қосқан ғалымдардың қатарына терең ойлы мақалалар жазып жүрген профессор Ғ.Т.Телебаевты қосуға болады деген пікірді білдіреміз [Телебаев, 2019: 14-20].

Әбекең өз замандастары ішінен белгілі отандық ойшыл-философтар - Ағын Қасымжановтың, Ораз Аманғалиұлы Сегізбаевтың және Мұқанмадияр Орынбековтың философиялық көзқарастарымен үндес ғылыми позицияда болды, сонымен қатар Ж. Алтаев, Ж.Әбділдин, С. Бөлекбаев, Т.Ғабитов, І. Ерғали, Ж.Молдабеков, Б.Нұржанов, М.Сәбит, А.Тайжанов, Д.Раев, Т.Бурбаев, Л. Асқар, Д. Құсайынов; Г.Нұрышева, Қ.Нұрланова, Ә.Нысанбаев, Т.Рысқалиев және т.б. еліміздің көрнекті профессорларының ұлт философиясына қатысты еңбектерімен тығыз шығармашылық қатынаста өзінің авторлық туындыларын жариялап жүрді. Жоғарыдағы аталған көрнекті тұлғалар халқымыздың сан ғасырлық руханиятын ғылыми зерделеуде біршама жетістіктерге жеткен жоғары деңгейдегі кәсіби мамандар. Әрине, біршамалары арамыздан мезгілсіз о дүниеге кетіп қалғандары өкінішті-ақ. Табиғаттың заңына қарсы тұру мүмкін емес, сондықтан олардың ізбасарлары

ағалардың рухани мұрасын насихаттап, гуманитарлық саладағы таптырмас ғылыми және рухани құндылықтар ретінде дәріптейтініне сенімдіміз.

Соңғы уақытта өзінің тарихы мен мәдениетін жаңадан тани бастаған үдерісте мынадай өзгерістер болды: біріншіден, олар ғылыми қызметтегі саяси басшылық қағидаларының өктемдігі мен қысымынан арылды, соның арқасында ғылыми зерттеулердің өзі, бұрыннан үстемдік құрып келген партиялық және таптық қағидалардан тазарды. Екіншіден, ғылыми зерттеулердің өрісі мен ауқымы кеңейді, енді оған бұрын зерттелуге тиым салынған, қарастырылмаған тақырыптар мен мәселелер енетін болды. Үшіншіден, дәстүрлі түрде қалыптасқан философиялық мәселелер жиынтығын, өзінің зерттеу өрісі мен бағыты, тарихы мен мәдениетінің мәселелеріндегі түркілік ықпалға, оның қайнары мен өкілдері аясындағы рефлексиялық пайымға алып келді. Оны жаңадан құрылған түркі тілдес елдердегі ғылыми мекемелердің зерттеулерінен байқаймыз. Айталық, Қазақстанда «қазақ философиясы» бағытын жаңадан тереңдеп дамыту, философиялық зерттеулердің, кеңестік кезеңге қарағанда, ілгері басқан қадамын атап өтуге болады.

Академиялық жүйеде алғашқы рет М.С.Орынбековтің ғылыми жетекшілігімен тәуелсіздіктің алғашқы жылдары «Қазақ даласының ойшылдары» атты көптомдық ғылыми зерттеу жарық көрді, жаңа кәсіби-теориялық деңгейде қазақ философиясының өзекті теориялық және әдіснамалық мәселелері зерттелуде және, ең бастысы, қазақ философиясының біртума философиялық еңбектері қазақ тілінде дайындалып, басылды, ал мұның қазақ тіліндегі философиялық терминологияны дамытып жетілдіруге, қазақ философиясының болмысына барабар ұғымдар мен ойды жеткізетін тәсілдерді жасауға септігі мол болды. Кейінірек «Мәдени мұра» бағдарламасы ауқымында қазақ философиясының ежелгі заманнан қазіргі кезеңге дейінгі қазақ философиясының тарихына арналған 20 томдық зерттеулер топтамасы және арнайы теориялық зерттеулерге арналған Философия, саясаттану және дінтану институты мамандары дайындаған 5 томдық қазақ философиясының тарихын зерделейтін ұжымдық монографиялар топтамасы да жарық көрді.

Әбекең өзінің іргелі ғылыми монографиялары мен концептуалды мақалаларында болмыстағы ақиқатты іздеудің, қоғамдағы тарихи-мәдени проблемаларға ғылыми тұрғыдан қараудың, қазақ философиясының орнын нақтылай түсудің үлгісін жас ұрпаққа көрсетті. Біздің Философия, саясаттану және дінтану институтында жоғарыда аталған екі мыңыншы жылдары жарық көрген бес томдық «Қазақ философиясы тарихы» деген еңбектің үш томына қатысып, өзінің көрнекті де терең шығармаларын жариялап, халқымыздың тарих үрдісіндегі даналығының кейбір қырларын ашып беруге қомақты үлес қосты. Ол кісімен қосылып ұлт руханияты жайлы бірнеше ғылыми мақалаларды жазғанымды ауыз толтырып айта аламын. Біздің өзекті мәселелер бойынша пікіралысуымыз барысында көзқарастарымыз өте жақын екенін байқадым. Олар кейбір кездесулердегі сұхбаттарымыздан анықталып отырды. Әсіресе, Талдықорған облысының құрметті азаматтарын Алматы қаласындағы «Қазақстан» қонақ үйіндегі мейрамханада облыс басшыларының жылына бір рет жинайтын дәстүр бар еді. Осы жиынға келген сайын кездесіп тұрдық. Одан басқа Талдықорған қаласындағы облыстық университетте өткізілген бірнеше мерейтойда кездесіп, құттықтауымызды жеткізгеніміз әлі есімізде.

Өз халқының тарихы мен мәдениетін, руханияты мен философиясын шынайы кадрлеген Әбекең Әл-Фараби атындағы Қазақтың ұлттық университетінде декан лауызымында қызмет атқарып жүрген кезде «Қазақ философиясы» деген жаңа пәннің оқу процесіне енуіне себепкер болғанын білеміз. Жоғарыдағы басшылар бұл қадамды жасауға жүрексініп жүргенде тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Әбекең нағыз батыллықтың өнегесін жасады. Кезінде қазақтың көрнекті тарихи тұлғасы Мұстафа Шоқай «ұлт зиялысы» деп кімді айтамыз деп сауал қойып, өзі оған жауап берген еді. Оның пайымдауынша, нағыз

ұлт зиялысы ұлттың мүддесін қорғайтын, оның руханиятын өркендеуі үшін тер төгетін абзал азамат. Әбекең осы сипаттамаға толық сәйкес келетін нағыз «Ұлт зиялысы» деген атқа лайықты абзал жан болды деген ойдамыз. Міне қазіргі тарихи кезеңде еліміздің жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу институттарында қазақ философиясының әр түрлі қырлары бойынша көптеген диссертациялар қорғалып, оқулықтар мен мақалалар белсенді түрде жазылуда. Демек, ұлтымыздың руханияты өзінің нәрі мен сәнін, терең мазмұны мен құндылығын жоғалтпайтыны анық. Қазіргі заманда философияның алуан түрлі, Шығыста тарихи әртүрлі болатыны анықталды. «Қазақ философиясы» деген термин философиялық терминологиялық қорға толықтай еніп, философияның энциклопедиялық сөздігінде түркілік дәстүрлерге үлкен мән беріліп, толықтырылды [Философиялық энциклопедия, 2021: 654].

Егер философияны байырғы мәнінде, яғни рационалды-логикалық білімнің ерекше түрі ретінде ғана емес – жалпыға ортақ ойлау формасында көрінетін даналыққа, сана-сезімді тануға, өмірді тануға деген құштарлық деп түсінсек, онда Қорқыт Ата, Асан Қайғы сияқты ойшылдарды «көшпелі философтар» деуге толық негіз бар. Алғашқы пайғамбар Заратустра да, әйгілі «жеті данышпанның» бірі Анахарсис те скифтердің көшпелі ортасынан шыққан данышпан тұлғалар. Сондықтан философиядағы тұлғалық қырлар да өте маңызды [Қасабек, 2005: 242]

Қазақ халқы өзінің ерекше руханиятын, этникалық философиясын, ділі мен дінін еркін зерделеуге, қазақ тілінде терең ғылыми бағамдауға тәуелсіздіктің арқасында мүмкіндіктер алғаны белгілі. Оны Әбекең өзінің ғылыми шығармаларында атап өтеді. Ал енді осылай ұлттың рухани әлемін бір жүйеге келтіруге еңбек сіңіріп, үлкен киелі істің бастауында тұрған азаматтардың белсенді қызметтерін әсте ұмытпауымыз керек, тарихи жадымызда сақтауымыз да қажет. Сондықтан жаңа келген жас ұрпақ білуге тиісті ерекше тарихи мәліметтер мен білімдер бар. Соның қатарына Аманжол Қасабекұлының өнегелі өмірінен туындаған, жылдар бойы қордаланған рухани мұраны жоғары мектепте барынша дәріптеу және насихаттау мәселесі тұр. Осы игілікті іске кәсіби әріптестеріміз, жалпы гуманитарлық сала мамандары жұмыла үлес қосуы қажет деген ойдамын.

Әбекең өзінің шығармашылығында ақиқат, ұлт философиясы, рухани кемелдену мәселелері туралы көптеген ойларын ортаға салып жүрді. Осы орайда Әбекеңнің идеяларына ұқсас келетін ойды айта кетуді жөн көрдім. Жалпы рухани дамудың негіздері толық қаланбаған елде ұлттық идея мен ұлттық сана әр қилы бағыттарда өрбиді, ал бұл құбылыстар мемлекетте өмір сүретін барлық азаматтардың игілігіне, мүддесіне қызмет етсе жақсы. Ал әртүрлі этникалық, діни, әлеуметтік топтарды бір-біріне қарама-қарсы қоюды, олардың ірге жігін ашуды мақсат еткен жалпы мемлекеттік идея түбінде сол елдің ыдырауына, мемлекеттің құлдырауына әкеліп соғады. Мұндай жағдайды Кеңес Одағының кезіндегі ішкі саясатынан байқауға болатын еді. Онда орталықтың абсолютті басымдық, үстемдік ету дәрежесі қоғамда толықтай басты идеяға айнала бастаған уақытта одақ өз өмірін тоқтатты. Жалпы империялардың бәріне тән ортақ осал жер – күшке сеніп жүйені ұстап тұру әдеті мен дәстүрі. Сондықтан қара күшке сенген әр түрлі империялар тарих сынағына шыдамай үнемі ыдырап кетіп отырды.

Ал енді қазіргі тарихи кезеңде Орталық Азиядағы философиялық зерттеулер университеттермен қатар негізінен осы елдердің Ғылым Академияларының Философия және құқық институттарында жүргізіледі. Түрік тілдес ғалымдар гуманитарлық ғылымдарының әдіснамасының мәселелерімен, жаһандану жағдайындағы мәдениетаралық сұхбат мәселелерімен, сондай-ақ қазіргі әлемдегі әлеуметтік өзгерістер мен жаңару мәселелерімен айналысады. Олар қазіргі ғылымның дамуындағы адамгершілік-этикалық мәселелерді, қазіргі инновациялық технологияларды философиялық талдаудан өткізіп, тіл мен ойлаудың мәселелерін де зерттейді. Олар, әрине, қазақ, қырғыз және өзбек халықтарының

философиялық ойына үлкен көңіл бөледі. Орталық Азия ғалымдарының басқа түркі тілдес халықтардың ғалымдарымен үйлесімді ынтымақтастығы түрік халықтарының дәстүрлі ұлттық мәдениетін, оның дүниетанымдық әмбебаптарын, дәстүрлі дүниетанымы мен дүниетүсінігін кешенді зерттеуге ықпал жасады. Біздің мәдениетіміздің тарихи тамырында, Қорқыт-Ата, әл-Фараби, Ибн Сина, Ж. Баласағұн, әл-Хорезми, Қ.А. Иасауи, әл-Бируни, әл-Фергани, М. Қашқари, А. Науаи сияқты өткен дәуірдің көрнекті ойшылдарының рухани мұрсында ортақ дүниетанымдық-философиялық мәселелер өте көп. Олар түркі философиясының ортақ тарихи классиктері болып есептеледі.

Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан елдері арасындағы қарым-қатынастар тарихи өз маңызын жоймауы тиіс. 2022 жылдың 25 мамырында Бішкек қаласында Қазақстан мен Қырғызстанның дипломатиялық қатынастарының 30 жылдығын мемлекетаралық деңгейде атап өтуі ауқымында И. Арабаев атындағы ҚМУ «Қазіргі кезеңдегі қазақ және қырғыз халықтарының философиясын» пайымдауға арналған халықаралық ғылыми конференция өткізіліп, екі халықтың ұлттық философиясының ұқсастықтары мен ерекшеліктері пікіралмасулық талқылаудан өткізілді. Өзара интеллектуалды ынтымақтастықтың инновациялық жолдары анықталды, яғни заманауи технологияның қсы істе тиімді қолдану ұсынылды [Нурмуратов, 2022: 20-27].

Орталық Азия елдерінің қоғамтанушылары, философтары мен тарихшылары, мәдениеттанушылары мен дінтанушылар өз елдерінің ғылыми бағдарламаларын дамыту стратегиясында бірқатар аймақтық кешенді зерттеулерді жүзеге асырып, түрік халықтарының руханияты, философиясы, тарихы мен мәдениеті бойынша, заман талабына сай бірқатар өзекті іргелі зерттеулерді бірлесіп жүргізе алар еді. Осы мақсатта ғылыми зерттеулер мен басылымдардың орталықазиялық қорын құру, Орталық Азия философтар ассоциациясын құру, жаңа жоғару оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу құралдарын басып шығару, мысалы: «Түрік халықтарының философия тарихы», «Орталық Азия халықтарының философия тарихы», «Түрік философиясы» және т.б. Орталық Азияның философиялық қауымдастығындағы ғалымдардың даму деңгейі тек ұлттық руханияттың дүниетанымдық құрылымдарын ғана емес, жалпы түріктік зияткерлік руханиятын кешенді халықаралық деңгейде зерттеуге дайын болуға тиістіміз.

Қазіргі философия өзгеру үстінде және ол ғылыми ізденістің жаңа басымдық танытатын бағыттарын анықтап отыр. Бұл тұрғыда түрік философиясын зерттеу Шығыс философиясын, оның ерекшеліктерін жаңаша, терең пайымдауға септігін тигізеді. Батыстық философиямен салыстырғанда Шығыс философиясы адамның әлемге деген тұтас көзқарасының қисынына бағынады, сондықтан жаңа тарихи уақыттың ойлауын Шығыс мәдениетінің логикасында рационалды түрде ұғынып, пайымдауға болады. Бұл зерттеудің осындай бағыты мен көзқарасын өзектендіре түседі, өйткені қазіргі қалыптасып келе жатқан жаңа интегралдық дүниетаным мен ғаламдық ойлау стилі замана болмысы мен талаптарын әлемге деген тұтастанған көзқарас қисыны тұрғысынан пайымдауды көздейді.

Ұлт философиясы ғылыми қауымдастық тарапынан терең зерттелуге әбден лайық. Оның философиялық дәстүрде де, әлемдік тарихи-философиялық үдерістің зерттелуінде де орын алуға толық құқығы бар. Оның дамуында, түркі және қазақ мәдениетінің дамуындағы сияқты, белгілі бір кезеңдер болған, оларды алдын ала жалпы түрде: ежелгі, ортағасырлық және қазіргі кезеңдер деп көрсетуге болады. Өз кезегінде ондай кезеңдерді әрі қарай жіктеуге болады және біздің қазіргі кезең деп белгілеген нәрсеміз өз дамуындағы бірнеше кезеңдерге жіктеледі, мысалы, кеңестік кезең, тәуелсіздік алған кезең және т.с.с. Дәл осындай жіктеуді ортағасырлық кезеңге қатысты жүргізіп, оның ішінен түрік философиясының дамуындағы классикалық кезеңді бөліп алуға болар еді. Түркі философиясы зерттелген салаға айнала бастаған кезде, кезеңге бөлу мәселесі де нақтыланып, өзгеріп, тереңдей түспек. Жалпы

алғанда, түркі философиясы туралы түрік әлемінде пікірталас ұйымдастырған жөн деп есептейміз.

Әлеуметтік, саяси және рухани дамудың дербес жолдарын таңдауына қарамастан, Орталық-Азиялық аймақтағы елдердің арасындағы көптеген ортақ нәрсе сақталған. Бұл – мәдени-тарихи тамырлардың, діннің, кеңестік кезеңнен қалған экономикалық, білім беру және басқа да стандарттардың ортақтығы ғана емес, әлемнің осы аймағында өмір сүріп, шығармашылықпен айналысқан көрнекті ойшылдардың қалдырған ортақ рухани құндылықтары да. Әл-Хорезми, әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Иасауи, Махмұт Қашқари, әл-Бируни, Бахманийар әл-Әзірбайжани және көптеген басқа көрнекті қайраткерлер Қазақстанда, Түрікменстанда, Қырғызстанда, Өзбекстанда жаңа ғасыр мен мыңжылдықтың жаңа руханиятын жасауға бірдей атсалысқан. Түрік халықтарының ортақ рухани құндылықтары мен мәдени-тарихи тамырларында терең із қалдырған түріктік рухани мәдениеттің Қорқыт Ата сынды тұлғаның бір өзі – түрік халықтарының бөлінбес бөлігі мен жалғаушы негізі.

Қорқыттың философиялық дүниетанымының мәні мен сипаты – номадтардың мәдени-дүниетанымдық философиясының көрінісі. Өмірдің, ажал мен мәңгіліктің, адам тіршілігінің терең негіздерінің экзистенциалды мәселелерін көтеретін ол туралы аңыздың мазмұнының өзі түріктердің номадтық дүниетанымның философиялық маңызын айқындап тұр. Қорқыттың ел кезгенін баяндағанда, ол болған жерлер нақты сипатталып, көшпелі мәдениеттің отырықшы мәдениеттен ерекшелігі көрсетіледі.

Қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүретін адамның жан дүниесін-дегі толғаныстың мәнін нәзік жеткізетін, терең экзистенциалды мазмұны бар мұндай баяндаудың көшпелі қоғамның рулық жадында сақталмауы мүмкін де еместін. Мұнымен қоса, адам болмысының мәніне терең бойлағандықтан ол жай ғана отырықшы мәдениет жағдайында емес, оның дамуындағы ақпараттық-технологиялық кезеңінде өмір сүріп отырған қазіргі адамның да тарихи игілігіне айналды. Өлімді музыка күшімен жеңуі, адамды мәңгі ететін жасампаздық пен шығармашылық – Қорқыт туралы аңыздың бұл идеясы қазіргі дүниетаным үшін ең бір керемет, әсерлі нәрсе. Түріктердің ұлы гуманизмінің, рухтың еркіндігіне, табиғатпен, ғарышпен бірігуге деген шексіз ұмтылысының мәні осында.

Орталық-Азиялық аймақтан шыққан ұлы ғалымдардың есімі орта ғасырлардан бастап әлемдік ғылымда белгілі болғанын тоталитарлық идеология жасырып келді. Айталық, көне Хорезм шаһарында дүниеге келген Орталық Азияның өкілі, әйгілі математик Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезми антикалық философтар мен ғалымдардың еңбектерін араб тіліне аудару мәдени жұмысын жүзеге асырған «Даналық үйдің» жетекшілерінің бірі болған. Аударма қызметімен қатар, антикалық философия мен ғылым негізін қалаған идеяларды шығармашылықпен дамытудың арқасында, ежелгі грек ойшылдардың көптеген идеялары мен еңбектері ортағасырлық Еуропаға мәлім болды.

Қазіргі заман талабы мен орталық-азиялық елдерінің саяси дамуы тұрғысынан алғанда, әл-Фарабидің қоғамдық қатынастарды реттеуші ретіндегі діннің орны мен рөлі, оның зайырлы біліммен арақатынасы жайында айтқан ойлары өте маңызды. Зайырлы билік пен діни қауымдастықтың арасында жағымды сұхбат орнатуда олардың ықпалы оң болуы мүмкін. Әл-Фарабидің мемлекетті басқару, мемлекеттік өмірді құрудың «надан» түрлерінің дамуының жағымсыз салдарын еңсеру, осы үдерістердегі саяси қайраткердің рөліне қатысты мәселелер бойынша айтқан ойлары өзектілігін сақтап келеді. Әл-Фарабидің ұсынған ізгілікті азаматтарды тәрбиелеу тәсілдері мен сол тәрбиеге септігі тиетін факторлар қазіргі заманда да қызығушылық туғызуда.

Әл-Фараби идеяларының Әбу Әли ибн Синаның дүниетанымына әсер етуі туралы оның өмірбаянында жазылған, хрестоматиялық куәлікке айналып үлгерген дерек, қазіргі танымға

Орталық Азия халықтарының рухани мәдениетінің сабасқастығын негіздеу үшін әдіснамалық қағида ретінде басшылыққа алынып жүр. Өз кезегінде, Ибн Синаның философтар, пайғамбарлар сияқты, адамзаттың ұстазы бола алады терең пайымдаулары Бахманийар әл-Эзербайжанидің философиясында көрініс табады. Көзқарастары әртүрлі болғанымен энциклопедиялық мұрасының іргелі ережелері олардың кемелділікке, ақиқатқа, рухани бірлік пен бақытқа ұмтылған ниеттес жандар екенін көрсетеді. Олардың көзқарастары түрік халықтарының Батыс пен Шығыс бірдей құрметтейтін жалпы адами құндылықтардың мазмұнын құрайтын ақылдың, ағартудың, гуманизмнің идеалдарын биік бағалауын дәлелдейді.

Жүсіп Баласағұнның шығармашылығы ізгіліктің, әділдіктің, ақылдың жалпы адами мұраттарының дамуына үлесін қосып, ортағасырлық ислам философиясы толғаныстарының едәуір бөлігін алып жатқан бақыт тақырыбын ары қарай дамытады. Бұл тақырып ортағасырлық Шығыс ойшылдарының көптеген философиялық шығармаларында кездеседі, олардың арасында шығыстық перипатетиктердің – әл-Фараби, Ибн Сина, Ибн Рушдтың шығармалары бар. Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білігінің» мазмұнына қарап, оның Шығыс перипатетиктердің философиялық-адамгершілік ізденіс дәстүріне сай, яғни бақыт деген не, адамның бақытты болуы мүмкін бе, адамның кемелділігі неде, инсан адам мен әділ қоғам қандай болуы керек? – деген көптеген сұрақтарға жауап іздеу дәстүрінде жазылғанын байқаймыз [Қасабек, 2001: 354].

Баласағұн мен әл-Фараби үшін философия мемлекет азаматтарын тәрбиелеу ісіне белсене араласып, оқыту арқылы әмбебап білім беруі тиіс. Білімді игеру және оны пайдалана білу оның әлеуметтік-мәдени қызметінің нәтижесі болды. Әлем құрылысының әмбебап ұстындары философияда көрініс табады, өйткені олар оның онтологиялық негізі болып табылады. Сондықтан адам жетіліп, ең жоғарғы мақсатқа – өздігінен құндылық болатын бақытқа жету үшін тіршіліктің ең басты әрі қажетті бөлігін, яғни оқу мен ағаруды орындағанда ғана мүмкін болады. Осылайша Ж.Баласағұн әл-Фарабидің ағарту идеяларын өзінің практикалық философиясында ары қарай дамытады және бұл философия әл-Фараби түсіндірген «Никомах этикасынан» бастауын алады.

Қазіргі кезде түрік тілдес халықтардың тарихындағы, мәдениеті мен философиялық ойындағы ақтаңдақтарды мұқият анықтау жұмыстары жүріп жатыр. Жаңа тарихи деректер жинақталып, материалдық мәдениет ескерткіштерінің жаңа археологиялық табылымдары белгілі болып жатыр, философияның дамуындағы алдыңғы кезеңдер философиялық сынға алынып, алынған білімді жалпылау мен жүйелеуді қажет ететін ғылыми зерттеулердің жаңа эмпирикалық қоры жасалуда. Өзгеріп отыратын пәндік сала, оның тарихи деректер мен құжаттарда, мәдени мәтіндерде толық ашылмауы түріктік зияткерлік-рухани аймақтың философиялық зерттелуіне қатаң талаптарды қояды.

Өткеннің рухани мұрасын, оның философиялық жетістіктермен, әлемдік мәдени дәстүрмен байланысын зерттеу қазіргі түркі философиясының іргелі проблемаларды пайымдауға қатысты зерттеулердің тағы да бір қызық әрі маңызды бағыты болып табылады. Кезінде «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы ауқымында түркі дүниетанымының философиялық-көзқарастық негіздері мен көне түрік мәдениетінің дүниетанымдық әмбебаптары ашылып, ойлаудың алғашқы категориялық құрылымының қалыптасуы көрсетілген еді. Әділетті Қазақстанды қалыптастыруға ұмтылатын еліміз өзінің түркілік рухани бастауларын, интеллектуалды негіздерін ғылыми айшықтай түсуі қажет. Өйткені рухани құндылықтарға, тарихи рухани қазынаға арқа сүйеген ұлт қана өзінің болашағын үйлесімді өрбіте, дамыта алады. Бұл интеллектуалды аксиоманы қазіргі геосаяси жағдайдың күрделі кезеңінде, әлеуметтік-экономикалық жағдайды жетілдіреміз деп жатқан уақыттың өзінде ұмытпағанымыз абзал.



Сонымен, ғылым мен білім беруді ғұмыр бойы қатар алып жүрген еліміздегі белгілі философия саласының көрнекті өкілі Аманжол Қасабек ағамыз біз үшін нағыз руханилықтың, зиялылықтың үлгісі болғанына куә болдық деп ауыз толтырып айта аламыз. Ол кісі гуманитарлық білімнің тек кәсіби маманы ғана емес, сонымен бірге адамаралық қатынастың терең қатпарларын шеберлікпен игерген, өзінің дарыны мен көңілін әр уақытта барлық жұртшылық алдында тең ұстаған, ешкімді бөліп-жармаған, бойынан нұр шашып тұрған сұңғыла адам еді. Абайдың «толық адам» тұжырымдамасына Әбекеңнің көп қасиеттері мен тұлғалық ерекшеліктері барынша сәйкес келетінін де байқадық. Сондықтан біз ол кісіден нағыз адам болуды, шынайылықты, кәсібилікті үйренуге тырыстық, көзі тірісінде-ақ заманауи кезеңдегі «Ұлт зиялысы» деңгейіне, атағына барынша сәйкес келетін кісі ретінде мойындадық. Бұл менің ғана жеке-дара пікірім емес, замандастарымыз да қолдайтын ой деген тұжырымдамын.

Еліміздегі руханияттың заманауи талаптарға сәйкес сапасын көтеру, асқақтату үшін жоғары мектепте «Тұлғатану» пәнін енгізу қажет пе деген ой да келіп қалады. Себебі, тарихи тұлғалар халық жадында сақталып, ұмытылмағаны жөн. Ал енді әсіресе әлеуметке үлгі болатын тұлғалар белгілі бір критерийлерге, өлшемдерге сәйкес келіп жатса, олар туралы жастар арасында толыққанды айтылып жүргені абзал жан деген ойдамыз. Сондай бойынан бекзаттықтың, өркениеттіліктің белгісі айқын білінетін азаматтардың қатарына Аманжол Қасабекұлын толықтай қосуға болады. Аманжол ағамыз «Әділетті Қазақстан» ұстанымын ертерек айтқан тұлға. Қазақ зиялыларының айтып кеткеніндей Әбекең де жастарға барынша сенуге тырысты. Болашақ соларды деуден жалыққан жоқ. Міне, сондықтан Әбекең салған ғылымдағы дара жол болашаққа бастайтын жасампаз жол деуге болады. Сол жолды жалғастырайық!

#### Әдебиеттер

1. Қасабек А., Алтаев Ж. Қазақ философиясының тарихына кіріспе. Алматы: «Ер-Дәулет», 1994.-240б.; Қасабек А., Қасабек С. Искание истины. Алматы: «Ғылым», 1998.-375с.
2. Қасабек А., Алтаев Ж. Қазақ философиясы. Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ баспасы.-2017.-341 б.
Адамзат қоғамының дамуы, білім мен жалпы дүниетаным аясының кеңеюі барысында философиялық категориялар, мәдениет универсалийлері кеңейіп отыратыны белгілі. Жаңадан пайда болған әлеуметтік құбылыстар, заттар немесе сыры, ішкі болмысы ашуды қажет ететін тың ұғымдар философиялық білімнің категориялық аппаратына еніп, зерттеу-зерделеу объектісіне айналады. Сондай ұғымның бірі – әуелі батыс өркениетінің, кейін жалпы адамзаттың күнделікті тіршілігі мен сөздің қорынан ойып орын алған «техника» сөзі. Сөздің шығу төркініне келер болсақ, ол «техне-өнер, шеберлік» деген мағына беретін грек сөзі. Бірақ бұл сөз сонымен қатар «қолөнер», «ғылым», тіпті «қулық», «ептілік», «ойлап тапқыштық» сияқты мағына да береді. Бұл сөздің екіұшты мағынасына зер салған Х.Закссе: «греческое слово «технэ» близко по значению военной хитрости и ловушки ... », - дейді [Закссе,1989:251]. Отандық ғалым, профессор Г.Нұрышева: «Орта ғасыр дәуірінде *techne* және *ars* терминдерінің мағыналары бірдей болды», - деп тұжырымдай отырып, олардың жеті *artes mechanicae* және жеті *artes liberales* болып бөлінгені жөнінде айтады Автор философияда техника ұғымының екі оппозициялық мағынасы барын айырады: «біріншіден, қызметтің жасанды материалдық құралдарының, яғни артефактілердің жиынтығы ретінде. Екіншіден, терминнің алғашқы мағынасына сәйкес жасай білудің, әдістердің жиынтығы ретінде. Сонымен техника – құралдар мен инструменттердің материалдық-заттық ерекше саласы: қызмет тәсілі, соның ішінде – құралды қолдану тәсілі» [Нұрышева,2013:246]. Осылайша, әу бастан мағынасы полисемантикалық болған техника сөзінің өнер ретіндегі мағынасы гректерден кейінгі дәуірде Еуропа мәдениетінде өз мәнін жоя бастады, ол техниканың практикалық, іс-әрекеттік, өндірушілік салаға жақындауымен және өнер ұғымының әлдебір қарама-қарсы ұғымына айналуымен байланысты болған еді.



Біз бұл феноменді философиялық жағынан қандай әдістемелік негізге сүйеніп ойлау, зерделеу дұрыс болады деген әдістемелік бағыттағы сұрақтарға біраз көңіл бөлсек.

Адамның саналы іс-әрекеті қашанда құралдар арқылы ғана жүзеге асатыны белгілі ақиқат, бұл адамның ешбір тіршілік иесіне ұқсамайтын өзіндік қасиеті. Іс-әрекеттің ғана арқасында адамзат, қоғам, мәдениет сияқты болмыстың түбегейлі өзгеше түрін жасады, өзін де және тіршілік ету ортасы болып табылатын қоршаған әлемді де өзгертті. Бүкіл адамзат тарихы сондықтан адамның өз болмысы мен дүние болмысын өзгерту тарихы деп әбден айтуға болады. Ал осындай бүкіл адамзат жаралғаннан бергі өзгерістердің, тылсым табиғатқа, шексіз ғарышқа баламалы әлем жасаудың бірден-бірі негізі, тетігі, адамның ешбір жаратылғанға ұқсамайтын саналы іс-әрекеті. Сол себептен де «іс-әрекет» – философиялық, социологиялық, мәдениеттанымдық ойдың, соның ішінде әлеуметтік-философиялық ойдың, философиялық антропологияның маңызды категорияларының бірі. Біздің тұжырымдауымызша, техникаға философиялық категория ретінде келу үшін басқа ұғымдарға жол ашар, маңызды семантикалық жүк арқалап тұрған түбегейлі ұғымдардың бірі, осы – «іс-әрекет» категориясы.

Сондықтан мәдениеттанымдық, философиялық ойда оны түсіну бір жақты емес, себебі, оған әр мәдениеттің, өркениеттің ерекшелігі, рухани, діни дүниетанымы, тіпті шаруашылық түрі, материалдық мүдде сияқты факторлар ықпал етеді. Бұл факторлардың бәрін жинақтап, жүйелеп «құндылық» деген категория арқылы түйіндеуге болады. Себебі, құндылықтар теориясын зерттеуші белгілі ғалым С.Нұрмұратовтың пікірінше, «Құндылықтық қатынастар философиясының негізгі мәселесі «Адам – әлем» қатынасының ажырамас бөлігі болып табылады. Ол танымдық, болмыстық және логикалық негіздермен қатар тұратын философиялық теорияның бір саласы, әлеуметтік философияның зерттеу объектісі» [Нұрмұратов,2000:7]. Осы пікірге сүйене отырып-ақ, құндылықтар арқылы адам-қоғам болмысының барлық саласын, соның ішінде іс-әрекеттік қатынасты зерттеуге болатыны, ал іс-әрекет арқылы құралдар, техника феноменін айналып өтпей, оның ішкі сырын, терең мәнін ашуға болатынына көз жеткізе аламыз. Міне, осы жерде адам әрекетінің негізі – құралдың, ал өз кезегінде онымен сабақтас техниканың феномендік тарихы басталады. Демек, «Адам – Әлем» қатынасының арасына да «құндылықтар – іс-әрекет – құралдар – техника» түзілімін қоюға болады.

Осы жағынан техниканың философиялық категория ретінде философияның түп-негізгі ұғымдарымен: болмыс, рухани-материалдық, адами, әлеуметтік болмыс түрлерімен, дүниетаным астарында гносеологиямен тығыз байланысты екенін айта аламыз. Енді техниканың философиялық категориялар тізбегіндегі орнын анықтау мақсатындағы зерттеуімізді одан әрі кеңірек өрбітсек, осы ойымызды концептуалдық түрде іске асыру мақсатында техниканың онтологиялық статусы қандай, материалдық, рухани болмыс құрылымында қандай орынға ие деген сұрақтарға жауап іздестірсек. Қазір ғылыми-техникалық, философиялық ойда техника мен табиғаттың материя ретінде субстраттық бірлігі туралы пікір қалыптасып, осының логикалық жалғасы ретінде техника мен табиғаттың түгесілуі немесе түгесілмеуі туралы кереғар пікірлер туындайды. Ал ол сұрақтан келесі сұрақ – техника материалдық объект ретінде табиғаттың жалғасы ма, болмаса функциясы жағынан табиғаттың орнын баса ма деген сауалдар да қазіргі қалыптасқан техникалық дамудың аясында еріксіз пайда болады.

Егер техниканы таза материалдық объект ретінде алар болсақ, ол адам әрекетімен өңделген, осылайша функционалдық сипатқа ие болған артефакт, заттар дүниесінің құрылымдық бөлшегі. Ол объективті мойындалған құрал ретінде және әлеуметтік зат, машина, аспап, техникалық-тұрмыстық бұйым ретінде солай. Осы жерде техниканы материалдық және идеалдық контекстінде қарасақ не көреміз? Өзінің онтологиялық генезисі жағынан ол сөзсіз идеяға қатысты. Сондықтан материя мен форма, идеалдық пен реалдық қатынасы жағынан бұл

сұрақты бір жақты шешу қиын көрінеді. Бірақ мына бір фактіге назар аударған жөн, техниканы әлеуметтік материя деп анықтайтын болсақ ол өзінің функциясы мен энергия көзі және генезисі жағынан тек социум тұрақты әрі жүйелі тіршілік еткен жағдайда ғана болмыс құра алады, ал социумның дұрыс қызмет мүмкіндігі адаммен байланысты, яғни, ғарыш, жер планетасының материалдық объектілер ретінде әлдебір апаттардан кейін тіршілік ете беруі күмән туғызбайды, бірақ әлеуметтік немесе табиғи апаттардан кейін техника болмысы бейболмысқа айналады. Демек, генезисі мен функциясы бойынша техника әлеуметтік материя, әлеуметтік ортасыз, қоғам мен адам тіршілігі жоқ жерде ол тек темір қалдығының жиынтығы ғана. Демек, қоғам мен адамсыз техника – тұл. Бұл ақиқат, объективті шындық, ал техникасыз қоғам мен адам қандай күйде болады? - деген сауал ондай біржақты жауапқа ие емес, себебі ол көптеген дүниетанымдық, діни, мәдени- өркениеттік сұрақтарды, пікір таласты тудырады. Менің ойымша, Адам өзімен өзі жеткілікті рухани-тәндік тіршілік иесі, бірақ қанша жетілсе де техника өз-өзінен ондай құдіретті емес.

Осыдан көріп тұрғанымыздай, адам болмысы, демек, оның шығармашылық қасиеті жойылса техника да бітеді, себебі ол табиғаттың тікелей жалғасы емес, бірақ материяның басқа түрі ретінде жалғасады. Материя өмір сүру формасы жағынан ол әлеуметтік ұйымдастырылған, тәндік сипатқа ие артефакт түрінде болады.

Карл Митчемнің айтуынша, Макс Эйт пен Алар Дюбуа-Реймон инженердің техникалық еңбегі мен суретшінің санасындағы еңбектің екеуін шығармашылық процесс ретінде теңдестіреді[Митчем,1985:431]. Мүмкін бұл бар болғаны баяғы гректердің немесе өзіміздің қазақтардың техникалық процессті «өнер» деп түсінуінің концептуалды ғана берілуі шығар, бірақ қалай болған да техникалық өнертапқыштық, техникалық қызмет шығармашылық бастауға ие екендігі күмән туғызбайды. Сондықтан техника адамның рухани шығармашылық, интеллектуалдық қасиетінің теңдесі жоқ жемісі болып табылатыны сөзсіз. Осы әдістемелік тұжырым немесе теориялық қағида тұрғысынан, техниканың материалдық субстанциясына қарамастан ол идея туындысы. Кезінде орыс техника философы П.Энгельмейер де техника сферасы адамның техникалық шығармашылыққа деген ішкі ұмтылысымен байланысты деген пікір айтқан екен.

Техника онтологиялық тұрғыдан талассыз бір нәрсені ашты және бәрімізді оны мойындауға мәжбүр етті. Ол – виртуальдық шындық. Қазір бұл жайлы көп айтылып, көп жазылып жүр, таласты пікірлер де көп. Бұл феномен біздің шындық (реальдық) дүниемізге балама ретінде тұр деген пікірмен қатар бұл дүние тек біздің дүниеміздің бейнесі, көрінісі, яғни, классикалық материализм тілімен айтқанда объективті шындықтың, әлемнің субъективті бейнесі болып табылады жеген тұжырым да бар. Біздің ойымызша, «виртуальдық реалдылық» ұғымын қазақша «виртуальды дүние» деген дұрыс сияқты көрінеді. Әрине, осы тұрғысынан виртуальдық дүние біз қабылдауға мәжбүр болып отырған әлдебір балама реалдылық. Адамзат қазір сол дүниеге көп көз салады. Тіпті, көбі соны мына дүниеден бай әрі ақиқат санайды. Мына дүниеден таба алмағанын сонан іздейді. Өзінің виртуалдығына, материалдық еместігіне қарамастан интернет дүниесі сондай сезімді-эмоционалдық, көңіл-күйді жаулап алушы, шындығы әсерлі әлем. Бұл ең бастысы – тірілер, ой мен сезім иесі адамдар әлемі. Бұл – техника дамуының нәтижесінде пайда болған үлкен әрі тылсым әлем. Мүмкін болатын әлем немесе әлемнің көптігі туралы бұрын болжам барын айтар болсақ, бұл дүние соның дәлелденуі сияқты көрінеді. Идеалдылық пен материалдылықтың шынайы бірлігі де қазіргі техникаға байланысты осында. Виртуальдық әлем - мәдени семиотика дамуының жаңа деңгейі.

Енді бұл мәселені материяның түгесілуі тұрғысынан қарастырар болсақ, жылдан жылға ғылыми-техникалық ой алға жылжыған сайын техникалық заттардың жаңа материалдардан жасалған мүлдем жаңа түрлері мен ескі техниканың түбегейлі жаңа құрылымда қайта шығуы материалдық болмыс ретінде техниканың үнемі өзгерістегі, құрылымы материяның өзі сияқты

шексіз, яғни түгесілмес екендігін көреміз. Осы пікірге байланысты логикалық туындайтын тұжырым – объективтік материядан айырмашылығы техниканың материалдық дамуы қоғамның, адамның қарауында, бақылауында болуға тиісті. Оның шексіздігі тек қана адам тұрғысынан позитивті болуы қажет. Сондықтан ғылым дамуы, адамның әртүрлі пиғылдағы қажеттігі жағынан ол шексіз болуы әбден мүмкін болса да әлеуметтік, субъективтік шектеуді талап етеді. Сонымен қатар ол материяның қозғалыс түрлерімен оның деңгейлерінің бәрін қамтиды. Материяның жаңа түрлері ашылған сайын заттар мен құралдардың да бұрын соңды болмаған материалдан жасалған түрлері көбеюде. Техника жанды да жансызда материяны қамтып, материяның әлеуметтік деңгейінде зор маңызға ие болуы осы мәселені қарауға әкеліп отырғаны көрсетеді.

Орыс ғалымдары В.Горохов пен В.Розин техниканы «артепредмет», яғни «артезат» деп санайды. Біріншіден, техника – мәдениет заттарының құрамына кіреді, екіншіден, техниканы адам белгілі бір тәжірибе, білім, жоба, есеп сияқты белгілі құралдың негізінде жасайды. Үшіншіден, барлық артефактілерді артезаттар және белгілер сияқты үлкен екі бөлікке бөлуге болады. «Техника мәні келесі негізгі бағытта ашылады: іс-әрекет, табиғат және мәдениет сферасы ретінде, техника жасанды зат ретінде («артезат» және технология аспектісі) техника табиғат күшін тарихи және мәдени пайдалану формасы ретінде және техникалық демиургиялық кешен (іс-әрекет) ретінде, яғни, адам әрекеті мен идеяларының өмір сүруінің және іске асуының қазіргі заманғы ерекше түрі. Бір жағынан техника-іс-әрекет (рух, интеллект, сана) болмысы, екінші жағынан табиғат болмысы, оның процесстерінің, күшінің, энергиясының іске асуы» [Горохов, Розин,1998: 70-71].

Бұл болмыс субъект–объект қатынасының ерекше формасынан туындай отырып, субъектіге әрі қарай объектілік онтологиялық құрылым сапасында қарсы һәм сырт болып шығады. Адам сондықтан техника онтологиясының әрі жасампазы (креативтік мағынасында – Ө.Б.), яғни, демиург және сол реальдылықтың қатынас мүшесі, субъектісі. Техниканың болмысын, мәнін зерделеуге шақырған М.Хайдеггердің ойынша, қазір болмыстың мәнін техникасыз ашу мүмкін емес, әңгіме адамның өзінде және оның дүниеге көзқарасын өзгертуінде. Ол мәдениетте қалыптасқан техниканы құралдық және антропологиялық түсінуді өз мәнін жойған деп санап, енді техниканың мәнін ондай тар қараудан бас тарту керек дегені белгілі. Себебі, техника ол екеуінің деңгейінен шығып әлеуметтік институтқа айналған және бейсаналық сипатқа ие. Жалпы өзінің қалыптасу эволюциясында техника «өндірілгеннен» «өндіргішке» айналды, сол себептен адам оған өзінің туындысы ретінде билік жүргізуге шамасы келмей қалды деген пікір айтқан да осы М.Хайдеггер еді [Хайдеггер,1986: 431].

Техника – әлеуметтік, әсіресе, мәдени феномен ретінде тек ХҮІІІ ғасырда ғана талқылана бастады. Оның айқын көрінісі – техника философиясы сияқты ой бағытының пайда болуы еді. Бірақ оларда әлеуметтік мәселе толық қойылды деп тағы да айтуға болмас еді, оған мүлдем басқа жағдай, орта пайда болуы керек болды. Техникалық жетістіктер әуелі жеке-дара, бір дана зат ретінде пайда бола бастады, жеке қолданыста жүре бастады, кейін оны туып келе жатқан капитализм, экономикалық-қаржылық немесе саяси билік, мемлекет бұл жетістіктерді өз мүддесіне жоспарлы пайдалана бастағанда техника жаңа бір деңгейге көтерілді. Ал техниканың күнделікті тұрмыста бұқараға кеңінен тарауы оны тағы бір жаңа деңгейге көтеріп тастады. Тұрмыстық техника болмысы әлеуметтік ортаны өзгертуде, жаңа техникатектік өркениеттің пайда болуына зор ықпал етті. Осыдан бастап «өркениет» ұғымы техникамен байланыстырыла бастады. Әлем, әлеуметтік кеңістік, мемлекеттер, ұлттар техникасы бар, техника игілігін пайдаланатын және ондай игілікке ие емес немесе ол игілік жетпеген болып бөліне бастады. Әлеуметтік онтологиядағы техника мәселесін қарастыру осы жерде қажет. Социосфера техносфераға айналған сайын әлеуметтік онтологиядағы техника орны өсе түсті, техника фундаментальдық онтология дәрежесіне көтеріле түсті. Осылайша адамзат ХІХ

ғасырдың аяғы және XX ғасырда өзінің жаңа кезеңіне өтті. Бірақ ол кезде бұл жетістіктер әлемнің батыс бөлігін ғана қамтыды, бірақ соның өзі батыстың техниканы екі әлемдік соғыста қолдануымен, көптеген зардабымен адамзатты дүр сілкіндірді. Ал XX ғасырдан XXI ғасырға өтудегі картина басқаша, қазіргі тарихи, геосаяси жағдай өзгерді, техника бұрынғыдан да жоғары деңгейге көтерілді және жаһандану аталатын тарихи кезеңге жаппай өту басталды. Әлемде көп жағын

ан батыстың ықпалы сақталуда, бірақ бұрынғы артта қалған және батысқа колония болған елдер де өркендеу үстінде, сондықтан әлемнің геосаяси қатынасында оларда роль ойнай бастады. Осы жерде техниканың позитивті ықпалы ретінде оның артта қалған елдерге даму қарқыны беруін айтуға болады. Жалпы адамзат үшін бәріне ортақ жаңа даму мен жетістік өлшемі дүниеге келді. Сондықтан ғылыми-техникалық прогресс пен ғылыми-техникалық революция техниканы түбегейлі әлеуметтік мәселеге айналдырды. М.Хайдеггер байқағандай, техника адамзаттың тағдырына айнала бастады, ол болмысты өзгертуші күшке айналды. Техниканың әлеуметтік күшке айналғаны неден көрінеді? Егер оны тезисті түрде бір сөзбен тұжырымдайтын болсақ, әлеуметтік ортаның кез-келген сұрағын көтерер болсақ, оның тууы немесе шешілуі техникамен байланысты екендігі мәлім болып шықты. Қазіргі кезде барлық нәрсенің екі жағы, екі шешуі мен қыры бар сияқты, ол: техникалық және техникалық емес қырлар. Ең бастысы, техникалық аспектісі шешілмеген мәселе мүлдем шешілмей қалуы мүмкін болуы қазіргі заманғы ақиқаттың бірі. Бұрынғы заманғы құмыра жасау немесе әйелдердің әшекей бұйымдарын соғу өзінің техникасына ие болды, тіпті құпия ілім түрінде болды, тек оның бәрі «технология» деп аталмады. Бірақ олардың өзіне тән әдісі, жасау жолы болғанын ешкім жоққа шығармасы сөзсіз еді. Сондықтан әңгіме тек универсалды терминнің барлық адамзаттың, өркениеттің лексиконына енуінде шығар деп те ойлауға болады. Бірақ әңгіме шын мәнінде лексикондық революцияда емес, әңгіме қоғам мен адам тіршілігіне ендігі жерде тікелей ықпал ететін құбылыстың пайда болуында. Осыған байланысты қазіргі заманғы адам мен социум туралы толғаныстар техника туралы сұрақтарға міндетті түрде алып келеді. Адамзат өзінің болашағы мен тағдырын онымен тығыз байланыстырды. Сондықтан әлемдік әдебиет пен өнерде, әсіресе кино өнерінде адамзат тарихының үш кезең бейнесі толықтай қалыптасты деуге болады, ол: техникаға дейінгі (өткен кезең), техникалық (қазіргі кезең) және неотехникалық (алдағы кезең). Әрине, техника жалпы өзімен өзі тұрғысынан ерекше мәдени-адами құбылыс, адам ақылы мен білімі ойлап тапқан нәрсе, жансыз құрал, сондықтан оны жетілдіре түсу, қауіпсіз қылу, эстетикалық жағынан жағымды ету, адам тіршілігін жеңілдету үшін ыңғайлы да жайлы ету, көбейте беру, арзан болуын қамтамасыз ету, яғни, оның техникалық сұрақтарын шешу инженерлердің, биліктің, экономистердің, жалпы осы мәселеге қатысы барлардың мәселесі сияқты көрінеді. Бір сөзбен айтқанда, техниканың философиялық аспектісі туатындай негіз жоқ деуге болады. Бірақ, болмысқа иенің бәрі де философиялық мәнін ашуды қажет етеді, ал біз жоғарыда айтып өткендей техника өркениеттік, қоғамдық, тұрмыстық болған сайын жаңа сұрақтар туғыза түсуде және оған жауап беру үшін біз тізіп көрсеткен мамандардың зерттеуі жеткіліксіз болып шықты және осыны олардың өздері бірінші болып байқады, біз оны келесі тарауда, мәселені алғаш болып инженер-техника философтарының қойғанынан анық көре аламыз. Кейін бұл сұрақты маман философтар, соның ішінде атақты ойшылдар іліп әкетуі мәселенің күрделі де терең екендігін танытты. Техника философиясы аясында техниканы әлеуметтік кеңістік пен уақыт тұрғысынан зерделеу, арнайы әлеуметтік феномен ретінде талқылау осылайша қазіргі заманғы маңызды философиялық мәселеге айналды. Енді айтылған пікірлерге қосымша түсініктеме ретінде оның «әлеуметтік феномен» сипатына тоқтала кетсек, жоғарыда біз қарастырып кеткен мағынасында техника түсінікті нәрсе ретінде көрінеді. Бірақ біздің санамыз оны дәл солай қабылдай алмайтындай күйде болған кезде ол феноменге, яғни, ерекше құбылысқа айнала

бастайды. Техниканы феномен ретінде түсіну де осы жолдан өтуге тиісті. Техника, технология, техникалық жетістіктер бәрі де көз алдымызда, қолымызда, бәрі түсінікті, проблема тек оларды көбейтуде, сапалы әрі арзан қылуда сияқты. Бірақ осы техникамен жанұя болашағы, ұлт тағдыры, адамның болмысы тығыз байланысты деген ой бұл жерде бірден тумайды. Ондай абстракцияға тек философия ғылымы ғана өзінің рефлексиясы арқылы келе алады. Техника – әлеуметтік феномен ретінде тылсым, сыры беймәлім құбылыс, демек, оның мәнін ашуға қажеттік туатын құбылыс. Бірақ оның таза техникалық құбылысында феномендік қасиеті жоқ шығар, бірақ ол әлеуметтік факторға айналған кезде әлеуметтік феномен ретінде философиялық рефлексия туғызады. Ал оның өзі философиялық категориялар жүйесінде, әлеуметтік философия саласында «техника» ұғымының тұрақты орын алуына алып келді. Біз әр дәуірдің өз орталық ұғымы немесе түп-негіз категориясы болғанын білеміз, ол грек мәдениеті үшін «космос», орта ғасырда «жаратушы», ренессанс кезінде «адам», баяғы қазақ қоғамы үшін «тәңірі», «құт» және тағы басқалар, ал біздің заманымыздың бүкіл санамызды, тіршілігімізді баурап алған термині – «техника». Оның үстіне жоғарыдағы терминдер жеке елдер немесе мәдениеттер үшін басты ұғым болса, «техника» –жаһандық категория. Біздің әрекетіміз «техникалық» және техникалық жағынан мүлтіксіз болуға тиісті, біздің қоғамдық тіршілігіміз техникалық қамтамасыз етілуі қажет,біздің болашағымыз, еліміздің экономикалық қарыштауы жаңа техникалардың деңгейімен өлшенеді, міне осылайша жалғастыратын болсақ біз техникацентрлік қоғам мен мәдениеттің не екенін түсінеміз. Сонымен қатар осындай биік мүдделер тұрғысынан келгенде техниканың қоғам өмірі үшін маңыздылығы неге жоғарылығына мән береміз, оны философиялық ой өрісі тұрғысынан қараумен практикалық жағынан қабылдаудың жақын арада шешілмейтін, адамзат үшін тұрақты дилемма екенін ұғардай боламыз. Менің ойымша, бұл жердегі біз үшін маңыздысы-техниканың мәні мен ролін өз мәдениетіміз, дәстүріміз бен біз қалайтын болашақ тұрғысынан түсінуге ұмтылысты ұмытпау.

Осы контексте қазіргі замандағы материалдық құндылықтың зор мәнге ие болуы, жаппай руханилық төмендеуі, заттардың шексіз билікке келуі мен техника өркендеуі бір-бірімен тығыз байланысты, бір түбірлі феномендер болып табылатыны сөзсіз. М.Хайдеггер айтып отырған қазіргі техника болмысын басқаша түсіну туралы әңгіме осыдан туындайды.Неміс техника философиясының өкілі Х.Бек «Техниканың мәні» еңбегінде «техниканың онтологиялық орны тек қана субъект емес, объекті де, тек адам санасы емес табиғат, әлем. Техника – тек адамда бар нәрсе емес, ол табиғатта, әлемде бар нәрсе»,-дейді [Бек,1989:185]. Ол техниканың мәні субъекті мен объектінің бірлігінде деп санайды.

Енді техниканы зерделеудің нақты ғылыми-әдістемелік қырлары жайлы айтар болсақ, жалпы философиялық, нақты логикалық және тарихилық, тарихи-салыстырмалық, құрылымдық зерттеу, гуманитарлық ғылымдар: мәдениеттану, психология, социология, саясаттану тұрғысынан және өнертанудың кейбір мәселелері техниканы әлеуметтік-философиялық талдауға әбден қажет екендігі күмән туғызбайды. Техника ғылымының жаңа жетістіктері мен оның салаларын білмейінше оны әлеуметтік феномен ретінде қарастыру қиын екендігін естен шығармаймыз. Бұл жерде біздің жұмысымыздың аясындағы басты қағида – «техника енді техникалық мәселе емес, әлеуметтік мәселе». Техника философиясы сияқты бағыттың болуы осының куәсі. Техниканың генезисі мен тарихы адамның танымдық құлшынысымен тығыз байланысты екенін айттық, сондықтан осы мақсатта сезімдік, логикалық таным құралдарының барлық арсеналы пайдаға асырылады. Сонымен қатар философияның әр түрлі бағыттары осы мәселеге өз үлесін қосып келе жатқанын ескерсек, сұрақтың ауқымы мен тереңдігін бағалауға болады деп санаймыз.

Демек, техника – философияның онтология, гносеология, мәдениет, антропология, қоғам сияқты проблемаларымен тығыз байланысты қарастырылатын әлеуметтік-

философиялық феномен. Оның болмысы тарихи даму барысында аспаптықтан, заттықтықтан элеуметтік, адами болмыстың деңгейіне көтеріліп, планетарлық масштабқа жетіп отыр. Техниканың гносеологиялық табиғатын зерттеу оның осы болмыстық сипатына байланысты жан-жақты қарастыруды талап етеді. Техника рационалдық және иррационалдық қарастырудың екеуін де қатар қажет қылады. Енді техниканы философиялық зерттеу объектісі тұрғысынан ой елегінен өткізген философтар қалай түсіндіреді, қандай ерекшеліктеріне маңыз береді екен, соған тоқталсақ. Техниканы философиялық жағынан зерделеушілер оған өздерінің анықтамаларын әртүрлі аспектіде беруге ұмтылғанын көреміз. Мысалы, экзистенциалист ойшыл К.Ясперс «Техника – бұл білімді адамның табиғатты билеуге бағытталған іс-әрекеттерінің жиынтықтары; олардың мақсаты адам өміріне жоқтықтың азабынан құтқаратын әрі өзіне ыңғайлы қоршаған ортаға ие қылатын бітім-болмыс беру» [Ясперс,1986:120], – деп мәселені адам, табиғат, техника қатынасының мәні тұрғысынан адам мүддесіне сүйене отырып қарастырса, Х.Зессе антропология тұрғысынан техниканы адамның табиғи әрі мәнді құрамдас бөлігі санап, «техника жанама жолмен жүретін әрекеттің ерекше түрі, себебі ол мақсатына тікелей жетпейді, әуелі мақсатымен араға құралды қояды» деген уәж келтіреді [Закссе,1981:425]. А.Бек техникаға кең көлемді анықтама беруге ұмтылыс жасаған: «Техника – адам рухының мәнінен туындайтын табиғатты билеу және оны пайдалану қабілеті ... Осы ойын жалғастыра, ол техника онтологиясына қатысты былай дейді: «онтологическое место» техники» – не только субъект, но и объект, не только человеческое сознание, но и природа, мир. Техника не есть нечто, пребывающее лишь «в» человеке, но также и «в» природе, «в» мире» [Бек, 1989:185].

Қорыта айтқанда, техника – адамсыз пайда болмайтын, оның мәндік қасиеттерінен ғана туындайтын, адамсыз қызмет ете алмайтын, бірақ адамсыз (өзімен-өзі) жойыла алатын феномен. Адам техникасыз өмір сүрген және сүре алады, бірақ ол басқа адам болады. Әңгіме қазіргі адамның өз тіршілігін техникасыз елестете алмауында және осы иллюзиядан туған басқа да мифтер мен проблемалардың элеуметтік, антропологиялық, яғни, жалпы философиялық сұрақтарға алып келуінде. Адамның әрекеті мен ақыл-ойы құралды туғызды, құралдан техника пайда болды, техника адамзат шешуге тырысуға мәжбүр болатын, бірақ шеше алмайтын сұрақтарды туғызды. Осының бәрі айналып келгенде заманауи философия ғылымында техника дискурсінің күрделі әрі көпаспектілі категория ретінде үлкен орны барлығын көрсетеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Закссе Х. Антропология техники. // Философия техники в ФРГ: Пер.с нем.и англ. / Составл. и предисл. Ц.Г.Арзаканяна и В.Г.Горохова. - М.: Прогресс, 1989-528 с.
2. Нұрышева Г.Ж. Философия: оқулық. – Алматы, 2013. 316 б.
- 3.Нұрмұратов С. Е. Рухани құндылықтар әлемі: элеуметтік философиялық талдау.- Алматы: ҚР БҒМ Философия және саясаттану Институты, 2000.- 180 б.
- 4.Митчем К.Что такое философия техники ? – М.: Аспект Пресс, 1995. - 81с.
- 5.Горохов В.Г. Розин В .М. Введение в философию техники: Уч.пособие / Науч.ред.Ц.Г.Арзаканян. - М.: ИНФРА. – М., 1998. - 224 с.
- 6.Хайдагер М. Вопрос о технике // Новая технократическая волна на западе. - М.: Прогресс, 1986. - 451 с.
- 7.Бек Х. Сущность техники // Философия техники в ФРГ: Пер.с нем.и англ. / Составл. и предисл. Ц.Г.Арзаканяна и В.Г.Горохова. - М.:Прогресс, 1989.- 528 с.
- 8.Ясперс К. Современная техника // Новая технократическая волна на западе. - М.: Прогресс, 1986. - 451 с.

## ДАМУ ИДЕЯСЫН ИНТЕГРАТИВТІ ҒЫЛЫМИ ӘДІСНАМАЛАР АЯСЫНДА ТАЛДАУДЫҢ БАСТАПҚЫ БАҒДАРЛАРЫ

**Мадалиева Жаныл Кайржанқызы**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің  
қауымдастырылған профессоры,  
философия ғылымының кандидаты

**Түйін.** Бұл мақалада қазіргі заманғы ғылыми таным және олардың қолданылуы аясы туралы мәселелер қарастырылды. Атап айтқанда, синергетика, парадигмалардың ауысуы, анархизм, эволюционизм, неопозитивизмдегі верификация, конвенционализм, интегративизм, холизм, психоанализ, бихевиоризм т.б. Бұл әдістер дамушы жүйені зерттеудің алғышарттары екендігі көрсетілді. Әрбір әдіске қоғамдық өмірден шынайы мысалдар келтірілді.

**Кілттік сөздер:** әдіс, даму, қоғам, ғылым, таным т.б.

Философиядағы әлем мен қоғам дамуын зерделеудегі негізгі құбылыс – даму. Ол бір қырынан алғанда, өте қарапайым мағынада ашылады: төменнен жоғарыға, қарапайымнан күрделіге қарай жүріп отыратын жаңа сапа тудыруға алып келетін қайтымсыз үдеріс. Ал екінші бір қырынан алғанда, философиядағы, интегративті таным аясында жан-жақты талдауды керек ететін іргелі мәселе болып саналады.

Өйткені, философтар әлемді тануда заттар мен құбылыстарды сипаттау мен зерделеуде сол нәрсенің нақты бір күйіне тоқталады, себебі, объектіні тұтас даму тұрғысынан қарастыру кең ауқымды және үздіксіз, аяқталмайтын үдеріс болып тыбылады. Бұл тұста, даму туралы емес, сол үдерістің жүзеге асуының әр түрлі тұрғыларына байланысты мәселе қарастырылады.

Диалектика, жалпы алғанда, даму туралы ілім болып саналады, ал қазіргі таңда даму идеясына сан түрлі қырынан келуімізге болады және оның мәнін ашу үшін бұл тұрғылар әдіснамаларға да айналады. Сондай-ақ, қазіргі ғылыми танымда байланыстар мен даму идеясына алып келетін көп түрлі теориялар бар. Олардың бірнешеуін атап өтуге болады.

Синергетика ілімі. Бұнда бейсызықтық ашық жүйелердің өздігінен ұйымдасу арқылы хаостан тәртіпке және өздігінен ыдырау арқылы тәртіптен хаосқа өтіп отыратындығы идеясы негізге алынады. Демек, хаос жүйедегі байланыстардың үзілуі, бейберекетсіздіктің орнауы бірақ қайтадан жаңаша байланыс орнатудың алғышарты болып тағайындалады. Мәселен, Еуропада ХҮІІІ-ХІХ ғасырларға феодалдық қоғам үстемдік етті — тәртіп, буржуазиялық революциялардың пайда болуы арқылы хаос пайда болды, қайтадан саяси жүйе өзгеріп, капиталистік қоғам орнады, бұл – тәртіп. Хаос өздігінен қайтадан жаңа байланысқа ұмтылады.

И. Пригожин мен И. Стенгерс «Хаостан түзілген тәртіп» деген еңбегінде бұл құрылымдарды егжей-тегжейлі түсіндіріп, оны әдіснама ретінде әлемнің, қоғамның, жеке адамның дамуына қолдануға да болатындығын көрсетіп берді. Мәселен, тепе-теңдіктен, тәртіптен алшақ күйлердегі өте әлсіз, болмашы, елеусіз түрткілер немесе флуктациялар қалыптасқан жүйені қирататын алып толқындарға дейін өздігінен күшейе алуға қабілетті, бұл сапалы, күрт, төңкерістік жолмен жаңа өзгерістердің тууына ашық болады. Ескі жүйеге әсер еткен жүйесіздік, яғни, флуктациялардың лебі тек жүйені қиратып қана қоймайды, жаңа жүйені туғызуы да, тіпті хаос кейпінде қалуы да мүмкін. Осы қиратудың шегі бифуркация нүктесі болып табылады [Пригожин, 2005: 105-122]. Мәселен, кез-келген дамушы жүйе өзінің ыңғаймен дамып келе жатқан сәтте, сол жүйедегі оған «бағынбайтын» үдерістер үнемі жаңаны тудыруға алып келеді. Кез-келген жүйенің қирауы жаңаға алып келеді. Мысалы, фашистік

Германияның жеңілісі, хаосы, қайтадан жаңа Германияның пайда болуын туғызды, бірақ соғыстан кейін екі Германия пайда болды, сәйкесінше, ол да өз кезегіндегі хаостан кейін, бір Германияға бірікті. Яғни, мемлекеттегі дағдарыстардан кейін жаңаны күтуге болады.

Т. Кун төңкерістер арқылы даму идеясын ғылымға қолданады. Оның пікірінше, ғылымның өз деңгейінде белгілі бір парадигмаға орнығып өрлеуі «нормалдық ғылым» болса, парадигмалардың күрт өзгеріп, жаңа арнаға лезде бет бұруы төңкерістік болып табылады, ол қайтадан жаңа парадигмаға орнығып қалған күйінде дамиды. Бұдай парадигмалардың ауысуы өз кезегінде қайталанып отырады [Кун, 2022: 44-68].

Ғылыми төңкерістер кезінде танымның парадигмалары өзгерді, олар бұрынғы парадигмаларды жоққа шығарады немесе ішінара терістейді, бұл терістеу қалыпты емес сияқты боып көрінсе, онда жаңа парадигманы іздейді. Мәселен, А. Эйнштейннің салыстырмалық теориясы, бұрынғы уақыт туралы түсініктерді, әсіресе, оның абсолюттілігі туралы ұғымды жоққа шығарды да, уақыт пен кеңістікті зерттеудің жаңа парадигмалары құрылымданды.

Анархизм. Барлық құбылыстар анархиялық, стихиялы, жүйесіз түрде байланысады. Бірақ бұл анархия жүйе ішіндегі байланыстарды мүлде үзбейді, ол жүйе ішіндегі байланыстардың басқаша бір формасы ғана. Анархиялық жүйелер мен бөлшектер А. Шопенгауэрдің пікірінше, белгілі бір ерік аясында, соның құзырында болады [Шопенгауэр, 2022: 154].

Даму мен байланыста кездейсоқтықтар үстемдік еткенмен, олардың өзі кездейсоқтық арқылы жүзеге асқан қажеттілік болып табылады. Мәселен, табиғи апаттар стихиясы адамзат үшін кездейсоқтық болғанмен, табиғаттың ішкі даму заңдылығы үшін қажеттілік болуы ықтимал. Кездейсоқтықтар анархиясының өзі субьективті, яғни, адамның түйсінуі бойынша ғана болуы мүмкін.

Анархия қашанда жүйені керек етеді, сол жүйенің өз ішіндегі анархия тұтас жүйенің анархиясына алып бара бермейді, ол да өзіндік жүйе құрауы ықтимал. Мәселен, біз үшін кометаның Жерге соқтығысуы анархиялық болуы ықтимал. Бірақ бұл қажеттілік немесе кездейсоқтық екендігі туралы пайымдаудың өзі шартты түсінік болып шығады.

Эволюционизм. Қоғамдағы барлық құбылыстар табиғи эволюция бойынша бір-бірімен байланысты. Элеуметтік дарвинизм теориясы бойынша, қоғамда да сұрыпталу, күрес, бейімделу жүріп отырады. Демек, эволюциялық даму тек бірқалыпты стандарттар бойынша өз бетінше бірте-бірте жылжып отыратын қарапайым тетік емес, өзіндік үлгісі мен әдістері, құрылымдары мен жобалары бар құбылыс. Мәселен, табиғатта әлсіз, өміршең емес, ауру немесе ортаға бейімделе алмайтын жеке хайуанаттар және олардың түрлері өздігінен жойылады, себебі, олар сыртқы табиғи күштер мен ықпалдарға төтеп бере алмайды.

Эволюциялық дамудағы іріктелу мен сұрыпталуды қоғамға қолдану элеуметтік дарвинизм болып шығады. Мәселен, жақсы білім алған студенттер іріктеліп, олар жаңа сапаны құрайды, өз кезегінде олар да іріктеледі, сөйтіп даму жүзеге асады. Ал бейімделу қоғамда сұраныстарға, ұсыныстарға байланысты сақталады және оған тездік пен мобильділік талап етіледі. Шындығында, сұрыптау барометрлері сол заман мен қоғамның сұранысына сәйкестенеді. Сондықтан да, қандай ма болмасын инструменттердің өзі сол заманға сай болуы тиіс болып шығады.

Ал неопозитивизмдегі ғылым дамуында бұл құбылыс – верификация және фальсификация арқылы жүзеге асады. Теориялардың ғылымилығы тексеріледі, талапқа сай келмесе, жоққа шығарылады деген сөз. Олар көп жағдайда ғылыми таным жолын тазалау, ғылыми білімдерді тексеру арқылы жүріп отырды да, кейіннен, прагматизмдегі реконструкциялауға ауысты: сыннан өту, тәжірибеде тексерілу, қоғамдық талаптарға сай келу т.б. Шындығындағ ғылыми емес білімдер бұндай талаптардан өте алмайды. Мәселен, дін



сынауға ұшырамайды, өйткені, ол ғылым емес дін болып табылады, оның кепелдігі сенім болып танылған. Сондықтан, бұл тұста, өлшем фидеизммен анықталады.

Тіршілік ареалын ауыстырған жағдайда тіршілік иелері табиғи ортаға, климатқа, ландшафқа бейімделеді немесе ағазасының болмысына қолайлы ортаға ауысады. Құстардың күзде жылы жаққа қоныс аударуы мен қайтып оралуы да бейімделудің бір түрі. Қоғамдық өмірде де адамзат бейімделу үдерісін бастан кешіреді. Мәселен, социализмнен капитализмге өту кезінде, адамдар нарықтық қоғам талаптарына, әлеуметтік ортасына бірте-бірте бейімделуі тиіс. Сондықтан, неғұрлым бейімделгендері өміршең болып саналады да, бейімделе алмағандар ығыстырылады.

Прагматизмдегі бюейімделу басқаша форматта құрылымданады. Олардың түсінігі бойынша ақиқаттың өзі пайдалылық болатын болса, сол ақиқат керісінше пайдалылыққа бейімделуі тиіс. Мәселен, Ж. Лиотар айтқандай, қазіргі таңдағы ғылыми идеялардың, жобалардың құндылығы оның тереңдігі мен тапқырлыққа байланысты емес, өзектілік пен сұранысқа байланысты қаржылындырылады. Бірақ қойылып отырған шарттар бұл тұста абстрактілі емес, белгілі бір қоғамдық сұраныс пен адамзатқа пайдалылық деңгейі бойынша анықталады.

Конвенционалистік. Әлемдегі және қоғамдағы барлық үдерістер өзара келісімділікті қалайды, осы келісім байланыс орнатуға алып келеді. Мәселен, Ай мен Жердің кеңістік бойынша байланысында өзара «табиғи келісімділік» жатыр. Осыдан Г. Лейбниц, Дж. Бруно сияқты ойшылдар тұжырымдағандай, әлемдік байланыстардың кемелденген, жетілген, «есептелген» қатаң тәртіптелген жүйесі қалыптасады. Оны бүкіл әлемдік үйлесімділік деп атайды. Мәселен, Дж. Бруноның көзқарасы бойынша «Әлем біртұтас, одан ештеңені алуға да, оған ешнәрсені қосуға да болмайды». Жаратылыстану ілімдеріндегі экологиялық баланс тұжырымында да, байланыстар мәнді, мағыналы және табиғаттың барлық бөлшектері мен тіршілік иелері өзара тепе-теңдікті сақтап тұрады.

Т. Гоббстың мемлекеттің пайда болуы туралы конвенционалистік идеясы да келісім арқылы байланыстан туған, адамдар арасында бірін-бірі түсінушілік, өзара сыйластық сияқты саяси этика үстемдік етеді, ол мемлекеттің құрылуына және адамдар арасындағы байланыстардың нығаюына алып келеді. Келісімділік әрине, кейде көпшілікке негізделеді де, математикалық есептеулерді керек етеді. Мәселен, сайлау кезінде, дауыс беру, кімге дауыс бергендігі конвенционалистік тұрғыға сай келеді, бірақ әр түрлі келісімдер болуы ықтимал, сондықтан дауыс алғандардың көптігінмен өлшенеді, демек, келісімділік мөлшері негізге алынады деген сөз. А.Пуанкареде ғылыми келісімділік ақиқат болып табылады, ғалымдар арасында мойындалған шындық, барынша әмбебап болып шығады [Пуанкаре, 1990: 126]. Өйткені, ашылған ғылыми жаңалықтар бір уақыттарда жоққа шығарылғанмен, сол кезеңде ғылыми ақиқат болуы үшін дәйектелуі және сыннан өтуі тиіс. Өйткені, К. Поппер айтқандай, барлық идеялар ғылымда қатаң сынаудан өткізіледі.

Интегративизм. Қазіргі ғылым дамуының әдіснамасына айналған бұл ұстанымда өзара бірігу мен кірігу жүзеге асады. Әлемдік және қоғамдағы құбылыстар әртүрлілігіне және жеке-жеке әр түрлі жазықтықта болғандығына қарамастан барынша бірігуге қарай бағытталады. Мәселен, еліміздегі әр түрлі ұлттар мен халықтар біртұтас «Қазақстандық» деген ұғымға бірігеді. Этногенезде де, әр түрлі ұсақ тайпалар мен рулар немесе аймақ бойынша шектесетін халықтар бірте-бірте біртұтас ұлтты құрайды. Мәселен, қазақ халқы генетикалық туыс рулардың бірігуі негізінде ХҮ ғасырда біртұтас ұлтты, мемлекетті қалыптастырды. Сондай-ақ, белгілі бір объектіні зерттеу кезінде қазіргі таңда оны тек бір қырыран емес, жан-жақты қырыран қарастыру, әр түрлі ғылым саласы бойынша зерттеу де интегративті ұстаным болып табылады. Сондықтан да, ғылымдар арасында интеграциялар жүріп отыр: астрофизика, геноинженерия, социолінгвистика т.б.

Холизм. Бұнда тұтастықтың әрбір бөлігі жай ғана механикалық бірлік емес, біріне-бірі қажетті, бірін-бірі толықтыратын бөліктермен шартталған. Яғни, органикалық байланыс деген келіп саяды. Бұл да әлемнің органикалық бірлігі идеясымен келіп түйіседі. Мысалы, адамның ағзасындағы бөліктер тұтас жүйе үшін арнайы құрылған және бір-бірімен ықпалдасады, біріне-бірі қажетті.

Бүгінгі кванттық немесе бейсызықтық физикада денелердің байланысы, өзгерісі мен қозғалысының ешқандай әсер болмаған жағдайда да іске асатындығы туралы тұжырым бар. Бұнда қозғалыссыз тұрған дененің жанындағы дене қозғалысқа енген жағдайда және ол тыныштықтағы тұрған денеге ешқандай ықпалдармен, өрістермен әсер етпеген жағдайдың өзінде де, қозғалыссыз дене қозғалушы денеге ілесіп қозғалысқа енетіндігі туралы айтылады.

Бүгін мен бөлік қатынасы зерттеудегі объектіні тұтас қарастыру тұрғысынан келу, сол бөдшектер мен бүтінді толықтай зерттеуге алып келетін антиномияларды туғызбайды. Бүгін мен бөліктің байланысты екендігінен оны тұтас қарастыруды керек етеді. Мәселен, көне Грекиядағы стоиктер атап өткендей, ғарыштың өзі органикалық бүтіндік болып табылады. Бұл органикалық бүтін жалпы алғанда, сол объектіні тұтас қарастыруды керек етеді. Бірақ та, жалпы мен жеке қатынасында бүтіндердің өзі салыстырмалы болып келеді. Ендеше, белгілі бір дамушы жүйенің өзіндік тұтастығы ғана емес, шартты түрде әлдеқандай бір тұтастықты бөліп алу қажеттігі туындайды.

Психоанализ. Сондай-ақ, ХХ ғасырдағы психоаналитик К.Г. Юнг өзінің ұжымдық бейсаналық теориясында психикалық байланыстың жаңа формасын дәйектеді. Бұнда өткен ата-бабаларының санасы кейінгі ұрпақтарының бейсанасымен байланысып жатқандығы туралы тұжырым ұсынылады [Юнг, 2022: 107] Кейінгі ұрпақтарының бейсанасындағы бұрынғы ата бабаларының санасынан қалған сарқыншақтар дәл, анық, дәйекті түрде байқалмайды, күңгірттеу көрініс тапқандықтан, ойшыл оларды архетиптер деп атаған болатын. Мәселен, қазіргі Қазақстанның туының көк түсті болу көне түркілік көкке табынған дүниетанымның сарқыншағы.

Сондай-ақ, кез-келген дамушы жүйе, оның ішінде қоғамдық қатынастар мен ондағы адам қызметінің барлығына ыңғайластырылған психоанализ қазіргі таңда неофрейдизм, постфрейдизм, гуманистік психоанализ, экзистенциалдық психоанализ т.б. аымдарға тарамдалып кеткемен, психоаналитикалық әдіс бейсаналықты зерттеуді басты орынға шығарады да, әлеуметтік, саяси, мәдени т.б. қырларын екінші жоспарға шығарады. Оны тек балаларды немесе ауру адамдарды емдеуге ғана емес, бүкіл әлеуметтік үдерістерді зерттеуге бет бұратын әдіснама ретінде де пайдаланады. Мәселен, дін психологиясында сенім мен оның деңгейі, қоғамдық санадағы діни қорқулар, сезімдік қатынас т.б. психоаналитикалық тұрғыдан қарастырылады. Сайып келгенде, діни идеология дін иелерінің үрейлерін қоғамдық санаға сіңіру болып шығады. Үрейлердің шығу тегі мен деңгейі, соналықты деңгейде діни насихаттарға алып келетін болып шығады.

Бихевиоризм. Бұл бағыт жалпы жануарлар мен адам психикасын зерттеуге табиғи тұрғыдан келуді негізгі алады. Бұнда адамның да, жануарлардың да қозғалысы, әрекеттері «байқап көру-қателесу» арқылы құрылады. Мәселен, жануар бір әрекетті байқап көреді, оның қателік екендігіне, нәтиже бермейтіндігіне көзі жеткен соң, басқа әрекетті таңдайды. Демек, алдымен, байқап көреді, қателескендігін сезеді [Brobst, 2002: 178].

Бұны жеке адамға, тіпті адамзат дамуына да қолдануға болады. Адамдар ілгерілеу үшін жасаған тәжірибелер де осы «байқап көруге» сәйкес келеді. Мәселен, Кеңестер Одағының құрылуы бұған дейінгі Т. Мордың, Т. Кампанелланың, Фурье мен Сен-Симонның т.б. теорияларын іс-жүзінде байқап көру болып табылады. Бұндай қоғам орнату адамзат тарихында мүмкін емес болды немесе оған адамзаттың санасы әлі дайын емес болып шықты. Демек, бұл қателік ретінде сынға ұшырады, КСРО мемлекеті ыдырап, олар нарықтық

экономика жолына көшті. Демек, бихевиоризм қоғам мен әлем дамуы да осы байқап көру-қателесу жүйесі бойынша жүріп отырады деген ұстанымды қолдайды.

Кез-келген тәжірибе, сынақ байқап көруден тұрады, бірақ барлық байқап көру қателесуге алып бармайды, сәтті тәжірибе оңды, нәтижелі болатын болса, онда ол идея немесе тәжірибе бекітіледі. Барлық тәжірибелердің кең көлемде болуы белгілі бір жүйені өзгертуде ғана емес, танымда да қолданыс табады.

Қорыта айтқанда, даму идеясында қолданылатын әдістер бұнымен шектелмейді, біз бұл тұста, олардың пайдалану үрдістеріне мысалдар келтіре отырып көрсеттік. Ал кей жағдайда бұл әдістер жоққа шығарылады. Мәселен, постмодернизмде бұл әдістерді жаңаша қарастыру қолға алынған. Сондықтан, әдістерді жетілдіру сайып келгенде, ғылыми танымды жетілдіру болып шығады.

Ғылыми таным аясындағы даму идеясына қатысты алғандағы әдістердің постмодернистік тұрпаты классикалық таным мен білімдердің жоққа шығарылуы емес, оны қайта құрылымдауды сұранып тұрғандай болады да, таным объектісін ыңғайлап өзгертуді қалайды. Дегенмен, танымның классикалық теорияларына сәйкес, ұғымдық аппараттарды қолдану қазіргі кезде аяқталып қалған жоқ. Егер даму идеясын тек өзгерістер ретінде ғана бағамдасақ та, оны зерттеудің әдістері жалпылама ғылыми танымда қолданылады деген сөз. Болашақта ғылыми әдіснамалардың жетілуі сайып келгенде, ғылыми танымның тереңдеуіне байланысты болғандықтан, келешекте, дамуды, әлеуметтік прогресті зерттеудің жаңа әдістері туындауы ықтимал. Қоғам дамуының болашақтағы келбетін зерттейтін сала футурология қазіргі таңда жаңа инструменттерін ұсынып келеді..

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Пригожин И., Стенгерс И. Порядок из хаоса. Новый диалог человека с природой. Пер с англ./общ ред. и послесл. В.И. Аршинова, Ю.Л. Климонтовича, Ю.В. Сачкова. - М.: КомКнига, 2005. – Изд. 5.-296 с.
2. Кун Т. Структура научных революций / Пер. И.З. Налетова. – М.: Прогресс, 1977.- 216с.
- 3.. Шопенгауэр А. Мир как воля и представление.-М: АСТ, 2022.-217с
4. Пуанкаре А. О науке. — изд. 2-е. — М.: Наука, 1990.-268с.
- 5.Юнг К. Г. Руткевич А. М, Бибахин В. В. Издательство: Канон, 2022.-336с.
- 6.Brobst, B.; Ward, P. Effects of public posting, goal setting, and oral feedback on the skills of female soccer players (англ.) // Journal of Applied Behavior Analysis (англ.)рус. : journal. — 2002. — Vol. 35, no. 3. — P. 247—257.

## **ФИЛОСОФСКО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ИНФОРМАТИЗАЦИИ СОВРЕМЕННОГО ОБЩЕСТВА**

**Союзбек кызы Гулгақы**

Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетінің  
оқытушысы

**Аннотация.** Данная статья рассматривает информатизацию как явление, оказывающее всестороннее воздействие на современное общество, культуру и человека. Информатизация, представляя собой процесс развития и распространения информационно-телекоммуникационных технологий, стала неотъемлемой основой для формирования

информационного общества и смены цивилизационных конфигураций. Автор подчеркивает философско-методологические вопросы, вызванные информатизацией, и обсуждает важность теоретического осмысления этого процесса, а также связанных с ним концепций, таких как информационный взрыв, информационная революция, информационное общество и медиатизация общества. Исследования философов и теоретиков помогают лучше понять и анализировать влияние информатизации на современное общество и культуру, а также вызывают философско-методологические вопросы, связанные с этими изменениями.

**Ключевые слова:** информатизация, информационное общество, геймификация, философия информации, краудсорсинг.

В нашу жизнь крепко вошла информатизация. Экономика, политика, общее и личное сознание испытывают её значительное воздействие в заключительные 20-30 лет. С тех самых пор как был придуман телеграф, прошло более века. За этот период времени человечество совершило целый ряд революционных открытий в области информационно-коммуникационных технологий.

Информатизацией можно именовать резвый и всеобъемлющий процесс становления и распространения информационно-телекоммуникационных технологий, который становится беспристрастной основой современных цивилизационных конфигураций общества, культуры и человека. Информатизация беспристрастная предпосылка формирования информационного, постиндустриального сообщества.

Информатизация современного сообщества - это непростой и многогранный процесс, который оказывает глубочайшее воздействие на разные нюансы жизни человека и сообщества в целом. Вкупе с тем, информатизация поднимает ряд философско-методологических вопросов, требующих сурового анализа и обсуждения.

Теоретическое осмысление процесса информатизации общества и его социальных и культурных последствий нашло свое отражение в ряде понятий и концепций – «информационный взрыв», «информационная революция», «информационное общество» «информатизация» и «медиатизация» общества и др., ставшие основой концепции информационного общества.

Понятие информатизации сообщества обозначает: 1. социологическую и футурологическую концепцию, связывающую будущее человечества с производством и внедрением информации, до этого всего технологической; 2. принципиально новейшую стадию существования населения земли, общество, в каком информация становится решающим ресурсом развития и высшей ценностью. Информатизации сообщества как теория вариант социально-философской рефлексии над информатизацией общества как становящейся новейшей социальной реальностью.

Концепция разрабатывалась рядом исследователей из разных областей науки и является вариантом концепции постиндустриализма. Сам термин "информационное сообщество" впервые использовал еще в 1962 году южноамериканский экономист Фрэнсис Махлуп. Махлуп первым обратил внимание на рост потребности в высоко квалифицированном (информационно насыщенном) труде во всех главных сферах индустрии США.

Дэниэл Белл разглядывал рост воздействия информационных ресурсов в публичной жизни как решающий фактор становления нового "постиндустриального" сообщества, свободного от противоречий и изъянов прошлых общественных систем. Проводить мысль Белла, информатизация труда ведет к резкому увеличению творческой активности и самостоятельности работника, освобождая его от стандартной работы на "глобальном конвейере" промышленного типа [Белл Д, 2004: 783].

Маршалл Маклюэн, разбиравший влияние нового информационного порядка на публичные умонастроения, определил его как оформление "глобальной деревни". Маршалл Маклюэн был канадским философом и медиатеоретиком, который стал знаменитым своими исследованиями по части массовых коммуникаций и их воздействия на общество. Его мысль "глобальной деревни" отражает важные нюансы информационного сообщества и его воздействия на общественные умонастроения.

Маклюэн утверждал, что с развитием СМИ и глобализацией информации мир становится более связанным и взаимозависимым, словно это большущая деревня, в каком месте каждый обитатель имеет выборка информации, и действия в некой доли "деревни" могут очень воздействовать на иные доли. Это оформление "глобальной деревни" изменяет образ восприятия и взаимодействия людей.

Но Маклюэн также предостерегал о возможных негативных последствиях этой ситуации. Он направлял внимание на то, что выборка информации не всегда гарантирует критичное мышление и анализ. В "глобальной деревне" информация может быть лишне однородной и поверхностной, что может привести к потере критичного взгляда на действия и явления. Люди могут стать более подверженными манипуляциям и воздействию различных источников инфы без подабающей оценки.

Поэтому, Маклюэн предостерегал о значимости критичного мышления и анализа информации в критериях "глобальной деревни". Его работы подчеркивают сложности и противоречия, связанные с развитием информационного общества и нуждой в более развитой медиаграмотности для современного человека [Маршалл М, 1977].

На сегодня трудности в правовой, социальной сферах, по части философии и психологии, связанные с развитием информационно-коммуникационных технологий, вызывают горячие дискуссии между. Информация в информационную эру - стратегический ресурс сообщества, сопоставимый по значению с ресурсами естественными, человеческими и финансовыми, значимая часть концепций и программ развития информационного сообщества берет за основу этот постулат. Информатизация видоизменит политико-правовые институты, проф общества и бизнес-сферу. На самом деле, информатизация - это процесс проникания новейших информационно-коммуникационных технологий в разные сферы жизнедеятельности сообщества и, в именно это время, это итог технологического прогресса, некоторая совокупа технических, экономических, соц экономно живут которые провоцируют процесс глубоких высококачественных конфигураций, затрагивающих самые различные стороны жизни общества. Взаимодействие этих сторон придаёт всему изучаемому парадоксу ясно выраженный системный нрав. Таким образом, информатизация как центральное понятие диссертационного исследования - это не набор технологий, а длительная масштабная программка, требующая соединения разных уровней и направлений познания и практики. Такая черта информатизации выступает базисной и более недалёкой к определению понятия для данного исследования. Но единственно правильного определения такового трудного гуманитарного понятия, как информатизация, не существует.

Отсюда и растёт задача многостороннего философско-методологического анализа информатизации в экономической, общественно-политической, социальной и духовной жизни человека. Мы говорим, прежде всего, о выявлении воздействия информатизации на коммуникативные практики и сферу личного сознания, также об определении методологических принципов, обобщающих осознание устройства цифровой информационной среды, с тем вот, чтобы отыскать её внутренние закономерности и на их базе раскрыть перспективы и тенденции её дальнейшего движения.

Таковой философский анализ позволяет выявить некие методологические принципы, описывающие характерные черты развития информатизации современного сообщества. Как

осындай сұранысқа сай болу үшін көптеген мәдени, оқу, білім, ғылым, өнер саласында жаңа сапаға өтуіміз қажет. Тың сапалық кеңістікке шығу үшін біз өркениеттің жаңа өлшемін ұсынуымыз керек. Еліктеу және әлде кімдерден шәкірт болып үйрене беру өркениеттілікке жеткізбейді» [Есім, 2003: 24],-дейді. Еліктеушілік біреудің сонынан еру. Ақпараттық құралдардың қарқынды дамуы, интернет технологиясы, батыстық мәдениетке еліктеу қазіргі қоғамда белең алып тұр. Осындай жаһандану кезеңінде біз ұлттық дәстүрімізді, тілімізді, мәдениетімізді қалай сақтап қала аламыз? Біздің қоғамымызға жаһандану қажет, жаңару керек, бірақ біз батыстан нені алуымыз керек, нені алмауымыз керек, соны білу шарт. Біз батыстан ғылым мен техниканың дамуынан келіп шыққан мәдениетті алуымызға болады. Қазақ жастары ХХІ ғасырдағы озық технологияның барлық қыр-сырын білуі тиіс. Мұны меңгеру арқылы біз бәсекеге қабілетті және іргесі мықты ел бола аламыз. Ал, батыстық дүниетанымнан туған мәдениет бізге керек емес. Соның нәтижесінде, қазіргі қоғамымызда адам өз болмысынан жат әрекеттерге аяқ басуда. Өйткені, біздің жастарымыздың санасы уланып жатыр, біз оған жол бермеуіміз қажет. Жастарымыз жеңіл түсінікпен, уланған санамен кете берсе, біздің болашағымыз не болмақ? Оның бір амалы ұлттың қамалы болып тұрған құндылықтарды сақтап қалуымыз қажет. Ол – біздің дәстүріміз, тіліміз, тарихымыз, дініміз. Осы құндылықтарды сақтап, жастарымыздың бойына дарытсақ, рухы биік халық ретінде болашаққа жол тартамыз. Бұл төрт құндылық – ұлтты ұлт етіп отырған негізгі діңгек. Ал діңгегімізді сындырып, болашаққа жол тартамыз десек, онда біздің қателескеніміз. Сондықтан дәстүрімізді, тілімізді, тарихымызды, дәріптеу – барлығымыздың борышымыз. Ұлттық санамыздың кемелденуіде осы ұлттық құндылықтарымызға байланысты. Оны сақтай білу әрбір саналы қазақ азаматының парызы болып табылады. Ойымызды қорытындылай келе, жаһандану қоғамында жер бетіндегі халықтардың көбі ұлттық төлтума құндылықтарынан белгілі бір деңгейде айырылуда екенін айта кетуіміз керек. Осындай кезеңде ұрпақтың ұлттық дәстүр мәселесіне деген көзқарастарының дұрыс қалыптасуы қазіргі кезеңнің басты мәселелерінің бірі болып отыр. Еліміз әлемдік өркениетке өз болмысымен ену үшін, ғасырлар тұңғығымен тамырласып жатқан құндылықтарымызды бағалай білу қажет. Бүгінгі таңда қазақ халқының бірегейлігін сақтауда ұрпақтың адамгершілік әрекеттерден алшақтап, түрлі девианттық әрекеттердің жайылып кетуіне жол бермеуіміз қажет. Өз ұрпағына дұрыс бағыт-бағдар берген елдің ғана болашағы баянды болмақ. Өзінің ұлттық «Менін» жоғалтпаған ұрпақтың келешегі жарқын болмақ. Жаһандану үрдісінде ұлттың шынайы болмысын тануда ұрпақтың ұлттық құндылықтарды мойындамай, тілінен, дәстүрінен, дінінен, мәдениетінен саналы түрде бас тартуы қоғамдағы қауіпті дерт болып саналады. Әкенің қанымен, ананың сүтімен сіңетін, ұлтты ұлт етіп отырған, ұлттық төл құндылықтарымызды ұлт дамуының тірегі ретінде тану. Қазіргі таңдағы ұрпақ тәрбиесіндегі жүйесіздікке жол бермеу, ұлтты жалмап кететін қатерлі құбылыстардың алдын-алу әрбір саналы адамзаттың парызы. Ұрпақ өзінің ұлттық келбетін басқа мәдениетке еліктеуден іздемей, ұлтына тән, өткен бабалар өмірінен сабақ ала білуі қажет. Рухы мықты, намысы биік ұрпағымыз тілін мәдениетін, дінін, дәстүрін дамыта алады. Ал ұлттық құндылықтарды аяқ асты ету, ол ұрпақты тобырға айналдырып, оның келешегін бұлыңғыр етпек. Бүгінгі жаңа ұрпақты қалыптастыруда интеллектуалды төңкерісті қажет етеді. Ұрпақ интеллектуалдылықты ұлттық дәстүрден алатындығын ұмытпаған абзал. Өзіндік «Менін» жоғалтпаған ел ғана «Мәңгілік Ел» болары анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Лао-цзы. Дао дэ цзин // Древнекитайская философия: собр. текстов. – М, 1972.- 97 с.
2. Нысанбаев. Ә. Қазақстан: ұлттық энциклопедия. – Алматы, 2002, Т. 3.- 720 б.
3. Гердер И.Г. Идеи к философии истории человечества. – Москва, 1977.- 703 с.

4. Ал-Кашгари М. Түркі сөздігі / қаз. ауд. А.Егеубай. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. – Т. 1. - 376 б.
5. Рахимжанова С.К. Дәстүр – философиялық мәселе // Әлемдік философияның өзекті мәселелері, адам, оның санасы мен адамгершілігінің дамуы: халық. ғыл.-теор. конф. матер. – Астана, 2018, 198-200 б.
6. Назарбаев Н.Ә. Ұлы даланың жеті қыры // Қазақ әдебиеті. – 2018.- №46. 1-3 б.
7. Бегманов Қ. Этнографпен әңгіме. – Алматы, 2010.- 498 б.
8. Сатершинов Б.М. Тарихи сананың қалыптасуы мен дамуын әлеуметтік-философиялық талдау: 09.00.11: филос. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2009.- 45 б.
9. Қазақстан: ұлттық энциклопедия / ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2001.- 720 б.
10. Нысанбаев Ә. Тәуелсіздік философиясы // Егемен Қазақстан. – 2006. – №83,- 18 б.
11. Құрманбаева Н.М. Культура Востока и Запада: проблемы интеграции. – Алматы: Бастау, 2000.- 247с.
12. Есім Ғ. Бостандықтың бағасы. – Алматы: Қазақстан баспа үйі, 2003.- 24 б.

## **ҰЛТТЫҚ БІРТҰТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУДАҒЫ ТІЛДІҢ РӨЛІ**

**Құрманалиева Айнұр Дүрбелеңқызы<sup>1</sup>, Қоғабаева Әсел<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
дінтану және мәдениеттану кафедрасының  
меңгерушісі, философия ғылымының докторы, профессор  
<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
дінтану және мәдениеттану кафедрасының докторанты

**Аңдатпа.** Бұл мақалада тілдің көп этносты қоғамдағы ұлттық біртұтастықты нығайтудағы және сақтаудағы маңыздылығын зерттеген тұжырымдамалар қарастырылған. Тілдің рөлі қарым-қатынас құралы, халықтың құндылықтары мен тарихын жеткізетін мәдениет символы ғана емес, ұлтты ұйыстыратын негізгі фактор ретінде түсіндірілген. Сондай-ақ «ұлт», «ұлтшылдық», «ұлт құру» ұғымдарына қатысты берілген әртүрлі анықтамалар тізбектеліп, мемлекетпен байланысты өзіндік мүдделері бар әлеуметтік қауымдастық ретінде көрсетіледі. Сонымен қатар тілдің шығу тегіне қатысты теориялар, тілдің интегративті қызметінің мүмкіндіктері берілген.

**Кілт сөздер:** «ұлт», «ұлттық біртұтастық», «ұлтшылдық», «тіл», «тіл қызметі».

Қазіргі әлемдегі жаһандану үрдісімен қатар түрлі этникалық және діни топтар бірге өмір сүретін қоғамдағы ұлттық біртұтастық мәселесі мемлекеттілік тұрғысынан жоғары маңызға ие. Біртұтас ұлт құру мен оны сақтауға байланысты міндеттер саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени сияқты көптеген өлшемдерді қамтиды. Дегенмен, ұлттық бірлік пен бірегейлікті қамтамасыз етудің ең тиімді де маңызды элементтерінің бірі – тіл. Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар азаматтардың мәдени белгісі. Ол – халықтың мәдени құндылықтарының, салт-дәстүрі мен тарихының тасымалдаушысы. Сондықтан қоғамның тату-тәтті өмір сүруі үшін ұлттық келісімді орнатып, сақтаудағы тілдің рөлін

зерттеп, түсіну қажет. Бұл мақалада тілдің ұлттық біртұтастық пен қоғам арасындағы өзара түсінісу процестеріне әсер етуінің әртүрлі аспектілерін қарастырамыз.

Ең алдымен мақаладағы ұғымдардың ара-жігін ажыратып алайық: «Ұлт» дегеніміз не? Ұлт қалай қалыптасады?

XIX ғасырдың белгілі ойшылы Эрнест Ренан «Ұлт – бұл өзін өзі құрбан ету сезімінен туындаған ұлы ынтымақтастық, бұрын да солай болған және бұдан әрмен де солай бола бермек. Ұлттың өмір сүруінің өзі – күнделікті плебисцит» деген екен [Renan, 1994:94].

Макс Вебердің ұсынған анықтамасында: «Ұлт дегеніміз – бұл өз мемлекеті арқылы өзін жеткілікті түрде адекватты көрсете алатын сезімдер қауымдастығы», – дейді. Вебер ұлтты дара мәдени құндылықтардың «тоғысы» көрінісі ретінде де қарастырған. Оның тұжырымдауынша, «әр ұлттың болмысының маңыздылығы әдетте оның мәдениетінің үстемдігімен немесе ең болмағанда, баламасы жоқ бірегейлігімен ерекшеленеді, сол қауымдастықтар ұлттың өз бойындағы жеке қасиеттерді табанды түрде нығайту арқылы ғана сақтап және дамуын қамтамасыз етеді [Weber, 1922: 627].

«Ұлт» – байырғы да емес, кейінгі де емес әлеуметтік қауымдастық. Қазіргі мағынасында оның пайда болуы жуырдағы тарихымен байланысты. Ұлт қазіргі заманғы мемлекеттің белгілі бір түрі, яғни «ұлт-мемлекет» ұғымындағы әлеуметтік құбылыс болып табылады, – деп Хобсбаум тұжырымдаған екен [Хобсбаум, 1998:62].

Бірқатар іргелі теоретиктердің ішінен осы тұжырымдамаларды мысалға алып отырған себебіміз: «ұлт» бұрыннан бар құбылыс па, ол адамға туылғанда қоса таңылады ма, әлде оны жасауға, таңдауға, я болмаса ауыстыруға бола ма деген сұрақтарға жауап алу еді. Көріп отырғанымыздай, Ренанның айтайын дегені – ұлттың өткен ортақ тарихы қандай болса да, қазіргі уақытта және болашақта да өзара келісіммен бірлесіп өмір сүреді, тағдырдың жазуын қабылдайды деп түсіндіруге болады. Ал Вебердің адекватты қауым өзі мемлекет жасап алады дегенін – құндылықтары ортақ қауымның өзара түсінісуі нәтижесінде мемлекет құралады деп те пайымдауға болады. Өткен ғасырдың көрнекті өкілі Эрик Хобсбаум ұлтты қалыптастыруға болатынын және оны жоғары деңгейдегі зиялылар жасай алатындығын айтпақшы болғандығын көреміз.

Ұлт қалыптастыру тұрғысында «ұлт құрылысы» ұғымына тоқталсақ, ұлт құрылысы – әлеуметтік ғылымдар бойынша әртүрлі теориялық еңбектерде зерттелген күрделі және көп қырлы ұғым. Қазіргі таңда осы бағыттағы классикалық еңбектердің қатарындағы «Қиялдағы қауымдастықтар» атты Бенедикт Андерсонның жұмысы ұлттық құрылысты зерттеудегі іргелі жұмыс болып табылады. Ол халыққа ортақ мәдени рәміздер, тіл және баспа капитализмі арқылы құрылған «қиялдағы қауымдастықтар» деген идеяны зерттейді [Андерсон, 2001:6]. Оның еңбектерінде ұлттардың қалыптасуындағы баспа басылымдары мен ортақ тілдің дамуына ерекше мән беріледі. Эрнест Гелнердің «Ұлттар және ұлтшылдық» еңбегінде: ұлтшылдық теориясы бойынша индустрияландыру мен бұқаралық білімнің таралуының тіл мен мәдениет стандарттарын құрудағы рөліне назар аударады. Ол ұлттық мемлекет осы процестердің жемісі екенін дәлелдейді [Гелнер, 1991: 71]. Энтони Д. Смиттің «Ұлтшылдық пен модернизм» еңбегінде ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы тарихтың, мифтердің және рәміздердің рөліне баса назар аударылады. Ол халық ортақ тарихи әңгіме құру үшін көбінесе өздерінің өткеніне қарайтынын дәлелдейді [Смит, 2004: 94]. Мәдени сәйкестік тұрғысынан сәйкестікті қалыптастыру, мәдениеттану және постмодернизмге қатысты теориялар жеке тұлғаларды түсінуге ықпал етеді.

Ұлт мәселесін зерделеуге қатысты зерттеулер екі бағытта жүргізілген, яғни біріншіден, модернистік көзқарас тұрғысынан қарағандар ұлтты идея ретінде де, құбылыс ретінде де бар деп есептеген. XVIII ғасырдан бастап элита өзі көздеген мақсаттарына қол жеткізу үшін осындай құрылым жасаған және сол дәуір соңына жеткенде ұлт та, ұлтшылдық та жойылады

деген екен (М. Манн, Э. Гидденс, Б. Андерсон, Э. Хобсбаум). Ал, екінші – көпжылдық бағытты ұстанушы ғалымдар Дж. Армстронг, К. Гюбнер, Дж. Фишман, Х. Сетон-Уотсон және т.б. халықтың тамыры өткенге терең бойлайды, халық өзінің тарихи атамекенімен тығыз байланысты, белгілі бір ұлтқа тән бірқатар қасиеттер мен сипаттар болады, ұлт – ортақ ерік-жігері мен мінезі бар біртұтас нәрсе деп санаған екен.

Аталған еңбектердегі «ұлт құрылысы», «ұлт бірегейлігі» мен «ұлт біртұтастығы» сынды ұғымдар бір бірімен ұштасып, бірін бірі толықтырып отырады. Бұл ұғымдарды бір сөзбен көбінесе «ұлтшылдық» деп қарастырған, бұл идеяның сайып келгендегі түпкі мақсаты – ұлтты ұйыстырып, бір арнаға тоғыстыру. Дегенмен, ғылыми қолданыстағы «ұлтшылдықтың» мағынасы әр түрлі контексте болуы мүмкін. Азаматтық ұлтшылдық ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы ортақ азаматтық құндылықтардың, саяси құқықтардың және азаматтықтың маңыздылығын көрсетеді. Азаматтық ұлтшылдық этникалық тегіне карамастан, олардың ортақ азаматтық ұстанымдарына сүйене отырып біріктіре алады деп есептейді. Этникалық ұлтшылдық ұлттық бірегейлікті этникалық, мәдениет және дәстүрмен байланыстырады. Этникалық ұлтшылдар этникалық топтардың маңыздылығына баса назар аударады және ұлт ортақ мәдени және этникалық қасиеттерге негізделуі керек деп санайды.

Жаһандану дәуірінде адамдардың өзара жақсы түсінісуі үшін әмбебап мәдениет қалыптасып, ортақ тілдің дамуының кері жағы ретінде ұлттық мәдениеттер мен тілдердің жойылу қаупін түсінген мемлекеттер өздерін ұлт ретінде нығайтуға талпынады. Тіл мен ұлт біте қайнасқан ұғымдар деп айтқандардың алғашқысы неміс ойшылы Иоганн Гердер былай деген екен: «Тілсіз ұлт өмір сүре алмайды, тіл мұрасы – ұлттық мәдениеттің негізі» [Joseph, 2000:44]. Вильгельм фон Гумбольдт тіл ойлаумен, дүниетаныммен, менталитетпен тығыз байланысты деген ойды білдіре отырып, тіл біздің дүниені қабылдауымызды қалыптастыратынын атап көрсетті. Одан өзге көрнекті америкалық ғалымдар Эдуард Сепир мен Бенжамин Уорфтың тіл мен ойлау жүйесінің тығыз байланысына қатысты жасаған болжамы да ғылыми айналымда сұранысқа ие [Сепир, 2002: 144].

Тіл қалай пайда болды деген мәселені зерттеу барысында түрлі көзқарастар, түрлі теориялар қалыптасты. Лингвистикалық моногенез теориясы немесе адам тілінің бір жерден шығу теориясы қазіргі заманғы барлық тілдер бір тілден пайда болған деген идеяны қамтиды. Бұл саладағы зерттеулер алғашында ғылымға дейінгі деңгейдегі адамзаттың басындағы бір тіл туралы мифологиялық және діни түсініктермен байланысты болды. Алайда, бұл ғылымға дейінгі теориялардың орнын кейіннен тілдердің жекелеген отбасылары мен олардың тарихи байланыстарын зерттейтін неғұрлым жүйелі салыстырмалы тарихи зерттеулер басты [ТЕОРИЯ МОНОГЕНЕЗА • Большая Российская Энциклопедия].

Британдық табиғат зерттеушісі, табиғи сұрыпталу теориясының авторы Чарльз Дарвиннің эволюция теориясын негізге алған зерттеушілерді оның «Түрлердің шығу тегі туралы» сияқты еңбектері эволюция мен тілдің дамуы арасындағы байланысты зерттеуге шабыттандырды. Америкалық палеонтолог, биолог Стивен Джей Гулд өз еңбектерінде эволюция мен тілді талқылаған, мидың дамуы тілдің дамуына қалай әсер еткені туралы идеяларды ұсынды. Ал әлеуметтік-мәдени шығу теориясының негізінде зерттеу жасаған орыс психологы Лев Выготский тілдің дамуындағы қарым-қатынас пен мәдени контекстің маңыздылығы туралы идеялар ұсынды. Одан бөлек мимикрия және ономотопея теориясы ертедегі тіл қоршаған ортаға және ономотопеяға дыбыстық еліктеуден басталуы мүмкін деген идеяны ұстанады. Және де комбинаторика теориясы аясында Ноам Хомский синтаксис пен грамматика саласындағы жұмыстарымен танымал болды және оның «әмбебап грамматика» теориясы тілдегі комбинаторикаға жіті назар аударады.

Тілдің қоғам өміріндегі алатын орнын зерделеу үшін оның қандай қызметтері барын қарастыру шарт. Р. Якобсонның типологиясы, Андре Мартиненің типологиясы және басқаларының қатарынан тілдің біріктіруші қызметін бөліп қарастырамыз.

Тілдің біріктіруші қызметі дегеніміз стандартты (әдеби) тілдің атқаратын қызметі, әртүрлі диалектілерде сөйлеушілерді бір этнолингвистикалық қауымдастыққа біріктіру, адамның өзін белгілі этнолингвистикалық қауымдастықтың мүшесі ретінде тануға мүмкіндік береді. Бір-бірімен тығыз байланысты тілдер бір идиомадан екіншісіне (орыс және белорус, неміс және голланд) біртіндеп ауысу континуумын білдіретін этнолингвистикалық жағдайларда әдеби тілдің біріктіруші қызметінің рөлі өте зор. Бұл жағдайда белгілі бір әдеби тілге (мәдени-тарихи бағытпен бірге) бағыттылық сәйкес этнолингвистикалық топтарды этникалық сәйкестендіруде шешуші рөл атқарады [Объединяющая функция языка | Это... Что такое Объединяющая функция языка?]. Келесі түсіндірме бұдан гөрі түсініктірек. Яғни ресейлік Ингуш мемлекеттік университетінің профессоры Т.В. Жеребило өзінің «Лингвистиканың нысаны ретіндегі интегративті қызмет» мақаласында лингвистикада кеңінен зерттелген тілдің негізгі функцияларының ішінде тілдің интегративті қызметінің қарастырылмағандығын алға тартады. Ол: «Кез келген тілдің интегративті қызметі өзінің коммуникативті қасиеттерінің арқасында жеке адамдарды, қоғамды, этностарды, мемлекеттерді біріктіреді. Өздерінің ана тілінде немесе шет тілдерінде сөйлейтіндер өздері сөйлесетін тілдік қауымдастыққа қатысты екенін сезінеді. Тілдік-мәдени мұрамен және тілдік дәстүрлермен танысу өз этносының ішінде де, басқа этникалық қауымдастықтардағы да ұрпақтар арасындағы байланысты қалыптастырады. Тілдік қауымдастық ішіндегі интеграциялық процестер лингвистикалық мәдениеттің бірлігін жасайды (шетелдік мәдени дәстүрлерді сақтай отырып) және технологиялардың, ғылымның және өнердің жаңа түрінің өзара әрекеттесуі мен өзара енуіне негіз болады», – деген екен [Жеребило]. Расында да тілдің осы қызметін қолдану арқылы қоғамдағы түсіністік пен үйлесімділікті қалыптастыруға болады.

Тіл мен мәдениеттің, тіл мен қоғамның өзара қатынасы бірнеше аспектілерде көрініс табады. Біріншіден, тіл өзара қарым-қатынас жасаудың басты құралы, ол арқылы адамдар байланыс орнатып, пікір алмасып, өзара әрекеттеседі. Екіншіден, тіл мәдениетпен тығыз байланыста болған соң салт-дәстүр, әдет-ғұрып, құндылықтарды кейінгі ұрпаққа жеткізеді. Сонымен бірге сол қауымға, этникалық топқа, ұлтқа тән сипаттарды қалыптастырады. Үшіншіден, әлеуметтік құрылым құру арқылы қоғам мүшелерінің мәртебелері мен рөлдерін анықтап береді. Одан өзге саясат, экономика, білім беру, халықаралық қатынас сынды түрлі салаларды жүзеге асыруда қолданылады. Яғни, мемлекет алдында халқын лайықты өмірмен қамтамасыз ету міндеті тұрса, оны реттеп дұрыс басқара алуға тіл саясатының рөлі де басымдық танытады.

Бүгінгі Қазақстан жағдайында осы жоғарыда айтылған ұлт құру, оның ішінде тіл саясатын жетілдіру сынды процесстер жүргізілуде. Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты өкілдері Айгүл Сәдуақасова мен Әділет Әміровтың «Қазақстандағы ұлт құру үдерісі: тарихи негіздер, өзекті мәселелер мен маңызды жұмыс векторлары» атты мақаласында ұлт құрудың әлемдік тәжірибесіне тоқталып келіп: «Бұл тақырыпты зерттеуге сұраныстың жоғары болуын аймақта соңғы 30 жыл ішінде орын алған этнодемографиялық өзгерістермен түсіндіруге болады. Этникалық құрамның күрт өзгеруі тілдік контексттің де өзгеруіне әкеліп соғады: қазақ этносының көбеюімен қатар қазақ тілінің кеңінен қолданылуына сұраныс артып келеді. Көптеген аймақтарда бұл мәселе бойынша посткеңестік менталитеті бар тұрғындар тарапынан инерция байқалады (оның ішінде орыс тілін үйренуге деген өзара талаптар), бұл болашақта тілдік алауыздыққа әкелуі мүмкін. Қоғамның тіл бойынша бөлінуі ақпарат полярлығы мәселесін де тудырады. Бұл жағдайда тілдік бөліністің үстіне

идеологиялық алшақтық қосылып, қазақтілді және орыстілді азаматтарды бір-бірінен алыстататын фактор болуы мүмкін», – дей отырып, осы мәселенің басқа тұстарын қарастырған. Негізгі ой – ақпарат көздерінің екі тілді болуы қоғамның ойлау жүйесінің, көзқарастарының биполярлығына әкеліп отырғанын айтады.

Қазақстандағы тіл мәселесін бір текті ету тек қазақ этносының өзіншілдігін қанағаттандыру емес, елдегі түсіністікті, тұрақтылықты сақтау мақсатында маңызы зор. Қазақ тілінің осы елдің негізгі тілі ретінде таңдалуы да тарихи контекст пен елдің этникалық құрамының пропорционалды қатынасы тұрғысынан алғанда да заңды екені түсінікті.

Пайдаланылған әдебиет:

1. E. Renan, Was ist eine Nation?...und andere politische Schriften, 1995, 203.
2. Weber M. Wirtschaft und Gesellschaft. Tübingen: Mohr, 1922.
3. Хобсбаум Э. Нации и национализм / Э. Хобсбаум. – СПб., 1998. – 119 с.
4. Андерсон Б. Воображаемые сообщества. Размышления об истоках и распространении национализма / Б. Андерсон ; пер. с англ. В. Николаева; 2001. – 288 с
5. Геллнер Э. Нации и национализм / пер. с англ. Т.МВ. Бредниковой, М. К. Тюнькиной; ред. и послесл. И. И. Крупника. – М. : Прогресс, 1991. – 320 с.
6. Смит Э. Национализм и модернизм. Критический обзор современных теории нации и национализма. – М., 2004. – 466 с.
7. Joseph J. Language and Identity: National, Ethnic, Religious // URL: <http://www.nla.gov.au/openpublish/index.php/aral/article/viewFile/1964/>
8. Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии / Пер. с англ. – Волгоград, 2002. – 656 с.
9. <https://old.bigenc.ru/linguistics/text/2227541>
10. [https://sociolinguistics.academic.ru/477/%D0%9E%D0%B1%D1%8A%D0%B5%D0%B4%D0%B8%D0%BD%D1%8F%D1%8E%D1%89%D0%B0%D1%8F\\_%D1%84%D1%83%D0%BD%D0%BA%D1%86%D0%B8%D1%8F\\_%D1%8F%D0%B7%D1%8B%D0%BA%D0%B0](https://sociolinguistics.academic.ru/477/%D0%9E%D0%B1%D1%8A%D0%B5%D0%B4%D0%B8%D0%BD%D1%8F%D1%8E%D1%89%D0%B0%D1%8F_%D1%84%D1%83%D0%BD%D0%BA%D1%86%D0%B8%D1%8F_%D1%8F%D0%B7%D1%8B%D0%BA%D0%B0)
11. Жеребило Т.В., [https://www.rusnauka.com/1\\_NNM\\_2015/Philologia/9\\_185076.doc.htm](https://www.rusnauka.com/1_NNM_2015/Philologia/9_185076.doc.htm)

## ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Сембаева М.М.

ҚазҰАЗУ-нің аға оқытушысы

**Summary.** The article is considered the problem of spiritual renewal: national cultural values and the Kazakh national idea. The idea of the national idea is interconnected with the inner spiritual world and the place of the Kazakh idea in the formation of civil society.

Дамыған мемлекеттерде руханият бірінші орында тұрады. Ол-барлық адамға азық екені анық. Рухани байлығы мол адам ғана шын мәдениеттің дамуына үлес қоса алады. Рухани байлық бар жерде елдің бірлігі де нығая түседі. Нұрсұлтан Әбішұлы туған жерге қамқорлық туралы, қала мен даланың арасын жақындатайық деген концепцияны дер шағында ұсынды. Бұл - ауқымды жоба, стратегиялық құжат. «Рухани жаңғыру» мақаласында айтылғандай, Ұлттың коды дегеніміз - сан ғасырлық тарихи тамырымыз, атамұра өнеріміз, салт-дәстүріміз,

білім - ғылымымыз және отбасымыз. Білімге ұмтылып, жақсыны үйреніп, жаманнан аулақ болуды қазақ атамыз баяғыда айтып кеткен. Міне, осы құндылықтар, «Рухани жаңғыру» бүгінде ұлттық идеологиямызға айналып отыр. Бабалар аманатын, олар қорғап қалған ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр жердің қыр-сырын, тылсым құпияларын бүгінгі ұрпақ жете білуі тиіс. Туған жердің әрбір тасы мен сайы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар.

Шығыс халықтарының ұлттық идеяларының құндылығы мәселесін қарастыруда еуроцентристік көзқарас басым. Әлі де, классикалық еуроцентризм бойынша, құнды идеялар тек жалғыз Батыс өркениетіне тиесілі, басқалары «аборигендік», «жабайылық», «варварлық» деген пікірден арылған жоқ. «Шығыс мәдениеттерінің болашағы жылдам вестернизацияға енумен айқындалады» [1, 39 б.] деген пікірлер төңірегінде өрбісе, онда қазіргі жаһанданып келе жатқан және мозаикалы өркениеттерде аталған ұстанымда. Осы орайда «Рухани жаңғыру» аясында Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасымен түзілген «Туған жер» бағдарламасы жақсы қарқын алды деп ойлаймын. Ауыл-аймақтарда экологияны жақсартуға және елді-мекендерді абаттандыруға баса мән беріліп, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіру жұмыстары нақтыланды. Үлкен қалаларға көшіп кетсе де, туған жеріне қамқорлық жасап жүрген, ауылын көгалдандыруға, мектептерді компьютерлендіруге, музейлер мен мәдениет ошақтарына демеушілік жасап жүрген кәсіпкерлер туралы көріп, естіп жүрміз. Аймақтардағы өнер ошақтарын өз есебінен жөндеуді қолға алып жатқан азаматтарды үлгі етудің артықтығы жоқ деп ойлаймын. Ұлттық код. Ұлттық мәдениет. Осы екі маңызды мәселеге ерекше ден қойды. Халықтан соларды сақтауды талап етті. «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі-ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі-алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек» деп қадап айтты. Ең бастысы, сананың ашықтығын, яғни әлемдік озық жаңалықтарға, ғылым-білімге құшақты айқара ашу керектігін нақтылады. Тәуелсіздік алып, өркениетті елдердің қатарына іліксек деген тұста ұлтымызға тән көп құндылықтардан көз жазып қалғанымызға, қастерлі жерлеріміздің қадірін білмей жатамыз. Осы дүниені байқай білген Нұрсұлтан Әбішұлы рухани дүниесіз адамның жаны жалаңаш болатындығын аңғарып, осындай ауқымды, халықтың талай жылғы жоғалтқан дүниесін түгендейтін бағдарлама жасап берді деуге болады. Бұл бағдарлама жаңғыру, жаңару бағдарламасы. Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді тенең, иық түйістіру мүмкін емес. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты-сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды. Қазақ халқымызда «Туған жерге туыңды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Мысалы «Ауылым-әнім» атты әнді айтқанда, «Туған жерін сүйе алмаған, сүйе алар ма туған елін» деп шырқаймыз. Бұл мағынасы өте терең сөздер. Адам баласы –шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер- әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодыңның негізі. Біздің

бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан – ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Туған жерге деген сүйіспеншілік нені білдіреді? Бірінші, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді. Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса екен. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай – талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс. Екінші, басқа аймақтарға көшіп кетсе де туған жерлерін ұмытпай, оған қамқорлық жасағысы келетін кәсіпкерлерді, шенеуніктерді, зиялы қауым өкілдері мен жастарды ұйымдастырып, қолдау керек. Бұл – қалыпты және шынайы патриоттық сезім, ол әркімде болуы мүмкін. Туған жеріне көмек жасаған жандарды қолдап – құрметтеудің түрлі жолдарын табу керек. Қысқаша айтқанда, «Туған жер» бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналады. Туған жерге деген сүйіспеншілік Туған елге — Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласады. Төртіншіден, жергілікті нысандар мен елді мекендерге бағытталған «Туған жер» бағдарламасынан бөлек, біз халықтың санасына одан да маңыздырақ — жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз керек. Ол үшін «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы керек.

Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл — рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі. Біз — ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ, осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген. Сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіреді. Біріншіден, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз елінің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді. Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбегейлі өзгереді. Біз бұған да дайын болуымыз керек. Үшіншіден, бұл — өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі. Азиядағы екі ұлы держава — Жапония мен Қытайдың бүгінгі келбеті — осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланудың нағыз үлгісі. «Өзімдікі ғана таңсық, өзгенікі — қаңсық» деп кері тартпай, ашық болу, басқалардың ең озық жетістіктерін қабылдай білу, бұл — табыстың кілті, әрі ашық зерденің басты көрсеткіштерінің бірі. Егер қазақстандықтар жер жүзіне үйден шықпай, терезеден телміріп отырып баға беретін болса, әлемде, құрлықта, тіпті іргедегі елдерде қандай дауыл соғып жатқанын көре алмайды. [2]. Көкжиектің арғы жағында не болып жатқанын да біле алмайды. Тіпті, бірқатар ұстанымдарымызды түбегейлі қайта қарауға мәжбүрлейтін сыртқы ықпалдардың байыбына барып, түсіне де алмай қалады. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Қазір салтанат құрып тұрған жаңғыру үлгіле-рі-нің қандай қатері болуы мүмкін? Қатер жаңғыруды әркімнің ұлттық даму үлгі-сін бәріне ортақ, әмбебап үлгіге алмастыру ре-тінде қарастыруда болып отыр.

Алайда, өмірдің өзі бұл пайымның түбірімен қате екенін көрсетіп берді. Іс жүзінде әрбір өңір мен әрбір мемлекет өзінің дербес даму үлгісін қалыптастыруда. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу



дегенді білдіреді. Мысалы, жершілдікті алайық. Әрине, туған жердің тарихын білген және оны мақтан еткен дұрыс. Бірақ, одан да маңыздырақ мәселені — өзіңнің біртұтас ұлы ұлттың перзенті екенінді ұмытуға есте болмайды. Біз әркім жеке басының қандай да бір іске қосқан үлесі мен кәсіби біліктілігіне қарап бағаланатын меритократиялық қоғам құрып жатырмыз. Бұл жүйе жең ұшынан жалғасқан тамыр-таныстықты көтермейді. Осының бәрін егжей-тегжейлі айтып отырғандағы мақсатым — бойымыздағы жақсы мен жаманды санамалап, теру емес. [3] Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі — ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі — алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек. Қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес. Төл тарихымызға, бабаларымыздың өмір салтына бір сәт үңіліп көрсек, шынайы прагматизмнің талай жарқын үлгілерін табуға болады. » [4, 119 б.] Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді, әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді. Тек өткен ғасырдың ортасында, небәрі бірнеше жыл ішінде миллиондаған гектар даламыз аяусыз жыртылды. Бқылым замандардан бері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келген ұлттық прагматизм санаулы жылда адам танымастай өзгеріп, ас та төк ысырапшылыққа ұласты. Соның кесірінен, Жер-Ана жаратылғаннан бері шөбінің басы тұлпарлардың тұяғымен ғана тапталған даланың барлық құнары құрдымға кетті. Түгін тартсаң майы шығатын мыңдаған гектар миялы жерлеріміз экологиялық апат аймақтарына, Арал теңізі аңқасы кепкен қу медиен шөлге айналды. Осының бәрі — жерге аса немқұрайлы қараудың ащы мысалы. Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек. Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану — мінез-құлықтың прагматизмі деген осы. Бұл — заманауи әлемдегі бірден-бір табысты үлгі. Ұлт немесе жеке адам нақты бір межеге бет түзеп, соған мақсатты түрде ұмтылмаса, ертең іске аспақ түгілі, елді құрдымға бастайтын популистік идеологиялар пайда болады. Өкінішке қарай, тарихта тұтас ұлттардың ешқашан орындалмайтын елес идеологияларға шырмалып, ақыры су түбіне кеткені туралы мысалдар аз емес. Өткен ғасырдың басты үш идеологиясы — коммунизм, фашизм және либерализм біздің көз алдымызда күйреді. Бүгінде радикалды идеологиялар ғасыры келмеске кетті. Енді айқын, түсінікті және болашаққа жіті көз тіккен бағдарлар керек. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Мөңке би айтқан екен: «Табалдырықтан биік тау жоқ, ағайыннан мықты жау жоқ» деп. Қай кезде де жау басқа жақтан келген жоқ, ішімізден шыққан. Бәрі ынтымақтың аздығы, бірліктің бостығы. Дәстүрімізді дәріптеп, салтымызды сақтауымыз керек. Адамды сүю, құрметтеу. Дәстүрді сыйлау, жаңғырту. Қазақтың жайсаң мінезін, мәрттігін, тектілігін, мейірімділігін қалыптастыру. Код дегеніміз осы! Елбасының мақаласы да осы құндылықты, яғни қазақы кодты сақтауды, дамытуды айтып отыр. Өткен бір жыл ішінде қоғамда сананы тазалауда бұрынсоңды болмаған тың серпін, жаңа қадам орын алды. Қорыта келгенде менің ойымша халықтың көп нәрсеге көзі ашылды. Рухани жаңғыруға байланысты бір жылда нендей тірлік атқарғанына әркім өзіне есеп бере бастады. Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек. Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақтастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр.

Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Ата-бабамыз бармасаң келмесең жат боласың дегенде бір біріне қонақ болуды ғана айтпаған болар, керісінше бірімен-бірі араласқан адамның өресі биік, өрісі кең болатынын аңғартқан. Сөзімізді түйіндейтін болсақ, бізге шеңберден шығып, жаңару керек. Олай болса, қазақтың жаңаша өмір сүретін, жаңаратын кезеңі келді. Жаңа қазақ болып қалыптасуымыз қажет дегім келеді.

Әдебиеттер:

1. Н. Назарбаев «Қауіпсіздікке мән бермеу - нақты қатерді бағаламаумен тең» Егемен Қазақстан / 25 ақпан / 2001 жыл. 1. Нуржанов Б.Г. О национальной идее. К постановке проблемы // Журнал «Вестник», №31, Алматы, 2008.
2. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру / Егемен Қазақстан 26.04.2017 ж.
3. Хантингтон С. Столкновение цивилизаций. -М., 2014. -480 с

## ВЗГЛЯДЫ ДРЕВНИХ КАЗАХОВ НА ПРИРОДУ

**Иманбаева Жұлдыз Машинбайқызы**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия кафедрасының оқытушысы

*“Природа...как абсолютное и вечное начало, единственная реальность, которая внутри себя была самодейтельна, имела имманентные причины и факторы существования, располагала основами активности и эволюции...Природа выступала как законченный миропорядок, а человек пока является лишь частью природы.”*

*Орынбеков Мухамедияр  
«Предфилософия протоказахов»*

Традиционная казахская культура есть квинтэссенция и отражение особого кочевнического типа хозяйствования. Для кочевника природа источник его жизни. Он не относился к природе с позиции превосходства, при этом не переставая быть активным субъектом деятельности. Продуманная и эффективная система кочевого скотоводства позволяла выживать в суровом резко-континентальном климате Великой Степи. Чтобы не истощилась почва время и место выпаса скота были строго определены. Зимой скот держали в низовьях рек, где под снегом сохранялась сочная зеленая трава, летом отгоняли в залитые солнцем горные районы. Для кочевника и земля, и вода, и лес и горы были одухотворены. В своей ежедневной рутинной деятельности он внимательно прислушивался к дыханию природы, разгадывал ее тайны, расшифровывал знаки, которые она подавала. «Природа и человек, жизнь и смерть были предметами высочайшего удивления и были всегда преисполнены неиссякаемой тайны» [1, стр. 50-51] писал Ч. Валиханов.

Сезонные перекочевки предполагали подвижный образ жизни. «Постоянное передвижение дляномада было не только лишь хозяйственным мероприятием, но и жизнью. При перекочевках люди рождались, достигали совершенства, мужали, вступали в брак, праздновали, отдыхали, познавали мир, умирали...Не передвигаться вовремя считалось результатом ущербности хозяйства, признаком бедности рода. Отстать от перекочевки рассматривалось как большое социальное зло, сравнимое с голодом и разрухой» [2, стр. 25]. Это обстоятельство в свою очередь формировало у кочевника легкий на подъем, мобильный,

не привередливый и выносливый характер. А. Тойнби писал: «Кочевник-пастух, чтобы выжить и процветать должен был постоянно совершенствовать свое мастерство, вырабатывать и развивать новые навыки, а также особые нравственные и интеллектуальные качества... Кочевники не смогли бы одержать победу над степью, выжить в столь суровом естественном окружении, если бы не развили в себе интуицию, самообладание, физическую и нравственную выносливость» [3, стр. 185, 186]. Несмотря на то, что кочевой уклад на территории Казахстана был упразднен во времена тотальной коллективизации в 1936 году по сохранившимся традициям и обычаям мы можем реконструировать черты номадического характера наших предков.

Кочевая цивилизация пример гармоничного сосуществования природы и человека. Разведение скота в больших объемах требовало совершенной физической формы, а также глубоких знаний об окружающей среде и биологии животных. Скот как единственный источник богатства обеспечивал все материальные запросы людей от пищи и одежды до предметов ежедневного обихода и крова. Под незамысловатым, казалось бы, бытом скрывалась богатая духовная культура. Гармония предполагает упорядоченность. Оттого вся жизнь кочевника была строго регламентирована, подчинена законам вселенской гармонии, «он растворен в ритмах Космоса, в циклическом круговороте, где все правильно, закономерны смена состояний, возраста и сезона» [4, с. 157]. Жизнь наедине с природой отличается монотонностью, однообразием, внешней без событийностью, но полна внутреннего, непрерывного общения с миром. Это проявляется в глубокой вовлеченности на эмоциональном уровне человека в отношения с окружающим миром. Благодатная предсказуемость бытия кочевника, покой, стабильность в этих условиях воспринимаются как бесценное благо. Будни, наполненные ежедневными заботами и радостями желанны и благословенны. Жить в едином ритме с Космосом значит не нарушать течения обычной жизни, когда «и травы зеленеют, и звезды сияют по-прежнему, т.е. человек их воспринимает, не отвлечен от красоты мира и жизни никакими катаклизмами» [5, стр. 11-12].

В жизни кочевники стремились к соразмерности, гармонии с природой. Экологичный образ жизни был отражением внутренней установки на поддержание гармонии между человеком и природой.

#### Литература:

1. Ч. Валиханов, Собр.соч. в 5-ти томах., т. 4.
2. С. Акатай, Древние культы и традиционная культура казахского народа., Алматы, 2001, с. 363.
3. А. Тойнби, Постигание истории, М.: Прогресс, 1990, с. 731.
4. З. Н. Сарсенбаева, Этнос и ценности., 2-е ред., Алматы, 2018, с. 316.
5. К. Ш. Нурланова, Человек и мир. Земля-духовная опора народа., Алматы: Дәуір, 2000, с. 20.

## **КАТЕГОРИИ "АДАПТАЦИЯ" И "ИНТЕГРАЦИЯ" В ТЕОРИИ ОБЩЕСТВЕННОЙ МЫСЛИ**

**Токоева Назира Байболотовна**  
Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетінің  
оқытушысы

**Аннотация.** Данная статья исследует важность вопросов интеграции мигрантов в контексте европейской политики и общественной мысли. Она обращает внимание на

исторический контекст, начиная с середины XX века, когда Швеция и Нидерланды стали одними из первых стран, осознавших необходимость разработки интеграционной политики. Кроме того, обсуждаются вызовы, связанные с необходимостью согласованных подходов государств к вопросам интеграции мигрантов, а также влияние этой проблемы на формирование многокультурного общества в Европе. Она обсуждает основные аспекты языковой интеграции, такие как обучение языку, практика и взаимодействие, культурное понимание, экономическая и социальная интеграция, а также необходимость социальной поддержки. Языковая интеграция играет важную роль в социокультурной адаптации и успешной интеграции в новое общество.

**Ключевые слова:** интеграция, языковая интеграция, социокультурная адаптация, язык большинства, обучение языку, культурное понимание, социальная интеграция, социокультурное взаимодействие, миграция, переселение, многокультурное общество.

Понятие "адаптация" действительно играет важную роль в различных областях научного знания, и его значение может различаться в зависимости от контекста. Давайте рассмотрим его в нескольких научных дисциплинах:

**Биология:** В биологии адаптация означает процесс приспособления организмов к изменяющейся среде с целью выживания и размножения. Это ключевой механизм эволюции, как отмечено Чарльзом Дарвином. Он предполагал, что организмы, обладающие наилучшими адаптациями к своей среде, имеют большие шансы передать свои гены потомству.

**Медицина:** В медицине адаптация может относиться к способности организма адаптироваться к болезням, стрессу, изменениям внутренней среды и т. д. Это важно, например, при изучении реакции организма на лечение или приспособлении к физическим нагрузкам.

**Социология и психология:** В этих областях адаптация может означать способность индивида или группы приспосабливаться к изменениям в социальной или психологической среде. Это включает в себя адаптацию к новым обстоятельствам, нормам, ценностям и т. д.

**Демография:** Адаптация в демографии может относиться к изменениям в репродуктивном поведении людей в ответ на изменяющиеся общественные и экономические условия. Например, адаптация к снижению рождаемости или изменению семейных моделей.

**Кибернетика и информатика:** В этих областях адаптация может относиться к способности системы или алгоритма изменять свою деятельность в ответ на изменения в окружающей среде или внутренних условиях. Это важно, например, при создании адаптивных компьютерных систем.

**Антропология:** В контексте антропологии адаптация может означать способность человеческих обществ и культур приспосабливаться к различным условиям и изменениям в окружающей среде.

Таким образом, понятие адаптации играет ключевую роль в понимании того, как организмы и системы приспосабливаются к разнообразным условиям и изменениям, что делает его важным элементом многих научных дисциплин.

Социальная адаптация представляет собой процесс, при котором индивид приспосабливается к новым условиям и требованиям социальной среды. Этот процесс может включать в себя изменение поведения, ценностей, норм, идентификации и других аспектов личности, чтобы лучше соответствовать новым социальным контекстам [1].

Важной характеристикой социальной адаптации является ее гибкость и динамичность. Индивид, адаптируясь к новой среде, может проявлять активность в поиске новых способов действия и ресурсов. Это не всегда означает полное отказывание от своей личности, но может

включать в себя изменения в поведении и восприятии, чтобы лучше функционировать в новых условиях.

В контексте социологии можно выделить несколько аспектов социальной адаптации:

**Структурная адаптация:** Это изменения в социальной структуре индивида, такие как смена профессии, места жительства, социального статуса и т. д.

**Культурная адаптация:** Это изменения в культурных установках, ценностях и нормах, которые могут возникать при взаимодействии с разными культурами или социокультурными группами.

**Психологическая адаптация:** Это изменения в психологическом состоянии и ментальных процессах индивида, такие как уровень стресса, удовлетворенность жизнью и самооценка.

**Социальная интеграция:** Это процесс включения индивида в новую социальную среду и формирования новых социальных связей.

Важно отметить, что степень социальной адаптации может сильно варьировать в зависимости от индивида и среды, в которой он находится. Некоторые люди могут адаптироваться быстро и успешно, в то время как у других это может потребовать больше времени и усилий [2].

Изучение социальной адаптации в контексте вынужденной миграции, связанной с распадом СССР, представляет большой интерес для исследователей и ученых в сфере истории. Это поле исследований позволяет понять, как люди адаптируются к радикальным изменениям в своей жизни, связанным с переселением из-за политических, экономических или социокультурных факторов. Важно выделить несколько ключевых аспектов этого исследовательского направления:

**Исторический контекст:** Исследователи истории обращают внимание на исторические обстоятельства, которые привели к вынужденной миграции после распада СССР. Это включает в себя политические изменения, экономические кризисы, конфликты и другие события, которые вынудили людей искать новые места жительства.

**Региональные различия:** СССР включал в себя разнообразные регионы с различными культурами и традициями. Исследователи обращают внимание на то, какие различия существуют в процессах адаптации в разных регионах и среди разных этнических групп.

**Хронологические периоды:** Изучение адаптации переселенцев может варьироваться в зависимости от временных рамок. Например, адаптация после первых волн миграции может отличаться от адаптации, происходящей спустя десятилетия.

**Теоретический анализ:** Исследователи стремятся разработать теоретические подходы и модели, которые помогают объяснить процессы социальной адаптации в контексте вынужденной миграции. Это может включать в себя изучение факторов, влияющих на успешность адаптации, и идентификацию ключевых показателей адаптации [3].

**Типология миграций и форм адаптации:** Исследователи стремятся классифицировать различные типы миграций и их особенности в аспекте социальной адаптации. Это может помочь понять, как разные формы миграции влияют на жизнь и адаптацию переселенцев.

Исследования в этой области могут иметь важное практическое применение, так как они могут помочь разрабатывать более эффективные политики и программы поддержки для вынужденных переселенцев, учитывая их уникальные потребности и вызовы в процессе адаптации.

**Языковая адаптация** - это важный аспект социальной адаптации, касающийся усвоения и использования языка большинства в новой социальной среде. Этот процесс позволяет индивидуумам лучше понимать и взаимодействовать с различными социальными институтами и государственными структурами, где язык играет роль ключевого средства

коммуникации. Давайте рассмотрим более подробно, как языковая адаптация влияет на взаимодействие с различными социальными институтами:

**Семья:** Язык является важным средством общения внутри семьи. Языковая адаптация может включать в себя обучение нового языка, чтобы участники семьи могли взаимодействовать с окружающим обществом, а также применять этот язык в важных семейных ситуациях, таких как медицинские визиты, родительские собрания в школе и другие.

**Рабочее место:** Язык играет роль в рабочей среде, где индивиды должны понимать инструкции, коммуницировать с коллегами и клиентами, а также выполнять официальные документы и отчеты на языке большинства.

**Обучение:** Для детей и взрослых, переселяющихся в новую страну или область, языковая адаптация играет важную роль в учебном процессе. Она позволяет ученикам понимать преподаваемый материал, взаимодействовать с учителями и сверстниками, а также успешно справляться с учебными заданиями и экзаменами.

**Средства массовой информации:** Понимание языка большинства необходимо для доступа к информации через средства массовой информации, такие как телевидение, радио, интернет и печатные издания. Это важно для интеграции в культуру и общество.

**Государственные структуры:** Для взаимодействия с государственными органами и структурами, например, для получения различных документов (паспортов, виз, разрешений), участия в выборах или соблюдения законов и норм, важно иметь языковую компетентность в языке страны проживания [4].

Языковая адаптация помогает индивидам интегрироваться в новую социальную среду и активно участвовать в жизни общества. Этот процесс может быть сложным и требовать времени и усилий, но он является ключевым элементом успешной социальной адаптации в новой культурной и языковой среде.

Языковая интеграция - это процесс, при котором индивид или группа индивидов, переселяющихся в новую социокультурную среду, учат и успешно применяют язык большинства (или официальный язык) для полноценного участия в общественной жизни, образовании, трудовой деятельности и культурных мероприятиях.

Важные аспекты языковой интеграции включают:

**Обучение и изучение языка:** Этот этап включает в себя учебу и практику, чтобы освоить новый язык. Обучение может быть официальным (в школах, курсах, университетах) или неформальным (путем общения с носителями языка, изучением языка на работе и т. д.).

**Практика и взаимодействие:** Важно иметь возможность использовать язык в повседневных ситуациях. Это включает в себя общение с местными жителями, работу на языке большинства, участие в мероприятиях и общественных мероприятиях.

**Культурное понимание:** Интеграция также включает в себя понимание и уважение культурных аспектов, связанных с языком. Это может включать в себя знание обычаев, традиций, истории и ценностей общества, в котором используется этот язык.

**Экономическая и социальная интеграция:** Уровень языковой интеграции может сильно влиять на возможности нахождения работы, доступ к образованию и здравоохранению, участие в социальной и политической жизни и другие аспекты социальной интеграции.

**Социальная поддержка:** Многие государства и общественные организации предоставляют программы и услуги для поддержки языковой интеграции переселенцев, включая бесплатные или дешевые языковые курсы, консультации и другие ресурсы.

Языковая интеграция является важным компонентом успешной адаптации в новой среде и позволяет индивидуумам стать активными и продуктивными членами общества, способствуя культурному и социальному разнообразию.

Значимость проблемы интеграции мигрантов в европейском контексте, особенно во второй половине XX века и в начале XXI века. Интеграция мигрантов стала одним из ключевых вызовов для многих европейских стран и оказала значительное воздействие на политику и общественное обсуждение в этих странах. Давайте рассмотрим некоторые аспекты этой проблемы:

Енді ғалымның философияға қатысты ой пікірлеріне, толғамдарына тоқталып өтсек деймін. Өзінің «Арғы қазақ мифологиясы» кітабының кіріспе ретіндегі бөлімінде бүгінгі қазақтың жалпысына тән кемшін қасиет-парықсыздық дей келіп, «Олқылықтың, парықсыздықтың басты себептерінің бірі - «біз кімбіз, қайдан шықтық, қайдан келдік, қайда барамыз және қандай болдық?» деген сауалға жауап бере алмауымызда» - дей келе оған жауап беретін гуманитарлық ғылымдардың жай-жапсары көңіл көншітерліктей емес деген тұжырымға тоқталып, солардың арасында философияны атап өтеді [1,21-бет]. Әрине, автордың бұл ойы сол кездегі қолына түскен, әлі де кеңестік идеологиялық стереотиптерден арылмаған философияға қарап қалыптасқан көзқарас екені сөзсіз. Осы жерде айта кету керек бір маңызды нәрсе ол - Серікболдың арнайы кеңестік гуманитарлық білімі болмауы, сол кезде кеңес гуманитарлық ғылымында қалыптасқан маркстік, идеологиялық, әсіре материалистік принциптерден ада болуы, оларды санасына сіңірмеуі (әрине, кеңес кезінде жоғарғы оқу орнында оқыған адам ретінде олармен университет қабырғасында жақсы таныс болғаны сөзсіз). Оның осы «кемшілігі» айналып келгенде оған әдістемелік, танымдық, ғылыми-шығармашылық еркіндік беріп, керісінше гуманитар ғалым ретінде тың концептуальдық ойларға келуге мүмкіндік берді деуге болады.

Енді ғалымның сол кездегі еліміздегі гуманитарлық ғылымның жайына байланысты айтылған сыни пікірлеріне көңіл аударсақ.

Біріншіден, қазақ гуманитарлық ғылымының үндіеуропалық гуманитарлық ғылымның «клондалған», «көшірінді тұрпаты» екендігін айтып, жалған стереотиптерден арылмай жүргеніне қынжылады. Екінші кемістік ретінде еліміздегі гуманитарлық ғылымдар арасында байланыс жоқтығын атап кетеді. Үшінші, ең сорақы нәрсе ретінде ол ғылымдардың сүйенер ортақ парадигмасы жоқ екенін көрсетіп, «ортақ ұстанымдар мен қисындарға, қайнарларға сүйенбейді» - дейді [1,24-бет]. Олардың бәрі де бастапқы «ғылым» - мифологияға сүйенуі керек еді деген тұжырымды ұсынады. «Бұл, өз кезегінде, гуманитарлық ғылымдарға (тілтану, әдебиеттану, фольклор, философия, психология, этнография, тарих, археология, мәдениеттану, т.б.) ортақ қисын, ортақ меже, ортақ ұстаным беріп, оларды дамытуға мүмкіндік береді» [1,24-бет]. Өкінішке орай, ғалымның осы айтқан ескертулері әлі өз актуалдығын жойған жоқ деуге болады. Басқасын айтпағанда отандық тарих ғылымында әлі күнге ғалымдардың бәрі мойындаған ортақ ғылыми парадигманың қалыптаспағанын, методологиялық жалтақтаудың, әлдебір саяси сақтықтың бейресми сақталып отырғанын айтсақта жеткілікті сияқты. Ғалым айтқан сұрақтарға да біз әлі күнге толыққанды, ғылыми негізделген жауап бере алмай келе жатқанымызда жасырын емес. Ғалымның гуманитарлық ғылымға қосқан үлесі жөнінде Ғ.Әнес мынандай нақты тұжырымдар жасайды: «көбіміздің ойлау жүйемізге әбден сіңісті болған, бұлтартпас қағидаға айналған ғылым-танымдағы астамшыл еуроцентризм ашық сыналады; Гуманитарлық саладағы түрлі бағыт-бағдар, әдіс - тәсілдердің арасынан, ең тиімдісін таңдап алды, әсіресе шетел ғалымдарының өміршең идеяларын дөп басып қолдады, оларды тармақтата таратып, ізденісін жалғастырды» [2,24-бет].

Зерттеушінің осы айтылған сындары кезінде ұлттық гуманитарлық ғылымның объективті дамуына зор кедергі келтірген негізінен саяси-идеологиялық қағидалар болды. Соның ішінде гуманитарлық ғылымдардағы партиялық қағидасы, таптық көзқарасқа сүйену, ұлттық көзқарастармен күресу сияқты тарихи-мәдени дамудың заңдылығын терістейтін ұстанымдар ұлттық таным мен тарихи зерттеулерге орасан зор нұсқан әкелді. Соның кесірінен әсіресе түркі тілдес ұлттардың мәдениетін, тарихын зерттеуге тиым салынды, пантүркізммен күрес деген саяси ұран ұлт интеллектуалдарының кудалауға ұшырауына әкелді. Сонымен бірге ғылымдағы еуроцентризм қағидасының артта қалған мәдениеттер, көшпелі мәдениет туралы жалған теориялық түсініктері де автохтондық мәдениетті зерттеуге көптеген кедергі келтірді. Осы айтылған себептерден де отандық гуманитарлық ғылымдарда өзіндік ортақ парадигма қалыптаспады. Оған кеңестік саяси идеология және еуроцентрлік ғылыми методология ықпал етті. Қондыбай еңбектерінің тек қазақ ғылымы ғана емес, жалпы түркілік гуманитарлық ғылым үшін маңызын шетел зерттеушілері Direk Ibrahim [3], Türkmen Fikret [4] атап өтеді. Тағы бір ескеретін нәрсе, егер объективтік көзқарас тұрғысынан қарайтын болсақ зерттеушінің өзі де қазіргі батыс мәдениетінде қалыптасқан көптеген теориялық-методологиялық конструкцияларға сүйенгенін көреміз.

Енді мифологиялық зерттеулеріне келетін болсақ, ондай ізденістердің қашанда белгілі бір философиялық, мәдениеттанымдық парадигмалардың нұсқасында жүзеге асатыны белгілі. Сондықтан оның философиялық ұғым-түсініктерді молынан пайдалануы да заңды. Өзінің ғылыми ізденістерінің негізіне айналған мифке ол төмендегідей анықтама береді: «Миф-ойдан шығарылған өтірік, жасанды дүние емес, нақты халықтың дүние мен өзі туралы Шындығы, басқаша айтқанда – «шын» деп есептелінген, тарихи, рухани тәжірибесіне сүйенген стереотиптік деңгейдегі Ақиқаты. Миф-әрине, тарихи айғақ емес, бірақ нақты бір тарихи қоғамның танымы, рухани дамуымен байланысты қалыптасқан, тарихи негізі, қисыны бар, яғни, бұл жағынан «ақиқат» деп есептуге болатын дүние» [1,25- бет]. Автор мифтің генезисін ойдан шығарылған емес деген тұжырым жасай отырып, оның екінші жағынан тарихи факт де бола алмайтынын түсінеді. Демек, миф деген халықтың рухани, субъективті танымының ғана жемісі. Бірақ осы субъективті «шын» деп саналатын ақиқат халық үшін объективті, абсолюттік деңгейде қабылданады. Оның тұжырымдауынша: «синкреттік табиғатты мифология гуманитарлық ғылымның да, өнер мен мәдениеттің де бастапқы қайнары болып табылады» [1. 24]. Әрине, мифтік дүниетанымның бүкіл әлемдік рухани мәдениеттің бастауы екені талас тудырмайды, бұл белгілі ғылыми ақиқат. Оның әлемдік ғылыми мифотанымдағы айқындалған негізгі қасиеттерін, құрылымын, мәнін зерттеуші жоққа шығармайды. Басқасын айтпағанда философияның діни наным, қарапайым таным түрлерімен қатар мифогендік табиғатын да жоққа шығаруға болмайды. Мифтік танымда кейінгі ғылыми, діни таным элементтері де априори болған, сондықтан оның синкреттік табиғаты гуманитарлық ғылымда қалыптасқан қағиданың бірі. С.Қондыбай осы қағиданы бүкіл зерттеу жұмысының методологиялық іргетасына айналдыра отырып, концептуалдық тұжырымдар жасайды.

Ол миф пен символ арасындағы байланыстың маңызына назар аударады: «мифология деген де – символдар жүйесі» [1,34-бет]. Бұл жерде ол Рене Генонның (René Guénon) «Символы священной науки» («Symboles de la Science Sacrée»), кітабына сілтеме жасап өтеді. Бірақ мифті символизм тұрғысынан зерттеуге үлкен үлес қосқан Э.Кассирерді, Ф.Шеллингті, А.Лосевті атамайды. С.Қондыбай теориясы өзінің аты айтып тұрғандай лингвистикаға көп сүйенеді және «тілтану (лингвистика) ғылымы мифологиялық реконструкцияның ең басты құралы болып табылады, өйткені мифтің өзі көбіне сөз (ұғым, есім, атау), сөйлем, мәтін түрінде көрініс тауып, сол түрде сақталады ғой. Тілтану мен мифтік реконструкция ажырамас жұпты құрайды»- деп тұжырым жасайды [1,64-бет]. Айта кету керек, мифтің тілмен тығыз байланысын мифті зерттеушілердің дені қолдайды. Көп зерттеушілердің айтуынша миф пен

сөз өзара туыс нәрсе. Миф - тілдік әрекеттің құрамдас бөлшегі, ол сөздер арқылы беріледі, ол айтылым дүниесіне тұтастай кіреді. Мысалы, белгілі лингвист-мифтанушы А.Потебня кезінде былай деген екен: «Миф деген тек субъекті мәні бар түсіндіруші образға объективтік, шын болмыстық таңылатын түсіндірудің сөздік айтылымы» [5,21-бет]. Ал француз зерттеушісі Ролан Барт өз ойын былайша қысқаша тұжырымдайды: «Миф дегеніміз айтылым», «Миф - ұрланған тіл» [6,72-бет]. Бұл жерде С.Қондыбайдың тілге қатысты зерттеулері көптеген ғылыми бағыттарды қамтығанын айтқан жөн. Соның ішінде мифті, мифтік архетипті реконструкциялауды тікелей тілмен байланыстырады. Сонымен қатар осы арқылы «байырғы» тілді қалпына келтіру және оны жаңадан қолданысқа қосу мүмкіндігі жөнінде айтады. С.Қондыбайдың негізгі концептуальдық ұстанымы өзіндік болмысқа ие қазақ мифологиясы бар деп санап, оны ғылыми зерттеу объектісіне енгізу және реконструкциялау әрі қазіргі қазақ мәдениетінің іргетасына айналдыру еді. Бұны ол ұлттық мәдениетті осы заманда сақтап қалудың негізі деп санады. Біздің ойымызша ұлттық мифті осылай «реконструкция» (С.Қондыбай термині бойынша-Ө.Б.) жасау соңғы ғасырларда ұлттық жадыға ауыр салмақ болып түскен колониалдық, советтік, ресейшіл санадан, оның ұғым-түсініктерінен, архетиптерінен, символикаларынан арылу, қазір көп айтып жүргеніміздей рухани жаңғыру болып табылады. Себебі, С.Қондыбайдың тұжырымдауынша: «Миф – бүгінгі ғылымның, өнердің, мәдениеттің бастапқы, бір-бірінен ажыратылмаған сатысы. Мұндай ажыраспаған күйді ғылымда әдетте синкреттілік дейді. Мысалы, ертегі мен жырдың басында миф жатыр, яғни бүгінгі ертегі мен жырды байыптап қарап, белгілі бір заңдылықтарға сүйене саралай отырып, ежелгі түсініктерді сұрыптап, бөліп шығаруға болады»[7,64-бет]. Бірақ бұл жерде мына мәселеге назар аударған жөн. Ол автор қайтадан жандандырғысы келетін мифтік түсініктердің қазіргі қазақ қоғамында рухани, мәдени-әлеуметтік рөлі күшейіп келе жатқан ислам діні қағидаттарымен және осы заманғы өркениет құндылықтарымен үйлесімі мәселесі. Қоғамда көрініп қалып жүрген көзқарастар қайшылығы осы мәселеден хабар береді. Бәріміз білетіндей, дін де, философия мен ғылым да белгілі дәрежеде әлемдік мифологияны ығыстыра отырып мәдениеттен орын алған дүниетаным жүйелері. Ал сондықтан ежелгі түріктік мифтерді қоғамдық санаға қайта енгізу мәселесі қалыптасқан мәдениет пен қоғамдық сана тұрғысынан қиындық пен түсінбестік туғызуы мүмкін. Бірақ мәдениет пен өнер, ұлттық дүниетаным тұрғысынан бұл өте қажет. Қазіргі әлемдегі соңғы жылдардағы озық кино туындыларды қарайтын болсақ жапон, қытай елдерінің ежелгі мифтік, ертегілік кейіпкерлерінің әлемге тарап отырғанын көреміз. Сондай-ақ олар комикстер мен мультфильмдерде кеңінен тараған. Сол образдармен бірге оңтүстік Азия елдерінің дүниетанымы, философиясы, салт-дәстүрлері, діни қағидаттары көрерменді баурап отыр. Міне, осы жағынан қазақ және ежелгі түркі протомәдениеті жауһарларын «тірілту», заманауи технологияның құралдарымен әлемдік мәдени айналысқа шығару болашақтың ісі. Мысалы, Алтай халықтарының, саха-якуттердің ежелгі сенімдері мен мифологиясына қызығушылық байқалып отыр. Егер бетіндегі әртүрлі өзге мәдени, саяси, тіпті діни қатпарларды аршысақ, бізде ежелгі төлтума мәдениеттің үлгілерін көреміз. Мысал үшін С.Қондыбайға арналған Шетпе қаласындағы музейді айтуға болады. Бұл жай ғана оның шығармашылығына арналған музей емес, ол мифтік танымға, С.Қондыбайдың мифологиялық концепциясына, тек қазаққа ғана емес, бүкіл түркі жұртына ортақ дүниетаным бастауына арналған музей. Оның ішінен автор шығармаларындағы мифологиялық кейіпкерлерді, бейнелі түрдегі дүниенің пайда болуы туралы композицияны және т.б. көре аласыз. Бірақ әлемдік әдебиет пен өнердегі мифологиялық сарындарға, мифологемаларға қызығушылықты байқайтын болсақ, бұл да заманауи жаһандық мәдениеттің, соның ішінде постмодерндік дискурстардың бір ерекшелігі болып табылады.

Автор мифтің осы заманғы саясаттағы рөліне тоқталып, ұлттың мифологиясын алғашқы таным ретінде жою, халықтың мәдениетіне қауіп екендігін айтып, XX ғасырдағы түркі халықтарының жағдайын мысалға келтіреді. Сонымен қатар XX ғасырдың саясатында мифтерді арнайы қолданудың маңызына да тоқталып, «Жалған мифтің өзі бастапқыда ақиқат мифтің базасына сүйенеді. Кез-келген халықтың өз мифтік келтірімдер комплексі болады. Сырт көзге қарабайыр, жұпыны сияқты көрініп, шын болмысы сол халықтың өзіне де белгісіз болып қала беретін осындай келтірімдер, әр халықтың ата тегінің кім болғанынан, қайдан шыққанынан қандай дәрежеде болғандығынан хабардар етсе, осындай тарихи мифтер «қалауын тапса» аса қуатты саяси не рухани факторға айналады. Сондықтан да «миф» дегеннің қандай жасампаз не қиратқыш потенциалы бар екендігін 20 ғасырдағы мемлекеттерді басқарған саяси элита жақсы түсінген еді»-дейді [1,27-бет]. С.Қондыбай ғылыми теорияны бұрмалаудың қандай қауіпті екенін айта келіп, кезіндегі үндіевропалық теорияның бұрмалау нәтижесі «арийшілдік», «нордизм», «атлантизм» сияқты «құбыжық теорияларға - жалған мифтерге» әкелгенін мысалға алады. Германиядағы «Анненэрбе», «Тула қоғамы» сияқты фашистік жалған ғылыми ұйымдарды айтып өтеді. Сөздің ыңғайына қарай айта кету керек, «Анненэрбе» (қазақшасы: «ата-баба мұрасы») Нюрнберг сотында қылмыстық ұйым деп танылып, оның жетекшісі болған В. Зиверс өлім жазасына кесілді. Сондай-ақ ғалым «Велес кітабы» сияқты жалған дүниеге арқа сүйеген «орыс арийшылдығының» белсенділігі артуы да мифтің (жалғандылығына да, ақиқаттығына да қарамастан) аса күшті саяси құралға айналуға қабілетті екендігін көрсетті»-дейді[1,26].

Осы тұжырымынан оның қазіргі заманғы саяси мифтер туралы да өз пайымы болғанын көреміз. Саяси мифтер тұрғысынан оның кеңес үкіметі «түркі факторын» жою үшін олардың мифологиясын да ығыстырды дегені әлі де өз мәнін жоғалтпаған идея екені сөзсіз. Шынында да советтік идеология түркі және басқа да халықтардың мифтік дүниетаным жүйесінің ұғымдарын халық санасынан ығыстырып оның орнына саяси советтік, орыс-ресейлік мифологияны енгізді.

Енді қазақ мифологиясының автор берген анықтамасына көз жүгіртсек: «қазақ мифологиясы - бүгінгі қазақ халқын жасауға қатысқан бірнеше мыңжылдық көшпелі рутайпалардың «орташа» алынған өздері, дүние-ғалам, өмір туралы түсініктерінің, ежелгі танымдарының бірыңғай жүйесі» [8,9-бет]. Өзінің осы сілтеме жасалып отырған «Қазақ мифологиясына кіріспе» деген кітабында С. Қондыбай «қазақ мифологиялық ғылымизерттеу» мектебінің үш кезеңі туралы айтып өтеді. Осы жерде автор еуропалық рационализм мен иррационализм қатысы жайлы өзінің пайымын көрсетіп кетеді. Рационализмнің, ақыл-ойдың талассыз пайдасы жайлы айта отырып, олардың шегі бар екенін, ол шектің иррационализм кеңістігі екенін атап кетеді. «Иррационализм дегеніміз білім, ғылым өресі жете қоймаған, санадан тысқары, логикалық түсінік пен пайымдауға келе қоймайтын нәрселер» - деген классикалық сипаттағы анықтама береді [8,10-бет]. Әрине, мифтің бейсаналықпен байланысы, кейбір иррациональдық сипаты жайлы зерттеулер жеткілікті (З. Фрейд, Г.Юнг және т.б.). Кезіндегі «кеңес» философиясының ұстаған бағыты да миф тудырушы тетіктерді анықтауға мүмкіншілік бермеді. Ол кезде капиталистік қоғам мифологиясы ғана мойындалды. Оған себеп болған, негізінен классикалық рационалдық дәстүрді жалғастырушы философия үшін иррационалдық философиялық категориялар жүйесін қолдану мүмкін емес нәрсе еді. Ал ол кезде тиым салынған иррационалдық философиялық әдебиет әдісі мен ұғымдар жүйесін қолданбай миф табиғатын ашу да мүмкін болмады. Себебі мифтің бой көтеріп, даму процессін болжаған, жалпы рационалдық дүниені түсінуден иррационалдық дүние қабылдау үрдісін қалыптастырған иррационализм философиясы еді. Сондықтан миф табиғатын осы астарда қарастыру айтылып отырған құбылыс болмысын анықтауға мүмкіншіліктің бір жолы еді, оны зерттеуші ұтымды пайдалана білді.



Серікбол Қондыбайдың философиялық-методологиялық, танымдық ұстанымдарына келер болсақ, ол екі таным түрін бөліп көрсетеді, олар: «материалистік немесе позитивистік ғылым» және «метафизикалық таным». Осы жерде өзі материалистік-позитивистік (коммунистік, атеистік-С.Қ. атауынша.) ғылым ауқымында білім алса да көңілінің метафизикалық (идеалистік, діни-С.Қ.) танымға бұратындығын атап кетеді. Себебі, бірінші бағыт ілкі бастауларды мойындамай, адамзаттың алғашқы бастауларын надандық кезеңі санайды (автор атын атап, түсін түстемесе де маркстік, материалистік адамзат қоғамы дамуы концепциясын сынайды), бірақ бұл теорияның да жетістіктері бар дей отырып, ол позитивистік теорияның жауап бере алмайтын тұстары бар екенін айтады. Екінші бағыттың жетістігі ретінде «о баста аса жоғары деңгейде дамыған адам танымы, дәстүрі болған, осы дәстүр әлдебір себептерге байланысты жоғалып кетіп, ұмыт болып, оның сарқыншақтары (мифтегі, діндегі, тілдегі, әдет-ғұрыптағы) жер бетіндегі әр түрлі халықтардың мифологиясында сақталып, өңі адам танымастай болып өзгеріп, бүгінгі діни және мифтік келтірімдердің іргетасын құраған»-дейді [1,33-бет].

Бірақ автор өзінің позитивистік және метафизикалық ой машықтарының екеуінен де бас тарта алмайтындығын тұжырымдайды. Демек, ғылыми әдіс ретінде екеуін де қолдануға тырысады.

Әрі қарай ғалым өзі қолданған негізгі терминдік жүйеге тоқталып кетеді. Осы жерде философиялық, мәдениеттанымдық сипаттағы біраз терминдерді атап өтеді. Олар: символ, нүкте, көрілмес, көресін, иррационал, трансценденттік, метафизика, Ілкі дәстүр, ғалам моделі, уақыт, космос, онтология және т.б.

Зерттеуші «онтология» ұғымын негізінен философиялық категория ретінде емес өзінің абақ таңбаны оқуға арналған мысалдар келтіру барысында қарастырып кетеді. Автордың болжамынша дей - түркілік «оңт» праформасы көне грек тілінде сақталған көрінеді. Соған мысалдың бірі ретінде ол «онтология» ұғымын алады. Осы бір іргелі философиялық категорияға ол мынандай анықтама береді: «онтология» - логика мен таным теориясымен бірлікте өмір сүретін болмыстың жалпы заңдылықтары мен категориялары туралы философиялық ілім», осылайша ол сөздіктерде қалыптасқан академиялық анықтаманы беріп өтеді. «Он» немесе «онтос» түбірі «ақиқат, нағыз шын, «баршылық» деген мағынаға ие болып тұр - дейді [1,91-бет]. Осыдан-ақ С.Қондыбайдың философиялық категорияларды жете түсінгенін, олардың мәнін игергенін көреміз. Ал лингвистикалық жағынан келер болсақ, зерттеуші дей – түркілік праформаның «Оң» немесе «оңт» сөздерінің мағынасы да «ақиқат, нағыз, шын, баршылық екенін тұжырымдайды.

Ақиқаттың түрі ретінде «астам текті» ақиқат деген ұғым қолданыпты, оны «метафизикалық, құдайы» ақиқат деп көрсетеді [1,35-бет]. Осы жерде автордың кейбір философиялық ұғымдарды қазақ тіліне өзіндік аударулары бар екенін атап кеткен жөн. Мысалы, «абсолют» сөзін «ұған» - деп береді және оған дәлел ретінде М. Қашғари сөздігіндегі осы сөзге берілген анықтаманы келтіреді. Онда «ұған» - «бәріне қадірлі, бар нәрсеге күші жететін, құдіретті» - деген түсініктеме берілген[1,36-бет ]. Бірақ автордың өзі келтірген мысалдан көрініп тұрғандай бұл сөз тәңірге қатысты қолданылған - «ұған тәңір», осыны автор «абсолютті тәңір» деп келтіреді. Біздің ойымызша бұл жерде «ұған» сөзінің қолданыс аясы нақты берілген, сондықтан «абсолют» ұғымының классикалық анықтамасы мен «ұған» ұғымы арасындағы айырмашылық айқын деп санаймын. Автордың діни ұғым мен философиялық терминнің арасындағы белгілі бір шекараны аттап өтіп оларды синонимдастырғаны көрініп тұр.

Енді абсолют ұғымына келер болсақ, автор оны: «барлық баршылықтың мәні, өзгермейтін ілкі негіз (түп-тұқияны)» - деген қазақша және орысша анықтамаларды келтіріп кетеді[1,36-бет]. Осылайша анықтаманы бере келіп, «рух», «идея», «құдай» ұғымдарының

абсолюттік сипатқа ие екендігін айтып өтеді. Одан әрі кітабында «абсолют» ұғымының баламасы ретінде «Нұр» және «Құдайы құдірет» сөздерін қолданатынын ескертеді. Ол «Нұр» сөзінің философиялық мағынасы да іс жүзінде «абсолют» ұғымына сәйкес, пара-пар болып келеді» - деген тұжырым жасайды [1,37-бет]. Біз өз тарапымыздан «Нұр» ұғымының барлық философиялық ағымдарға тән емес, тек белгілі бір философиялық, мистикалық (эзотериялық) ағымдар қолданғанын, әсіресе «Нұр» метафизикасының орта ғасырлық философияның ойлау дәстүріне протофеномен ретінде көп таралғанын көлденең тартсақ та болады. Өз кітабында ол қозғалыс ұғымына да тоқталып өтіп, «Қозғалыс-материяның өмір сүру тұрпаты, энергия жұмсауы, біз «абакты» да «мифтік материя» ретінде қарастырып отырмыз»-дейді. Оның ойынша қозғалыс-абак таңба арқылы сөз жасаудың да, мифологиялық таным қалыптастырудың да негізі. Автор философиялық (әсіресе материалистік концепциядағы материяға байланысты) қозғалыс категориясын әлемдік болмыс заңдылығы мағынасында өзінің «абак таңба» теориясын түсіндіруге ұтымды қолданып өтеді. Осы жерде автордың «абак таңба» ұғымына да тоқталып өтсем деймін. Өзі оған мынандай анықтама береді: «Абак таңба»-ортасында нүктесі бар шеңбер. Яғни, ол екі элементтен-нүктеден және шеңберден тұрады. Нүкте-Құдіреттің (Принциптің) белгісі болса, шеңбер-Ғаламның (болмыстың) символы. Осы таңбаның шығу уақыты адамзаттың тарихының ең түпкі бастауларына кетеді» [1,43-бет]. Өз сөзіне дәлел етіп Р.Геноннан үзінді келтіріп кетеді. Біз өз тарапымыздан бұл символиканың әлемдік мәдениетте ертеден әрі кеңінен тараған әрі қазірде қолданыстағы тұрақты семиотикалық элемент екенін айтамыз келеді. Ғалым сүйеніп отырған эзотериялық бағытқа қатысты бұл белгілердің ертеден –ақ шексіздік пен абсолюттік нышаны болғанын, атақты Е.Блаватская да «Тайная доктрина» еңбегінде қолданған эзотериялық эмблемологияның бірі екенін еске салғымыз келеді.

Жалпы Серікбол Қондыбайдың дүниетанымдық ұстанымы, концептуальдық идеясы діни дүниетанымға көбірек мойын бұратындығын айта кеткен жөн және оны автордың өзі де мойындайды. Сондықтан оның дүниетанымындағы діни сана элементінің шығармашылығына ықпалы туралы айтуға әбден болады деп ойлаймыз. Сондай-ақ оның эзотериялық философияға, тылсым ғылымға қызығушылығы, сол бағыттағы еңбектерге сүйенгені көрініп тұр. Осы жерде ғалым еңбек еткен сонау өткен ғасырдың 90-шы және жаңа ғасырдың басында, марксизмнің философиялық ұстанымдары терістеліп, гуманитарлық ғылым дағдарысқа ұшыраған шақты бұрынғы посткеңестік елдерде эзотерикалық, мистикалық идеялар кеңінен тарағанын ескертіп өткен абзал сияқты. Бұрынғы тиым салынған неше түрлі ілімдер елдің мәдени кеңістігіндегі рухани ашкөздікті пайдаланып сөз жеткен жердің бәріне жайылды. Міне, сол кезде үлкен рухани ізденісте жүрген зерттеуші олардың еңбектерімен жақсы таныс болғаны сөзсіз. Әрине, бұл жөнінде әлі де зерттеулер қажет екендігі сөзсіз және автор көзқарасындағы эклектизм мен синкретизмге де назар аударған жөн. Зерттеуші «принцип» сөзінің баламасы ретінде «ұстаным» сөзімен қатар «құдірет» сөзін де қолдану жөніндегі ойы, «құдайы құдіреттің доктринасы» ұғымын қолдануы да осыны көрсетеді. Бірақ өзінің терминологиялық жүйесіне байланысты автор әлі нақты ұғымдарды қолданып отырмағанын ескертіп кетеді [1,91-бет].

Келесі автор қолданған ұғым - метафизика. Автордың «Метафизика-ғаламның біржолата берілген, бекітілген, тәжірибе жүзінде тану мүмкін емес бастауының, яғни құдайлық бастаудың бар екендігін білдіретін ұғым. Метафизикалық Бірегейлік дегеніміз-іс жүзінде Алла Тағала» [1,41-бет] анықтамасы автордың діни-метафизикалық дүниетанымға жақын болғандығының тағы бір дәлелі. Осындай ұстанымды трансценденттік ұғымына да қатысты қолдана отырып оны «Құдайы болмыс»-деп анықтайды [1,41-бет].

С.Қондыбайдың философиялық тұрғыдан түсіндірме берген тіл феномендерінің бірі- «ң-ң» ілкі сөзі (қосарламасы) немесе праформасы. Осы праформаны ол былайша философиялық категориялар арқылы таратады:

- «ң-ң» дегеніміз-субстанция. Ол - ілкі зат, заттардың заты, негіздің негізі.

- «ң-ң» дегеніміз-абсолют Ол –ілкі, мәңгі, түпкі негіз

- «ң-ң» дегеніміз-универсум.

- «ң-ң» дегеніміз-принцип [1,71-бет]. Ол әрбір философиялық терминге орыс тіліндегі

анықтамаларды қоса отырып, аталған праформаны философиялық ұғым деңгейіне көтереді. Осылайша ол тілдік «ң-ң» феноменін дүниенің бастауы, алғашқы субстанция түрінде онтологиялық қырынан түсіндіріп, ол үшін бірнеше философиялық категорияларды кейбір ішкі қайшылықтарына қарамастан қолданады. Автордың осы тұжырымдарына қатысты «ң-ң» праформасын осылайша универсал субстанция сапасында қолдану оны абсолюттендіруге апарып тұрғанын айта кеткен жөн сияқты. Соған қарамастан осы бір ғана праформаны лингвофилософиялық дискурске айналдыруы оның философияның танымдық мүмкіндіктерін еркін айналысқа қоса алғанын байқатады.

Ғалымның қолданған терминологиялық аппаратына аздаған шолудан кейін, автордың осындай дүниетанымының, ғылыми танымдық идеяларының негіздері мен қайнар көздері жайлы тоқталып өтсек. Негізінен ғалымның шығармашылығындағы философиялық, методологиялық негіздерді қарастырып отырғаннан кейін, автор аттарын атап өткен, сөз арасында келтіріп кеткен, арнайы сілтеме жасаған философиялық ғылымдарға қатысты зерттеушілерге де тоқталып өтсем деймін. Олар З.Наурызбаева, Т. Әсемқұлов, Г.Қарагөзова, Н.Оспанов, М.Орынбеков, Д.Кенжетай, Р.Генон, Стивен Хокинг, Идрис Шах, Е.Мелетинский, А.Дугин және т.б. Әрине, автор өз зерттеулерінің бағытбағдарына байланысты көптеген белгілі этнограф, лингвист, әдебиетші, фольклортанушы ғалымдардың еңбектерін кеңінен қолданған, оны өзі де айтып өткен, еңбектерінен де көрініп тұр. Әрине, біз зерттеушінің еңбектерінен тек философияға қатысты жерлерін бөліп алуға тырысқанымызбен гуманитарлық ғылымдардың өзара терең танымдық, методологиялық байланысын да жоққа шығара алмаймыз. Кейбір ғалымдардың философия мен лингвистика, этнография немесе философия мен дін, эзотериялық білімдердің өзара интеграциясынан туындаған еңбектері бар екенін ескере кеткен жөн. Мысалы, сондай автордың бірі - Рене Генон деуге болады. Ғалым өзінің көптеген ұстанымдарының, термин - түсініктерінің Р.Генонның «Символы священной науки» кітабына сүйене отырып қалыптасқанын айтады. Оның еңбектеріне жасалған көптеген авторлық сілтемелер де осыны байқатады. Осы белгілі зерттеушінің дүниетанымына зер сала қарар болсақ, С. Қондыбай концептуалдық ұстанымдарының идеялық бастауын көре аламыз және автордың терминдік аппаратының сыры да белгілі болады деуге болады. Р.Генон – «интегралдық дәстүршілдік» бағытының негізін салушы, сонау өлара кез 1990-2000 жылдары посткеңестік елдерде ілімдері кеңінен тарап, өзінің идеялас мұрагерлерін тапқан ойшыл. С.Қондыбай шығармашылығына Р.Генонның ықпалы жөнінде және осы ой-пікірі әлі де кереғар көзқарас тудырып жүрген ойшыл жайлы белгілі Қондыбайтанушы З.Наурызбаеваның мақаласында жақсы берілгендіктен бұл мәселеге қосып алар ештеңе жоқ деуге болады[9]. Осы жерде С.Қондыбайдың философиялық дүниетанымына эзотеризм ықпалы туралы айтып өткен абзал. Ол өзіне позитивизм мен метафизика ықпалы жайлы айтқанымен оған эзотериялық философияның біраз әсері болғанын айтқан жөн, соның ішінде осы Р.Генон мен сопылық дүниетанымның ықпалы зор болғаны көрініп тұр. Оның қолданған терминдер жүйесіндегі Гиперборея, , көресін, абақ таңба, нұр, шығым таңба, нүкте сияқты ұғымдар осы эзотериялық философия дәстүріне тән ұғымдар болып табылады. Оның «о баста аса жоғары деңгейде дамыған адам танымы, дәстүрі болған» деген тұжырымының өзі эзотеризмнің ежелгі құпия

ілімдерден туындағаны жайлы түсінікке сәйкес келеді. Сөзімізге дәлел ретінде ол сілтеме жасап өткен Идрис Шах, А.Дугин тәрізді ойшылдарды айтып өтуге болады.

Миф мәселесін сонау кеңестік идеология кезінде-ақ барынша объективті, адал зерттеген ғұлама А.Ф. Лосев былай деген еді: «Миф идеалдық болмыс емес, тіршілігімен сезілетін және жаратылатын заттық шындық және тәндік, жануардай тәндік дүние. Миф дегеніміз-өмірдің өзі»[10,34-бет]. С.Қондыбай өз жұмыстарында А.Лосев еңбектеріне сүйенбесе де ( әлде таныс болмады), мифологиялық концепциясы миф болмысын түсіну жағынан онымен белгілі бір үндестікті көрсетіп тұр, бұл да оның өз бетінше философиялық ұстанымы болғанын дәлелдейді.

Жалпы Серікбол Қондыбайдың бұдан көп жылдар бұрын айтып кеткен мәдениеттанымдық, тілдік, топономикалық, терминологиялық, антропологиялық идеялары әлі де өз актуалдығын жойған жоқ, керісінше оларды жүзеге асыру жаңа қолға алынып жатыр деуге болады. Қазіргі латын тілі мен терминологияға қатысты жасалып жатқан шаралар мен тартыстар осыны байқатады. Киелі жерлер мен топономияға қатысты зерттеулер де С. Қондыбай еңбектерінің өзегі болған әдістемелік ұстанымдардың бірі еді, қазір кеште болса да бұл бағыттағы жұмыстар да қолға алынып жатыр. Біздің «рухани жаңғыру» атап жүрген мәдени жобаның да негізгі мәні осы.

Автор қазақ мифтік-лингвистикалық мектебінің әдістемелік құралдарына тоқтап, мынандай бағыттарын көрсетеді: ол бастағы бірегей түсінік («Ұлы Бірегейлік»), символдар, таңбалар, сөздер, орнықты байланыстарды анықтау. Ал символдардың өзін автор сандық, тұрпаттық, сөздік, тірі кейіптік-деп айырады. Осы әдістер контекстінде «Ілкі Төр», «Төретамдар» ұғымдарын зерделейді. Сонымен қатар, қазақтың түпкі бастауы, тарихи уақыты мен географиялық маршрутын анықтауды өзінің басты мақсаты санайды. Философиялық уақыт пен кеңістікті мифо-лингвистикалық зерттеулерге сүйене отырып, мифтік өлшемнен нақты ландшафтық, топономиялық өрістерге өтуді жүзеге асырады.

Бұл зерттеулер ежелгі атауларды, онимдерді жинақтау, қазіргі атаулар жүйесіне айналысқа қосу, компаративистік аспектіде қазақ, түркі, түркі-үндіеуропа тілдері қатынасын зерттеу, жаһандану жағдайында өзге мәдени құбылыстарға қарсы тұру сияқты талаптарды шешуге көмектеседі. С.Қондыбай өз еңбегінде философияны, философиялық категорияларды әдістемелік ұстаным ретінде қолданғанда нені мақсат етті? Ол ұғымдар С.Қондыбайға мифологияның мән-мақсатын ашуға керек болды. Жоғарыда айтылғандай, ол ұстанымдарды діни, эзотериялық, мифотанымдық термин сипатында қолданады. Сондықтан оның философиялық категорияларды қолдануын Серікбол Қондыбайдың «миф философиясы» немесе «мифтік-лингвистикалық таным философиясы» деп атауға болатын сияқты. Бұл жағынан оның концепциясын миф болмысын зерттеген философтар А.Лосев, Ф.Шеллинг, Р.Генон, К.Хюбнер және жоғарыда аты аталған зерттеушілер көзқарастарымен салыстыруға болады. Себебі, мифті, мифологияны зерттеудің әдістемелік, дүниетанымдық тұғыры-философия. Философиялық пайым, дүниетаным С. Қондыбайдың барлық еңбектерінде орын алады. Сондықтан тарихи, этнографиялық, лингвистикалық, мәдениеттанымдық ойларының бәрінде дерлік философиялық категориялар зерттеулер контекстінде қолданылады. Оның философиялық дүниетанымында мифологиялық зерделеуден басқа тарихи сана мәселесі, діни сана, мәдени-антропологиялық таным мәселесі сияқты философиялық ізденісті қажет ететін сұрақтар қаралады. Оның қолданған категорияларды белгілі бір белгілері бойынша жіктеп-жүйелейтін болсақ философиялық әдістемелік, семиотикалық (ол бұл терминді қолданбаса да), иррационалдык-мистикалық, эзотериялық таным, тіл философиясы, тарих философиясы, өркениеттану, этнодүниетаным мен гносеология, тарихи-мәдени онтология, өркениеттік уақыт пен кеңістік, дін философиясы тәрізді бағыттардың барлығын көреміз. Ал осындай сан қырлы гуманитарлық ғылымның бағыттарын зерттеп-зерделеу үшін ол түп негіз, іргетас

ұғымдар санатында философиялық категорияларды алады. Ол категориялары мен ой-тұжырымдары мифологиялық және тарихи-мәдени зерттеулердің аясында жалпы концептуалдық ізденіс өрісінде берілген. Әрине, оның мифтік дүниетанымды әлемдік мәдениет бастауы ретінде тұжырымдауы философиялық ізденістен тыс жатқан жоқ және бұдан бұрында философиялық-мәдениеттанымдық ой ағымдарында талай зерттеулер арналған мәселе болып табылады. Тек мифті ерекше абсолюттендіру барлық философиялық ағымдар мен теориялар қолдайтын идея емес екендігі белгілі. Сол себепті С. Қондыбай теориясы да әлемдік ой ағымындағы өзінің таным-түсінігіне сәйкес келетін философиялық қағидаларға сүйенгені көрініп тұр. Біз тілге тиек еткен дүниетанымдық синкретизм мен эклектика да осыдан туындайды. Зерттеушінің ұлттық мәдениет, жер-су атаулары, киелі жерлер туралы ой толғаныстары да белгілі бір философиялық-дүниетанымдық, аксиологиялық дискурстерге сүйенгені талассыз. Оның өзі айтып өткендей, зерттеулерінде рациональдық және иррациональдық, мистикалық таным әдістерін қатар қолданды. Рациональдық дәлелдермен қатар интуиция, болжам бірін-бірі толықтырды. Мүмкін оның зерттеу объектісі - миф әлемін басқаша қарастыру да мүмкін емес шығар деген пікіріміз бар. Себебі, миф дүниесінің өзі рациональдық құрылым емес екені белгілі. Осы жағынан ол екі күрделі таным жүйесін өзара үйлестіруге тырысқан зерттеуші десек те болады. Өзінің рациональдық және иррациональдық таным түрлері және оларды қолдану себептері жөнінде ескертулер жасап өтеді. Ғылыми рациональдық танымның шегі бар дей келіп автор ол шек «иррациональдық аймағы болмақ»-деген тұжырым жасайды және оған мынандай анықтама беріп өтеді: «иррационализм дегеніміз білім, ғылым өресі жете қоймаған, санадан тысқары, логикалық түсінік пен пайымдауға келе қоймайтын нәрселер». Және осы жерде ... «иррациональдық кеңістік Құдайдікі, оның ақиқатын, оны білу бізге, пендеге бұйыртпаған»-деген әлдебір діни скептикалық сипаттағы пайым жасайды. [1,10-бет]. Осыдан көріп отырғанымыздай иррационализмге дәстүрлі анықтаманы бере отырып, оған діни танымдық элементті қосып кетеді.

Ең бастысы ол мифологияның тарихи санадағы, ұлттық танымдағы және қоғамдық санадағы маңызын кең ауқымда түсіндіре білді. Зерттеу жұмыстары ежелгі санаға арналғанымен, мифтің әлеуметтік, соның ішінде қазіргі заманғы саяси-идеологиялық санадағы әлеуетін, ролін және қауіптерін де өз жұмысында айқындап көрсетіп кетті деуге әбден болады. С.Қондыбай еңбектерінен туындайтын тағы бір тұжырым – мифтің ұғым – түсініктер кешені ұлттық мәдениеттің ренессансы кезінде міндетті түрде керек әрі позитивті маңызы бар жұмыс екендігі. Егер ұлт өркендеуі мәдени мифологиямен шектелсе рухани – танымдық жағынан жетістіктерге әкелері сөзсіз. Егер мәдени мифология немесе ремифология рухани дамуға әкелмей, болмаса әлеуеті төмен болса, қоғамдық аренаға саяси мифология шығуы мүмкін. Ал оның айналып келгенде ұлтқа трагедия әкелуі қауіпін жоққа шығаруға болмайды. Мифті рационализм мен иррационализм қайшылығы тұрғысынан зерттеушілердің негізінен біріншісін екіншіден жоғары қойып, ежелгі мифтерді «ояту», ремифологиялау қоғам үшін қауіпті санайтыны белгілі. Мифтің бұл қаупіне С. Қондыбай да жоғарыда айтылғандай «арийшылдық» миф, жалған және ақиқат мифтер мен олардың жасампаздық немесе қиратқыш потенциалы жайлы айқанда назар аудартады.

Жалпы қорыта келгенде, қазіргі қазақ гуманитарлық ғылымына тың, тіпті тосын жаңалықтар әкелген Серікбол Қондыбай өзінің концептуалдық ізденістеріне философиялық дискурсты, философиялық категориялық аппаратты іргетас ретінде барынша қолдануға тырысқан ойшыл. Ол өзі позитивистік және метафизикалық атаған философиялық-әдістемелік ұстанымдарды зерттеу жұмысында діни және эзотериялық, лингвистикалық бағыттарда мифологияны зерделеуге қолдана білді. Сол кездегі философиялық –әдістемелік қағидалардың осал жерлеріне өз сыни көзқарасын білдірді. Өзінің мифологиялық,

дәстүршілдік концепциясын философиялық танымға, терминдерге негіздей отырып ғалым қазақ философиялық және мәдениеттанымдық һәм дінтанымдық, өркениеттанымдық ғылымына да жаңа серпін, тың бағыт әкелді деуге әбден болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы.-Алматы: Дайк-Пресс, 2004.512 б.
2. Әнес Ғ.Жасын ғұмыр-жасампаз еңбек.// Байырғы қазақ дүниетанымының негіздері. Энциклопедиялық басылым. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2018. -480 бет.
3. Direk Ibrahim. Serikbol Kondibyin çalissmalari isiğnda turk mitoloji arařtırmalarinin sorunlarına cozun vollari. //«Қондыбай Серікбол мұралары: әлемдік мифологияның дамуына жаңаша көзқарас» халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Ақтау, «Экожан» ӨК баспасы, 2018. – 465 бет.
4. Türkmen Fikret. Turk mitolojisi uzerine turkie de yapilmis galismalarin tarincesi ve analizi.//«Қондыбай Серікбол мұралары: әлемдік мифологияның дамуына жаңаша көзқарас» халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Ақтау, «Экожан» ӨК баспасы, 2018. – 465 бет.
5. Потебня А. А. Теоретическая поэтика. - М.: Высшая школа, 1990. - 344 с.
6. Барт.Р. Избранные работы: Семиотика. Поэтика. М.: Прогресс, 1989. – 616с. С. 72.
7. Нүрекешова Г.Р. Ағылшын-қазақ-қытай шығармаларындағы мифологиялық бейнелердің ұлттық сипаты. //Ясауи университетінің Хабаршысы. №1 (111) 2019
8. Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. 1-том. Қазақ мифологиясына кіріспе.- Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 376 бет.
9. Наурызбаева З. Европейский интеллектуальный традиционизм XX века и казахская идеология// Мировая культурологическая мысль. Традиция. Алматы: Жазушы, 2005г.
10. Лосев А.Ф. Диалектика мифа// Философия. Мифология. Культура. М., 1991.-512с

## МЕЙРАМ - МЕМЛЕКЕТ ТАРИХЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ АЙНАСЫ

**Исламбеков Әлибек**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – филос.ғ.к., аға оқытушы, Аликбаева М. Б.

**Аңдатпа.** Жер жаһанда қанша ұлт болса, сонша мереке бар. Кез келген ұлттың жалпыхалықтық тұрғыда белгіленген мерекелері мен атаулы күндері болады. Оның арасында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, ата-баба дәстүріне сай тойланатындары жетерлік, сондай-ақ тұратын мемлекеттің барлық тұрғындарына ортақ мерекелер де баршылық. Мысалы, «тәуелсіздік күні», «конституция күні», «рәміздер күні» болып жалғаса береді.

Мақаланың мақсаты- мейрамдарды тойлаудың ұлт мәдениетінің қалыптасуындағы рөлін айқындау.

Мақаланы жазу барысында екінші зерттеулер нәтижесіне сүйене отырып, сапалық әдіс қолданылды.

**Кілт сөздер:** мейрам, мереке, той, дана, ғұрып, мәдениет.

Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Зерттеулерге сәйкес Қазақстанда 130-ден аса ұлт бар. Ұлттың ұлт болып қалыптасуы ең алдымен ұлттық құндылықтарды дәріптеуден бастау алады.

Ұлттық құндылықтарымыз – ұлтымыздың мәңгілік қорғаушы шамшырағы. Ұлттың қорғаны – бұл біздің ұлттық болмысымызды көрсететін тіліміз, дәстүріміз және рухани мұрамыз (Г.Бекжан, 2022).

Заңға сәйкес Қазақстан Республикасында ұлттық мерекелер, мемлекеттік мерекелер, кәсіби және өзге де мерекелер атап өтіледі:

- Ұлттық мерекелер — Қазақстан мемлекеттілігінің дамуына елеулі ықпал еткен, ерекше тарихи маңызы бар оқиғалардың құрметіне Қазақстан Республикасында белгіленген мерекелер. Ұлттық мерекелерді мейрамдау кезінде орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда ресми іс-шаралар өткізіледі.

- Мемлекеттік мерекелер — қоғамдық-саяси маңызы бар оқиғаларға арналған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары дәстүрлі түрде атап өтетін мерекелер. Мемлекеттік мерекелерді мейрамдау кезінде ресми іс-шаралар өткізілуі мүмкін.

- Кәсіби және өзге де мерекелер — ұлттық және мемлекеттік мерекелер мәртебесі берілмеген, азаматтардың жекелеген санаттары атап өтетін мерекелер (Қазақстан Мейрамдары, 2023).

Мейрам - мәдениеттің феномені, оның континуалдық тұтастығы эстетикалық рефлексия актісімен белгіленеді, ал оның нысаны адамның табиғи, әлеуметтік және жеке тұлғаларының үйлесімді бірлігін іздеуде мәдениеттің тасымалдаушысы ретінде, сондай-ақ мәдениет адамның өмір сүру тәсілі ретінде, оның мағыналық қалыптастырушы векторын бекітуді талап етеді және оны шығармашылыққа ұмтылдырады. Осындай тарихи, мәдени, мифологиялық немесе экзистенциалды, эмоционалды-эстетикалық тәжірибесінің символдық-коммуникативті формаларындағы объективтілік адамның сұлулық идеалына сүйене отырып, әлемдік адами қатынастарды үйлестіруде өзінің белсенділік бағытын көрсетті, оны мәдениеттің тұтастығының өлшемі ретінде түсіндіріліп, экзистенциалды немесе әлеуметтік маңызды мәселені шешуге бағытталды.

Мереке адамзатқа тән құбылыс ретінде ғалымдар назарынан тыс қалған жоқ. Оның этнографиялық мәні, сипаттамасы, ұлттық түрлері, әлеуметтік –көркемдік мәні, социологиялық нысан, педогогикалық құрал және кәсіби әрекет ретінде ғылыми мәселелері қарастырылады. Олардың әрқайсысының өзіндік мақсаты орындалып, тиесілі бағаланды. Алайда, осы күнге дейін мерекелердің адамзат мәдениетінің бір саласы ретінде, оның ішінде ұлттық мәдениетті қалыптастырудағы орны арнайы талдау нысанына алынбаған.

Мерекелер демократиялық мәдени құбылыс ретінде ел, дәуір, халық туралы ой-пікір қалыптастырады. Мерекелердің тарихи-мәдени дамуы мен халықтық сипатына талдау жасап, жоғарыда айтылған пікірге дәлел таба аламыз. Мерекелер тарихын, тіпті үстірт шолудың өзінде, мерекелеу барысында көркем шығармашылықпен айналысу халықтың табиғи қажеттілігі болғанын аңғарамыз. И. Шароевтың айтуынша, бұқаралық мерекелер тарихы отыз ғасырға жуық бұрын бастау алған. Тіпті Көне Грецияда “эртология” (грек. ёортһ мейрам + грек. лóγoς, сөз, ақыл, пікір деген мағынаны білдіреді. Яғни мерекелерді зерттейтін ғылым саласы) - мерекелер туралы ғылымның дамуы да қаралып отырған мәселенің түп тамыры тереңде жатқанын дәлелдейді. Адамзаттың тарихи қалыптасуын зерттеген Ю.И.Семенов палеоантроптардың экзогамиялық қарым-қатынастарын сипаттай келе, оргиастикалық промискуиттік мерекелердің туындау себебіне тоқталады (Құндыз Хаирғалиева, 2015).

Э. Дюркгейм мен М. Элиаданың көзқарастары бойынша мейрам – адамның күнделікті өміріне мүлдем қатысы жоқ сакральды және бейбіт өмірінің кезеңі. Мейрамның күнтізбелік табиғаты адам өмірінің ритмдары және жаһанның ритмдарымен жарасады, ол қоғамда орын алып жатқан тәртіпсіздікті ретке келтіруге көмектеседі. Мейрамның әртүрлі типтері болады, бірақ оның бәрі адамдардың көңіл - күйіне, қуаныштарға, эн-би мен мерекеге қатысты жағдайлармен сипатталады.

Мереке ұғымы латын тілінде – festa – табынушылыққа арналған ерекше күн, көпшілік ойын-сауығы, ләззат алу, тіршілік қуаныштары. Көне еврей тілінде – хаг, хагаг – билеу. Орыс тілінде – жұмыс істемейтін, мерекелік уақыт. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде “той – қуанышты жағдайға байланысты ел шақырылып өткізілетін ырду-дырду жиын, ойын-тамаша” , - деп түсінік берілген. Бұл түсінік бойынша той – халықтың қуанышты оқиғасының атауы, тек эмоционалдық тұрғыдан сипатта берілген. Сонымен бірге “той”, “тойыну” сөзінің екінші мағынасы өтеу сөзінің де түсіндірмесі, тек “тойыну” сөзінің екінші мағынасы тамаққа ғана емес ләззатқа бөлену, қанағат табу ұғымы да бар. Қазақтың “қызығына тоймаймын”, - деп бал қуанышына бөленуін білдіреді. Сонда қазақтың “той” деген сөзі тек тамақтану ғана емес, сонымен бірге рухани қанағатты да сипаттайды екен. Ендеше, қазақ тіліндегі “той” сөзі біріншіден, орыс тіліндегі “пиршество” сөзінің мағынасымен салыстырсақ, басты компоненттері дастархан мәзірі мен ойын-сауыққа негізделген мәдени әрекет те, ал екіншіден “праздник” сөзінің мағынасына – қуанышты оқиғаға қоғамдық сипат беру болып отыр. Ал қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде “мереке – салтанатты жиын, ойын-тамаша” , - деп анықтама берілген. Парсылардың көне тіліндегі “мәһрен” сөзі мен “мейрам” сөзінен тек үндестік қана емес, мазмұндық сәйкестік табуға да болады. Алдыңғы ұрпақтың қалдырған рухани мұрасы – мерекелерге табиғат өзгерістері ықпалымен ауысып тұратын еңбек формаларына байланысты мерекелермен қатар өз заманының діни көзқарасымен пайымдалған табынушылыққа байлынысты мерекелер де сипатталған. Сонымен, шығыс сөздік қорында қолданылатын мереке, мейрам, мәһрен, той – бір мағына білдіріп, қуанышты жағдайдың сипат алуы, ұйымдастырылу аясымен ғана ерекшеленетінін анықтадық. Ал біздің зерттеуімізде той және мереке ұғымдары бірдей мағынада қолданылмайды. Өйткені, мерекенің тойға қарағанда алатын орны ауқымдырақ. Мереке немесе мейрам кез келген мәдениеттің әмбебап және маңызды феномені, өйткені қазіргі кездегі ұлттық, мемлекеттік және кәсіби мерекелер қоғамның құндылықтар жүйесін біріктіреді, сонымен қатар мемлекеттің және оны мекендейтін халықтардың өркениеттер арасындағы орнын анықтайды (Құндыз Хаирғалиева, 2015).

Неміс ғалымы Штефан Плаггенборг “праздники можно назвать высшей формой репрезентации, так как при их проведении соединяются в одно целое, в ансамбль разные уровни выражения: слово, изображение, движение, инсценировки” деп анықтама берген (Ш. Плаггенборг, 200 С.Е.).

Мәдениеттегі мейрамның алатын орны ерекше. “Игі істер атқару мақсатында көңіл көтеру дұрыс, себебі көңіл көтеру – демалыс, ал үнемі үздіксіз жұмыс атқаратын адамдарға демалыс өте қажет” - , деп Анахарсис айтпақшы, мейрам дегеніміз – күнтізбедегі белгілі бір жағдайға немесе маңызды бір оқиғаға сәйкес қасиетті деген ұғымды иеленетін, мәдени және діни салттармен байланысты уақыттың бір бөлшегі. Сонымен қатар бұл сөз өзінің мағынасына лайықты басқа жағдайларда да қолданылады:

- Күнделікті күндерге қарсы, күнтізбеде қойылған ресми демалыс күні;
- Бос уақыттың қызықты өтуіне орай, бұқаралық сауықтық іс – шара;
- Белгілі бір қуанышқа арналған күн;
- Жалпы адамдардың рухани күйінің тынығуы. Біздің сөз тіркесімізде “өмірдің мерекесі”;
- Адамдардың қызықтай жүріп, демалуына қажетті атқарылатын шаралар жиынтығы (Құндыз Хаирғалиева, 2015).

Қорытындылай келе, мейрамның коммуникативті, идеологиялық немесе тәрбиелік, интегративті, регулятивті, компенсаторлық және эстетикалық қызметтері бар екендігі мәлім. Қазақ мәдениетіндегі кез келген мейрам өзінің социомәдени ынтымақтастық міндетін атқарып келе жатқандығына халық куә. Елде мтойланатын мейрамдардың өзі бекерден бекер



демалатын болмаса жай ғана атап өтетін «қызыл күндер» емес. Олардың мазмұны ұлттық рухты паш ететін, елдің ішкі саясатының және мәдениетінің айнасы іспеттес. Қарапайым жұртқа жай ғана мерекелік күндер болып табылғанымен, атаулы халықтың мейрамдарының да ықпалы зор. Мейрам – адамдарды бір-бірімен жақындастыратын жарқын сәт, жақсы себеп.

Қолданылған әдебиеттер

Г.Бекжан. (2022). Ұлттық құндылықтар ұлтты құрметтеуден басталады. <https://Centre-Tur.Kz/Kk/Maqalalar/Dasturli-Din/Ultyq-Qundylyqtar-Ulty-Qurmetteuden-Bastalady-664/>.

Қазақстан мейрамдары. (2023, October 27). <https://Kk.Wikipedia.Org/Wiki>.

Құндыз Хаирғалиева. (2015, November 5). Мейрамның мазмұндық мән-мағынасы. [https://El.Kz/Meqramny-\\_mazm-Ndy-\\_m-n-Ma-Ynasy\\_23348/](https://El.Kz/Meqramny-_mazm-Ndy-_m-n-Ma-Ynasy_23348/).

Ш. Плаггенборг. (2000). Революция и культура: культурные ориентиры в период между Октябрьской революцией и эпохой сталинизма . Нева.

## ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ЭТИКАЛЫҚ ІЛІМІНІҢ ТАРИХИ ЖӘДІГЕРЛЕРДЕ ТАҢБАЛАНУЫ

**Мейрманов Аманжол Досжанович**

Гумантарлық ғылымдар магистрі, ҚР ҒЖБМ Философия, саясаттану және дінтану институтының аға ғылыми қызметкері

**Аңдатпа:** Мақалада Ясауи кесенесінің 14 ғасырдан сақталған қақпа-есіктерінің өрнектері мен жазбаларына семиотикалық талдау жасалып, рәміздік мәні ашылған. Ясауи тарихи-рухани мұрасына тән негізгі мағына – «адамды рухани кемелдікке бағыттау» екендігі көрсетіледі. Ойшыл шығармашылығы мен тарихи жәдігерлеріндегі терең ғибраттық мазмұнға назар аударылып, ғасырлар бойы халық санасында өмір сүрген, өз бойына терең рәміздік мағына сиғызатын, исламдық мән-мазмұнмен байып, толығы түскен акрхетиптер жайлы зерттелген.

**Түйін сөз:** Сопылық, рухани кемелдік, архетиптер, рәміздік мағына.

Қожа Ахмет Ясауи — жалпы түркілік мәдени және дүниетанымдық кеңістіктегі ішкі тұтастықты қалыптап, исламдық құндылықтарға негізделген философиялық-этикалық ар-ождан ілімін жүйелеген рухани тұлға. Сондықтан да, оның рухани ықпалы мен ол қалыптаған рухани-адамгершілік ілімі, айырықша тарихи-мәдени қабат қалыптастырып, тарихи жәдігерлерде де терең рәміздік мән мазмұнмен таңбаланған. Сопылық ілім ежелгі түркілік дәстүрден тіптен одан арғы сақ ғұн дәуірінен бастау алып, этносанада жаңғырып отырған халықтың рухани жадындағы архетиптерді қалыптастырып, оларды исламдық мазмұнмен байыта түскенінің мысалын Ясауи мәдениетіне байланысты жәдігерлерден анық көреміз.

Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауидің кесенесі және ондағы жәдігерлер адамзат қолынан шыққан ортағасырлық сәулет және бейнелеу өнерінің ғажайып туындысы. Онда ертеден келе жатқан жергілікті құрылыс дәстүрі мен қолөнер шеберлігі сол заманның ең озық жетістіктерімен ұштастырыла пайдаланылған, сонымен қатар, ол жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды исламдық мән-мазмұнмен байыта паш етіп тұрған нысанға айналған. Рәміздік тұрғыда жүректі – ар-ожданға баласақ, осы жүрек демек, ар-ождан – басты моральдық құндылық ретінде сопылықтағы негізгі тақырып болып табылады. Осы жүрек және жүректе сақталатын құндылықтардың нышанын белгілейтін арнайы рәміздер жүйесі бар.

Жүректің құндылықтарға мекен болуы үшін, таным құралы қызметін атқаруы үшін қажетті шарт – жүректің тазалығын қамтамасыз ету, оны тірілту. Сонда ғана таза және тірі жүректі нұрландыратын өлшеусіз сый – нұрлы ілімді иелену мүмкіндігі берілетіні жайлы айшықты баяндайтын рәміздік тіл бар. Мақалада қазақ топырағындағы сопылық дәстүрдің осы рәміздік тілінің әдеби және мәдени мұралардағы айқын айшықтарын көріп, оның астарына үңіліп, өзіндік ерекшеліктері мен мән-мазмұнын танып, ғибратына назар саламыз.

Рәміздік тұрғыда жүректі – ар-ожданға баласақ, осы жүрек демек, ар-ождан – басты моральдық құндылық ретінде сопылықтағы негізгі тақырып болып табылады. Осы жүрек және жүректе сақталатын құндылықтардың нышанын белгілейтін арнайы рәміздер жүйесі бар. Жүректің құндылықтарға мекен болуы үшін, таным құралы қызметін атқаруы үшін қажетті шарт – жүректің тазалығын қамтамасыз ету, оны тірілту. Сонда ғана таза және тірі жүректі нұрландыратын өлшеусіз сый – нұрлы ілімді иелену мүмкіндігі берілетіні жайлы айшықты баяндайтын рәміздік тіл бар. Мақалада қазақ топырағындағы сопылық дәстүрдің осы рәміздік тілінің әдеби және мәдени мұралардағы айқын айшықтарын көріп, оның астарына үңіліп, өзіндік ерекшеліктері мен мән-мазмұнын танып, ғибратына назар саламыз. Немістің көрнекті философы К. Ясперс өзінің рәміздің маңыздылығы туралы ойын былай айтады: «Адамзаттың ықылым заманнан бері рәміздер әлемінде өмір сүретінін түсінеміз. Осы рәміздер оның өмірінің мәнін анықтайтын шындыққа айналады. Осы рәміздердегі өмір адамның негіздемелік өмірмәндік құрылымына жататынын түсінеміз. Сондықтан да бұл рәміздердің ерекшеліктерін түсінгіміз келеді, олардың осынау саналуандығын жинақтап, шолып, жүйелегіміз келеді. Рәміздердің мазмұнын ашу адамның өзімен-өзі, өз мәнділігімен, өз субстанциясымен тұтастықта бола алатын кеңістігін ашу деген сөз. Рәміздерсіз ол тұлдырсыз қалғандай жалаңаш, күйкі жанға айналады, бос қалған дүниеде жалаң ақыл-ойымен шарасыздықтың күйін кешеді» [1,270б.]. Рәміздер адамзаттың рухани жасампаздығы мен шығармашылығының барлық сатысын қамтиды. Рәміздің көмегімен адамдар арасындағы ақпараттық қарым-қатынас алмасу жүзеге асады. Рәміздер адамзаттың сан ғасырлық мәдени-тарихи мұраларын және рухани құндылықтарын бейнелеп, дәстүр сабақтастығын сақтайды.

Ең ғажабы шеберлердің ортақ іске жұмылуына Ясауидің сопылық ілімінің елеулі ықпалы айқын. Себебі, олардың жасаған туындылары жергілікті құндылықтарға рәміздік белгілерге, архетиптерге негізделген. Рухани ілімнің құдіреті сонда ол сан ғасырлық рухани құндылықтарды жаңғыртып мәнге толтырып, адамдарды да ортақ мақсатқа жұмылдырды. Әралуан мәдениеттің өкілдері бола тұра шеберлер өз кәсіби шеберліктерін рухани іліммен байыта қолдану арқылы жалпыадамзатқа ортақ рухани мәні бар туындылар жасай білуі руханияттың әмбебаптығының нақты мысалы. «Мәдениет – құндылықтар мен мән-мағыналар әлемі, себебі символизация үрдісі – адамзат мәдениетінің табиғи байланысы оның дамуы мен ұғымын ашатын көкжиегі» [2,138б.] деген А.Я.Гуревич

Адамның күнделікті тұрмыс-тіршілігінде жиі қолданылатын есік – халықтың дүниетанымында да, дәстүрлі ислам діні арқылы санамызда берік орныққан рухани әлемімізде де киелі, қасиетті саналады. Есіктің халық санасындағы киелілік мәні мен рәміздік мағынасы босағаға, табалдырыққа, тағы басқа есік бөліктеріне байланысты ырымдар мен тыйымдардан айқын көрінеді. Халық әдебиетінде есікке байланысты бейнелі ойлар, астарлы сөздер, мақал-мәтелдер жиі кездеседі. Бұдан дана халқымыздың әрбір тұтынған мүлкі мен заттарын мағыналандырып киелілік, қасиеттілік сипат дарытқаны, олардың әрқайсысына терең мән бере тұрып, әрбір қолданған сәтінде ғибрат алуға ұмтылғаны көрінеді. Сондықтан да кесенедегі есіктерге зор мән беріліп, айрықша шеберлікпен, асқан талғампаздықпен, ғажап көркемдікпен әшекейленуі заңды. Осы құнды жәдігерлер біздің дәстүрлі мәдениетіміздің терең мазмұнынан, діліміздің сырлы әлемінен хабар беріп, әрқайсымыздың жүрегімізден терең тамыр алатын ел-жұртымызға, туған халқымызға, төл мәдениетімізге

сүйіспеншілігімізді қозғайтыны, өткеніміз бен бүгініміз арасында жанды байланыс түзетіні хақ. Әзірет Сұлтан кесенесіндегі XIV ғасырдан сақталған, Жамағатхана бөлмесінің есігі – «Қақпа» және Қабырхана есігі – «Қапсырманы» толық аты-жөні белгісіз Сафар есімді шебер жасаған. Кесененің қалған есіктері 1978 жылы түгелімен жаңадан қойылған. Шеберлер есіктің берік және әсем жасалуымен қатар, рәміздік мән-мағынасын арттыру үшін оған символдық мәнге ие ою-өрнектер, терең мағыналы хадистер мен нақыл сөздердің бедерленуіне көңіл бөлген.

Жамағатхана бөлмесінің Қақпа-есігі (өлшемі – 3,7x2,1 м) екі жаққа ашылатын – ғимараттың оңтүстік порталының тереңінен орын алған негізгі есік. Ол екі бетінен ағаш, сүйек, алтын, күміс әшекей-өрнектермен әрленген. Өртүсті ағаш қиындыларымен және піл сүйектерімен жапсырып әшекейленген өрнектерінің біразы тозып, жойылған. Есіктің сыртқы бетіндегі өрнегі бедерлі белдеумен үш бөлікке бөлінген. Сегіз ұшты жұлдызшалардың өзара ұласуынан құралған бұл бедерлі өрнектермен тек белдеулер ғана емес жалпы есік жақтаулары да жиектей көмкерілген. Жоғарғы бөліктегі төрт бұрышты екі картуштың бетінде екі қатар араб жазуының алғашқы жартысы оң жақтауда, екінші жартысы сол жақтауда бедерленген. Бірінші қатардағы жазудың әріптерінің ұзындығы 0,10 м, жуандығы 3 мм, гүлденген куфа (куфи тазйини) қолтаңбасымен бедерленген. Екінші қатардағы жазу сулус қолтаңбасымен жазылған. Әріптердің ұштары барынша ұзартылып картуштың ішін тұтас алып тұр. Қақпа-есіктің жікжапқыш жарты бағанының орта белдеуінде сулус қолтаңбасымен таңбаланған сөздер бар. Бұл өрнектер ағашқа ойып өрнек салу арқылы таңбаланған. Есіктегі өрнектер үш деңгейлі тереңдікте бір-бірімен астаса ұласып, ғажайып симметриялық үйлесімде, қайталанбас әсем ою-өрнектер композициясын түзеді. Бұл келісім мен үйлесімнің сырлы әлемі Ислам дінінің жасампаз рухын, ғаламның сұлулығын паш етерлік рәміздермен айшықталған [3,103б.].

Рәміздердің архетиптілігі көбінесе өзінің ішкі мағынасын, қасиеті мен ұлттық сипатын, яғни ұлттық мәдениеттің белгісін жоймастан, мәдениет ақпараттарын жинақтап, нақтылап, ертеңгі күнге жеткізуімен, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыруымен айқындалады. Ол тұтас ұлттың дүниетанымынан хабар беретін қазына, ғаламның тілдік бейнесі, күрделі әрі әмбебап категория. Сонымен рәміздің табиғи тамыры тереңге кеткен, ықылым заманғы мифология мен сан ғасырлық тарихқа ұласар ықшамдалған мәдени мәтін бола алады.

Белгілі бір затты ишаралайтындай символдық мағынаның өрнекке ұласуы немесе мән-мағынасы терең жазулар мен сөз тіркестерінің ою-өрнекке ұқсатылып немесе ою-өрнектермен астасып жатуы хәл ілімінің астарлы сырлы әлеміне бастайды. Жаратушы иенің шексіз ғылымына меңзеуімен қатар, Ақиқатты танып білу үшін Жаратылыс әсемдігіне ой жіберіп, ой-пікір толғауға шақырады.

Мифті рәміз ретінде қарастырған отандық зерттеуші-ғалым С.Қондыбайдың пікірінше «біз мынау жалған дүниені тек рәміздер арқылы ғана кескіндей аламыз, өйткені шексіз ғаламның кескінін де, мөлшерін де, оның қандай материалдан және қандай жолмен пайда болғанын да, Жаратушы иенің оны қалай жасағанын да шын мәнінде көре, біле, тани алмаймыз. Сондықтан осылардың барлығын да пенделерге түсіндірудің ең қарапайым да универсал жолы рәміз арқылы кескіндеу болмақ. Мифология дегеніміз де – рәміздер» деп түйіндейді [4, 34б.].

Есікте таңбаланған араб тіліндегі мәтіннің қазақ тіліндегі мағынасы: «Аллаға мадақ! Йә, Алла Тағала! Аллаға шүкір! Йә, Алла Тағала!», «Әулие жақсылардың қақпасы – бақыттың кені, әулие жақсыларды сүю – бақыттың кілті». [ 3,105 б.]

Есіктің көрнекі жерінен орын алған жазулардың Аллаға шүкір етуден және Оны мадақтаудан басталуы – ислам дініндегі құлшылық-ғибадаттың асыл негізін көрсетеді. Сопылық ілім бойынша әулиелердің, яғни Құдайдың достығына жеткен адамдардың адам

баласына екі дүниенің бақытына бастайтын жетекші болатынына нұсқайды. «Әулиенің (саиидтың) қақпасына» келген, яғни олардың насихат сөздері мен өсиеттеріне ден қойып, мән-мағынасына жеткен Адам ұрпақтары үшін оларды бақытқа кенелтетін қазына бар. Ал, ол қазынаның қақпасын ашатын кілт – әулиенің махаббаты, яғни рухани ұстаздың назарын иелену екендігі айтылған. Тағы бір парсы тіліндегі таңбаның қазақ тіліндегі мағынасы:

«Астанандағы (қасиетті табалдырығындағы) қызметші дәулетті болғай!» [ 3,106] Әулиенің басындағы қызмет – рухани жолды қалаған шәкірттердің әрқашан да зор құрметпен атқарған істері болған. Себебі, әулиенің шарапатынан үміт етіп келген халыққа қызмет жасау – Қожа Ахмет Ясауидің «топырақ болу» яғни, адамға риясыз қызмет жасау қағидасына сай келеді. «Қырықтың бірін – Қыдыр» деп білген халық нанымына сай зияратшылардың дұғасының шарапаты Әулиенің жолында қызмет жасаған әрбір адамға да тиіп, бақ-дәулет әкелетініне сенген.

Қақпа-есіктің орта бөлігінде есікті қағуға арналған екі қола алқа мен оларды орнататын топса-тұғырлары бар тік төртбұрышты тақташалар орналасқан. Тақташалардың әрқайсысы ағаш есікке әшекейлі, үлкен төрт шегемен бекітілген. Алқаның топса-тұғырлары барыстың басы бейнесінде сомдалып, одан төменірек алқаның өзінде барыстың екі кішкене аланының бейнелері сомдалған. Бұл барыс бейнелерінің сол жақ алқадағыларының көздері ашық және үлкенінің жалы бар болса, оң жақ алқадағыларының көздері жабық және жалдары жоқ. Қола тақташада алқаның ұрылып дыбыс шығаруына арналған сегіз жапырақшалы гүл бейнесіндегі кішкене төстігі бар. Екі алқаны қаққанда дыбыс жиілігі әралуан, екі түрлі дыбыс шығатыны көңіл аудартады. Қола тақташаның жоғарғы жағы оймышты құйылған қошқармүйіз оюлардың жалғаса біріккен композициясынан тұрады. Тақташаның бетінде де өсімдік тектес, қошқар мүйіз және құс қанаты, құс тұмсығы, т.б. бейнелейтін оюлардың ерекше сәнді, үйлесімді өрнегі бедерленген. Алқалардың жалпы пішіні жүрекке ұқсайды, жиектері иректелген он төрт жапырақшадан құралған өрнектермен жиектелген және ортасындағы өсімдік тектес, қошқармүйіз оюлардың әсем де күрделі өрілімінен түзілген үйлесімді композиция орын алған. Тайқазан құлақтарының, ту Лаухасының сырт пішіндерінің жүрекке ұқсас етіп жасалуы, осы және басқа да кесене мүліктеріндегі оюларда жүрекке ишаралайтын өрнектер композицияларының көптеп кездесуі Ясауидің хәл ілімі хикмет дәстүріндегі жүрек танымына нұсқайды.

Алқалардың үш жағында балық және құс бейнелері таңбаланған. Көктегі, жердегі, судағы жануарлар әлемін бейнелейтін – құс, барыс, балық сияқты хайуанаттар суреттері осы есік сыртындағы алқалардан басқа жерде кездеспейді. Бұл алқаларды жиектей және тақташалардың жоғарғы бөлігінде ойылып жазылған, алтынмен апталып, күміспен күптелген парсы, араб тіліндегі насх жазуы бар. Қазақ тіліндегі мағынасы: «Пайғамбар айтты, ол кісіге сәлем болсын: «дүние өткінші, сен дүниеде (Аллаға) бағынып өт» [3,1156.]. Қола тақташалардың оң жағындағысында басталып, сол жағында аяқталған Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың хадисінде дүниенің баянсыздығы айтылып қана қоймай, Аллаға мойынсұнуға бұйрық берілген. Шындығында адамның жалған дүниедегі өмірінің мәнге толып, мағынасы артуы үшін оның ақиқат жолды қалап, Аллаға мойынсұнуы, Оны жадынан шығармай әмірлерін бұлжытпай орындауы шарт дегенді білдіреді.

Парсы тіліндегі тағы бір жазудың қазақ тіліндегі мағынасы: «Біздің мақсат артқа өрнек қалдырсақ, Жаралыстың баяны жоқ аңдасақ, Ақ жүректі адам ұлы кез болса, Еске алып, дұға қылсын, біз бейбақ. (Сағди, Гүлстан) Жеті жүз тоқсан тоғызыншы (1396-97) жылы, Құдайдан ғана үмітті, міскін ‘Изз ад-дин ибн Тадж ад-дин ал-Исаги жасады. Бұл кең есік әр қашан достарға – құтты һәм ашық, жауға – тар әрі жабық болсын». [3,1176.] Жаратылыс сырына үңіліп, пікір толғауға жетелейтін, терең символдық мәнге толы өрнекті алқаларда жазылған сыр шумақтардың мағынасы да аса терең. Шебер өзінің қолынан шыққан өнер туындысын

ғибратты өрнектермен әшекейлегенде, өзінің де бұл дүниеде мәңгі емес екенін, жаратылыстың да баянсыздығын ескере отырып, болашақ ұрпаққа өнеге, өрнек қалдырып, оның бағыштаған дұғасына мұқтаж екенін де айтады. Яғни, алқаларда адам бақилыққа сапар шеккесін де оның еңбегінің, ізгі ісінің жемісі – қоғам игілігіне пайдаланатын заттарының сауабы және жақсылыққа бастар өнегесінің сауабы, сондай-ақ дұға бағыштаған ұрпағының сауабы ретінде тоқталмай жетіп тұратыны жайлы Пайғамбар (с.ғ.с.) хадисінің мәнісі таңбаланған. Халқымыздың бұл дүниедегі пенделердің тілек-дұғасының Алла дәргәһында қабыл болуы үшін Әулиелердің дәнекер боларына деген сенімінің Пайғамбар (с.ғ.с.) хадисіне негізделгенін, осы сөздердің Әулиелердің сұлтанының кесенесі есіктерінде таңбалануынан да байқаймыз. Адамның бұл ілімнен жан-дүниесінің бәһәра тауып, мейірі қануы үшін Әулиелердің сұлтанының сырлы сұхбатына, осы күнге дейін жиылмаған Хақтықтың дастарханына ізгі ниетпен, таза көңілмен келіп, үлес алуы керек дегенге ишаралайтын нақыл сөзі таңбаланған. Ал, бұл ілімді дұрыс түсінбей немесе бұрыс мақсатта пайдалану ниетіндегі адамның жанына ешбір пайда таппасы, тіптен өзі теріс пиғылының зардабын шегуі хақ. Сондықтан да бұл есік досқа ашық дұшпанға жабық. «Менің хикметтерімді дертсізге айтпа, Баға жетпес гауһарымды наданға сатпа», «Ясауи хикметін даналар естісін, Естіген жандар мұратына жетсін, Жауһар кенінен бір түйір алсын, Естімегеннің бәрі қасіретте қалсын», «Менің хикметтерім – кемел пір, Кім Құдайды таныса, жанымен бір», [5,435б.] – деген Ясауи мінажаттарында бұл ілімнің салмағы мен жауапкершілігі, қадір-қасиеті ашылып айтылады.

Терең мағыналы хадистерді Қақпа есіктің жоғарғы картушына және қола тақташалардың да жоғарғы жағына таңбалануы, қола алқалардың барынша биік орнатылуы – Алла қаләмін қасиет тұтқан халықтың салт-санасынан хабар береді. Биік орнатылған қола алқалардың есікті ашатын тұтқа қызметінен гөрі, есіктің ашылып жабылғанын, яғни келушінің кіріп-шыққанын білдіретін есік қаққыш қызметін атқарып, әулие есігіне қадам басқан шәкірттің мойынсұну ниетінен хабардар қылатын символдық мәні басым болса керек. Кіреп есіктегі барыстың көзсіз болуы – мойынұсынуды білдіріп, ұстаздың жолбасшылығына толықтай бағынған шәкірттің ханака табалдырығынан тәуекелмен аттағанының ишарасы десек, көзі ашық, жалы бар барыс бейнесі – ілкі ілімді иеленіп, хақиқат жолының күрескері болып шыққан, рухани-адамгершілік кемелдікті мақсат еткен адамды ишаралайтындай. Шеберлердің жасаған бұйымдарында өз есімдерін таңбалап қалдыра отырып, әрдайым өздерінің дұғаға мұқтаж, Құдайға ғашық ғаріптік хәлдерін білдіруі олардың да Хаққа ғашықтықтың үлгісі болған Әзірет сұлтанның шарапатынан үміт күтетінін көрсетеді. Кесене ғимаратының, эпиграфиялық таңбаларының, ондағы жәдігерлердің аса көркем өрнектелуімен қатар, терең символдық мән-мағынамен байытылуы ол замандағы шеберлердің Машаихтардың ұлығының ілімінен сусындаған Ясауи тариқатының өкілдері екендігін айқындайды.

А.Ф.Лосевтің көзқарасы бойынша: «рәмізде бейнеленген шындықтың тереңдігі мен жан-жақтылығы соншалықты ол оның неғұрлым маңызды негізгі қырларын және оның ішкі сыр-сипатына толықтай тәуелді, кездойсоқ сыртқы қырларын толықтай қамтиды. Мазмұндық жалпылаудың осыншалық байытылуымен қатар, өз бойында жекеліктер мен жалқылықтардың да пайда болу заңдарын сиғызады»[6,199б.]. Мәдениет жүйесіндегі рәміздің бұл қызметінен байқайтынымыз оның маңызды қозғаушы бастамасы, қоғамның мақсат-мұраты мен оның болашағының әлеуметтік қажетті үлгісі екен.

Кесенедегі XIV ғасырдан сақталып келе жатқан екі есіктің бірі қабірхана есігі – Қапсырма. Бұл (өлшемі – 2,5x1,4 м) есік орта ғасырлық оюлы есіктердің тамаша үлгісі болып табылады. Жалпы пішіні Жамағатхана есігіне ұқсас екі жақты ашылатын Қабірхана есігі Жамағатхананың төрінде орналасып, Қабірханамен аралықты жалғастырады. Есіктің маңдайшасында үлкен қаңылтыр тақташа бар және оның жақтауы мен босағасы қаңылтырмен

қапталған. Осы (тұтас күйіндегі өлшемі – 3,5x1,65 м) П тәріздес қаңылтыр қаптамалы босағада геометрияланған медальондар тізбегі ішіне сулс қолтаңбасымен зерленіп, алтынмен апталған жазулар бар. Есіктің өзі үш бөлікке бөлінген. Жоғарғы жағындағы екі шаршының ішінде оң жағында басталып, сол жағында аяқталатын, гүл өрнекті оюлармен астасқан сулс қолтаңбасымен ағашты ою арқылы бедерлеп жазылған Пайғамбардың (с.ғ.с.) хадисі орын алған. Есіктің ортаңғы бөлігінде, жарты баған жікжапқыштың екі белдеуінде куфи қолтаңбасымен парсы тілінде жазылған жазу бар. Есіктің жоғарғы тұсында екі алқаның дөңгелек қола тақташалары (диаметрі – 15 см.) және гүлге ұқсас сегіз жапырақты кішкене төстігі сақталып, алқаларының өздері жоғалған. [ 3,1396.] Деректер бойынша жоғалған алқалар қақпа есіктің алқаларына ұқсас, сондағы жазулар да қайталанып жазылған. Бұл алқалардың суретін 1905 ж. А. Гуржиенко көшіріп, салған. Гүл жапырақшаларына ұқсатылып құйылған дөңгелек қола тақташа айналдыра сулс қолтаңбасымен өрнектелген жазулардан құралған. Есік заманында өте әдемі болған, бүгінде босағасында жазылған жазулардың көп бөлігі өшіп қалған, кейбір жерлері ғана оқылады, қаңылтырлары барынша қарайған.

Жазулардағы Құран аятынан үзінділер және хадистер мен даналық сөздердің мағынасы: «Пайғамбар, ол кісіге сәлем болсын, айтты: «Алланың сыйы – қақпасына келіп сұраған момынға [беріледі, Йә, Рахымды [Алла]! Йә, Пәк [Алла]! Йә, Дәлел [Алла]! Йә, Мейірбан [Алла]! Йә, Міндеттеуші [Алла]! Йә, есеп сұраушы Патша [Алла]! мағынасы: Пайғамбар, ол кісіге сәлем болсын, айтты «...әй мүлік иесі Алла! [Кімге қаласаң] мүлік бересің...» Пайғамбар, ол кісіге сәлем болсын, айтты: «уақыты өтпей тұрып намаз оқуға асығындар, ажал келмей тұрып тәубаға келуге асығындар». Алланың елшісі рас айтты. Пайғамбар, ол кісіге сәлем болсын, айтты: «ілім іздеу – барлық мұсылман еркекке және әйелге парыз». Алланың елшісі рас айтты. Ол кісіге игілік болсын. Пайғамбар, ол кісіге сәлем болсын, айтты: «дүние өткінші, сен дүниеде (Аллаға) бағынып өт». Пайғамбар, ол кісіге сәлем болсын, айтты: «дүниеде сый-құрметке бөлену – мол байлықпен болса, ақыретте сый-құрметті иелену – дүниедегі ізгі істердің көптігімен болады». Пайғамбар, ол кісіге сәлем болсын, айтты: ...Йә, Алла Мұхаммедке игілік бер. ...Мұхаммед... ..әл-Хасанға және Хусайынға, ... мухажирлер мен ансарлар.... ..Алла жақтан бір көмек және жақын бір жеңіс бар .... ..Алла. Мұхаммед. Хасан» деген уақыт табынан өше бастаған жазуларды оқуға болады. [ 3,1416.]

Сопылықтағы сабақтастығын сақтап үзілмей келе жатқан руханилық идеясы адамның рухани кемелдікке жетуі, осылайша хақтың айырықша сыйы – ладуні ілімді, нұрлы хикметті иелену. «Алланың сыйы» – ладуні ғылым, яғни Ясауидің хикмет дәстүріндегі хәл ғылымы, Шәкәрімнің сыр сөздеріндегі ар ілімі деп білсек, онда осы ілкі ілімді иеленуге кім лайықты? Бұл ілімнің – «Оның қақпасына келіп сұраған момынға» берілетіні айтылуы хадистің мағынасына терең үңілуге жетелейді. «Қәл ғылымына оқындар, хәл ғылымына жетіндер, жоқтық ішіне батындар, барлықтардан алындар» деген Ясауи хикметтерінің астарына үңіліп, осы ладуні ілім жайлы білуге болады. Адамның тек оқып білумен меңгеретін ілімі қәл ілімі болса, онымен қатар Алла тарапынан сый ретінде беріліп, жүрек тереңіне үңілгенде қол жеткізетін, хәл ілімі бар. «Жүрегіңнің түбіне терең бойла, одан тапқан – шын асыл тастай көрме» (Абай) дегендегі осы ілімнің жауһары – Хақ тағаланың Өзіне толықтай мойынсұнып сенген құлдарына беретін сыйы. «Мен ілімнің қаласы болсам, Әли сол қаланың есігі» деген пайғамбар (с.ғ.с.) хадисіне орай Әулиенің кесенесі, оның бүкіл құрылымы, ою-өрнектері, онда сақталған киелі заттардың барлығы, сондай-ақ кесене есіктерінің өздері де адам баласын екі дүниенің бақытына, сый-құрметіне, шексіз игілігіне еге қылатын тек осы ладуні ілім екеніне нұсқап, соны иеленіп, рухани-адамгершілік кемелдікке жетуге шақырып тұр. «Хаққа наньп, момын болсаң тағат қылғыл, Тағат қылған Хақ дидарын көрер достар», «Хай зікірін айтып ішкен жами шарап, Жол үстінде ғазиз басың мысал топырақ, Алла үшін хәлі – харап, бауыры – кәуап, Жан мен ділде хай зікірін айтқын достар», «Заһир бұзып, батин түзе ғалым болсаң»,

«Ғамал қылған шын ғашықты дана қылды», «Хақиқаттың дариясына шомған кісі, Өзі мұңлық, көңлі сынық, көзде жасы, қорлық, зарлық, машақат қой дайым ісі, Дидарына ынтызар боп, табар достар» [ 5,299б.] деген хикмет жолдарында Әулиелердің сұлтаны иман келтірген құлдың сипатын Хақ дидарына ғашықтық деп көрсетеді. Хаққа ғашық момынның таубасымен күнадан тиылуы, тәуекелімен Ақиқатқа бел бууы тақуалығымен құлшылық-ғибадатын арттырып, зікір мен пікір амалдарын күшейтуі осы Алланың сыйы – ладуні ілімді иеленуге апаратын жол екені белгілі болады.

Адам баласын «Махаббатпен жаратқан» Алла Тағала оған бұл дүниеде сый-құрметке бөлейтін, ақыретте де шексіз рахыметке жолықтыратын әрекет-амалдарды міндеттеп, оның ішінде маңыздысы рухани ілім үйренуді парыз еткені хақ. Адам дүниелік сый-құрметті иелену үшін бақ-дәулетке ұмтылатын болса – бұл ізденісі оны түбінде жалған дүниенің құлдығына салып, ақыреттегі бақытынан айыруы мүмкін. Ал, мәңгілік дүниедегі сый-құрметті қалаған Адам дүниелік байлықтың құлдығынан бас тартып, бұл дүниедегі өмірін ізгі істерді мейлінше мол атқарып ақыреттің байлығын жинауға арнағаны абзал. Бүкіл парыз етілген ізгі амалдардың, құлшылық-ғибадаттардың басты мақсаты, асыл мұраты адамды рухани-интеллектуалдық кемелденуге жеткізу болса, осы жолда ілім үйрену де игілікті істерді мейлінше көп атқару әр адамның парызы екенін жоғарыдағы Пайғамбар өсиеттерінің мән-маңызынан ұғамыз.

Қазақ философиялық ой кешу үрдісі, ондағы этикалық ұстындар ұлттық мәдени және әдеби мұраларда айшықты бернеленіп, астарлы рәміздермен таңбаланған, сондықтан да қазақ философиясы тарихын зерттегенде әдеби һәм мәдени мұраларға жүгінуіміз заңды. Қазақ философиясы тарихында сопылықтағы этикалық-философиялық көзқарастардың маңызы мен мәнін ашудың практикалық пайдасы зор. Өйткені оның негізгі идеялары моральдық құндылықтарға табан тіреуімен қатар, өз өміршеңдігін жоғалтпастан, елдіктің сынға түсер әрбір шешуші сәтінде бой көрсетіп, өзектілігі артып отырады.

#### Пайдаланған әдебиеттер

1. Карл Ясперс. Смысл и назначение истории. –М., 1991. 46с.
2. Гуревич А.Я. Категории средневековой культуры.-М.: Искусство, 1972.-363с.
3. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Құрастырушылар: Ә.Қ. Муминов, Б. Қорғанбек, С. Моллақанағатұлы, т.б. Алматы -2009. 200б.
4. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Бірінші кітап. -Алматы: Дайк-Пресс, 2004.-512б.
5. Иасауи Қ.А. Хикмет жинақ. - Алматы: Жалын, 1998.-654 б.
6. Лосев А.Ф. Проблема символа и реалистическое искусство. –М.: Искусство, 1976-367с.

### 3-СЕКЦИЯ. РУХАНИ САБАҚТАСТЫҚ АЯСЫНДАҒЫ ФИЛОСОФ-ҒАЛЫМ АМАНЖОЛ ҚАСАБЕКТИҢ ТҮЛҒАЛЫҚ КЕЛБЕТІ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БОЛМЫСЫ

#### ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ДІНДАРЛЫҚ ФЕНОМЕНІ

Құрманалиева Айнұр Дүрбелеңқызы<sup>1</sup>, Кушербаева Алия Батырбекқызы<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

дінтану және мәдениеттану кафедрасының

меңгерушісі, философия ғылымының докторы, профессор

<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ халқының исламға дейінгі ұстанған діні мен діни дүниетанымына, діндарлық деңгейіне талдау жүргізіледі. Сонымен қатар, исламға дейінгі қазақ халқының наным-сенімдеріне, діни көзқарастары мен олардың ерекшеліктеріне заманауи кезеңдегі дінтанулық сараптаулар тұрғысынан жіктемелер жасалады. Бұл мақалада ерекше талданатын мәселе діндарлық түсінігі мен қазақ дүниетанымындағы діндарлықтың проблемасы неде деген сұрақтарға жауап ізделінеді, қазақ халқының исламға дейінгі діни наным-сенімдері мен «діндарлық» феномені арақатынасы мен байланысы анықталады.

**Кілт сөздер:** діндарлық, діни наным-сенімдер, дәстүрлі дін, ислам

Қазақ дүниетанымының ерекшелігі ғасырлар бойы талданып келе жатыр. Қазақтың дүниетанымындағы дін, қазақ кеңістігінде исламға дейінгі діни наным-сенімдер тезаурусын зерделеу барысында зерттеудің келесідей ғылыми тәсілдері қолданылды: тарихи интерпретация немесе сипаттамалау әдісі, салыстырмалы, салыстырмалы-тарихи, құрылымдық, тұтастылық, анықтамалық және статистикалық әдіс түрлері кеңінен қолданылды. Сонымен қатар мәселенің түбегейлі қырларын анықтау үшін және құндылықтық маңызын ашу үшін тарихи-аксиологиялық талдау тәсілі қолданылды.

Қазақ дүниетанымында діннің алатын орны ерекше, қазақтың салт-дәстүрі, наным сенімі діни дүниетанымның бастамасы болды. Дін түсінігі – қазақ дүниетанымында халықтың мәдени, рухани болмысы мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрін қалыптастыратын негізгі қайнар көзі, қазақ халқының ғасырлар бойы өзінің болмысына сай қалыптастырған рухани құндылығы.

Қазақ халқының діндарлық дәстүрлерін қалыптастыруға айрықша рөл атқарған тәңіршілдік, митраизм, шаманизм, зороастризмнің сипаттамаларына қысқаша тоқталамыз. Қазақ халқы ежелгі заманнан осы уақыт аралығына дейін бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткерді және әрбір тарихи кезеңнің өзіне тән ерекшелігі бар.

Қазақ халқының діндарлық дәстүрлерін қалыптастыруда айрықша рөл атқарған тәңіршілдік, шаманизм, зороастризм сияқты діни сенімдер болғаны тарихтан белгілі. Жалпы қазақ мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналған діндарлық пен діни дәстүрлер қоғамның әртүрлі салаларында тарихи қатар орын алып келді. X ғасырда Тәңірге сыйыну мен исламның өзара тығыз ықпалдастығы барысында тарихи-саяси жағдай орнықты. Екеуі де бірдей қалыптасып, дамып жатқан кезде бетпе-бет келіп, бірімен бірі қарама-қайшылық көрсеткен жоқ. Өйткені игілікке, түсіністікке, табиғатпен етене өмір сүруге бағытталған еді және от-су, Күн мен Айға табынуға да жол берілді. Бұл жолдан барлық адамзат өткені туралы көптеген ғалымдар өз ойларын түйіндеген. Бұл жерде байқауға болатыны қазақ халқының діндарлық



дәстүрлері табиғи күштерден бастау алуы. Тәңіршілдіктен кейін кеңірек тамыр жайған діндердің бірі – шаманизм. Ол – Күн, Ай, жұлдыздар, күн күркіреуі, найзағай, өрт және басқалар сияқты табиғи құбылыстар құдайлар түрінде бейнелеген табиғи политеистік дін. Шаманизм – діни наным-сенімдердің ішіндегі ең күрделісі, қарапайым тілмен айтқанда бақсылық. Бұл діни сенім Сібірден басталып, Солтүстік Америка, Орта Азия, қазақ жерлерінде кеңінен тараған. Қазақ бақсылары өздерінің тәжірибесінде арнайы бақсылық өлең-сарынды қолданып келді. Өнер философиясының тарихи типтерін зерттеу барысында дін мен өнер сабақтастығы ретінде, бақсыларды суретші, биші, күйші деген ақпараттар да аз емес. Шаманизм ілімі мен бақсылық екеуі егіз ұғымдар екенін байқауға болады.

Қазақ халқының ұстанған діні болмаса да, олардың өміріндегі өзіндік орын алатын дін Зороастризм діні біздің заманымызға дейінгі VII-VI ғасырларда пайда болып, парсы патшалары қабылдаған дін екені белгілі. Зороастрлар деген кімдер деген сұраққа жауап іздесек, оларды ежелгі Иран жерін мекен еткен, қасиетті кітабы «Авеста» деп аталатын дін өкілдері деседі. Авеста кітабы авеста тілінде жазылған. Зороастрлар қазіргі таңда Иран жерінің Фарс облысында, АҚШ-та, Үндістанның бірқатар аймақтарын мекен етеді. Зороастрлардың ілімі бойынша от стихиясы қасиетті ұғым деп саналады. Кейбір кітаптарда зороастрларды «отқа табынушылар» деп береді, десе де зороастрлар бұл пікірге қарсы шығады [Бойс, 1994: 24].

Әсіресе ерте замандағы діни наным-сенімдер арқылы қазақ қоғамы үшін мәдени болмыс әдісі жалғасуда, оның рухани дамуына жеке экзистенциалды бағыт әсер етті. Ерекше атап өтетін жәйт, ерте заманғы тарихи ескерткіштер ретінде саналатын рухқа табыну, дәстүрлерді ұстану, үлкендерді сыйлау деген дәстүрлі болмыстық түсінік өзіне тән діндарлық түсінігіне алып келді. Ерте кезеңде әлі де жалғасын тауып отырған ежелгі діни наным-сенімдер қазақ дүниетанымына, менталитетіне сіңіп кеткен [ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 112].

Қазақстан жеріне ислам діні келген кезеңге дейін түркі тайпаларынан тұратын халықтар қауымдастығы әртүрлі діни наным-сенімдерді ұстанған. Қазақ халқының түркілік кезеңнен бастап біртұтас халық болып қалыптасуына дейінгі дүниеге қатынасы жүйесінде ұстанған діни сенімдері мен көзқарастары және олардың ерекшеліктері бар. Олардың барлығы тарих сахнасында жоғалып кеткен жоқ, әрқайсысының діни дүниетанымның қалыптасуына өзіндік үлесін қосты. Кез келген халықтың рухани келбетін оның ана тілінсіз, ділінсіз, дінінсіз қарастыру мүмкін емес, құндылықтар халықтың жалпы мәдениетінің ажырамас құрамдас бөліктері болып саналады. Ислам діні қазақ халқының өзіндік руханияты мен мәдениетінің қалыптасуындағы негізгі қайнар көзі. Қазақ халқының арғы тегі болып есептелетін көне түркілер исламның қалыптасуы мен көптеген жетістіктеріне өз үлестерін қосты. Орталық Азия мен Қазақстанға исламның енуі VII-VIII ғасырларға жатқызылады. Алғашқы араб-дін таратушылары 670 жылдардан бастап келе бастады. VIII ғ. басында Орталық Азияда миссионерлік қозғалыстың жандануы байқалады. Исламның түбегейлі орнығуына VIII ғ. ортасында, 751 ж. Тараз қаласының маңындағы араб әскербасы Зияд ибн Салих пен қытай қолбасшысы Гао Сяньчжи арасында бірнеше күнге созылған Атлах шайқасында арабтардың жеңіске жетуі айтарлықтай ықпалын тигізді. Қытай әскері күйрей жеңіліп, Жетісу мен Шығыс Түркістан азат етіледі. Араб әскерінің бұл жеңісі Орта Азия жерінде ислам діні мен мәдениетінің орнығуының бастуы еді. Қазақстан жеріне исламның таралуы бірнеше ғасырларға созылды.

Бастапқыда жаңа дін оңтүстік өңірлерге ене бастады. X ғ. аяғына қарай ислам Жетісу мен Сырдариядағы отырықшы халықтың басты дініне айналды. X ғ. басында мұсылмандықты Қарахан әулеті билігінің негізін қалаушы Сатұқ қабылдайды, ал оның ұлы Боғра-хан Харұн Мұса 960ж. Исламды мемлекеттік дін деп жариялайды [3].

Қазақ хандығы қалыптасқан сәтте ислам діні жоғарғы хандық биліктің нығаюы мен түрлі қазақ тайпаларының бір этникалық қауымға бірге ықпал еткен идеологиялық факторлардың бірі болды. Ислам діні Қазақстан территориясына таралуы, әлеуметтік, саяси және экономикалық жүйеге әсер етті. Қазақ тарихына шолу жүргізсек, исламның қазақ дүниетанымына енуі тарихи оқиғалармен байланысты. Ислам құндылықтары халықтың діни танымына еніп, қазақ дүниетанымында экзистенциалды рөлге ие бола бастады.

Адамзат баласына белгілі бір діни нанымның керектігі ерте заманнан-ақ белгілі болған. Діни наным-сенімдер мен діндер де заманауи үдерістерден қалмай, ғылыми зерттелу үстінде, сонымен қатар «діндарлық» феномені аясында қоғамның діни көзқарастарына қарай бөлінді. Діннің маңыздылығы мен оның қажеттілігі күн өткен сайын дәлелденуде. Қазақ халқының сонау түркілік заманнан бері халық болып қалыптасуына дейінгі кезеңдердегі қазақ даласындағы әртүрлі діндер мен сенімдері және олардың әрқайсысының қазіргі исламдық дәстүрдің қалыптасуына өзіндік орны болғаны анық.

«Протоқазақтардың дүниетанымына діндарлық синкретизмі – өзге ұлттарға деген толеранттылықты таныту діни көрінісі болып келеді. Өз тарихымызда діни-тарихи кезеңді зерттеу, қазақ мәдениетінің дамуына және қоғамның дамуына негізгі қадам болды. Қазақ халқының діни тұрғыдан қандай да бір діндарлық дәстүрлерінің болуы ауқымды мәселе болып отыр» [Орынбеков, 2013: 59].

Дін түсінігі мен «діндарлық» феномені таза ойды ғана емес, діндегі аксиологиялық мән, қазіргі таңда индивидтің дүниетанымы, құндылықтар жүйесімен байланысты қолданылуда. Діни сана Құдайға, Абсолютке деген сенім негізінде жаратылыс пен адам болмысын, олардың мәні мен мақсатын түсіндіруге, тұжырымдауға ұмтылады. Діни санада концептуалдық және күнделікті тұрмыстық деңгейлерді ажыратады.

Сенім мәселесінде руханилықтың болмысы мен реалды түсінігі болып табылатын «діндарлық» ұғымы әртүрлі түсініктемеге ие. Діндарлықтың мәселесі болып табылатын руханилықтың бастапқы формасы дүниетанымдық, әдістемелік, тарихи-философиялық және тарихи-мәдени мағынаға ие.

Діндарлық феномені, мәні мен типтерін басшылыққа алу, діннің терең ілімдік негіздерін зерделеуден рәсімдік-ғұрыптық аспектілеріне мән беру басымдылыққа ие болады. Діндарлықтың эволюциясы барысында адам Жаратушы туралы айқын әрі нақты, толық әрі кемел сенім мен білімге қол жеткізе алады. Шынайы діндарлық Жаратушыға деген сеніммен шектеліп қалмайды, ол Жаратушының болмысқа, өмір мен тағдырға қатыстылығын сезінумен сабақтасады. Айқындалмаған діндарлықта Құдай адам өмірі мен болмысының перифериясында орналасса, шынайы діндарлықта ол тұлға өмірінің өзегінен орын табады. Адам ендігі кезекте, жаратылысты Жаратушы призмасы арқылы қабылдайды және бағалайды. Діндарлық феноменін жасына, жыныстық ерекшеліктеріне қарап классификациялауға болады. Айталық балалар мен жасөспірімдердің діндарлығы, жастар мен қариялар діндарлығының, ер және әйел адамдардың діндарлығында белгілі айырмашылықтардың болуы мүмкін. Бұл осы топтағы адамдардың дүниетанымына, тәрбиесі мен әлеуметтік ортасына қатысты айқындалуы ықтимал. Сонымен қатар діни тәжірибесі аз неофиттер мен діни тәжірибесі мол тұлғаның да діндарлығында айтарлықтай өзгеріс болуы заңды. Осыған орай діндарлықтың еліктеушілік және шынайы түрлерін ажыратуға болады. Еліктеушілік діндарлықта таза діни мотивтерге қарағанда, әлеуметтік ортаның, діни насихаттың ықпалы басым болуы мүмкін. Еліктеуші діндарлықта діннің ішкі мазмұнына қарағанда сыртқы формасы алдыңғы қатарға шығады, діндарлықтың бұл түрінде жеке тұлғалық рухани ізденіспен салыстырғанда дайын үлгілерді жиі қолданады.

Діндарлық туралы тұжырымдар дінге көзқарас ретінде нақтыланып келеді. Соңғы кезде мешітсіз, шіркеусіз «жеке діншілдіктің» («частная религиозность») көрінісі алып,

діннің жеке тұлғаның, жеке отбасының ұстанымына айналып, өзінің классикалық мәнінен, өмірге маңызды мән беретін қызметінен айырылып бара жатырғанына назар аударылады.

Сонымен қатар негізгі сұрағына айналған «діндарлықтың» негізгі үш шарты бар: орындалатын; ішінара орындалатын; орындалмайтын;

Діндар дегенді қалай түсінуге болады, оның мәні мен мазмұны қандай, шынайы діндарлық па, әлде дінге қызығушылық па, діндегі адамдарға еліктеп, көптің іс-тейтін амал-әрекетін қайталау ма, мән-жайына терең бойламай желігу, даурығу ма деген сауалдар туатыны түсінікті. Дінді ұстанушылықтың критерийлері, белгілері төңірегінде талай ойшылдар пікір айтып келеді. Күнделікті тұрмыста да «діндар адам» деп кімді айтамыз деген сауалдар төңірегінде пікір-таластар туып жатады.

Діндарлықты (религиозность) жеке адам мен әлеуметтік топтың сана-сының, мінез-құлқының, адамдармен қарым-қатынасының дін тұрғысынан қасиеттері деуге болар. Діндарлықтың басты белгісі – діни сенім, діни идеяны, діни ұғым, түсінік, әңгіме-хикаяларды білу, қабылдау және мойындау [Хлопова, 2011: 98]. Діни мінез-құлық дегеніміз діни талаптарға сай іс-әрекет. Діндарлықтың бір жағы – Жаратушыға жеке-дара құлшылық ету, табыну болса, екінші жағы, құлшылықтан тыс амалдар: діни бірлестіктер мен мемлекет қарым-қатынасы, ғылыми ізденістер, конференциялар, конфессияаралық диалог, миссионерлік қызмет, діни оқу орындарының қызметі, діни кітаптар шығару, тағы басқа қызметтер.

Діндарлық жеке адам мен топтың діни қасиеттерінің деңгейімен, ел арасында таралуымен, саны мен сапасымен ерекшеленеді. Осы қасиеттеріне қарай діндар адамдар мен топтарды жіктеуге, топтауға да болады. Діндарлық негізінен жеке адамдар мен топтардың тұрақты қасиеттерінің жүйесі. Сонымен бірге, діндарлық көңіл-күй ұдайы өзгеріп, бір күйден екінші күйге ауысып, күрделеніп отырады. Себебі, адамдардың ұстанатын діни бағдарлары әртүрлі: «Мен құдайға сенемін», «Мен Құдайға ізденіс жолындамын», «Мен әлі де атеистік танымдамын», «Мен өзімнің дінге деген көзқарасымды анықтай алмаймын, атеизмнен кеттім бе, дегенмен шынайы дінге оралдым деп айта алмаймын» деген сияқты жауаптар әлеуметтік зерттеулерде жиі қайталаанады.

XX ғасырдың 90-жылдарынан кейінгі идеологиялық вакуум салдарынан қоғамда сан түрлі жат діни ағымдар, әсіресе жастар арасында жылдам тарай бастады. Мұның себебі, діни сауатсыздық, жастық албырттық, өмірлік тәжірибенің аздығы, өмірден өз орның таппау, әлеуметтенудің қалыпты үрдісінің бұзылуы, әлеуметтік жағдайлар (жұмыссыздық, кәсіби біліктіліктің төмендігі), рухани әлемнің жұтандығы, торығу, жалғыздық, рухани тірек іздеу, ақпараттық материалдардың тасқыны (шет елдік діни әдебиеттер, интернет жүйесі, әлеуметтік желілер), еліктеушілік, қоғам өміріндегі көрініс берген маргиналды құбылыстар, постмодернистік ұстанымдар болды.

Дінді қабылдау күнделікті өмірде осы діннің талабын орындау, діни құндылықтарды тұрмыста қолдану қағидасы болып отыр. Діндарлықтың нормативтік құндылықты компоненті діни сенімнің догматикалық және концептуалдық негіздерін игеруді, білуді қамтиды және діндар адамның құндылықтар жүйесін қалыптастырады.

Жаһандану заманында әрбір мемлекет өзінің ұлттық қауіпсіздігінің негізгі бөлігі ретінде рухани қауіпсіздігін қорғауды ерекше назарға алып отыр. Соңғы жылдары әлемде орын алған діни қақтығыстар салдарынан көптеген елдер осы саладағы заңдарын қайта қарап және өзгертіп жатыр. Дін саласындағы заңнаманы реттеу, осы саладағы мемлекеттік саясатын арттыру, конфессияаралық қатынастарды жетілдіру – бүгінгі өзекті мәселе.

Қазақ дүниетанымында «діндарлық» феноменінің қалыптасуы қазіргі дінтану ғылымында діндарлықтың орныққан ортақ ұғымы жоқ, осы себепті зерттеушілер бұл феноменді әртүрлі аспектілерінен қарастырып, нақты зерттеу үшін маңызды қырларын ашып

көрсетуге ұмтылады. Әрбір мемлекетте «діндарлық» феномені айрықша орынға ие, себебі ол қоғамның тынысы, сенімі, өмірдің негізгі экзистенциальды-танымдық бағытқа ие болды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дін дегеніміз не?[Электронды ресурс]URL <https://http://fatua.kz/kz/post/view?id=334> Бойс М. (1994)
2. Қазақстан халқының рухани-құндылықтар әлемі / З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ. – 188.
3. <https://kazislam.kz/eislam-134/?lang=ru>
4. Орынбеков М.С. Генезис религиозности в Казахстане. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. – С. 204.
5. Хлопкова О.В. Современные западные подходы к изучению феномена религиозности // Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского. Серия Социальные науки, 2011, № 4, С. 154.

## КЕМЕЛ ҰСТАЗ

**Асқарова Кенжегүл Исламжанқызы**  
ШЖК КМК «Жоғары медицина колледжі» оқытушысы

**Аңдатпа.** Нар тұлға, көрнекті ғалым, қоғам қайраткері, философия ғылымдарының докторы, профессор Қасабек Аманжол бүгінгі таңдағы философия, психология, саясаттану және әлеуметтану ғылымдарының өзекті мәселелерін студенттерге, аспиранттарға оқытуда жоғары деңгейге жеткізген Кемел ұстаз болған.

**Кілт сөз:** Кемел ұстаз, Нар тұлға, рухани мәдениет, қазақ философиясы, ұлттық сана-сезім, тұлғалық таным.

Дүниеде, тарихта ер елден артық ел бар ма?!

Ер жолымен өткен елдердің тарихынан сұлу тарих бар ма?!

Елін «ел екен» дегізіп өткен ұлдарға өлім бар ма, сірәда?!

М.Әуезов

Әл-Фараби бабамыздың «Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі..., мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ..., жұрттың бәріне... жақсылық пен ізгілік көрсетіп...қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек», деген екен. Аманжол Қасабек дәл осындай Ұстаз болды.

Қасабек Аманжол 1943 жылы туған, Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Бостандық ауылында дүниеге келген. Ғалым, философия ғылымдарының докторы профессор. 1969 ж. М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін бітірген 1969-78 ж. Жамбыл педагогика институтында, Алматы зоотехникалық-мал дәрігерлік институтында аға оқытушы болған. 1978-91 ж. ҚазМУ-дің Кәсіби біліктілікті арттыру интының директоры, 1991-95 ж. ҚазМУ-де философия және политология факультетінің деканы, проректор, директоры болды. 1995-98 ж. І. Жансүгіров атындағы Талдықорған университетінің ректоры. 1998 жылдан Қазақ

гуманитарлық заң университетінде кафедра меңгерушісі. Саналы ғұмырын ғылымға арнады. 200 жүзге жуық ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектердің авторы. Жастардың жанашыры болған ғұлама ғалым. Сол жанашырлықтың бір ұшқыны маған да тиген еді.

Адам баласы ақыл, ар-ождан, ғылым, мінез деген нәрселермен ерекшелінеді емес пе? Олай болса, Аманжол Қасабек осындай ерекшелікті тұлға болды. Ол кісінің жақсылығы мен ізлігіін, жанашырлығын еске алсам, 1991-95 ж. ҚазМУ-де философия және политология факультетінің деканы болған шағында, мен 3 курста философия және политология факультетінің философия мамандығында білім алып жатқан кезім еді. Оған дейін Есік қаласындағы педагогикалық училищесінің бастауыш мектеп мұғалімі мамандығын алған едім. Қаладағы бір мектеппен сөйлесіп, оқудан шығуға бел будым. Алып-ұшып, декан Қасабек ағамның алдынан бірақ шықтым. Өтінішімді асықпай оқып шығып, бетіме мейірлене қарады да: «Қай қаладансың, ата-анаң білеме?», деді. Ол кезде менің ата-анам өмірден озып кеткен еді. –Ол кісілер қайтыс болған, осы Алматы облысының тумасымын», дедім. Үнсіз ғана өтінішімді жыртып, сабағыңа бара ғой деді. Бетіне қасқая қарағанымда, жүзінде бір ізгілік, мейірімділікті байқадым да, қарсы келместен, шығып кеттім. Енді ойласам, қамқоршым болған екен. Мен сияқты сан мыңдаған студенттің қамқоршысы болумен қатар, күллі қазақ халқының жанашыры болғандығын, оның еңбектерінен байқауымызға болады.

Философия – адамшылық жолындағы қараңғы қалтарыстарда қолға ұстайтын шамшырақ. Адам баласы жан же-місін татпай өмірдің терең мағына, шын мақсұтын түсіне алмайды» («Әуезов Мұхтар. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т.15).

Өткен тарихымызға көз жүгіртсек, Антика философтарының даналығымен пара-пар келген, олардан бір сатыда кем емес бабаларымыздың болғандығына тарихымыз куә. Кеңес үкіметінің саясатына сүйенсек, қазақтың тарихы да, мәдениеті де болған жоқ делінген. Осы кезде Қасабек Аманжол «Қазақ философиясы» деген еңбек жазды. Осы кісінің кітабы арқылы кеңес үкіметінің кезіндегі халықтар қазақта философия бар екеніне көздері жетті. Қасабек Аманжол ағамыз: батыс философиясы ғылымға айналған дүние. Ол жалпы дүниенің заңдылықтарын зерттейтін ғылым атанып кеткен. Ал біздің ата-бабамыз үшін қазақтың философиясы-өмір салты деп қараған. Осы кітапты жазарда бірталай ғалымдарымыз Қасабек ағадан: «Қазақта философия болған ба еді?!» деген екен. Сонда Аманжол ағамыз: «Халық болған соң, халықтың даналығы болады ғой, даналықтың тарихы болады, даналықтың ой – саптамасы болады» деп кітабын жазып шыққан екен. Осы кісінің кітабы арқылы әлем қазақ философиясынан хабардар болмаса да, кеңес үкіметінің кезіндегі халықтар қазақта философия бар екенін білді деуге болады. Аманжол ағамыз Батыс философиясын жалпы дүниенің заңдылықтарын зерттейтін ғылым ретінде қараса, Отандық философияны-өмір салты деп қарастырған. Бұл кітапты жазудағы ағамыздың мақсаты-ұлттық сананы ояту болды. Аманжол ағамыздың зерттеуі бойынша қазақ философиясы гректің жеті ғұламаларының бірі Анархасистен бастау алады деседі. Ал қазақ деген атаумен тарих сахнасында Асан қайғыдан бастау алатынын айтады. Демек бұл қазақ хандығы құрылған уақытпен сәйкес келеді. Біздің ата-бабамыз бес мың жыл бұрын айтқан даналық нақыл сөздерін мысалы: «Біреуге ор қазба, өзің түсесің» дегенін, Кофуций үшмыңжылдықта «Егер біреуден кек алғың келсе, екі ор қазып даярлай бер» деп қағаз бетіне түсіргендігін айта келе, бабалырымыздың даналығын дәлелдеп отырды.

Махмұд Қашқари түркілердің кі-сілік келбетіндегі әлімсақтан бұйырған адами игіліктерге қалай марқайса, ендігі ұрпақ дәл сондай шал-қып, шаттанады.

«Өздері әдепті, сыпайы, жасы үл-кен адамдарға құрмет қылғыш, айтқан сөзінен қайтпайтын, уәде-сіне берік, мақтану, тәкаппарлық дегенді білмейді. Түрік тайпалары – қаһарман, батыр ел («Қазақ философиясы», 93-б.).

Қадырғали би өзінің дүниетанымының негізінде адам мәселесін алған, оның мәртебесін көтерген. Адами қатынастардың қоғам үшін, мемлекет үшін, жалпығаламдық үйлесімдік үшін маңызы зор екенін сезінгені байқалады» («Қазақ философиясы», 121-б).

Серік Жұмабекұлының «Тектілік пен тексіздік» мақаласында «Президент және Халық» газетінде Қасабек ағамыздың ұлтжандылық қасиетін байқаймыз. Серік Жұмабекұлының: «Таяуда белгілі философ, профессор Аманжол Қасабек мырзамен қызмет бабы бойынша әңгімелесіп қалдық. Ол кісі «ов» деген пәледен құтылғанын, жаңа төлқұжат бойынша ататегін осылай жазғызғанын жеткізді. Сосын: «ов» жалғауы орыстың «чей холоп?» деген сөзінен шыққан дей отырып, бұл – кезінде құлдар мен күндердің қай құлиеленушіге тиесілі екендігін анықтайтын жалғау болғанын, кейіннен орыс халқының фамилиясына айналып кеткенін дәлелдеді» деп Қасабек ағамыздың барлық өзгерісті алдымен өзінен бастағаны жайлы жазды.

Қасабек Аманжол: «Қазіргі кезде Еліміздің басты бағыттарының бірі – тәуелсіз мемлекетіміздің жас азаматтарының бойында отансүйгіштік қасиеттерді егу мен тарихи сананы қалыптастыру барысында бабаларымыздың қалдырған әлеуметтік-адамгершілік үлгідегі өсиеттері мен рухани мұрасын терең насихаттап, қалың көпшіліктің игілігіне жарату. Адамның рухы жоғары идеяларға ұмтылғанда ғана игілікке беттейді. Бұл мәртебеге жетудің жолы – дүниелік, материалдық тәуелділіктен арылу» дейді. Шынымен де бұл індет қоғамды жайлап бара жатыр. Біздің қоғам рухани адамгершіліктен материалдық игілікті жоғары бағалап жатырмыз. Аманжол ағамыз жастардың бойына отансүйгіштік, тарихи сананы қалыптастыру үшін бабалар өсиетін терең насихаттаған ұлт жанашыры болды.

«Қазақ қоғамында ежелден қалыптасқан дәстүр бойынша адамның бала күнгі кезінен бастап бүкіл бірлігі қоғамның бақылауында болған. Сондықтан қоғам мүшесінің бірде-бірінің жасаған жақсы ісі де, жаман ісі де назардан тыс қалмастан, дер кезінде өзіне лайық әділ бағасын алып отырған, бар тірлігі таразыға тартылып, соған орай ортасы өз бағасын беріп отырғаннан кейін, адамның өзі туралы мақтануының да ақталуының да қажеттілігі болмаған. Бәрін өскен ортасы дұрыс та әділ бағалап отырған соң, адам ештеңеге алаңдамай барынша қоғам талабына сай тірлік кешуді мұрат еткен» деп бабаларымыздың құрған қоғамының әділеттігін әрқашан дәріптеп отырған, үлгі тұтқан.

Профессордың кең де терең білімділігі әртүрлі оқу пәндерінің бәрінен бірдей тең дәрежеде жетік, білікті, сапалы сабақ өткізуге мүмкіндік береді. Кафедрадағы қазақ философиясы тарихынан маманданып жүрген аспиранттарға жетекшілік етуде де үлкен қырынан танылды. Бірнеше оқу-әдістемелік құралдардың авторы және жетекші ретінде философиялық-әдіснамалық мәселелерді көтерудеде атқарған жұмыстары қомақты.

Қазақ философиясының тарихын зерттеудің тың методологиялық принциптерін, оның шығу тегімен негізгі даму кезеңдерін, сонымен бірге жаңа түрдегі ойлау жүйесімен элементтерін танып-білудің философиялық мәселелерін анықтауға үлкен күш салды.

Қазақстан философтар одағының вице-президенті, ҚазақҰлттық университетіндегі кандидаттық диссертация қорғалатын арнаулы Кеңестің төрағасы қызметін атқарды.

Аманжол ағамыздың жетекшілігімен философия мамандығы бойынша отыздан астам ғылым кандидаты және сегіз ғылым докторы даярланды. Олардың тақырыптары философия тарихы, әлеуметтік философия және таным теориясы мәселелеріне арналған.

Екі жүзден астам ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектердің, оның ішінде «Социальная деятельность и социальное познание», «Қазақ философиясы», «Философия тарихы», «Искание истины», «Шығыс философиясы», «Тарихи-философиялықтаным», «Ғылымфилософиясы», «Құқықфилософиясы», «Личностноепознание», «Бауыртартқанжүрек», «Кісіболмысы», «Современная философия науки», «Қазіргі ғылым дамуының философиялық ерекшеліктері» және тағы басқа монографиялар мен оқулықтардың авторы. Ғылыми-оқытушылық және белсенді қоғамдық жұмыстары лайықты бағаланып,

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл», «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл» медальдары мен және көптеген грамоталармен марапатталды. Ұстаз-зор тұлға, ол күннің құдіретті сәулесі іспетті. Сәулесі нұрын шашып тұр. Сол сәуледен нұр алған ұрпақ-біздер, оның шәкірттері.

Аманжол Қасабек өз бойына іс пен шәкірттеріне деген сүйіспеншілікті біріктірген – Кемел ұстаз. Аманжол ағамыз өмірден озғанда, Шөмішбай Сариевтің мына өлең жолдары еріксіз есіңе түседі...

Бір Алатау жерленгенге ұксады,  
Халқым тауын қалай ғана қиды екен?  
Жұмыр жерді орап алған құшағы,  
Тар қабірге қалай ғана сыйды екен? деп талай шәкірт қан жұтқан болатын.  
Үйінде қаламың тұр тыным алған,  
Біздерді енді қайта кезіктірмес,  
Ортада ажал деген Ұлықорған.  
Көнбеске амал бар ма мәңгі бұған,  
Артыңда медет болып қалды мұраң.  
Кіршіксіз жаны таза, жайсаң аға,  
Іздеймін елесіңді таң нұрынан!

Пайдаланған әдебиеттер:

1. А. Қасабек, Ж.А.Алтаев. Қазақ философиясы. – Алматы: «Ер-Дәулет», 1996.
2. А. Қасабек. Философия. – Алматы, «Рауан», 1991.
3. «Президент және Халық» газеті (№47(062) 24қараша, жұма. 2006 жыл) Серік Жұмабекұлы
4. («Әуезов Мұхтар. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т.15).
5. Дереккөздері: Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 6 том А.Сейдімбек, «Елтұтқа» кітабы «Тарихи тұлғалар» кітабы

## УНИВЕРСАЛИИ ЭТИКИ И ПРАВСТВЕННЫЕ ЦЕННОСТИ КАЗАХСКОГО НАРОДА

**Кожан Алмат<sup>1</sup>, Жаныкулов Калдыбек<sup>2</sup>, Досалиев Тимур<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ, философия кафедрасының докторанты

<sup>2</sup>Тарих магистрі

<sup>3</sup>Ахмет Ясауи Университеті философия кафедрасының магистранты

**Аннотация.** Целью статьи является идентификация моральных ценностей казахского народа в контексте категорий современной гуманистической этики. Задачами исследования является характеристика морали в ее генезисе на определенном этапе человеческого общества или развития человеческого индивидуума, то есть в филогенезе и онтогенезе, показ ее формирования на трех ступенях становления человеческого "Я": а) степень рода и культура, означающую единство человека с миром, неотделенность его от мира и от других людей, единство мироощущения с другими, проявляющееся в феномене "рода"; б) степень этноса, отбора культурных форм в условиях разнообразия человеческой деятельности и человеческих индивидуальностей; здесь формируются естественные нормы человеческих взаимоотношений, которые мы называем нравственностью (от слов - нрав, обычай), формируются основные нравственные ценности: свобода, добро, зло, справедливость; в) на третьей ступени цивилизации ценности добра, зла, свободы трансформируются в социальное

понятие долга, социализируются в конкретном обществе и становятся уже социальными и правовыми нормами. Ставится задача определения значимости национальной этики, так как она подчинена не интересам отдельного, частного человека, а интересам социума. Человек в этой этике выступает в качестве объекта воздействия на него со стороны общества, или иного социума (части общества или какого-либо социального института). Научная новизна работы непосредственно связана с ее темой и состоит в том, что данная статья представляет новый срез исследований, посвященных сопоставительному анализу принципов и категорий универсальной и национальной этик, гуманистическим концепциям добра, справедливости и счастья в сравнении с нравственными универсалиями казахского народа.

**Ключевые слова:** этика, национальные ценности, культ, нравственность, нормы, добродетель, цивилизация.

### Введение

Уже несколько десятков лет в научной и публичной литературе Казахстана не угасает интерес к проблеме возрождения национальной культуры. С каждым годом растет поле деятельности обществоведов, социологов, психологов, культурологов, словом всех тех, кто трудится на ниве возрождения казахской национальной морали в новых условиях.

Казахское понимание добропорядочности и добродетельности, по-своему отражает всю глубину, широту миропонимания, мироощущения, мировосприятия кочевого общества. База, которой соответствует Степная мораль, непосредственным образом связана с культурой, с языком, с обычаями и традициями, с национальной психологией и национальным характером народа. Моральные нормы евразийских номадов имеют философско-этическую интерпретацию, т.к. основаны на обычаях, традициях передаваемых из поколения в поколения, кроме того, они сопряжены с естественным человеческим правом на жизнь. Национальный менталитет казахов, взятый в его историческом разрезе, несомненно, включал и включает в себя традиционное моральное сознание. Отказаться от этого сознания невозможно. Меняется мир, меняются времена, мода. Соответственно меняются критерии оценки общественных явлений. И сохранение позитивного традиционного морального сознания – есть элемент культурного наследия.

Сегодня в мире возрождается интерес к чело-веку. И этика, и философия становятся дисциплинами человековедческими. Человек – вот что их объединяет. Из двух позиций в понимании морали – системоцентристской и субъектоцентристской – гуманистическая этика принципиально выби-рает вторую. То есть субъектоцентризм этики исключает другие подходы: интересы субъекта здесь – главное. Системоцентристский же подход понимает человека в качестве зависимой переменной определяемой возможностями, заложенными в обществе. Человек в этой пара-дигме по-прежнему объект воздействий извне, которому "дают" свободу действий, права или "не дают" [1, стр. 114].

Мақаланың өзектілігі: Исламдық білім беру жүйесі – мұсылман мәдениеті үстемдік еткен елдерде ғасырлар бойы дамып, қалыптасып келе жатқан исламдық сенім мен дәстүрге негізделген білім беру жүйесі. Ол адамдарды ислам тағылымдары мен білімдеріне сай өмір сүруге дайындауға бағытталған негізгі қағидаларды қамтиды. Қазақстанда да діни оқу орындарын қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы бар. Бұл бағдарлама аясында мемлекет діни оқу орындарының құрылысын қаржыландырады, діни тақырыптағы зерттеулерге гранттар береді.

Зерттеу объектілері: діни білім беру жайлы әдіснамалық еңбектер мен ғылыми зерттеулер, отандық һәм шетелдік ғылыми мақалалар.

**Түйін сөздер:** Ислам, дін, білім, әдіс, кәләм мен фикһ, діни білім, медресе, университет.

### Кіріспе

Ең алғашы ислам оқыту жүйесін медреселік оқытуды өмірге келтірген қазақ даласы болды деген пікірден басқа, парсылардың, үнділердің жерінде де медреселер ашылды деген пікір де кездеседі. Мысалы, Мәдинадан бастау алған медреселер бірте-бірте Нишапур, Бағдад, Басра, Бұқара және Самарқанда салынып жатты. Бұл дәстүр Баласағұн, Түркістан, Отырар, Сайрам, Сығанақ секілді Ұлы Жібек жолының бойында жатқан ірі мәдени орталықтарда жалғасын тап-ты. Нақты мамандандыру жүйесі арқылы медреселерде діни білім берілсе, рухты кемелдендіру жүйесі арқылы рухани білім ордалары (текке, құжыра, забия, ханака) да қызмет етті [1].

Мұсылман мектептері оқу орындарының бастапқы сатысы болды. Бастауыш мектептен білім алған балалар оқуларын медреседе жалғастыра алды. Медреселерде ірі Бұқара, Стамбұл, Қазан, Уфа, Орынбор, Троцкі, Омбы сияқты ірі қалалардан оқып келген оқытушылар дәріс берді. Шәкірттерге араб тілі, дін, риторика, шығыс әдебиетімен қатар физика, химия, астрономия, ботаника, алгебра, геометрия сияқты пәндер тереңдете оқытылды [2]. Медреселерде ересек балалар оқыған және олар емтихансыз қабылданған. Оқу қыркүйек айында басталып, мамыр айында аяқталды. Сабақтар аптасына 3-4 рет өткізілді, ал қалған күндері шәкірттер жеке дайындалуға тиіс болды. Ораза кезінде медреседегі сабақтар бір айға тоқтатылды. Жазғы демалыс уақытында шәкірттер үйлеріне қайтып, ауыл балаларын оқытумен айналысқан. Мұсылман мектептері мен медреселерін Орынбор мүфтилігі де тікелей қадағалап отырды.

Зерттеуші Қ. Адамбековтің пікірі бойынша, қазақ даласында ашылған медреселер өзіндік ерекшеліктерге ие болды. Айталық, медреселер өзіне дінді, отан сүйгіштікті, отан пайдасы үшін отан балаларын жетілдіруді мақсат етті, отанға және ұлтқа деген сүйспеншілікті арттыды, тұрмыста тәуелсіз қарекет ете алу, түрлі, күнделікті мәселелер алдында абдырап қалмау, өзінің ахуалы мен мұқтажының талабына жарата аларлық, шетке шыққанда өзін тәрбие айтып, алып кетерлік білім берді. Осы мақсатта әр жердегі әр түрдегі медреселер негізінен дін, ана тілі, есеп, орыс тілі, жағрафия, табиғаттану, ұлт тарихы, отан тарихы, ашқал және рәсім, күй және гимнастика қатарлы пәндерді оқытты [3].

Ислами оқу жүйесінің күн санап, қанат жаюымен, «жәдидизм «усул-ү жәдид» (жәдит тәсілі) алғашқы түрік зиялылық қозғалысы болып табылатын жәдитшілік қозғалысы он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысының ба-сында тіл, оқу-ағарту және дінмен байланысты салалардағы жаңару қозғалысы ретінде басталды. Бұл қозғалыстың негізгі өкілдері сол кезде Орта Азия бойынша діни ғұламалар Абдүлнасыр Курсави (1770-1814), Муһабеддин Маржани (1815-1889), Абдулкаюм Насыр (1824-1907), және Нусейн Феизһани (1826-1866) болды. Жәдитшілік – Ресейдегі түрік халықтарында болған экономикалық өзгерістердің нәтижесінде және осы өзгерістердің ықпалымен жанданған ояну, жаңалық қозғалысы. Кейінірек «Усул-ү жәдид» қозғалысы бүкіл түрік әлеміне та-рау жолын іздеді. Бұл қозғалыс ең алдымен ағарту саласында жаңалықтар енгізуді мақсат еткен. Татар мектептерінде жаңа оқу әдісінің қолданылуының талқылануы кезінде ескі әдісті қолдайтын «қадимшілер» жаңа әдісті қолдайтын «жәдитшілер» арасында бір тартыс басталған. болатын» [3]. 1905 жылдан бастап ескі оқу жүйесіндегі Қадимшылардың саны азайып, жәдиттік оқыту жүйесі басым орынға шықты. Жәдиттік қозғалыстың жандануы «жаңа әдісті» мұсылмандық медресе, мектептердің көптеп ашылуына алып келді.

Уфадағы «Ғалия» медресесі 1905 жылы ашы-лып, қазақ балаларының оқитын орындарының біріне айналды. Ол жоғары мұсылман оқу орны ретінде татар, башқұрт және Ресейдегі басқа мұсылман халықтарын ағарту сала-сында үлкен рөл атқарды. «Ғалияға» білімге құштар мұсылман жастары жер-жерден ағылды. Мұнда қызғылықты әдебиет кештері өткізіліп, пікірсайыс клубтары жұмыс істеді. Қазақ, татар, өзбек тілдерінде қолжазба жур-налдар шығарылды [4]. Медресеге орта сыныптық «рушдиядан» өткендер сынақ тапсыру жолымен қабылданған. Төменгі бас-қыш «ибтидаияда» үш жыл, орта «рушдияда» үш жыл, жоғарғы «Ғалияда» алты жыл, жиыны он екі жыл оқыған. Бұл медреседен қазақтың алдыңғы қатарлы зиялылары Ж. Тілепбергенов, М. Жұмабаев, Б. Майлин, Т. Жомартбаев, Б. Серкебаев, барлығы 50-ден астам азаматтар білім алған. «Ғалия» медресесінде оқыған қазақ шәкірттері жиі-жиі бас қосып, мұқтаж шәкірттерге көмек көрсету, ағарту мәселелері жөнінде ақылдасып отырды.

Қазақстанда атап айтқанда, Верныйда Ғаб-дулвалиевтер, Ақсуда «Мамания», Қапалда «Якобия», Зайсанда «Қазақия» және «Ғизатия», Қар ға лыда «Әмирия» және тағы



басқа медреселер ашылды. Бұл оқу орындарының шәкірттері жылдан-жылға көбейіп отырған. «Мама-ния» медресесі 1899 жылы Ақсуда бой көтерді. Бастапқы кезде медреседегі оқу араб жазуы негізінде діни бағытта ғана оқытылды. Ал 1904 жылдан бастап Сейітбаттал мен Есенғұл Тұрысбековтер медресені жаңа әдісті оқу орны ретінде қайта құрып, қажетті мектеп жабдықтарымен қамтамасыз етіп отырған. «Мамания» медресесін оқып шыққандар кейіннен Уфа, Орынбор сияқты ірі қалаларда оқуларын жалғастырған. Мұсылманша оқитын оқушылардың саны жыл сайын артып отырды. Патша шенеуніктері панисламизм пен пантүр-кизм идеяларын насихаттауы мүмкін деген қорқынышпен жаңа әдісті мектептердің оқу жүйесіне енгізілгеніне қарсы болды. Сондықтан мұсылман медреселері мен мектептерінің оқу бағдарламалары қатаң тексеріліп, дәріс беретін мұғалімдер құпия түрде бақылауға алынып, олардың іс-әрекеті турасында арнайы іс ашылған.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басында ашылған мұсылман мектеп-медреселері мен ағартушылық қоғамдарының ағарту саласына қосқан маңызы зор. Қазақ даласындағы ислами білім беру тек қазіргі Қазақстан территориясымен шектелмеді. Шетелдегі қандастар арасында да діни оқыту өз бетінше қанат жайды. Мысалы, қазіргі ҚХР иелігіндегі Шығыс Түркістан қазақтары да алғашқы оқу-ағарту ісін діни оқудан бастады. Исламның бұл өңірге таралуы ерте болғанымен, діни оқыту істері жайырақ басталды. Тарихи деректерге негізделгенде, 1827 жылы Алтай молдалары арасында беделді Мұхамет Момын (оқымысты Шаһи Мансур ұлы) Алтайдағы Қожамжар төре ауылында төре бейіті деген жерден үй салып, жанынан медресе ашып, бала оқытады. Кейіннен бұл медресенің орнына мешіт салдырады. Оның сыртқы көрінісіне қарап халық «сары мешіт» деп атап кетті. Мұхамет Момын атқарған қызметтерінің арқасында қазылық қызметіне көтеріледі. Осылайша Алтайда тұңғыш ислами үкім шығаратын қазылық билік жүйесі орнайды [5].

Тарихшы, ғалым Қабимолла Мәнжібаевтің «Қазақ оқу-ағарту тарихынан қысқаша деректер» деген еңбегінде: «Шығыс Түркістандағы қазақтар мекендеген өңірлерде медреселі мешіттер XIX ғасырдың екінші жартысының соңынан бастап салына бастаған. Бұған Алтайдың Сары те-рек деген жерінде 1870 жылы салынған «Жота қажы» медресесін айтуға болады. 1920 жылы Іле ауданында «Тоқжан» медресесі салынған», – деген дерек кездестіреміз [6].

Шығыс Түркістан өңірінің әр түкпірнен ашылған медреселерден Ақыт Үлімжіұлы, Мәми бейсі, Зуқа Сәбитұлы, Бөке батыр Жырғалаңұлы, Оспан батыр Сіләмұлы, Ғазез Ақытұлы қатарлы қазақтың біртуар оқымыстылары мен қоғам қайраткерлері шыққан. Ғазез Ақытұлы алғаш рет қасиетті Құран Кәрімді қазақшаға аударып бастырып, 3000 данамен халыққа таратқан. Бұндай игі істер Қазақстан территориясындағы ислами ілімдерінің қанат жаюына да өз септігін тигізді.

Бұл оқу орындарынан білім алған қазақ шәкірттердің кейбіреулері шет мемлекеттерде білімдерін жалғастырып, ғылым жолына түссе, ал біреулері қазақ қоғамының қызметіне белсене араласып, қазақ газет-журналдарын, оқулықтарын шығаруға белсене араласты. Осы оқу орындарын бітіргендер қазақ зиялыларының қатарын толықтырып, мемлекеттік орындарда қызмет етті. Кеңестік кезеңде ислам білім беру жүйесі тоқырауға ұшырады деп мойындауға болады. Кеңестік идеология дінді мемлекеттен толық бөлуді мақсат етіп қойып, жүзеге асыруға тырысты. Дегенмен, мемлекет өмірінен тыс, стихиялы түрде ислам қағидалары мен талап-тары туралы білім ишандар мен ахундардың ілімдерінде насихатталып, таратылып отырғаны белгілі. Мысалы, қазақ еліндегі ислам дінінің алғашқы орталығы саналатын Сыр өңірінде Қалтай ахун, Ақмырза ахун, Марал ишан секілді көптеген кісілердің еңбектері кең таралған. Дегенмен, олардың көпшілігі репрессияның құрбандарына айналды [7].

Тәуелсіздік таңы атып, дініміз бен тілімізге қайта оралып отырған бүгінгі күнде, ислами оқыту жүйесі мемлекет тәрпынан зор қолдау тау-ып отыр. Қазіргі таңда Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасына қарасты курстар, медреселер және имамдар біліктілігін жетілдіру институты-ты, сондай-ақ, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ақылшылығымен университет деңгейінде дін мамандары дайындалады:

1. Мешіттер жанындағы діни сауат ашу мен Құран сүрелерін жаттау курстары.
2. Діни оқу-тәрбие процесін жүргізетін Қайырымдылық мекемелері.
3. Құран кәрім сүрелерін кәсіби тұрғыда жатқа оқуды үйрететін қарилар дайындау орталықтары.
4. Медреселер.
5. Университет.

Орта арнаулы діни білім беретін медреселер 2007 жылдан бері Астана, Алматы, Павлодар, Орал, Ақтөбе, Шымкент, Сарыағаш, Шамалған, Тараз өңірлерінде ашылған. Оқу мерзімі – 3 жыл. Өткен жылдары 11 сыныпты бітірген неме-се колледж, университет тамамдаған шәкірттер қалдырылып келсе, 2015 жылдан бастап, Сарыағаш медресесінде 9 сыныпты бітіргендер де қабылдана бастады. Сондай-ақ, Оңтүстік Қазақстан, Алматы облыстарында қыздарға арналған медреселер де бой көтерген. Алғашында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қарасты орта арнаулы діни білім беретін медреселер заман және уақыт талабы-на сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қажетті мамандықтар тізіміне енгізіліп, мамандыққа мемлекеттік шифр берілген. Соның нәтижесінде медреселердің оқыту жоспары мемлекеттік стандартқа сәйкес жасалынған.

Медреселердің оқу жоспарына Құран, хадис, ақида, фикһ, дағуат әдістемесі, пайғамбарлар тарихы, араб тілі қатарлы ислами пәндерден сырт, Қазақ тілі, Қазақстан тарихы, информа-тика, мәдениеттану, экономика қатарлы зайыр-лы пәндер де енгізілген. Оқытылатын барлық оқулықтар, әдебиеттер мен оқу бағдарламасы Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы тарапынан ханафи мазхабының ұстанымдарымен толық сәйкестігі тексеріле отырып бекітілген. Ислами оқу беретін Қазақстандағы жалғыз жоғары оқу орны – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті. Университет құрыл-ғаннан кейін Ислами білім беру жүйесі жүйелі білім беруге көшкен. Көп жылдық қызмет пен ізденістер нәтижесінде, ислами оқыту жүйесі ис-ламтану мамандығы болып, 2011 жылы тіркеуден өтті. Алғашында бакалавр жүйесінде ғана оқытылып келген мамандық, қоғам талабы мен ғылыми сұраныс қажеттілігін қанағаттандыру үшін 2008 жылы магистратура бөлімі және 2012 жылы докторантура бөлімі ашылды.

Исламтану мамандығы қазіргі таңдағы қалыптасқан қоғамдық, саяси жағдайларға бай-ланысты, мемлекеттік маңызға ие ірі мамандыққа айналып отыр. Сол себепті, мамандыққа мем-лекет тарапынан көңіл бөлініп, жыл сайын мемлекеттік білім гранттары бөлініп келеді. Шәкірттерге сапалы ислами білім беру, отандық оқыту жүйесін халықаралық білім бе-ру кеңістігіне шығару – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің ең маңызды міндеттерінің бірі. Университет ислами оқыту үрдісінде, Мысыр Араб Республикасы, Түркия, Малайзия, Ресей қатарлы мемлекеттермен ынтымақтастық жөнінде мемарандумға қол қойылған. Шәкірттердің университетте сапалы, жүйелі білім алуына шарт-жағдай жасау мақсатында Талғар қаласында университеттің исламта-ну мамандығының түсушілеріне арналған дайындық курсы жұмыс жасайды. Дайындық курсында шәкірттер ислами білімдермен қатар, араб тілі, қазақ тілі және Қазақстан тарихы пәндерінен дайындалады.

Зайырлы мемлекеттік саясат шеңберіндегі исламдық білім беру діни сеніміне қарамастан барлық азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын ескеретін әртүрлі

нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін. Зайырлы мемлекет дін мен мемлекеттің бөлінуін қамтамасыз етеді, ар-ождан, дін бостандығына және заң алдындағы теңдігіне кепілдік береді.

Басқа пәндермен қатар білім беру бағдарламасына исламдық діни құрамды енгізу амалдардың бірі болуы мүмкін. Бұл жағдайда ұлттық білім стандарттарын ескере отырып, мектептер мен жоғары оқу орындарына исламдық оқулықтар мен мұғалімдерді енгізуге болады. Мұндай оқулықтар мен ұстаздар зайырлы білімнің талаптарына жауап беріп, өзге дін өкілдеріне төзімділікпен, құрметпен жұмыс істеуі керек.

Тағы бір тәсіл – исламдық білім оқу бағдарламасының негізгі құрамдас бөлігі болып табылатын жеке ислам мектептері мен университеттерін құру. Дегенмен, мұндай жағдайда бұл институттардың зайырлы мемлекет қағидаттарын бұзбауын және экстремистік идеологияны насихаттамауын қадағалау маңызды. Мұндай мектептердегі білім, оның ішінде діни және дүниежүзілік және ғылыми білімдер де тең болуы керек.

Қалай десек те, білім сапасына кепілдік беру және экстремистік идеологияның алдын алу үшін мемлекет тарапынан білім беру мекемелеріне, оның ішінде исламдық оқу орындарына бақылау мен қадағалауды қамтамасыз ету маңызды. Сондай-ақ ата-аналар мен оқушылардың діни немесе зайырлы білім алу еркіндігін қамтамасыз ету маңызды.

Діни сенім бостандығы мен барлық азаматтардың жалпы құқықтары мен бостандықтары арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ететін осы қағидаларды ескере отырып, зайырлы мемлекеттік саясат аясындағы исламдық білім беруді жүзеге асыруға болады.

Зайырлы мемлекеттік саясат шеңберінде исламдық білім беруді жүзеге асырудың нақты егжей-тегжейлері әртүрлі елдерде олардың конституциялық принциптеріне, мәдени ерекшеліктеріне және жергілікті халықтың қажеттіліктеріне байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Дегенмен, мұнда кейбір жалпы принциптер мен тәсілдер бар:

Діндердің теңдігі: Зайырлы мемлекетте барлық діндер заң алдында бірдей және білім алуда бірдей мүмкіндіктерге ие болуы керек. Бұл исламдық біліммен қатар басқа діндер мен нанымдарға арналған білім беру бағдарламалары да қолжетімді болуы керек дегенді білдіреді.

Білім беру стандарттары: Исламдық білім мемлекет белгілеген жалпы білім беру стандарттарына сәйкес болуы керек. Бұл білім сапасы мен басқа білім беру бағдарламаларымен сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Дін лидерлерінен тәуелсіздік: Зайырлы білім беру жүйесінде оқу бағдарламалары мен оқу-әдістемелік кешендерді діни жетекшілерден тәуелсіз тиісті білім беру органдары әзірлейді және бекітеді. Бұл ақпаратты ұсынуда объективтілік пен бейтараптылыққа кепілдік береді.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту: Зайырлы жүйедегі исламдық білім оқушылардың сыни ойлауы мен талдау дағдыларын дамытуға түрткі болуы керек. Бұл оларға ақпаратты және әртүрлі көзқарастарды түсінуге және бағалауға көмектеседі.

Әртүрлілікті құрметтеу: зайырлы саясаттың бір бөлігі ретінде исламдық білім әртүрлі діни және мәдени нанымдарға төзімділік пен құрметпен саудалануы керек. Ол халықтың әртүрлі топтары арасындағы диалог пен өзара түсіністіктің маңыздылығын атап көрсетуі керек.

Мұғалімдердің кәсіби дайындығы: Исламдық білім беруді зайырлы жүйеде тиімді жүзеге асыру үшін ислам пәндерінен дәріс беретін ұстаздарды кәсіби даярлаудың маңызы зор. Исламдық білім беруді зайырлы жүйеде тиімді жүзеге асыру үшін ислам пәндерінен дәріс беретін ұстаздарды кәсіби даярлаудың маңызы зор. Бұл ұстаздарға ислам дінін, мәдениеті мен тарихын тереңірек түсінуге, сондай-ақ зайырлы білім беру қағидаттарын ескере отырып, осы пәндерді тиімді оқыту жолдарын меңгеруге көмектеседі. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру дінаралық диалог пен мәдениеттер мен діндердің әртүрлілігін құрметтеу элементтерін де қамтуы мүмкін.

Діни бірлестіктермен диалог: Мемлекеттік білім беру органдары мен діни бірлестіктер арасында ашық диалог пен ынтымақтастықты қолдау маңызды. Бұл ислам қауымының білім саласындағы нақты қажеттіліктері мен күтулерін ескеруге көмектеседі.

Объективтілік пен бейтараптық: Исламдық білім беруде зайырлы саясат аясында объективтілік пен бейтараптық қағидалары сақталуы тиіс. Оқулықтар, ұстаздар мен оқыту әдістемелері исламдық ұғымдар мен сенімдерді дұрыс және объективті түрде, үгіт-насихат пен экстремизмнен аулақ болуы керек.

Исламтануды қолдау: Зайырлы мемлекет университеттердегі исламтану мен академиялық бағдарламаларды да дамыта алады. Бұл студенттер мен ғалымдарға ислам дінін, философиясын, тарихы мен мәдениетін терең меңгеруге, сондай-ақ ислам және батыс идеялары мен ғылымдарының диалогын дамытуға мүмкіндік береді.

Мұғалімдерді кәсіби даярлаумен қатар, оқу бағдарламалары мен материалдарын әзірлеуі үшін ислам теологиясы мен ислам тарихының білікті мұғалімдеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету де маңызды.

Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру: Ислам мәдениеті мен дәстүрі бойынша үйірмелер мен үйірмелер сияқты сыныптан тыс жұмыстар студенттерге ислам мәдениетіне тереңірек еніп, дінді толық түсінуге көмектеседі. Олар сонымен қатар студенттер мен әртүрлі мәдени топтар арасындағы диалог пен алмасу алаңы бола алады.

Жергілікті сезімталдық: Зайырлы мемлекеттік саясаттың бір бөлігі ретінде исламдық білім жергілікті мәдени және діни ерекшеліктерге сезімтал болуы керек. Мысалы, белгілі бір елде мұсылмандардың көпшілігі исламның белгілі бір сектасына немесе мектебіне жататын болса, оқу бағдарламасында олардың ерекшеліктері мен дәстүрлері ескерілуі керек.

Конфессиялық ұйымдармен ынтымақтастық: білім беру бағдарламалары мен материалдары діни жетекшілерден тәуелсіз әзірленуі керек болса да, діни ұйымдармен ынтымақтастық пайдалы болуы мүмкін. Бұл мемлекетке ислам мәдениеті мен дәстүрлерін жақсы түсінуге, сонымен қатар мұғалімдер мен студенттерге қосымша қолдау мен ресурстар алуға көмектеседі.

Зайырлы үкімет саясаты аясындағы исламдық білім мұсылмандардың білімге қолжетімділігін қамтамасыз етудің және әртүрлі діни және мәдени топтар арасында мәдени түсіністікті дамытудың тиімді жолы бола алады. Ең бастысы – діни сенімдер мен мәдени дәстүрлерді құрметтеу арасындағы тепе-теңдік және барлық діндер мен наным-сенімдерге қолданылатын жалпы білім беру стандарттары мен қағидаларын бекіту.

Дін мен білімнің арақатынасын тек заңнамалық актілерде ғана ашып көрсетуге болмайды. Қазақстанда халыққа білім беру жүйесінде діни фактордың болуына байланысты мәселелер «Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017–2020 жылдарға арналған тұжырымдамасында» бекітілген. Ол білім беру жүйесінің негізгі принциптері ретінде мыналарды анықтайды:

- мемлекет тарапынан білім берудің зайырлы сипатын қамтамасыз ету;
- діни дүниетанымды таңу және тәрбиелеу үшін педагогикалық ұжымның жауапкершілігін белгілеу;
- білім беру ұйымдарының ішкі құрылымы мен қызметінің кез келген діни ұстанымдардан тәуелсіздігін қамтамасыз ету;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) ішкі тәртіп ережелерін сақтауы, білім беру ұйымының жарғысында және білім беру қызметтерін көрсету шартында көзделген өзге де талаптарды орындауы;
- білім беру және тәрбиелеу процесінде студенттерге діндер туралы тек ғылыми білім беру;

- оқыту кезінде қандай да бір діни бірлестікке кіруге немесе онда қалуға мәжбүрлеуге жол бермеу;

- студенттердің діни себептермен сабаққа қатысудан бас тартуына жол бермеу;

- оқу орындарында діни іс-шаралар мен миссионерлік қызметті өткізуге жол бермеу;

- білім беру ұйымдарында белгіленген нысанды киімге қойылатын талаптарды сақтау.

Тұжырымдамада білім беру ұйымдарында «Зайырлылық және дінтану негіздері» біліктілігін арттыру курсы оқытуға ерекше көңіл бөлінген, ол «оқушылардың діни ілімдердің ерекшеліктері мен тарихы туралы ғылыми білімдерін қалыптастыруға, жастарды тәрбиелеуге ықпал етуге тиіс».

Діннің қоғам дамуы үшін маңызы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңының преамбуласында көрсетілген: «Осы Заң Қазақстан Республикасы ханафилік ислам бағыты мен православиелік христиандықтың халықтың мәдениеті мен рухани өмірін дамытудағы тарихи рөлін мойындайтыны, Қазақстан халқының рухани мұрасымен ұштасатын басқа діндерге құрметпен қарайтыны, конфессияаралық келісімнің, діни төзімділіктің және азаматтардың діни сеніміне құрметпен қараудың маңыздылығын мойындайды. Жеке діндердің халықтың мәдени және рухани өміріндегі ерекше тарихи рөлін мойындап, заңмен бекіте отырып, мемлекет өз азаматтарының арасында осы діндер туралы білімді қалыптастыру және тарату қажеттілігін растайды. Осы тұрғыда халыққа білім берудегі «діни компонент» қоғамның прогрессивті рухани дамуына, ондағы конфессияаралық келісім мен діни толеранттылықтың қалыптасуына ықпал етеді. Азаматтардың діни наным-сенімдерін құрметтеу өздігінен туындамайды – ол үшін азаматтардың діндер тарихы, діни ілімдердің негіздері, сондай-ақ діни білім берудің басқа да тақырыптары туралы қарапайым білімі болуы керек. Бұл ЕАЭО мемлекеттерінде зайырлы білім беру принципін «діни құрамдас бөліктен толықтай азат аймақ» ретінде қатаң түсінуден біртіндеп кетуді түсіндіреді. Оның орнын қоғамның рухани дамуы үшін діни білім беруді ұтымды пайдалану алмастырылуда.

Діни білім беруді құқықтық реттеудің дуализмі: құқықтың жүйелік сипаты және қайшылықтарды жою жолдары мәселесі бойынша ЕАЭО мемлекеттерінде діни білім беруді заңнамалық реттеу дуализммен сипатталады, ол тиісті құқықтық қатынастарға қатысушылардың құқықтық мәртебесін белгілеу мақсатында бірден екі заңнама білім туралы саласына – ар-ождан бостандығына қатысты актілерді қолдануды көздейді. Ар-ождан бостандығы туралы заңнамалық актілер діни білім беру принциптерін белгілейді және діни оқу орындарының қызметін реттейтін нормаларды қамтиды. Білім туралы заңнама актілері, әдетте, мемлекеттік және муниципалдық білім беру ұйымдарында діни және теологиялық пәндерді (курстар, пәндер, модульдер) оқытуды реттейді. Қазақстанда, Қырғызстанда және Ресейде теологиялық оқу орындарының қызметі ар-ождан бостандығы туралы заңнамамен де, білім туралы заңнамамен де реттеледі.

Діни білім беруді реттеу кезінде қолданыстағы заңды анықтауда негізгі сәттердің бірі – «дінге оқыту», «діни білім» және «діни білім» ұғымдарының аражігін ажырату.

Діни білім беру – дінтану және діни білім берумен қатар, діни оқу орындарындағы болашақ дін қызметкерлері мен діни қызметкерлерге кәсіби діни білім беруді де қамтитын кеңірек ұғым. «Дінге оқыту» және «діни білім беру» – ар-ождан бостандығы туралы заңнаманың да, білім туралы заңнаманың да тұжырымдамалық аппаратында бар күрделі ұғымдар. Білім беру ұйымынан тыс та, оның ішінде де дінді оқытуға және діни білім беруге болады. Бұл ретте мақсатты аудитория діни бірлестіктің мүшелері де, оған кіруге ниет білдірген адамдар да болуы мүмкін.

Егер дінді оқыту және діни білім беру діни бірлестіктердің өздері белгілейтін нысандарда жүзеге асырылса, онда пайда болған қатынастар құқықтық реттеу аясынан

алынып, діни бірлестіктер құратын конфессиялық ережелердің көмегімен реттеледі. Тиісінше, бұл ретте діни ұйымдардың дінтану және діни білім беру жөніндегі қызметі лицензиялауға жатпайды.

Зайырлы мемлекет дегеніміз діни емес, азаматтық тұрғыдан реттелетін мемлекет түрі. Зайырлы мемлекетте заң діни принциптерге толықтай немесе жартылай келісуі мүмкін; «зайырлылық» дін ұстанымдарына қарсы емес, керісінше бостандығын жақтайды. Мұсылман мемлекеттерінің көпшілігі зайырлы мемлекеттің критерилеріне сәйкес келмейді. Мысалы, Иран Ислам Республикасы және Сауд Арабиясы теократиялық мемлекеттер, мұсылман мемлекеттерінің көпшілігінің атазаңында, заң Құран және шариғатқа негізделген. Малайзия зайырлылықтан шамалы алыстау. Зайырлы мұсылман мемлекеттерінің қатарына Түркия және ТМД елдері жатады. Сонымен қоса, мемлекеттік дінмен қатар өздерін зайырлы мемлекет екендігін жариялайтын мемлекеттер де бар. Мысалы, Англия, Дания, Египет, Тунис, Бангладеш т.б. Дін мемлекеттен толықтай бөлінбеуі Израильде байқалады. Қазір зайырлылық принциптерінің орындалуы басты назарда, мемлекеттің дін догмаларынан бөлінуі, бірақ діннің қоғамнан ажыратылуы емес. Әлеуметтік ғылымда екі түрлі критерий бойынша мемлекетті зайырлы не болмаса зайырлы емес деп бөлуге болады: 1) мемлекетпен діни ұйымдардың әріптестігі; 2) мемлекеттің құқықтық жүйесіне дін ықпалының деңгейі. Берілген критерилер зайырлы мемлекеттердің 4 типін анықтауға мүмкіндік береді: преференциалды, эквипотенциалды (мемлекет діни ұйымдардың мемлекет өмірінен барынша алыстатуға тырысады), контаминациялы, идентификациялы (мемлекетпен діни ұйымдардың әріптестігі). Зайырлы мемлекеттердің әртүрлі болуы қоғам дамуының қорытындысы. Зайырлы мемлекеттердің белгілі түрінің қалыптасуына мемлекеттің тарихи, саяси, мәдени басқада ерекшеліктері себеп болады [8].

Білім беру — тиісті оқу орны арқылы ғылыми мағлұмат беріп, адамның танымын, білімін, дағдысын, дүниеге көзқарасын жетілдіру процесі; қоғам мүше лерінің мәдениетін дамытудың негізгі шарты . Діни білім немесе дін туралы білім көптеген Батыс және Шығыс елдерінде бұрыннан мемлекеттік білім жүйесінің міндетті компоненті болып келеді. Себебі, дін әрқашанда әр қоғамның, мемлекеттің, адамның өмірінде дүниеге көзқарасы, сенімдер жүйесі ретінде маңызды орын алып келеді және солай бола бермек. Сонымен қатар дін қоғамдық феномен болғандықтан оның зерттелуі, жалпы халық, мемлекет тұтастығы үшін өзектілігі жойылмайды. Діни білім өткен ғасырларда басты білім бұлағы болды, осы білім негізінен көптеген ұлы ойшылдар, ғалымдар, қоғам қайраткерлері нәр алған. Діни білімнің адам өмірінде, қоғам өмірінде алатын орны өте зор . Әлемдік тәжірибеде діни және зайырлы білім берудің әртүрлі арақатынасы бар. Зайырлы демократиялық мемлекеттердің барлығының жоғарғы оқу орындарында діни білім беруге рұқсат етілмейді деп айтуға болмайды [9].

Ресми деректерге қарағанда діни білім шамамен әлемнің 140 елдерінде жүргізіледі. ЮНЕСКО-ның Халықаралық білім беру бюросының жүргізген зерттеуі мен талдауына сүйенсек, әлемнің 73 елінде діни білім аптасына кем дегенде бір рет жүретін міндетті пән болып табылады. Әр мемлекет өз діни және білім беру саясатына, діни және мәдени тарихына байланысты діни ұйымдардың білім беру қызметін анықтайды. Діни мәдениеті жоғары мемлекеттерде діни білім беру жалпы оқыту жүйесінен бөлек болуы мүмкін емес. Италия мен Ватиканның конкордатына сәйкес католиктік білім беру тарихи мұраның бір бөлшегі болып табылады. Норвегияның Конституциясына сәйкес барлық азаматтар өз балаларын ресми дінге тәрбиелеуі тиіс. Израильдің білім беру заңнамасында діни және діни емес мектептерде иудей мәдениетінің құндылықтарын оқыту туралы ереже бар. Англияның оқыту программасында жалпы білім беру мектептерде негізгі христиан діни мәдениетін оқытуы керек. Бұл тізімді ары қарай Германия, Австрия, Ирландия, Италия, Португалия, Египет сияқты мемлекеттермен жалғастыруға болады. Қазіргі заманда жалпы білім беру жүйесінде діни компоненттердің

кездесуіне сәйкес заманауи негігі төрт үлгі бар: Діни білім мемлекеттік және жекеменшік мектептерге тікелей қатысады[10].

#### Қорытынды

Діни білімсіз ешқандай білім толық бола алмайды, сондай-ақ отбасы және отанының мәдени құндылықтарына деген тәрбие бере алмайды. Зайырлы мектепте діни білім беру құқық қорғауда демократиялық үлгі және еуропалық тәжірибе зайырлы мемлекеттердің мектептерінде зайырлы этика немесе белгілі бір дінді оқуға құқығының болуы зайырлы құқықтық мемлекеттің демократиялық элементі Діни білім беру әлеуметтік институт ретінде дамып келе жатыр. Бұл тенденция тек Түркияға ғана емес бүкіл әлемге тән. Түркияның білім беру жүйесі 1923 жылы тәуелсіздік жарияланғаннан кейін қалыптаса бастады. Революцияға дейін көптеген білім ордалары қалаларда діни институттарын құрды. 1923 жылғы оқиға тек саяси емес, сонымен қоса әлуметтік, мәдени және экономикалық өзгерістерді алып келді. Тәуелсіздігінен кейін барлық оқу орындары мемлекет қарауына өтіп, білім беру зайырлы қалыпқа енді. 1927 жылмен 1949 жылдар арлығында діни білім мектептерде оқытуға тыйым салынды. Осындай білім саясаты заңсыз қызметтердің жаппай тарлуына алып келді. Мысалы, көптеген секталар, ордендер өздерінің заңсыз діни мектептері, Құран оқыту орталықтары сияқты ұйымдары жағымсыз нәтижелерге алып келді

XX ғасырдың 40-шы жылдары бұл жағадай күрт өзгерді. 1949 жылы Білім министрлігі бастауыш мектептердің 4 және 5 сыныптарына дін негізін оқытуға рұқсат берді. Сабақтар қосымша түрде, негізгі сабақтар уақытынан тыс уақытта оқытылды. 1956 жылы көппартиялы демократиялық жүйе орнағаннан кейін, орта мектептерге діни білім беруді енгізген жаңа Үкімет келді. 1967 жылы діни білім орта мектептің 1 және 2 сыныптарына енгізілді. Діни білім берудің дамуының жаңа кезеңі 1980 жылғы әскери төңкерістен кейін конституция негізінде басқарыла бастады. Қазіргі Түркия Республикасының Атазаңының 24 бабында былай делінген: «Әр адам ар бостандығына, сенім және діни көзқарастарының болуына құқылы... Ешбір адам діни рәсімдер мен жораларға қатысуына мәжбүрлі емес, діни сенімі үшін және діни көзқарастары үшін жазаланбауы тиіс. Дін мен этиканы оқыту және тәрбиелеу мемлекеттің қарауында.

Діни мәдениет пен әдепті оқыту бастауыш және орта мектептерге міндетті пән ретінде оқытылады. Діни тәрбие мен білім алу тұлғаның өз қалауына, ал кәмілет жасқа толмағандардың өкілінің заңды талабына байланысты». Дін туралы пән ресми түрде «Дін мәдениеті және этика ілімі» деп аталды. Түркияда дін толықтай, сонымен қоса діни білім беру мемлекеттік министрліктің басқарылуында. Қазір Түркияда діни білім беру бастапқы мектептің 4 сыныбынан басталады да орта мектепке дейін жалғасады; сабақтың уақыты аптасына 2 сағат. Орта мектепте аптасына 1 сағат . Сонымен орта мектепті аяқтаған адам 8 жыл діни білім алған болып есептеледі. Ислам дінін ұстанбайтын оқушылар бұл сабақтарға қатыспауына рұқсат. Барлық мектептерде оқулықтар бірдей емес, себебі Білім министрлігі рұқсат еткен оқулықтармен оқытуға рұқсат етілген.

Түркияның діни білім беру жүйесі туралы ашып жазған себебім, біздің Қазақстанымыздың білім беру жүйесінде де осындай өзгерістер болған. Ал қазіргі жағдайына келсек, біз әліде бұл мәселеде ақсандаймыз. Діни білім беру, тәрбиелеу, діни тұрақтылықты орнату, реттеу – барлығы діни саясатты құрайды. Сараптай келе, Қазақстан діни саясатын Франция сияқты Еуропа мемлекетінен емес, мәдениеті де, территориясы да, дәстүрі де жақын Түркі тілдес мемлекет Түркиядан мысал алғанды жөн деп есептеймін. Бірақ, қазір тәуелсіз мемлекетімізде діни сауат беру мәселесі көтерілуде. Білім және ғылым министрлігі жастар арасындағы діни сауаттылықты арттыру жұмыстарын күшейтпек. Бұл бағытта Оқыту үдерісінің тәрбиелік компонентін күшейту бойынша үлгілік кешенді жоспар қабылданғанын,

ол 2013 жылдан бастап іске асырылатын болады және жастардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын қабылдаған. Осы жылы Білім министрлігі дінтану пәнін ЖОО-да элективті пән ретінде оқытуға қосты. Келесі, мектептердегі дінтану сабағын факультативтік емес міндетті пәндер қатарына қосылғаны жөн деп санаймын. Себебі, мектеп білімнің қайнар көзі, тәрбиенің басты ошағы. Жақын болашақта біздің еліміз де діни білім беру ерте жастан оқытылады деген үміттемін.

#### Әдебиеттер

1. Nadirova G., Kaliyeva S., Mustafayeva A. THE INSTITUTIONALIZATION OF RELIGIOUS EDUCATION IN KAZAKHSTAN //3rd International Multidisciplinary Scientific Conference on Social Sciences and Arts SGEM 2016. – 2016. – С. 1131-1138.
2. Duisembayeva N. B. Education in Kazakhstan in the late 19th and early 20th centuries and Kazakh intellectuals //News of the Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of social and human sciences. – 2019. – Т. 4. – С. 91-96.
3. Erpay I., Tursyn H., Jandarbek Z. Religious education in the religion-state relations after independence of Kazakhstan //Asian Social Science. – 2014. – Т. 10. – №. 9. – С. 108.
4. Achilov D. islamic Education in central Asia: Evidence from kazakhstan //asia policy. – 2012. – №. 14. – С. 79-106.
5. Nurmanova A. S., Izbairov A. K. Islamic education in soviet and post-Soviet Kazakhstan //Islamic education in the soviet union and its successor states. – Routledge, 2009. – С. 280-312.
6. Yemelianova G. M. Islam, national identity and politics in contemporary Kazakhstan //Asian Ethnicity. – 2014. – Т. 15. – №. 3. – С. 286-301.
7. Bektenova M. K. et al. Problematization of the issue of Islamic education in the post-secular world //European Journal of Science and Theology. – 2017. – Т. 12. – №. 1. – С. 135-148.
8. Ержан Қ., Махмет М. Діни білім беру орталықтары: кеше және бүгінгі: исламтану және араб филологиясы мәселелері – халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – 2014. – 13 том. – 74-81 б.5
- ZENGİN M., BADAGULOVA Z. Religion and religious education in Kazakhstan //Karaelmas Eğitim Bilimleri Dergisi. – 2017. – Т. 5. – №. 1. – С. 49-63.
9. Smagulov M. N. et al. Institutionalization of Islamic education in the Kazakhstani secular society //European Journal of Science and Theology. – 2018. – Т. 14. – №. 2. – С. 65-75.
10. - Ә.Е. Күзембаева. Қазақстандағы діни білім мәселесі. Ақпараттық-сараптамалық шолу / Ред.: философия ғылымдарының докторы, профессор А.П. Әбуов, Астана:

## МОДЕЛИРОВАНИЕ КАК МЕТОД ИССЛЕДОВАНИЯ СОЦИАЛЬНЫХ КОНФЛИКТОВ

Абдигалиева Г.К.<sup>1</sup>, Ниеткалиева Д.Е.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының профессоры, философия ғылымының докторы

<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының докторанты



**Abstract.** The article discusses modeling as a method of scientific knowledge and conflict analysis. Groups of models for studying social processes are identified and examples in simulation technology are given.

**Keywords:** modeling method, conflict modeling, simulation and mathematical modeling. political modeling

Экономические, культурные, демографические, ресурсные кризисы современного общества затронули все сферы человеческой жизни, что обусловило рост и распространение напряженности и конфликтности. Для глубоко понятия сущности конфликта и своевременного предупреждения его необходимо его социально-психологическое исследование, методы сбора, определения и анализа информации о конфликте, собранной непосредственно в сфере человеческих отношений. В общем виде научный анализ конфликтов можно определить как систему логически последовательных методологических, методических и организационно-технических процедур, связанных между собой единой целью: получить достоверные данные об изучаемом явлении для последующего их использования в практике урегулирования конфликтов

В интересах обеспечения результативного исследования конфликтов важно использовать принципы, сформулированные на разных уровнях методологии: философском, общенаучном, конкретно-научном. Исследуя конфликты, необходимо рассматривать их как сложно организованные объекты, состоящие из иерархически связанных подсистем и входящие, в свою очередь, в качестве подсистем в системе более высокого уровня. Важно выявить все многообразие элементов, входящих в структуру конфликта, связи между ними, а также взаимоотношения изучаемого конфликта с внешними по отношению к нему явлениями. При применении методов изучения конфликтов возникает необходимость применения определенных философских, общенаучных и конкретно-научных принципов. Общенаучные принципы исследования конфликтов, такие как принципы развития всеобщей связи, единства теории, эксперимента и практики в процессе познания; системного подхода, объективности должны сочетаться с методологическими принципами самой конфликтологии, такими как принципы междисциплинарности, преемственности, эволюционизма, личностного подхода. Применение этих методов с принципами исследования дают гарантию эффективного и своевременного предупреждения конфликтов.

Моделирование как метод научного познания наиболее широкое распространение получило в XX столетии. Интерес к нему с точки зрения методологии научного исследования был вызван тем значением, которое данный метод получил в таких областях современной науки, как физика, химия, биология, кибернетика и др., где постоянно проводятся лабораторные эксперименты с использованием моделей. Столь же большое значение моделированию придается и в общественном знании, где появляется все больше трудов, касающихся моделирования социальных и политических процессов.

Сегодня интерес к моделям и моделированию стал всеобщим, и теперь нет, пожалуй, ни одной науки, ни одной отрасли знания, где не пытались бы говорить о моделях, заниматься моделированием. Специфика моделей социальных, в том числе политических, процессов состоит в том, что они (в отличие от природных и технических) в значительно меньшей степени подвержены экспериментальной, лабораторной проверке, и это накладывает определенные трудности при использовании данного метода.

Несмотря на сложность моделирования социальных процессов, есть определенные успехи в области создания моделей социальной и политической реальности, которые можно условно разделить на три группы:

- модели-концепции, основанные на выявлении и анализе общих исторических и политических закономерностей. Их представление в виде когнитивных схем, описывающих взаимосвязи между различными факторами, влияющими на исторические процессы (Дж. Гольдштейн, И. Валлерстайн, Л.Н. Гумилев и др.). Данные модели обладают высокой степенью обобщения, но большей частью имеют чисто логический концептуальный характер;
- частные математические модели имитационного характера. Они нацелены на описание конкретных исторических, политических событий и явлений (Д. Медоуз, Л.И. Бородин, Ю.Н. Павловский, Дж. Форрестер и др.). Такие модели “привязаны” к конкретному событию и их невозможно экстраполировать на достаточно протяженные периоды времени;
- математические модели, являющиеся промежуточными между двумя указанными. Их задачей выступает выявление базовых значений, характеризующих протекание процессов рассматриваемого вида. В соответствии с этим, данные математические модели называются базовыми и представляют наибольший интерес к моделированию тенденций и векторов эволюции современных явлений, поскольку обладают способностью и вместе с тем позволяют учесть разные конкретные ситуации развития [Петухов, 2015: 4].

Моделирование конфликта - это построение (или выбор) и изучение конфликта с целью получения новых знаний о нем, а также с целью управления сложившейся ситуацией конфликта или прогнозирования возможного ее развития [Овчинникова, 2015: 78]

Анализ научной литературы показывает, что понятие «модель» употребляется, как правило, в двух смыслах.

В широком смысле под моделью понимают мысленно или практически созданную структуру, воспроизводящую ту или иную часть действительности в упрощенной (схематизированной или идеализированной) и наглядной форме. Таковы, в частности, представления Анаксимандра о Земле как о цилиндре; представления Птолемея, изложенные в «Альмагесте», о вращении «мира» вокруг Земли; представления Демокрита и Эпикура об атомах, их круглой или крючкообразной форме, их прямолинейном или хаотическом движении.

В узком смысле понятие «модель» применяют тогда, когда хотят изобразить некоторую область явлений с помощью другой, более привычной, когда хотят непонятное свести к понятному. Так, физики пытались изобразить электрические явления посредством механических, например: электрический ток сравнивали с течением жидкости по трубкам, движение молекул в газе — с движением бильярдных шаров, строение атома — со строением Солнечной системы («планетарная модель атома»). Такие модели часто называли моделями-аналогами благодаря сходству структур модели и отражаемого объекта, даже несмотря на то что они разной физической природы [3, 2005].

Таким образом, под моделью понимается либо конкретный образ изучаемого объекта, в котором отображаются реальные или воображаемые свойства, строение и другие особенности объекта, либо другой объект, реально существующий наряду с изучаемым и сходный с ним в отношении некоторых свойств или структурных особенностей.

Способность так или иначе отображать действительность является общим свойством всех моделей. Кроме того, модель всегда проще тех явлений, которые она по замыслу отображает и объясняет. Именно в этом и заключается суть моделирования — представлять сложные для анализа объекты в простом, схематичном виде, облегчая тем самым задачу понимания особенностей их строения и функционирования.

Метод политического моделирования состоит в исследовании политических процессов и явлений путем разработки и изучения их моделей.

В широком смысле под моделированием понимают многоплановый метод исследования любых социальных процессов. Специфика моделирования, и социального в том

числе, состоит в том, что исследуется не сам процесс («объект — оригинал»), а его модель («аналог»). Разработка модели и замена ею объекта-оригинала дает возможность исследователям получить следующие полезные эффекты.

Во-первых, модели доступнее и дешевле оригинала, вследствие чего расходы на исследование значительно уменьшаются. Поэтому при одних и тех же финансовых затратах с помощью моделирования можно провести гораздо больше наблюдений, чем при работе с объектом-оригиналом.

Во-вторых, большое значение имеет то, что модель компактнее оригинала (особенно наглядно это проявляется в математических моделях). Благодаря своей компактности модель удобнее для изучения и, что очень важно, обладает конструктивностью, т. е. она может входить в сложные научные построения в виде конструктивного элемента (части, блоки и т. д.).

В-третьих, над моделями можно производить такие преобразования, которые невозможны при работе с оригиналом. Например, модель можно отправить в будущее или проделать любую процедуру, которую придумает исследователь. Эта возможность неограниченных преобразований – самая ценная, самая фундаментальная и самая информативная сторона метода моделирования. Подвергая модель преобразованиям, исследователь получает подробное описание существенных сторон объекта, а также находит способы воздействия, при которых достигается заданное состояние объекта или проявляется какой-либо полезный эффект, который можно использовать на практике.

Модели разрабатываются с различными целями. Так, моделирование дает возможность заглянуть в суть изучаемого явления для того, чтобы лучше понять его. Исследование начинается со сбора данных о процессе и формулировке модели, которая воплощает в себе наблюдаемые особенности системы. Затем, модель можно использовать для выработки таких предсказаний о поведении системы, которые можно было бы проверить с помощью дальнейшего наблюдения за системой.

Перечисленные цели построения моделей социальных процессов направлены на то, чтобы использовать их для социального прогнозирования. Специалист по социальному планированию хочет знать, что произойдет, если будет проводиться определенная политика. Руководитель хочет знать заранее последствия различного рода политики найма на работу и продвижение кадров по службе в его фирме. С помощью модели, адекватно описывающей поведение системы, можно получить ответы на подобные вопросы.

Искусство построения модели состоит в том, чтобы знать, когда и где сделать соответствующее упрощение. Цель же состоит в том, чтобы «сконцентрировать всю реальность, насколько это возможно, в простой модели» Но не следует понимать моделирование только как безграничное упрощение. Недопустимо и произвольное моделирование.

Моделирование должно быть построено на основе тенденций, закономерностей, типологических черт исследуемого объекта. В процессе моделирования важное значение имеет форма передачи информации с помощью языка модели. Выделяют основные четыре типа языка моделирования.

1. Словесное описание. Это самый простой и неформальный способ создания моделей. Он прост для понимания, но применяют его, как правило, на самых ранних этапах разработки модели.

2. Графическое представление в виде кривых, чертежей и т.д. Этот способ используется в качестве иллюстраций к другим способам создания моделей.

3. Блок-схема, матрицы решений и т. п. используются на этапе создания модели между ее словесным и математическим описанием.

4. Математическое описание в виде математических формул. Этот тип языка моделирования представляет собой высшую форму формализации социального процесса или явления.

Модель должна соответствовать ряду требований:

- быть простой;
- давать новую информацию об исследуемом объекте;
- способствовать усовершенствованию объекта, улучшению его характеристик;
- давать возможность «отрепетировать» процесс управления объектом;
- удовлетворять требованиям полноты, адекватности, эволюционности. Она должна обеспечить возможность внесения изменений, добавлений с тем, чтобы наиболее точно воспроизвести объект исследования;
- удовлетворять условиям, ограничивающим время решения задачи;
- строиться с использованием установившейся терминологии

Так, строя модель электорального поведения определенной социальной группы, мы не будем учитывать те ее характеристики, которые не влияют на результаты голосования. К примеру, нас не будет интересовать доминирующий цвет одежды или среднее артериальное давление представителей данной группы.

Степень объективного соответствия модели оригиналу должна поддаваться эмпирической проверке. Построив модель и убедившись в ее адекватности, мы сосредоточиваемся на исследовании самой модели, перенося полученные результаты на исходный объект (так называемый принцип экстраполяции модельной информации).

Способность к замещению объекта исследования обеспечивает одно из ключевых познавательных достоинств моделей — возможность постановки эксперимента. Меняя определенные свойства или параметры модели, мы можем оценить результат изменений, как если бы они происходили в реальной действительности. Данное свойство приобретает особое, исключительное значение в общественных науках, где постановка эксперимента весьма затруднена.

В политической же науке, которая имеет дело в основном с поведением больших групп людей, экспериментирование на моделях является нередко вообще единственно возможным способом постановки эксперимента.

Сложные модели обладают свойством целостного представления изучаемого объекта. Отдельно следует выделить имитационное и глобальное моделирование.

При помощи имитационного моделирования сегодня получают плодотворные результаты в различных областях социального познания: политике, коммерческой деятельности, маркетинге, образовании, криминалистике и т. д.

Имитирование – это способ представить суть явления, не прибегая к экспериментам на реальном объекте. Технология имитационного моделирования сводится к конструированию мысленной модели, имитирующей процессы по нужным, но не полным, показателям. Именно неполнота описания объекта делает имитационную модель отличной от математической в традиционном ее понимании. Все имитационные модели построены по типу «черного ящика». Есть какой-то вход в него, который описывается внешними переменными, возникающими вне системы, и есть выход, описываемый выходными переменными, которые характеризуют результат действия системы. Происходящие в имитационных моделях процессы и взаимодействия описываются в терминах абстрактных потоков и уровней. Описание модели выглядит как множество прямых и обратных связей между компонентами.

Важный момент анализа полученных результатов – оценка траекторий ожидаемого развития. Имитационное моделирование имеет дело с реально существующими системами и позволяет изучать их как единое целое, при желании фокусируя внимание исследователя на

отдельных элементах. Процесс разработки имитационной модели позволяет осмыслить действительность: выявить взаимозависимости, определить необходимые мероприятия, их временные соотношения и требуемые ресурсы. Кроме того, появляется возможность упорядочить наши понятия и представления о действительности. Такая модель заставляет разработчика оценивать и проверять обоснованность его замыслов.

Большой интерес в имитационном моделировании представляет метод системной динамики, разработанный одним из крупнейших специалистов в области теории управления, профессором Массачусетского технологического института Джеймсом Форрестером. Системная динамика была разработана для решения проблем управления в промышленности, но впоследствии стала использоваться для анализа широкого класса динамических систем - экономических, социальных экологических.

Было замечено, что чем глубже изучают исследователи актуальные проблемы современности, тем все больше убеждаются в том, что их нельзя осмыслить и понять по отдельности. Эти проблемы системны, т. е. взаимосвязаны и взаимозависимы.

Содан кейін Әл-Фараби рух (жан) жайында былай деген. Ақиқатында адамда болатын рух ол құдайлық әлемнен бөлініп келген нәрсе. Ол бір бейнемен суреттелмейді және мінез-құлықпен өзгермейді және тыныштық пен қозғалыстың арасында болып тұрады деп те ишара етіп анықталмайды.

Әл-Фараби иләһи уахиге (құдайлық аянға) де өзіндік тұжырымдарын айтып өткен. Философиялық жағынан түсіндірген. Жалпы уахи деген философтардың берген анықтамасында: «Сезу үшін ақиқатты тікелей жанама ашу және құдайлық шекте таңдалған нәрседен шектелу».

Әл-Фараби қасиетті Фағғал ақыл (Жәбрейл періште) мен байланыстыратын нышан деп біледі. Сондықтан да пайғамбарлардың жағдайында олардың аяндары бізге уахиді алып келеді, бірақ ол белгі-нышанның әсерінен. Уахи бұдан басқа ештеңе емес. Жәбірейіл періште арқылы Алладан асып төгіліп келген нәрсе. Әл-Фараби философиялық тізбекте уахидің және пайғамбарлықтың маңызды орынын арнайы айтқан алғашқы философ болуы мүмкін. Сөйтіп оның астарлы мағынасымен ақыли жорамал арқылы айналысқан ( Хатим кәрим әл-Жәйәший, 2022:205-239).

Әл-Фараби дін мен философияның ара қатынасын үйлестіре білген. Көптеген философтар дін турасында жансақ пікірлер білдіргенімен Фараби оларға еріп кетпей өзіндік дұрыс жолды ұстана білген.

Жоғарда айтылып өткен фикһ, кәләм, уахи, пайғамбарлық сияқты исламға қатысты құндылықтарды жақсы әрі терең түрде ашықтап түсіндірген. Әрине осы мәтіндерді оның өзі жазған нұсқасынан қарап оқығаны болсаңыз дұрыс түсінуге болады. Сонымен қоса философиядан білімі бар адам ғана дұрыс жорамалдай алуы мүмкін.

Исламның ұлы философы ретінде белгілі әл-Фараби философия мен діннің өзара байланысын өз дүниетанымының қалыптасуының негізгі аспектісі ретінде қарастырды. Ол философиялық және діни идеяларды біріктіруге ұмтылып, екі саланың өзара әрекеттесіп, бірін-бірі толықтырып, адамның рухани дамуына үлес қоса алатынын алға тартты.

Әл-Фараби «қос ақиқат» идеясын ұсынды, оған сәйкес шындықты діни мәтіндерден де, философиялық білімнен де табуға болады. Ол ақыл мен сенім қатар өмір сүре алады деп есептеп, діни сенім мен рационалды ойлау арасындағы қайшылықтан сақтанды. Діни сенімдер мен рационалды ойлаудың бұл үйлесімі, оның пікірінше, әлемді тереңірек түсінуге көмек берді.

Платон мен Аристотель еңбектеріне негізделген классикалық мұраны ислам дәстүрімен синтездеуге ұмтылды. Платонизм мен неоплатонизмнен кейін әл-Фараби әлемді философия жоғары шындықтарды түсінуге көмектесетін болмыстардың иерархиясы ретінде қабылданды.

Алайда, бұл өзара әрекеттесуге қарамастан, ол қарапайым адамдардың философиялық шындықтарды толық түсіне алмайтынын және діни бейнелер мен белгілердің олар үшін түсіну құралы бола алатынын да мойындады.

Әл-Фарабидің «Аристотель мен Платонның теңдігі туралы зерттеу» және «Платон философиясы» сияқты еңбектері оның философия мен діннің өзара әрекеттесуі туралы көзқарастарын зерттеуге бай материал берді. Сонымен, әл-Фараби дүниетанымындағы философия мен діннің өзара әрекеттесуі дүниені неғұрлым үйлесімді түсінуге қол жеткізу үшін осы екі саланы синтездеу әрекетін білдіреді.

#### Қорытынды

Әл -Фараби тек дінді ұстанып соған байланысты пікірлер қалдырып ғана қойған жоқ. Әрине ол алғашқы білім сатысында діни білімдерді толықтай меңгеріп барып философияға кірген. Соның нәтижесінде дін мен философияны дұрыс әрі тереңінен ұштастыра білген. Философтардың арасында тек осы саланы ғана меңгергендер дінге қарсы, жаңсақ пікірлерді ортаға шығарғаны анық. Жоғарыдағы әдебиеттерді қарауда әл-Фарабидің діни және философиялық ойлары дінге қайшы емес екендігін керісінше терең мағынада ғылыми түсіндіріп бергеніне көз жеткіздік.

Трактаттарында осы дінмен байланысты болған тұстары өте көп. Оның ойынша, қажет болса Құранмен философтар айналысуы керекті деген. Әл -Фараби дінді рационалдық тұрғыдан түсіндіруге тырысқан. Иләһи ақиқатқа жету үшін терең, ұшқыр ақыл керек екендігін меңзеген. Әрине кейбір әдебиеттерден оның дінге қайшы келетін пікірлерінде көруге болады. Мысалы пайғамбарлыққа байланысты. Әрине мұның бәрін әдебиеттерден нақты түрде қайтадан түп нұсқаларынан қарап шығу керек сияқты. Бұл пікірлерді біз тек ауызша ғана естідік, оның осындай жаңсақ айтқан сөзі бар екендеп бірден айтуға болмайды деп ойлаймын. Сондықтан ғылыми түрде оның осындай пікірі бар дегенін сілтеме арқылы көрсету керек.

Әл-Фараби Аристотель және Платонның пікірлерін үйренді. Содан қорытынды шығарып дінге сай етіп өзіндік философиялық ой қорытып шықты. Егер ол олардың пікірін қалай бар тура солай жеткізетін болса, ислам философы деген атақ алмас еді.

Ол әсіресе жоғарыда айтылып өткен әлемдерді бөлу мәселесінде керемет жүйе орната білген. Ислам дінінде он сегіз мың әлем бар деп топшылайтын болса, Фараби оны жалпы түрде үш сатыға философиялық тұрғыда түсіндірген. Ақылдың орнын нақты қойып бере алған. Ең бір байланысты тұсы ретінде осы ақылды айтуға болады. Фараби адаимның ақылы, ол адам өті білімдар, білгір болсын оның ақылы бәрібір әлсіз деп санаған. Метафизикалық заттарға нақты ақиқатына жетуге қауқары жетпейді деп ашық айтқан. Дінде де тура осы көзқараста. Адамның ақылы өте қысқа, әлсіз болып келеді. Оны белгілі шеңберінен асыра жұмсайтын

болса қате пікрлірді ортаға шығарады. Шексіз нәрселерді шектеуі болған ақылдың білуге шамасы жетпейді деген. Әбу Наср әл-Фараби философ ретінде ислам дінін әлемге жайылуына өзіндік үлесін қосқан ғалым. Философия деген ілімнің керек екенін онымен мұсылман ғалымның айналысу міндетті екеніне ишара жасаған.

#### Әдебиеттер

1. Әбу Насыр әл-Фараби: 7 томдық жинағы. – Алматы:RS; Халықаралық Абай клубы. – 2019. – 224 б.
2. Шапиян М. Тұлғалар өміріндегі Ислам. – Алматы: «MARFU Press» - 2020. – 231 б.
3. Ильхам Мансур. Ихсаул ғұлум. – Бейрут: Марказ инһауи қауми – 1990. – 166 б.
4. Қади әл Қудати Шамсуддин ибн Халликан. Уафаятул ағян уа анбау әбнаи әз-заман. – Бейрут: «Дарус садр» - 1978. – 494 б.
5. Нұрсұлтан Б. Дүйсен, Эльмира Г. Итегулова. Әл-Фараби іліміндегі фәлсафа мен дін арасындағы байланыс мәселесі. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы. Дінтану сериясы. № 1 (142). Ұлттық университеті. Астана. 2023. 184-195 бб.
6. Хатим Карим әл- Жайаши. Әл-Уахи әл-илаһи инда әл-муфаккирина исламиина әл-Фарабии ән-нузажан. Әл-ақида. Ақида сериясы. № 25. 2022. 196-246 бб.
7. Мәджид Фахри. Әл-Фараби: ислам неоплатонизмінің негізін салушы. – Бейрут-2002

## ӨСКЕЛЕҢ ЖАСТАРҒА ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ-ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫНА АПАРАТЫН АЛҒЫШАРТТАРДЫҢ БІРІ

**Алтайбаева Аяулым Нұрболдықызы**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия кафедрасының  
докторанты

**Аңдатпа.** Мақала қазіргі уақыттағы құқықтық демократия құрып жатқан Қазақстан Республикасы үшін оның ішінде құқықтық реформаның басты субъектісі болып отырған қазақ халқы үшін ғасырлар бойы жинақталған, дәстүрлі құқықтық құндылықтардың ұлт менталитетінде алатын орны жайлы. Жасөспірімдерге құқықтық білім берудің маңызы қазіргі кездегі маңыздылығы жайлы.

**Кілт сөздер:** жастар, құндылықтар, құқық философиясы, тәрбие, қоғам

Тұлғаны жан-жақты үйлесімді тәрбиелеу саласының бірі–құқықтық тәрбие. Ол қоғамның әрбір азаматының мемлекеттік заңдарды аса жауапкершілікпен орындап отыруымен тығыз байланысты. Әсіресе, оның елімізде жүріп жатқан жариялық, құқықтық және зайырлы қоғам орнату процесімен байланысының маңызы ерекше. Ол үшін адамзат сан ғасыр уақытта жасап шығарған жалпы негіздегі моральдық нормаларын қоғамның әрбір өскелең жастарының сана – сезімімен, күнделікті мінез – құлықтарына қалыптастыру қажет. Бұл талапты іс – жүзіне асыру, әсіресе елдің әлеуметтік – экономикалық жағдайын дамыту кезеңінде, ең бірінші кезекте құқықтық сананы тәрбиелеу мен мемлекеттік заңдарды жетілдіру процесінде жандандыру айрықша міндетті іс.

Балалардың мінез – құлқының нормадан – шамадан ауытқуын түрлі жағдайлар себеп болады. Олардың ішінде ең бастысы отбасы жағдайы болып есептеледі. Өйткені тұлғаның

жеке басының жаман – жақсы қасиеттерінің негізі отбасынан қалыптасады. Сондықтан да балалардың өнеге алып үлгі тұтары – ең алдымен өздерінің ата – аналары. Қазіргі кезде философиялық әдебиеттерде құқықтың мазмұны мен табиғатын ашуға тұрақты екі көзқарас қалыптасқан. Бірінші, тыйым салу немесе дәстүрлі құқық. Екіншісі, либералдық яғни адамның табиғи құқы мен бостандығын паш ететін көзқарас. Дәстүрлі көзқараста құқықпен заң бір деп қарастырылады және олардың арасында айырмашылық жоқ. Құқық адамдардың мінез-құлқын реттейтін, мемлекет тарапынан үнемі қолдау тауып отыратын жүйе. Бұл жүйені бұзғандар жауапқа тартылып жазасын алады. Бір ауыз сөзбен айтсам, «рұқсат етілмегеннің барлығына тыйым салынады». Екінші көзқарас XVIII ғасырда ағартушылық философия шеңберінде пайда болды. Бұл бағыттың өкілдері И.Кант, Ш.Монтескье, Ж.Ж.Руссо т.б.

Олардың ойынша, құқықта бірінші тыйым салу немесе жазалау, адамның іс-әрекетін шектеу емес, керісінше адамның еркіндікке, бостандыққа деген құқы. Құқық ұғымының алғашқы мәні: адамның өмір сүруге, меншікке, қауіпсіздікке, ар бостандығына, сөзге, көшіп-қонуға құқылы деді. Табиғи қарапайым құқыққа мемлекет ешқандай шек қоймауы керек.

Либералдық көзқарас адамдардың тәуелсіздігін басты құндылық деп жариялай отырып, «тыйым салғанның барлығына рұқсат» - қағидасын алға тартады. Сонымен, құқық мәселесіне екі методологиялық көзқарас пайда болды, біріншісі, адамдардың іс-әрекетіне, мінез құлқына тыйым салу арқылы қоғамда тыныштық пен тәртіп сақтау, екіншісі, жеке бастың еркіндікке құқы. Әрине, бұл екі көзқарастар бірімен-бірі тығыз байланысты, дегенімен де, бүгінде құқықтық мемлекет құру либералдық құндылықтар негізінде жүргізуліде.

Еліміздің төл конституциясы Қазақстан Республикасын құқықтық мемлекет деп жарияланғаны баршаға мәлім. Құқықтық мемлекет құру үшін қоғамның құқықтық мәдениеті болуы керек. Құқықтық-мәдениет халықтың заң білімін білуінің деңгейі, құқықты сақтауы, рухани сана сезімнің жақсаруы. Құқықтық мемлекет құру жастардан басталады, өйткені болашақ қоғам солардың қолында.

А.С.Макаренко сөзімен айтқанда: «Тәлім – тәрбие, кең түрде алғанда әлеуметтік процесс. Адамдар да, заттар да тәрбиеленеді. Дегенмен, адамдардың үлес салмағы басым. Солардың ішінде ата – аналар мен педагогтар бірінші орынға шығады» деген екен. Олай болса, құқықтық тәрбиені нәтижелі ұйымдастыру үшін, отбасы жағдайын жан – жақты танып білу қажет. Бүгінгі таңда бұл жұмыс табысты жүргізіледі деу қиын. Соның нәтижесінде балалардың мінезіндегі кейбір ауытқулары мұғалімдер тарапынан дер кезінде байқалмауы, түбінде орны толмас үлкен өкініштерге әкеліп тірейтін даусыз мәселе.

Жастардың білім деңгейі, алған тәлім тәрбиесі қандай дәрежеде деген сұрақ туындайды, бұл сұраққа толық, жан-жақты жауап беру әзірге қиындау, оған дәлел-бүгінгі қоғамымыздағы күннен күнге көбейіп отырған сан алуан қылмыстардың басты себебі - жастарымызға уақытында ұлттық тәрбиені бере алмағандығымыздан туындаған деп есептеймін. Әрине, қазіргі таңдағы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайдың нашарлауы да өз әсерін тигізіп тұр. Кеңес дәуірі кезінде балаларымызды мектеп тәрбиелейді деп санады, тәрбиелік сабақтарға аса көңіл бөлінбеді. Бұл мәселе жөнінде біздің ұлы бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілу керек, тәрбиесіз берген білім азаматтың қас жауы», - деген екен. Орыстың ұлы педагогы К.Д.Ушинский: «Тәрбиенің қайнар көзі тек адамның жеке басының өнегесіне негізделген. Ешқандай жарғыда, бағдарламада, ешқандай орынның жасанды әрекеті де оны орнын баса алмайды», - деп текке айтпаған.

Ел қуатты болса, қуаныш та тұрақты болады. Ел Президентінің «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты халыққа Жолдауында бүкіл қоғамды өзгертетін, ел болып жұмылатын көздеген мақсатымызға жететін алдыңғы қатардағы мемлекеттер тарапында болуымыз қажет делінген. Бұл идеяны жүзеге асыруда ұлағатты ұстаздардың атқарар жүгі салмақты екені сөзсіз. Осы жауапкершілікті сезінген сайын бала тәрбиесінің қыр-сырына

тереңірек үніліп, әр істе біліктілік пен парасаттылық таныту – сынып жетекшісінің абыройлы да қасиетті міндеті екенін терең сезінемін.

Жастар Қазақстан халқының жартысынан артығын құрайды және қоғамның белсенді бұл тобы ел болашағында шешуші роль атқарады. Жастар-еліміздің болашағы, ертені. Қоғамда пайда болған саяси вакуумға тез арада Шығыстан да, Батыстан да өзгенің бәрі құйыла бастайды. Басқа құндылықтарды бойларына сіңіртіп, рухани дүниесін өзгелерге билетіп қою еліміздің өркениеттілік деңгейін көтереді деп айту қиын. Қоғамның бейбіт өміріне қажетті озық игіліктерге жол аша келе, олардың дәстүрлі мәдениет пен отандық тарихтан алынған өмір үлгілерімен қосылу тетіктерін зерттеу күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселеге жатады. Қазіргі жастардың ұлттық құндылықтарды дәріптеп, рухани тәрбиелену мәселесінде. Сонымен қатар жаһандану үрдісінің жастарды өте белсенді, әрі психологиялық жағынан әр түрлі қылықтарға әкелуі аса маңызды. Жаңа саяси-әлеуметтік жағдайда республика үшін ғылыми негізделген өркениетті жастар саясатының қажеттілігі күн тәртібіне қойылып отыр. Әр түрлі саяси ағымдардың жастарға тигізетін әсерлерінің молаюы мемлекеттен пәрменді жастар саясатын жүргізуді талап етеді.

Жастардың саяси санасы бос кеңістікте қалыптаспайды. Оған этникалық, діни, мәдени факторлар тікелей әсер етеді. Әсіресе, діни қайта жаңғырту түбегейлі саяси-әлеуметтік факторға айналып отыр. Мемлекеттік саясаттың басты мақсаты-жастардың шығармашылық, жаңашылдық қуатын қоғамды алға бастайтын басты күшке айналдыру. Қоғамда елдің болашағын ойлап, дәстүрлі құндылықтар жүйесін сақтайтын жас ұрпақты тәрбиелеу, әлеуметтік-мәдени, саяси бағдар қалыптастыру зерттеу жұмысының өзектілігін айқындайды. Осы орайда еліміздің белгілі философы Д. Кішібековтың жалпы мәдениет пен өркениет атаулыны зерттеудегі жалпы әдіснамалық мәселенің бірі «қазақ қоғамының тарихи кешегісі мен рухани дәстүрін ескеру керек» дейтін пікірімен келісеміз.

Жастар мәселесі көптеген ғалымдардың зерттеулерінің объектісі болып, сонау антика кезеңіндегі Сократ, Аристотель, Платон, орта ғасыр кезеңінің философтары Августин, Макиавеллиден бастап жаңа заман философтарының философиялық идеяларынан бастау алған. Тақырыпта негізгі зерттеу объектісі болып табылатын жастардың мәселесімен терең айналысқан бірнеше ғалымдарды айтуға болады. 1990-жылдардан бастап, жастар тақырыбы ғылымның түрлі салаларын (саясаттану, философия, педагогика, тарих, әлеуметтану) қызықтыруда. Г.Ж. Жұмалиеваның, Ш.М.Мухтарованың, Г.Т.Алдамбергенованың, Н.М.Кудроның зерттеулері жастар мәселесі бойынша жазылған соңғы еңбектер қатарында. Д.К.Кішібеков, Ә.Н.Нысанбаев, А.Қасабек, Ж.Молдабеков, С.Е.Нұрмұратов, Н.Ж.Байтенова, Р.Б.Әбсаттаровтың, Г.Т.Телебаев, М.Б.Тәтімов және де басқа ғалымдар қоғамды қозғаушы жастардың интеллектуалды және инновациялық мүмкіндіктерін пайдалану мәселелерімен айналысты. Соның ішінде студент жастардың мәселелері жеткілікті деңгейде ғылыми зерттеудің пәні болып келеді. XX ғасырдың басынан бастап әдебиет жанрында студенттік өмірге арналған сұрақтар қарастылған еңбектер жарыққа шыға бастады. Қазіргі зерттеушілердің көпшілігі 1900-1909 жылдары студенттердің әлеуметтануы пайда болды деп есептейді.

Ертеде ата-бабаларымыз «адамды заманы билейді» деген екен. Енді, осы сөздің мағынасына терең, ойлана қарасақ, онда еліміз егемендік алғаннан бері тәртібіміздің (қай саланы алсақ та) төменге құлдырап бара жатқандығын байқауға болады.

Құқықтық тәрбие дегеніміз не?

Құқықтық тәрбие дегеніміз — бұл құқықтық білім беру, адамның құқытық санасын қалыптастыру мақсатында орвндалатын құқытық тәрбиенің негізгі ықпалы етуші әдісі. Нақты айтсақ, құқытық білім беру арқылы жасөспірім құқыты ұғынады және оның санасы қалыптасады, дамиды.құқықы ұғыну мен қоса, тұлғаны заңды құрметтеуге, қорғауға

орындауға дағдыландыру мен заңның әділдігіне сендіру – құқықтық сананың негізгі белгілері. Аталынған белгілер оқушыларды құқықтық тәрбиелеу негізінде отбасынан және мектеп табалдырығынан бастап жүзеге асады. Есейген адамға қарағанда санасы мен мінез-құлқы жаңадан қалыптаса бастаған жасөспірім-тәрбиенің қолайлы объектісі болып табылады. Құқықтық мәдениеттің негізгі белгілері: заң нормаларын білу, заң нормаларын орындау: қоғамдық тәртіпті; заң нормаларын бұзбау; заң күшіне сену және т.б... Құқықтық мәдениеті дамыған тұлға-құқықтық мемлекеттің үлгілі азаматы болады.

Құқықтық тәрбие беру арқылы жастарды өз құқықтарын пайдаланып, азаматтық міндеттерін орындай отырып қоғамда өмір сүруге, заңдар мен ережелерді тәжірибеде белсенді қолдана білуге үйретуге болады.

А.С.Макаренконың: «анағұрлым қиын тиетін қайта тәрбиелеу жұмысына оралмау үшін, әуелден дұрыс тәрбие беруге тырысу керек» деген пікірін ұмытпаған жөн.

Құқықтық тәрбие берудің негізгі мақсаты – оқушыларды құқықтық мәдениет пен құқықтық әрекет-қылқ қалыптастырып, оларды құқықтық заңдылық талаптарын түсінуге әрі мойындауға баулу. Құқық пен тәрбиенің өзара байланысты әрекеті негізінен жанама түрде тәрбиеге араласқан ата-аналар мен ұстаздар арқылы іске асырылады.

Құқықтық тәрбиені жүзеге асыруда қойылатын талаптар қандай?

— Әрине бұл Заңдарды білу. Бала мен ата-ананың құқықтары мен міндеттері белгіленген заңдар – бұл:

1. Бала құқығының Декларациясы
2. ҚР бала құқықтары туралы Заңы
3. ҚР Конституциясы
4. Білім туралы Заң
5. Неке және отбасы туралы Заң
6. Балалар құқығының Конвенциясы
7. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі

Адамның құқықтық мәдениеті күрделі. Әңгіме - адам, оның санасы, мінез – құлық, жүріс – тұрысы туралы болғанда, көптеген сұрақтар туындайды. Дегенмен қоғам болашағын құқықтық мемлекет тағдырымен байланыстыра қарап отырған шағымызда аға ұрпақ тәжірибесі мен қарым – қатынасынан негізге ала отырып, жас ұрпақтың құқықтық тәрбиесі мәселесін педагогикалық ғылымы мазмұнда қарастырғанымыз жөн. Жастарға құқықтық тәрбие беру жөніндегі билер өнегесінің маңызы зор. Әсіресе бүгінгі таңда жастар арасында өріс алған қылмыс пен бұзаушылыққа тұсау болар құқықтық тәрбиені күшейту үшін, сан ғасырлық тарихы бар билер тәлім тәрбиесін оқу – тәрбие ісіне қолданудың нәтижесі зор болары сөзсіз.

Қоғамда өмір сүрген әрбір жастар сол қоғамның іс – әрекеті, межелері, мәдени дәстүрлерінің құрсауында болады. Заңдарды білмеу – құқықтық мәдениеттің елеулі кемшілігі. Әрине, қоғам өмірінде қабылданаған заңдардан хабардар болу құқықтық ұғынудың жоғары деңгейі. Адамның құқықтық мәдениеті мектеп жасынан бастап қалыптасатынына көз жеткізу қиын емес. Осыған қарамай оқушылардың біраз бөлігі қылмысқа тартылудың шектелуі жас кездері бар екенін біле бермейді. Адам мұндай жағдайда өзінің ар – ұятына жүгінеді. Оқушы өзінің айналасындағы адамдарды, әлеуметтік игіліктерді қате бағалауы мүмкін. Мұның өзі оның көбіне көп құқықтық тәрбиенің бұзылуына әкеп соғады.

Жасөспірімдерге құқықтық білім берудің маңызы қазіргі кезеңде өте зор. Жастарға адамгершілік тұрғысында тәрбие беруде ата-бабамыздың салт-санасы, әдет-ғұрпында жүргізілген үлгі өнегенің мәні де зор. Сөз қадірін білетін заманда бір ауыз сөздің ішкі мағынасын жете түсініп, содан өзіне тәлім алған бабаларымыздың қасиетіне не жетсін. «Өнерлі өрге жүзеді», «Талаптыға нұр жауар», «Ерінбей еңбек еткен мұратына жетеді», «Арақ



пен ұйқы кедейліктің төте жолы», «Арынды жасыннан сақта», «Ата-анасын сыйлаған адал бала, отырады ұжымақтың төрін ала», -деп тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін бере отырып, ұрпақтарды адамгершілік пен құқықтық тәрбиеге баулыған. Бірінен екіншісіне үлгі болған Ата Заңның 14-бабында «Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең» деп жазылған. Өмірге келгеннен бастап, өлгенге дейін республика азаматы болған соң адам баласы бір-біріне қамқорлық пен тәрбие беруі жөн. Ата-бабамыздың үлгісін, жол-жоралғысын еске ала отырып, тарихта өткен хандардың жарлықтары, билердің шешімдерін жастарға меңгертудің мәні зор. Мектеп қабырғасынан оқушылар әр түрлі салада, әр мамандық бойынша әр деңгейде білім алады. Сол үшін мектеп қабырғасынан аттанатын жастардың бойында адамгершілік қасиет пен құқықтық мәдениет болу керек. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аласың» деген сөзді халқымыз бекер айтпаған. Бұл тәлімгерлік мақал әр отбасына ғана емес, сонымен қатар білім беретін мектеп пен ұстазға да ортақ. Әр адам мен мемлекеттік заңдарды құрметтеп, ата-бабамыздың тәжірибесін үнемі назарда ұстап отыруы тиіс. Халқымызда 13 жастағы баланы отау иесі деп атайды. Ал қазіргі Қазақстан Республикасының Ата Заңы бойынша қылмыс жасаған баланы 14 жастан жауапқа тартады. 16 жастан бастап толық әкімшілік қылмыстық жауапкершілік басталады, азамат жеке куәлік алады.

18 жаста кәмелеттік кезең басталады. Жастардың сайлау, өз мүлкіне дербес иелік ету, неке қатынасына тұру, қалыпты еңбек қызметімен айналысқан кезде тиісті жауапкершілік құқығы пайда болады.

Құқықты білмей, әлеуметтік мәнін түсінбей оны құрметтеу мүмкін емес. Әр азамат құқықтық қағидалармен бала кезінен танысуы қажет.

Құқық қағидалары:

1. Әлеуметтік бостандық;
2. Адамгершілік;
3. Демократизм;
4. Теңдік

Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігіміз – біздің басты байлығымыз. Қасиетті де киелі қазақ жерін, қазақ болмысын сақтап қалу – бүгінгі үлкен мәселенің бірі. Жаһандану дәуірінің өзіндік жақсылығы мен қиындығы қатар жүруде. Ұстаздарымыз үлкен сын сағатында тұр. Әрине, қай кезде де бала тәрбиесі оңай мәселе болмаған. Сәл ғана қателік жіберсең, жас өскінді сындырып алуың әбден мүмкін.

Еш нәрсені де көзден таса етпей, өзіңе тапсырылған сыныптағы әрбір баламен тиянақты, жан-жақты тәрбие жұмысын жүргізу – ұстаздардан үлкен біліктілікті, тәжірибені, жан-жақтылықты талап етеді.

Ата-ана мен ұстаз ең бірінші өзі балаға үлгі бола алатындай тұлға болуы керек. Ұстаздың бойындағы ақыл-парасат, терең білім, кәсіби біліктілік, сабырлылық, ұлтжандылық, ізденімпаздылық, өз кәсібіне адалдық, ең бастысы, баланы сүйетін үлкен жүрек иесі болу – бала тәрбиесіндегі ұстаз жетістігінің басты шарттары деп түсінемін.

Қорыта келе, жаңа Қазақстандық азамат қалыптастырудың алғы шарттарының бірі ең бастысы тәртіп орнату, жасөспірімдерге құқықтық тәрбие берудегі тұлғалардың дербес жауапкершіліктерін арттыру, қылмысты болдыртпау жұмыстарын дамытып, жандандыру қажет деп ойлаймын.

Қоғам ұлттық тәрбиеге баса назар аудару керек. Ұлттық тәрбиенің негіздерін басшылыққа ала отырып, оны мектептегі тәрбие жұмыстарына кеңінен қолдану – ұлт болмысын сақтап қалудың негізгі дінгегі болмақ. Бүгінгі балаға ақпарат кеңінен берілуде. Сол беріліп жатқан ақпараттарды дұрыс қабылдап, талдай білуге баланы үйретуде ата-ананың атқарар міндеті зор. Жақсының не екенін, жаманның не екенін білуге үйретуде сынып жетекшісінің де табанды еңбегі керек.

Халықтың жаны – ана тілінде. Ұстаздар үшін тәрбие көзі бола алатын тарих та, асыл сөз де, асқақ рух иелері болған, балаға үлгі бола алатын дана да батыр бабаларымыз жетерлік. Тек осы рухани байлығымызды саф алтындай жарқыратып балаға көрсете білсек, бала да оны көре біледі, қызығады және қабылдайды. Ұлттық рухта тәрбиеленген бала – сол ұлттың болашағы бола алады.

XXI ғасыр адамы – адами қасиеті қалыптасқан, ұлтжанды, жаңа инновациялық технологияларды меңгерген, терең білімді, жаңалыққа құмар, бәсекеге қабілетті, салауатты өмір сүре алатын, шығармашыл тұлға болуы керек. Бала тәрбиесі – ұстаз бақыты. Ендеше, бір мүдде, бір мақсат, бір болашақ үшін сапалы адам тәрбиелеуде аянбай еңбек етейік.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- 1) Ғ.Сапарғалиев, А.Ибраева. Мемлекет және құқық теориясы. [Алматы-1999ж.]
- 2) “Правовая культура: проблемы теории и практики”. Под редакцией Ибраевой А.С. [Г. Алматы 2002г.// “Жеті Жарғы”]
- 3) А. Қасабек. Құқық философиясы. – [Талдықорған, 2008]
- 4) Қазақстан Республикасының Конституциясы. [Алматы. 1995ж.]
- 5) Өзбекұлы С., Қопабаев Ө. «Мемлекет және құқық теориясы» [Алматы: Жеті жарғы, 2006ж.]
- 6) Әбішев Т. «Қазақстандағы адам құқығы» [Егемен Қазақстан 2004ж.]
- 7) Бақтияр Баймырза. «Құқықтық мемлекет құру баспалдағы» [Егемен Қазақстан 2004ж.]
- 8) Мұса С. «Азаматтық қоғам» [Егемен Қазақстан 2006ж.]

## КИБЕР КЕҢІСТІК ЖӘНЕ ПОСТАҚИҚАТ: ТҰРМЫСТЫҚ ТАНЫМДАҒЫ ДИСТРУКТИВТІ МЕТАМОРФОЗДАРДЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

**Кәрімов Дамир Ахметбекұлы**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, философия кафедрасының магистранты

Ғылыми жетекші: филос.ғ.к., доцент м.а. Әсет Құранбек

**Abstract.** This article delves into the evolving landscape of knowledge acquisition within the digital age, specifically focusing on the intertwining dynamics of cyberspace and post-truth. In an era marked by the omnipresence of the internet and a shift towards post-truth narratives, understanding how these factors influence our everyday knowledge becomes imperative. The article explores the following key themes: the impact of cyberspace, post-truth phenomena, the article scrutinizes the rise of post-truth politics and the increasing sway of emotions and personal beliefs in shaping public perception. It discusses the distortion of facts and the proliferation of false information, which have become conspicuous elements in contemporary societal discourse.

**Тірек сөздер:** постақиқат, гуманитарлық дағдарыс, өмірлік әлем, әлеуметтік тәжірибе, тұрмыстық таным.

Кейде сынақ күтпеген кезде келеді. XX ғасыр 2 рет болған дүниежүзілік соғыс нәтижесінде 200 миллион адамдай қаза болды. Кейбір мемлекеттердің қатігез үкіметінің кесірінен репрессиялар мен геноцидтер жасалып, тағы 200 миллионға жуық адам қырғынға ұшырады. Адамзат ешқандай мораль ақтап ала алмайтын себептермен 100 жылға жетер жетпес уақыт ішінде жарты млрд адамды өлтірді. Бұл Қазақстан секілді 20 мемлекеттің халқын

бір сәтте жойып тастаумен тең қанды статистика. Осылайша, XX ғасыр адамзат кездестірген ең сұмдық гуманистік дағдарыс кезеңі болып тарихта қалды.

Енді, XIX ғасырдың екінші жартысына көз жүгіртейік. Қанішер ғасырдың басталуына әлі 30-40 жыл бар. Ницше осы кездерде өзінің философиялық еңбектерін жазады. Оны танымал еткен афоризмдердің бірі: «құдай өлді, оны біз өлтірдік». Бұл афоризмнің мәні қандай? Болашақта болатын қасірет тізбегін Ницше көре алдыма? Ницшеде көріпкелдік, экстрасенстік қасиет болды ма? Жоқ. Ницше өркениеттің иманентті даму динамикасында өте сұмдық моральдық өзгеріс болып жатқандығын, дін, мәдениет, идеология, әлеумет, экономикалық формациялардың түбірінде жатқан метмарфоздарды түсініп, адамзат алдында үлкен сынақ дайын тұрғанын ғана байқады. Ницше афоризіміне канцептуалды талдау жасап көрейік. Ницше «Құдай өлді» деп нақты бір дінге қатысты айтпады. Ол үшін құдай ұғымы бүкіл діндерге ортақ құндылықтар жиынтығын, сакральді құбылысты мистикалық сезіну көзін, адамгершілікті, зұлымдыққа деген ішкі жиіркенішті, универсалды моральді өз шеңберіне алатын кешенді ұғым. Неге біз өлтірдік? Суперидеялар, модернизация, прогресс үшін біз өз бойымыздағы бұл сезімдерді қуана-қуана кесіп тастадық. Өз ішіміздегі құдайдың бөлшегін өлтірдік. Адам мақсат емес, құралға айналды.

Ал, қазір қалай? Ницше айтқандай, ішіміздегі адамды өлтіруге қауқары жететіндер кімдер? Қолында смартфон бар адамдардың бәрі десем қалай? Барлығымыз үлкенді кішілі идеологтармыз. Жоқ, Біз Маркс, Энгельс, Хабермас, Фуко, Деррида, Ницше т.б секілді интеллектуал емеспіз. Бізді олармен теңестіретін жалғыз ғана құрал бар. Жалғыз болсада, бұл олардың қолы жетпеген мүмкіндіктерді береді. Біз бұны интернет деп атаймыз. Біз білмейміз, бірақ білетінімізге сенімдіміз. Біз өз көзімізбен көрмедік, бірақ көрдік. Оқиғаның куәгері болмадық, бірақ ол оқиға жайлы барлығын білеміз. Біз мыңдаған адамның тағдырына әсер ететін экономикалық, саяси шешімдерге араласамыз. Біз «ақиқат» пен «пікірді», «білу» мен «сенуді» ажырата алмаймыз. Бізде метод жоқ, кәсіби білім жоқ, бірақ шешім бар және оны қорғауға дайынбыз. Біздің субъективті пікірлеріміз бұрынғыдай ас үйде қалмайды. Бізді кем деген 100-200 адам оқиды, кейбіреуімізді 10-20 мың, кейбіреуімізді 1-2 млн. Кейбіреуіміз жақсы, пайдалы блог жазамыз, кейбіреуіміз біліміміз жетпейтін сала жайлы «кәсіби» көзқарасымызбен бөлісеміз. Осындайда, «Кім ақпарат ағымын басқарады, сол әлемді басқарады» деген цитата еріксіз еске түседі. Ал, басқарушылар көп болса жағдай қалай болады? Біз идея тасымалдаймыз, бұл идея біздікі ме? Біз ақпаратпен бөлісеміз, қалауымыз біздікі ме? Біз әрекет жасаймыз, шешіміміз біздікі ме? Бір-біріміздің шешімдеріміздің авторына айналдық. Бұл құбылыс әлемде қандай қауіпті тудырады?

XXI ғасыр. Киберкеңістік күнделікті өмірмен астасып, шынайылық пен виртуалды әлемнің шекарасын бүркемелейтін бірегей құбылысқа айналды. Жаһандық желі кеңістігі әлем мен айналамыздағы шындық туралы түсінігімізді қалыптастыратын әртүрлі әлеуметтік желілерге, жаңалықтар порталдарына және цифрлық қауымдастықтарға қол жеткізуді шексіз ақпарат ағымы арқылы қамтамасыз етеді. Сонымен бірге, біздің заманға «постақиқат» ұғымы еніп, эмоция, сенім, пікір және талғам фактілер мен объективті шындықты жаншып тастайтын жағдай жиілігін үдетуде. Киберкеңістік бірегей ақпараттық экожүйе ретінде дезинформацияның, манипуляцияның, осыған қоса жасанды интеллекттің және біздің қалауымыз бен талғамымызды анықтайтын алгоритмдердің таралуымен еркін пікір, ақпарат алмасу мүмкіндігі қатар өмір сүретін екіұшты орынға айналды. Оған мысалдар: Fake News - шынайы жаңалық ретінде таралатын ойдан құрастырылған немесе бұрмаланған оқиғалар. Жалған атрибуциялар – әлеуметтік желіде танымал тұлғаларға қатысты жалған немесе бұрмаланған цитаталар. Deepfakes және Photoshop – сурет пен бейнемен манипуляциялау. Саяси дезинформация – саяси мақсатта жалған ақпарат арқылы медиа шабуыл жасау. Конспирологиялық теориялар – жалған, логикалық қисынсыз ақпараттарға сүйене отырып,

оқиғалар, адамдар туралы танымды радикалды бұрмалау. Жалған аккаунттар мен боттарды белгілі бір идеялар мен пікірлерді жасырын насихаттау үшін пайдалану. Бұлар танымның бұрмалануына фактор болса, бұны ушықтыратын әлеуметтік желідегі киберәлеуметтену, киберкомформдылық тудырған топтық эмоцияға еріп кету, тек бір жақты көз қарасты қолдайтын ақпараттарды жасанды интеллектінің теріп беруі, яғни, ақпараттық «пузырь», тек бір жақты көз-қарасты қолдайтындармен топтасқанда пайда болатын эхо-камера эффектісі, әлеуметтік-мәдени контекстіге байланысты түрлі ксенофобиялық толқулар, арандатулар және осыларды түрлі мүдделердің өз мақсатына пайдалануы ақпараттық заманның парадоксальды феномені тұтынушы үшін «ақиқаттын қолжетімсіздігіне» алып келеді [1, 86]. Нищсе қазір өмір сүргенде: «ақиқат өлді, оны біз өлтірдік» деуші ме еді кім біледі. Бұның себебі неде?

Бірінші тұтынушы танымындағы өзгерістерден бастайық. Интернет заманы басталғанға дейін көпшіліктің танымын қалыптастыратын ақпарат көздері ретінде әлеуметтік ортасы, білім беру жүйесі мен дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдары өз қызметін атқаратын. Білім беру жүйесі және БАҚ қатаң цензурадан өтпеседе, арнайы ережелерге бағынып, саяси, мәдени орталық қалыптастырған дискурс пен нарратив шеңберінен шықпайтын. Бұл кем дегенде, қоғамға мазмұны біртұтас, нәтижесі болжамды, тұрақталған жағдайға қауіпсіз, жүйелі шындық моделін ұсынатын. Қазіргі уақытта дәстүрлі ақпарат көздеріне тікелей бәсекеге түскен онлайн энциклопедиялардағы білім, әлеуметтік желідегі қарым-қатынас, түрлі сайттардағы жаңалықтар, ақпараттың шексіз ағыны, ережесіз орта, еркіндік, сөз бостандығы, анонимділік, жылдам қолжетімділік, ақпарат құнының арзандауы, тәуелсіз монетизация секілді кибер әлем артықшылықтары көпшілік тұтынушы үшін танымның доминантты көзіне айналуына жеткілікті болды. Нәтижесінде, болжауға, басқаруға келмейтін стихиялық интерсубъективті әлем қалыптасты. Осы сәттен бастап, қоғамның санасына талас ережесі біршама өзгерді. Енді, орталық және оның көзқарасын таратушылар жоқ (бұрынғы деңгейде емес), көзқарасты қалыптастыру үдерісінің мүшесіде, таратушысыда көпшілік. Ақпарат соғысының акторлары бұрынғыдай белгілі емес, қазір кім-кімнің пікірін трансляция жасап жатқаның ажырату қиын. Қазір ақпарат тым көп және арзан болғандықтан акцент санаға емес эмоцияға көбірек қойылады. Қазіргінің лозунгі қысқа және қызық, әсерлі болу. Осы заманда тұтынушының назарын тек осылай жаулап алуға болады. Кибер әлемнің реалды әлемге алып келген макротрендтері гуманитарлық ғылымдарда біршама аландатушылықтар тудыруда. Авторы белгісіз, мазмұн тереңдігінен айырылған, қандайда бір эмоцияларды оятуға бағытталған шексіз контенттің тұтынушы танымындағы рационалдылық бастамасын тұншықтыруы, таным интуициясының когнитивті еңбектен ажырап, сырттан дайын образдар, ассоциациялар, шаблондар, стереотиптерді ғана қабылдауға қабілетті аморфты қоймаға айналуы, заманауи надандық формаларының пайда болуы қоғамның интеллектуалды потенциалына үлкен қауіп төндіреді [2, 134].

Э.Гуссерльдің «Өмірлік әлем» коцепциясын Н.В.Мотрошилов зерттеулеріне сүйене талдаған В.С.Степин бұл терминді адам тәжірибесінің сан алуандығын, теорияға дейінгі тұрмыстық тіршілігін білдіре отыра, адам айналасындағы әлемді жай ғана сипаттамай, субъектінің әлемді қабылдауы, әлемдегі өз орнын анықтауы, сезінуі, түсінуін сипаттайтын кешенді ұғым ретінде интерпретациялайды. [3, с. 104] В.С.Степин айтуынша адам тарихи үдеріске енген, әлеуметтік өзгерістерді аса сезімталдықпен қабылдайтын, көзқарастар, түсініктер, сенімдер арасында кикілжінсіз дүниетаным қалыптастыруға ұмтылатын және содан құндылықтар жүйесі мен иерархиясын алатын көпөлшемді тіршілік иесі. [4, с. 63]. Адам өзінің әлеуметтік тәжірибесінен нормаларын, қағидаттарын, бағытын, идеалдарын, мақсат-мүддесін құрап, мәдени универсалилерін категориялды қаптамада жүйелеуге ұмтылады. [4, с. 63]. Осылайша, әлеуметтік тәжірибе адамдардың рухани әлеміне араласып, тікелей мораль-этика бағытындағы күн тәртібін өз қолына алады. Әлеуметтік тәжірибенің тұғыры адамның

әлеуметтену жолы, әлеуметтік кеңістікте өмір сүру тәсілі. Қазіргі уақытта адам кибер кеңістік арқылы әлеуметтенеді, кибер кеңістікте әлеуметтік тіршілігінің басым бөлігін өткізеді. Постшындық кезеңі өмірге алып келген деструктивті динамика қазіргі заман адамының құндылықтарының қалыптастырушысы үлкен қауіптер жатыр. Құндылық адам әрекетін анықтайтын салмақты бастама. Бұл бастаманың түбірінде ақыл-ой, даналық, ұжымдық сананың интеллектуалды еңбегі жатпаса, шикі құндылықтар өмірге түрлі құбыжықтарды алып келуі мүмкін. Кезінде, адамзаттың жойылып кетуіне дейін жеткізе алған үлкен қауіп құндылықтар дағдарысы болса, сол дағдарыс бұрын соңды болмаған формада адамзатқа қайта жолықты. Ендігі, бұл метамарфоздарға жеткілікті деңгейде зерттеу жұмыстарын жүргізіп, тиісті шешімдермен қоғамға зиянын кемітпесек, біз болжай алмайтын нәтижелерге алып келуі мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. И. С. Николаевич. Как нас обманывают СМИ. Манипуляция информацией. — СПб.: Питер, 2018. — 320 с.
2. Андрей Манойло, Алла Попадюк. «Постправда» как социальное явление и политическая технология.
3. Дождикова Р. Н. К вопросу об аксиологических основаниях обыденного познания // Вопр. философии. 2013.
4. Стёпин В. С. Философская антропология и философия культуры. М. : Акад. проект: Альма Матер, 2015.

## **ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ**

**Сағындықова Айзат**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, философия кафедрасының магистранты  
Ғылыми жетекші: филос.ғ. д., профессор Раев Д.С.

Abstract. The article examines the spiritual values of modern Kazakh society, the mechanisms of their transmission from one generation to another, and the role of the state in this process. Modern ideas about spiritual values are summarized. It is shown that, despite the ambiguity of their content, they always have a system-forming character for the country, set the general vector of its development and influence the destinies of people. Those areas of activity of the modern Kazakh state are highlighted that cannot be implemented without the transfer of spiritual values from older generations to younger ones and which contribute to the activation of spiritual contacts of different ages in the field of politics, science, and education. It is noted that the formation of spiritual values occurs at all levels of the functioning of society, ranging from individual-personal to national format - from family conversations accessible to everyone.

Тірек сөздер: Жастар, құндылық, кәсіби өзін-өзі анықтау, әлеуметтік-мәдени трансформация, прагматизм

Қазақ жастарының рухани құндылықтарын, атап айтқанда олардың өмірлік стратегемдері мен өмірлік жоспарлық бағдарлары контекстінде анықтау бүгінгі таңда ерекше өзекті. Бұл өзектілік бүгінгі қоғамдық процестердің динамизмінің күшеюімен де, олардың мазмұнымен де байланысты. Атап айтқанда, әлеуметтенудің префигуративті моделі ретінде күшейе отырып, оның мәні «үлкендерді кішілер оқытады» формуласында жатыр. Мұндай

жағдайларда білім беру мәселелерін зерттеудің жаңа тәсілдерін табу, атап айтқанда, әртүрлі әлеуметтік топтардың жас өкілдерінің білім беру/алу және кәсіби траекториясын қалыптастыруға назар аудару ерекше маңызды болады. Білім берудегі рухани құндылықтармен байланысты негізгі мәселелердің бірі – оларды анықтауда нақты түсінік пен біртұтас көзқарастың болмауы. Рухани құндылықтарға этикалық принциптер, моральдық сенімдер, діни сенімдер және өзін-өзі жетілдіру кіруі мүмкін. Құндылық — объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық-социологиялық ұғым. Құндылық ұғымы осы зерттеу жұмысында бізге жастар арасындағы рухани бағдарды дұрыс беруге көмектеседі.

Шынында да, қазіргі таңда көптеген кәсіби салалар кәсіби мінез-құлықтың басқа модельдерін, басқа құндылықтарды, білім мен дағдыларды, сайып келгенде, басқа дүниетанымды қажет етеді. Тағы бір маңызды аспект қоғамда, әсіресе көпұлтты және көпконфессиялық ортада құндылықтар плюрализмінің таралуы. Білім беру үдерісінде педагогикалық жүйе қалыптастыратын құндылықтарды бағдарлаудағы ортақтық [Козлова, 2016: 48-56] жеке тұлғаның және бағалау категорияларының жағдайын, координаттардың қолданыстағы құндылықтар жүйесінде одан әрі кәсіби дамуға дайындығын анықтайды. Мәдени контексттердің әртүрлілігін ескере отырып, айырмашылықтарды құрметтейтін және әрбір студентке қауіпсіз және қолдау көрсететін ортада өз сенімдерін дамытуға мүмкіндік беретін рухани құндылықтарға құрметпен және инклюзивті көзқарасты қалыптастыру қажет. Сондықтан әлеуметтанушы, философ ғалымдардың жастар мәселесін талдауға үндеулері бұрынғыдан да өзекті болып отыр. Белгілі философ Н.Бердяев: «Рух – сүйіспеншілікте, қайырымдылықта, жанашырлықта, әділеттілікте, шығармашылықта, еркіндікте, борышта т.б көрініс табады» деген. Сонымен қатар, елдің тағдырымен тікелей байланысы бар, өйткені бүгінгі жастар – қоғамдық өмірдің әлеуетті қатысушысы. Жақын болашақта Қазақстанның қоғамдық қатынастары мен әлеуметтік құрылымының табиғаты көбінесе жастардың қандай рухани құндылықтарды бойына сіңіргеніне байланысты болмақ. Қазіргі таңда қазақ мәдени кеңістігінде ең күрделі әлеуметтік-мәдени процестер жүріп жатыр. Сондықтан әлеуметтік-мәдени жағдайдың одан әрі дамуын болжау үшін алдымен олардың негізгілерін анықтау қажет. Осы тұрғыда академик Ә.Н. Нысанбаевтың ортаға салған мына пікірі өте орынды деп ойлаймыз: «Мәдениет пен ғылым саласында либералды-демократиялық қоғам құндылықтарының ықпалы артып отыр. Қазақстан халықтарының дәстүрлі құндылықтары мен өзіндік мәдени мұраттары қатты қысымға ұшырауда, сондықтан олар өздерінің рухани мұраларын сақтап қалуға талпынуы керек. Бірақ, сонымен қатар олар батыс мәдениетінің нормаларымен де өзара әрекеттесіп, өзара толығыуы қажет. Мәселе батыс мәдениетімен бәсекеге қабілетті болу үшін құндылықтарды қайта қарап, қазақ мәдениетін қайта жаңғыртып дамыту туралы болып отыр. Қарқынды өріс алып отырған жаһандану жағдайында, Қазақстан халықтарының дәстүрлі құндылықтары мен либералды-демократиялық қоғам құндылықтарының конструктивті сұхбаты өте қажет. Өтпелі қоғамның мәдениет саласындағы күрделі қатынастарын реттейтін және халқымыздың мәдениетінің қайталанбастығы мен өзіндік сипатын қамтамасыз ететін заңдар қажет» [Нысанбаев, 2006: 92].

Әлеуметтік капиталдың макродеңгейдегі жағдайы – белгілі бір қоғамда қалыптасқан және өмір сүретін нақты мәдени нормалар, рухани құндылықтар, сенім деп бағалаймыз. Жастар ортасында болып жатқан процестердің айқын аймақтық ерекшелігі бар. Шеткі аймақтарда әлі жеткілікті зерттелмеген қосымша факторлардың салдарынан жастардың рухани-әлеуметтену траекториясы мен тәжірибесі күрделене түсуде. В. Франклдің пайымдауынша өмір мағынасын адам жаны ұмтылатын рухани деп түсіндіреді. «Өмір мағынасын түсіну әр түрлі жас кезеңінде және әртүрлі жағдайда пайда болуы мүмкін, сондықтан адам өз тіршілігіне өзі мән беруі тиіс, әйтпесе оған сырттан келер көмек жоқ.

Өмірдің мағынасы жазылып, құрастырыла салмайды, ол өмір бойы жинақталады. Өмір мағынасын іздестіру адам үшін табиғи құбылыс болып саналады». [Франкл В,1990: 168].

Жастардың рухани құндылықтық бағдарын өзгерту мәселесі БАҚ-да, әртүрлі деңгейдегі ғылыми конференцияларда ұдайы талқылануда. Парадоксальды, бірақ бұл процестің мәні мен әлеуметтік астарын ғалымдар диаметральді карама-қарсы жағдайда анықтайды. Кейбіреулер қазақ жастары, жалпы қоғам сияқты, рухани құндылықтар дағдарысын бастан кешіріп, қазақ халқының моральдық құндылықтары мен мәдениеті жойылып, мемлекеттің тұтастығы мен қауіпсіздігіне қауіп төндіретінін атап өтеді. Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы және оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау; баланың тәрбиеленуі, білім алу және қалыптасуы, ана тілін, ұлттық салт дәстүрлерді сақтау, ақпараттану, денсаулығын нығайту сияқты құқықтарын іске асыру. Осы сияқты қасиеттерді білім алушылардың бойында қалыптастыру мен дамыту Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің маңызды міндеті ретінде қарастырылады» [Алматы, 1995: 40 б], -деп атап көрсетілген. Білімнің құндылығы, ең алдымен, құзыреттілігі бар кәсіби, азаматтық және басқа да қоғамдық міндеттерді белсенді, сауатты орындауға қабілетті тұлғаның қалыптасуында. Әрине, білім барлығына бірдей немесе мәңгілікке қатып қалған, тұрақты құндылық бола алмайды. Білім берудің мақсаты – білім, біліктілік дағдыларын қалыптастыру және білімгер тұлғасының интеллектуалдық, адамгершілік, шығармашылық креативінің дамуы. Ресей ғалымы Л.П.Буеваның ойынша, ең бастысы білімдерді игеру емес, олардың мәні мен мақсаты. Бұл тұрғыдағы руханилық ұғымы – бұл адамның өз әлеміне, табиғат пен қоғамға деген қарымқатынасын жоғары деңгейдегі меңгеруі, яғни, «белгілі бір деңгейдегі құндылықтар, мақсаттар мен мәндер иерархиясының көрсеткіші» [Буева Л.П., 1996: 3]. Көптеген философиялық ой-пікірлер мен көзқарастар болды, олардың жалпы мағынасы – адам шексіз әлемде құм түйірінен басқа ештеңе емес. Тіпті адамзат баласының өмір сүруінің өзі дүниенің шексіз ұзақтылығындағы «қысқа» эпизод/этиюд ретінде ғана қарастырылды. Адамдар әлемде жай ғана өмір сүрмейді, бірақ олар әлемге және өзіне ерекше зор, соның ішінде, зиянды ықпал ете алады. Бірақ олар, сондай-ақ, өздерінің рухани болмысын тануға қабілетті, өмірдің мәнін іздеуде басқа құбылыстармен қатар білдірілетін «болмыс тағдыры» үшін алаңдаушылықты бастан кешіреді. Демек, адам болмыстың біртұтас жүйесіндегі өзінің карама-қайшы рөлін сезініп, оны барынша жауапкершілікпен атқара алады және білуі, мойындауы тиіс.

Қоғамның негізгі рухани құндылықтарын қалыптастыру, адамның рухани құндылығы туралы идеялар.

Соңғы уақытта білімнің жеке құндылығына, адамның өз білімінің деңгейі мен сапасына жеке негізделген, бейтарап көзқарасына басымдық берілуде. Білім берудің оқушыға бағытталған құндылығын тану мен білім беруді өмір бойына жалғасатын процесс ретінде түсіну тенденциясы арасында тығыз байланыс бар сияқты. Білім қоғам құндылықтарын, тиісті деңгейде сақтап қана қоймай, оларды байытып, дамыта алады. Республиканың тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде: «Мәдени дәстүрлер қашанда әлеуметтік қайта түлеудің қайнар көзі болып келді. Өзінің тарихи, мәдени тамырларына қайта оралу бұл әрине оң процесс. Қазақстанда ұлттық тілді, өнерді, мәдениетті дамытуға барынша қолдау жасалып отыр деген сөзі мұның бірден-бір айғағы. Ұлттық идеяның мән-мағынасын дәл қазіргі таңда "Қазақ елі, Азаттық, Бірлік" деген ұғым-түсініктер аша алады [Нұрсұлтан Әбішұлы, 1993: 32].

Белгілі психолог А.Г.Асмолов енгізген «пайдалылық мәдениеті» және «қадір-қасиет мәдениеті» мысалында білім мен қоғамның басым құндылықтары арасындағы тығыз байланысты көруге болады. Пайдалылық мәдениеті немесе пайдалылыққа қоғамның негізгі

құндылығы ретінде назар аударатын мәдениеттің жалғыз мақсаты бар ... ешбір өзгеріссіз өзін-өзі жаңғырту ... білім беру рөліне ауыстырылады. Ар-намыс мәдениеті білім берудің жаңа парадигмасын – адамның өзін-өзі бағалауын, еркіндік сезімін, кәсіби және жалпы тәрбиелік құзыреттілігін тәрбиелеуге бағытталған білім беруді талап ететіні анық. Бұл бүкіл білім беру жүйесінің мазмұны мен ұйымдастыру формаларын түбегейлі өзгертуді, әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде білім беру құндылықтарын өзгертуді талап етеді.

Қазіргі кезең қоғамды идеологиясыздандырумен, құндылықтар жүйесін, оның ішінде білім беру құндылықтарын қайта қараумен және өзгертумен сипатталады және оны бірқатар ғалымдар «аксиологиялық революция» ретінде анықтайды. Әлеуметтік-экономикалық реформалар, өмірдің екпінді қарқыны, экономикалық дағдарыс, нарықтық экономикаға көшу соңғы кезге дейін ойға келмейтін нәрсені әп-сәтте құлатты. Соңғы уақытқа дейін бұлтартпас болып көрінген «ескі» құндылықтар бұрынғы тәжірибеге жат «жаңа» құндылық бағдарлармен алмастырылуда.

Қазіргі уақытта құндылықтық көзқарас идеясы білім берудің гуманистік парадигмасымен байланысты, ол келесі принциптермен сипатталады: Теңдік, Диалогизм, Бірге өмір сүру, Бостандық, Бірлескен даму, Бірлік, Қабылдау. Білім берудегі гуманитарлық парадигманы жүзеге асыру мәдени, жалпы өркениеттік құндылықтарға, трансценденттік сипаттағы құндылықтарға бет бұруды және оларды жаңа ұрпақтарда жаңғыртуды қамтиды. Сонымен, гуманистік парадигма аясындағы білім берудің басты құндылығы – адам, тұлға. Демек, оқу-тәрбие процесі дегеніміз белгілі бір тұлғаның өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі насихаттауына жағдай жасау деп түсінілетін болады.

Жоғарыда айтылғандар білім беру үшін білім мен дағдылардың жиынтығын меңгеру ретінде оқыту міндеті жойылады дегенді білдірмейді. Екпіндердің ауысуы, қайта орналасуы бар. Егер бұрын құндылық бағдарлар түрін технократиялық деп сипаттауға болатын болса, бұл құндылықтар жүйесі мектеп кезінен бала өміріне кіріктіріліп, оның сенімді серіктесіне айналу қажет. Себебі ақыл философиялық апатия, олай болса, бала құндылықсыз бос ақыл ішінде адаспауы керек. Содан кейін құндылық бағдарлардың гуманистік түрі әр оқушының жеке тұлға ретіндегі мүдделеріне, оның өзін-өзі ілгерілетуіне және өзін-өзі дамытуға бағытталған, оның өз мүмкіндіктерін іске асыруына жағдай жасауға бағытталған болуы қажет. Сонымен, тәрбие адам болмысының ерекшеліктерімен тығыз байланысты және адам қоғамының тарихи даму барысында өзгертін бірнеше әртүрлі аксиологиялық (құндылық) өлшемдерге ие.

Құндылықтар мәселесін білім берумен қатарластырып қойған кезде мәдениет мәселесі шетте қалмауы керек. Осы ретте өнімділік және білім беруге байланысты топтастырылған мәдениеттің үш түріне кеңірек көз салайық:

Өнімділік – мәдениет типінің түсінігі (мысалы, архаикалық, заманауи) және мәдениет түрін анықтаудың өзі оқыту, тәрбиелеу сипатымен корреляциялануы мүмкін деген ұстаным. Атақты этнограф М.Мид осы негізде мәдениеттің үш түрін ажыратады: кейінгі бейнелеу; кофигуративті; префигуративті.

Постфигуративті мәдениетте (алғашқы қоғамдар, шағын діни қауымдастықтар, анклавтар және т.б.) балалар, ең алдымен, өздерінің алдындағылардан үйренеді, ал ересектер ешқандай өзгерістерді елестете алмайды, сондықтан олардың ұрпақтарына тек өзгермейтін «өмір сабақтастығы» сезімін береді. Мәдениеттің бұл түрінің көрінісі біздің заманымызда диаспораларда, анклавтарда, секталарда да кездеседі; салт-дәстүрде, ұлттық тәсілдерде көрінеді.

Мәдениеттің кофигуративті түрі балалар да, ересектер де өз құрбыларынан, кеңірек замандастарынан үйренеді деп болжайды. Дегенмен, мәдениеттің бұл түріне нормаларда, мінез-құлықта және т.б. үлкендерге бағыну мағынасында кейінгі бейнелер жатады. Өзінің таза түрінде кофигуративті мәдениет ақсақалдарсыз қалған қауымда өзін көрсете алады. Мысалы



АҚШ, Канада, Австралия, Израиль елдеріндегі иммигранттар өмірін талдау мысалын қолдана отырып, өмір сүрудің жаңа жағдайлары білім берудің жаңа әдістерін қажет ететінін көрсетеді.

Үлкендер де балаларынан үйренетін» префигуративті мәдениет біз өмір сүріп жатқан заманды көрсетеді. Болжамдалған мәдениет осы, болатын дүние. Білім балаларды жаңаға дайындау, өткендегі құндылықты сақтау және мұра ету керек, өйткені ұрпақтар арасындағы байланыс өркениет тарихы.

Мәдениет (оның түрлері, парадигмалары, тенденциялары) пен білім арасындағы ішкі байланыс мәселесіне әртүрлі көзқарастар өркениет тарихында қалыптасқан қоғамдық сананың қалыптасқан «білім беру» стереотипі мен мәдениет туралы адамзат жинақтаған білім арасындағы қайшылықтарды ашатыны анық. Қазіргі білім беру бұл қайшылықтың шешімін іздеумен сипатталады. Мәдениеттің ұдайы өндірісі ретінде білім беру әр түрлі ішкі жүйелер (оқушылардың жасына, білім беру мақсатына, шіркеуге, мемлекетке деген көзқарасына байланысты) сараланған нақты жүйе ретінде қалыптаса алмайды. Ең алдымен, біз білім беру әлеуметтік институт ретінде әртүрлі элементтер мен олардың арасындағы байланыстарды: ішкі жүйелерді, басқаруды, ұйымдастыруды, кадрларды және т.б. кіретін күрделі жүйе екенін атап өтеміз. Бұл жүйе білім берудің алдыңғы деңгейлерін ескеретін және болашақты болжайтын мақсатымен, мазмұнымен, құрылымдық оқу бағдарламаларымен және жоспарларымен сипатталады. Әрбір елде ерте заманнан бастап білім беру жүйе ретінде оның дамуының әрбір нақты уақыт кезеңін сипаттайтын нақты әлеуметтік-тарихи жағдайларға сәйкес қалыптасты. Қазіргі уақытта гуманитарлық білімнің дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі көптеген философиялық идеялардың қайта оралуы және жаңартылуы туралы айтуға болады. Бірақ, біздің ойымызша, құндылықтар мәселесіне зерттеушілік, өмірлік қажеттілік. Біздің қоғамда болып жатқан әлеуметтік-мәдени процестердің айрықша белгісі құндылықтарды қайта бағалау және түсіну. Бұрын мызғымас постулаттар ретінде қабылданған нәрсе қазір толығымен жоққа шығарылды немесе оның «пайдалылығы» мен маңыздылығына күмән тудырады. Ал Д.А.Леонтьевпен келіспеуге еш негіз жоқ: «Құндылық нигилизмі, цинизм, бір құндылықтан екіншісіне асығу, экзистенциалды вакуум және құндылық негізінің сынуынан, семантикалық аштық пен дислокациядан туындайтын әлеуметтік патологияның басқа да көптеген белгілері бар.» [Леонтьев Д. А, 1996: 15]. Ескі құндылықтарға сенімін жоғалтып, адам сырттағы проекциясы үшін рухани болмысын жоғалтады. Білім беру жүйесінің модернизациясы, соған байланысты кәсіби көзқарастардың өзгеруі, мектеп қызметінің нәтижелеріне, көшбасшының кәсіби қасиеттеріне белгіленген талаптардың жоқтығы оны жеке тұлғаның тұрақтылыққа табиғи ұмтылысы мен қажеттілік арасында үнемі таңдау жасауға мәжбүр етеді. Білім берудегі догматизм адамдар үйреншікті ескі идеяларға жабысып, жаңа нәрселерді білім беру псевдоқұндылықтарының объективті теріс бағалауымен үзілді-кесілді келіспей, алынған схемалар призмасы арқылы бағалайтын кезде өркендейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Козлова А.Г. Воспитание у обучающихся ценностного отношения к профессии инженера // Воспитание школьников. 2016. № 9-10. С. 48-56.
2. Нысанбаев А.Н. Сущность глобализации и ее влияние на Республику Казахстан // Казахстан в условия глобализации: философско-политологический анализ. Алматы: Компьютерно-издательский центр Института философии и политологии МОН РК, 2006 – 363 с. 82-121 бб.
3. Франкл В. Человек в поисках смысла. – М.: Прогресс, 1990. – 168 с.

4. Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. – Алматы 1995. – 40 б
5. Буева Л.П. Духовность, художественное творчество, нравственность// Вопросы философии. –1996. – №2. – с.
6. Қазақстанның болашағы - қоғамның идеялық бірлігінде / Назарбаев, Нұрсұлтан Әбішұлы ... – Алматы : Кітап, 1993. - 32 б
7. Леонтьев Д. А. Ценность как междисциплинарное понятие: опыт многомерной реконструкции // Вопросы философии. 1996. № 4.

## МЕШІТТЕР ЖАНЫНДАҒЫ САУАТ АШУ КУРСТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Шаңбаева Арайлым Нұрдығұлқызы**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, дінтану және мәдениеттану кафедрасының докторанты  
Ғылыми жетекші: Қаңтарбаева Ж.О. филос.ғ.к, аға оқытушы

**Annotation:** the article identifies the features of literacy courses at mosques, analyzes the active activities of these special places in society. Since the vast majority of the population professes Islam, it is important to approach religion not blindly, but through knowledge. The importance of education in madrasas is shown. The article analyzes the place of women in the Islamic religion, namely, the rights of women in terms of literacy and teaching in the early era of Islam.

**Keywords:** Madrasah; religious literacy courses; religious literacy; education; learn;

Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет болғанмен ондағы басым халық мұсылман дінінің өкілдері екені белгілі. Елімізде дін саласында саясат жүйелі жүргізілгенімен ислами ортада дінді қате түсіну, діни сауатсыздық не әсіре діншілдік, шала сауаттылық жағдайлары кездесуде. Бұндай діни сауатсыздықтың алды алынбаған жағдайда, ол халықтың дәстүрлі дінге деген сеніміне селкеу түсіріп, ел ішінде діни мәселелер шиеленісіп, мемлекет үшін дін күрделі проблемаға айналары белгілі.

Тарихқа көз жүгіртсек, ықылым замандардан-ақ қазақтың небір ғұламалары әуелі сауатын медреселерде ашқан. Ұлы Абайдың да медреседен тәлім алғаны белгілі. Міне, осындай діни оқу ордасының берген білімінің тиянақтылығы, құнарлылығы арқасында ол адамдар қазақтың ірі-ірі тұлғаларына айналды.

Жасынан медреседе білім алып, халықтың мақтанышына айналған тұлғалар қаншама?! Олар тарихта өз ғасырының ғұламалары атанып қана қоймай, ұрпақтан-ұрпаққа тағылымдық-тәлімдік, білім мен біліктілік мәні жоғары мұралар қалдырды. Олар жайында айтылып-жазылып жүр, дегенмен сол ғұламалар бесігі – медресе туралы көпшілік көп біле бермейді. Оның басты себебі насихаттың кемдігінде деп ойлаймын. Орта Азия мен Қазақстанда білімнің, ғылымның, мәдениеттің қайнар бастауы VIII-XII ғ.ғ. жататынын жадымыздан шығармауымыз керек. Еуропадағы алғашқы университеттердің ашылу мерзімінен 300 жыл бұрын қазақ даласында мұсылман мектептері мен медреселер қызмет етті. Олардағы оқыту мен сабақ жүргізуінде өзіндік дәстүр қалыптасып, ол бірнеше ғасырға дейін үзілмей жалғасын тауып, жаңашылдықпен дамыды. Мұсылман мектептері мен медреселеріндегі шәкірттер діни сауат ашумен қатар философия негіздері, математика, музыка, құқықтану, медицина саласынан білім алып, білікті маман ретінде қалыптасып қоғамдық ортаға белсене араласқаны белгілі жайт. Медреселерді сөз ете отырып, онда білім нұрын таратқан шәкірттерге үлгі болған ұлағатты ұстаздарды атай өткен абзал. Мұсылмандық танымда ғылым мен білім тұтас ұғым.

Өз кезінің озық ойлы перзенттері Әбу Насыр әл-Фараби, Әбу Әли ибн Сина, Ұлықбектер де діни медреселер түлектері еді.

Жалпы, діннің қоғамдағы рөлі артқан сайын, бүгінгі қоғамның сұранысын қанағаттандыра алатындай дін мамандары мен діни қызметшілерді даярлайтын орта және жоғары оқу орындарын құру мен қолдауға көңіл бөлінуде. Тәуелсіздік алған бастапқы жылдармен салыстырғанда бүгінгі күні Қазақстанда дінтанушы, исламтанушы және теолог мамандарды даярлау біршама алға басқанын атап өту қажет.

Бұдан басқа, ислам, христиан, шығыс діндерімен айналысатын профессорларды студенттерге дәріс оқу үшін арнайы шақыртады. Бұл әрекеттердің барлығы Қазақстандағы дінтану ғылымының алға басуына, жан-жақты білімді дінтанушыларды даярлау ісінде өз үлесін қосары сөзсіз.

Еліміздегі көптеген облыстық, аудандық, қалалық мешіттер жанынан көпшілікке арналған діни сауат ашу курстары ұйымдастырылған. Ислами білім берудің бастауыш деңгейі – діни сауат ашу курстары жетілдіру мақсатындағы бірқатар өзгерістерді қажет етеді. Өйткені діни сауат ашу курстары көпшілік арасындағы ислами ағартушылық жұмыстарын жүйелі түрде және кең көлемде жетілдіруге мүмкіндік беретін басты тетік болып табылады. Бірақ діни сауат ашу курстарының басы кемшіліктерінің бірі – шәкірттерге ешқандай жауапкершілік жүктемейтіні, сондықтан курс шәкірттерінің оқу үдерісін кез келген уақытта үзіп, тастап кетуі жиі кездеседі. Нәтижесінде діни сауат ашу курстарына түскен шәкірттер саны мен бітірушілер саны арасында үлкен айырмашылық пайда болады.

Сол себепті мешіттер аясындағы діни сауат ашу курстарының іс-әрекетін зерделеу арқылы қоғамға діни білім берудің деңгейін, оның сапасын және қоғамға әсер ету деңгейін анықтау қажет.

Қазіргі таңда бұл өзекті мәселе болғандықтан, мешіттер аясындағы діни сауат ашу аясында мынадай зерттеулер жүргізілуі қажет:

- Ислам дінінің алғашқы дәуірлеріндегі және Мұхаммед пайғамбар мен сахабалар, табиғиндар кезіндегі мұсылмандардың діни сауат ашуына исламтанулық талдау жасау;
- Орта ғасырлық және жаңа замандағы ислам ғұламаларының діни сауат ашу жолындағы әдістемелік ерекшеліктерін анықтау;
- Шет елдердегі діни сауат ашу курстарының іс-әрекетін зерделеу;
- Қазақстандағы мешіттер аясындағы діни сауат ашу курстарының құрылымдарын зерттеп, пайдалы және осал тұстарын анықтау;
- Мешіттер аясындағы діни сауат ашу курстарының әйел адамдарға діни білім беру ерекшеліктерін зерттеу;

Тарихқа көз жүгірте қарайтын болсақ, қазақтың ұлтжанды зиялылары, ақындары, данагөйлері, батырлары медреседе сауат ашып, ауыл молдасынан хат таныған. Оған тарих беттерінен, әдебиеттерден оқып жүрген шығармаларды дәлелге келтірсек болады.

Пайғамбар (с.а.с.) хадисінде: «Сендердің хайырлыларың Құран Кәрімді үйреніп, оны басқаларға үйреткендерің», -деп келтіреді. Ең пайдалы амал – ол діни білімді үйрену және үйрету.

ҚМДБ-ның ислами діни білім беру жүйесі төмендегі сатылардан тұрады:

1. Діни сауат ашу мен Құран сүрелерін жаттау курстары;
2. Діни оқу орындарына талапкерлер әзірлейтін дайындық курстары;
3. Діни оқу-тәрбие процесін жүргізетін Қайырымдылық мекемелері;
4. Құран кәрім сүрелерін кәсіби тұрғыда жатқа оқуды үйрететін қарилар дайындау орталықтары;
5. Техникалық және кәсіптік білім беретін медресе-колледждер;
6. Жоғары оқу орны және жоғары оқу орнынан кейінгі діни білім беретін

оқу орындары;

#### 7. Имамдардың білімі мен біліктілігін жетілдіру институты

Бүгінгі күні діни сауатының кем болуынан көптеген азаматтар теріс ағымдардың жетегінде кетуде. Осыған байланыста ҚМДБ ұйымдастырған және оның қадағалауындағы діни білім беру курстарының ролі ерекше.

Алайда, білім алуға келген азаматтардың психотипін, білім алу мақсатын, әлеуметтік-экономикалық жағдайын саралайтын зерттеулер аз. Сонымен қатар, діни білім беру курстарының азаматтардың дінге деген көзқарастарына қандай әсер ететінін айқындауға тырысамыз.

Қазіргі қазақстандық қоғамдағы қыздар мен әйелдердің жағдайы, олардың нақты әлеуметтік мәртебесі, құқықтары мен мүмкіндіктері қолданыстағы азаматтық заңдармен ғана емес, діни дәстүрлер мен әдет-ғұрыптармен де айқындалады. Дәл осы дінде көптеген адамдар дәстүрлі, патриархаттық, консервативті деп санайтын және алалаушылық пен стереотиптерге негізделген әйелдерге деген көзқарастың негізі қаланған. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында біз діни қайта өрлеу дәуірінің жағдайын айта аламыз. Бұл халықтың діни сана-сезімі артқанын, дін мен қоғамдағы сенушілердің мәртебесі өзгергенін, мемлекеттік конфессиялық қатынастар моделіне қатысты сапалы жаңа жағдай жасалғанын білдіреді. Бұл ретте, қабылданған "Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы" Заң Қазақстан Республикасының демократиялық, зайырлы мемлекет болып табылатынын, әрбір адамның сенім бостандығына құқығын құрметтейтінін, олардың дініне қарамастан азаматтардың тең құқығына кепілдік беретінін, діндердің мәдени және тарихи құндылығын мойындайтынын айқындайды.

Қазақстандық зайырлы қоғамда әйелдердің діни білімі жыл сайын маңызды орын алады, өйткені әлемдік тәжірибеде және біздің елімізде адамның мәні, руханилығы мен адамгершілігі туралы сұрақтар басты орынға ие болды. Бұл үрдіс елдің қоғамдық, мәдени, саяси және тұрмыстық өмірінде одан әрі арта түседі.

Ислам әйелге жұмыс істеуге немесе оқуға тыйым салмайды, керісінше оны шақырады. Құран аяттарынан Алла тағала жіберген алғашқы сөз "оқы" болды, яғни оқыңыз, демек — біліңіз, үйреніңіз. Ислам дінінде білу, білім бірінші орында.

Бүгінде Қазақстанда мешіттер мен медреселерде қыздар мен әйелдерді діни сауаттылыққа үйрететін арнайы топтар жұмыс істейді.

Маңызды бағыт ретінде "әйелдер жамағаты" өкілдерімен жүргізілетін профилактикалық жұмыстарды атап өтуге болады. Әлеуметтік қолдау көрсетілетін шеңберде. Сонымен қатар, әйелдер үшін оқыту курстары ұйымдастырылады, жұмысқа орналасуға және оларды өмір сүру жағдайларына бейімдеуге көмек көрсетіледі.

Сондай-ақ, 2022 жылы Астанада өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезінде төрт өзекті тақырыптық блоктың бірі "Әйелдің қоғамның әлауқаты мен тұрақты дамуына қосқан үлесі және діни қоғамдастықтардың әйелдің әлеуметтік мәртебесін қолдаудағы рөлі", - деп аталды.

Республикадағы діни ахуал соңғы жылдары белгілі бір өзгерістерге ұшырады. Негізінен конфессиялық палитра өзгерді және ел өңірлеріндегі кейбір проблемалық мәселелер өзекті болып отыр. Діннің рөлінің артуымен халықтың бір бөлігінің діни өмірінің жағымсыз жақтары да ашылды. Атап айтқанда, елде зайырлы қоғамдағы қалыптасқан негіздерге, ұлттық дәстүрлер мен мәдениетке қарсы тұратын азаматтар саны артты. Дәстүрлі емес діни ағымдар пайда болды. Сонымен қатар, діндар халықтың кейбір бөлігі агрессия мен діни радикализмнің экстремалды түрлерін көрсете бастады, бұл елдің, оның азаматтарының қауіпсіздігі мен тұрақтылығына қауіп төндіретін факторға айналды.

Күнделікті өмірде мұсылман әйелі Алла Тағаланың әмірлерін орындап, қарапайым, мойынсұнғыш болуы шарт. Ол өзінің жүріс-тұрысында, киімінде шарифат заңдарын білуі және сақтауы, сыртқы келбеті мен басқалармен қарым-қатынас стилін қадағалауы керек. Құдайдан қорқу, ұят пен момындық керемет біліммен, ерекше тәрбиемен, адалдықпен және сапалы кәсіби дайындықпен үйлеседі – міне, қазіргі заманғы мұсылман әйелдерінің үлгісі, қазіргі заманғы әйелдер мұсылман оқу орындарының түлектері өз оқушыларына шет тілдері, үй шаруашылығы, Ислам пәндері бойынша білім беріп қана қоймай, оларды сенімге тәрбиелеуге тырысады, өйткені ол Аллаға мойынсұнушылықты сақтауға, өміріндегі қиын кезеңдерден өтуге, көзқарастарын қалыптастыруға көмектеседі. Қазіргі мұсылман әйелдерде өз балаларын тәрбиелеуге инвестициялай алатын принциптер болуы шарт. Қазіргі заманғы әйелдер медреселері мұсылман қыздарға рухтың төзімділігі мен өз ойларын, азғырулар мен жаман әдеттерге қарсы тұруды үйретеді, демек, қазіргі қоғамның сауығуына жанама түрде ықпал етеді. [А.Құрманбек. Діни сауат ашу курстары.]

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының медреселерінің қыздарға арналған бөлімдерінде келесі бағдарламалар бойынша тәлім беріледі:

- Ақида (дін);
- Фикһ (ислам құқығы);
- Пайғамбарлар тарихы;
- Сира (Мұхаммед Пайғамбардың өмірбаяны (оған Алла Тағаланың игілігі мен сәлемі болсын) );
- Құран;
- Араб тілі;

Бүгінде медреселер арқылы қыздар мен әйелдерге мемлекеттік стандартқа сай орта кәсіби білім беріледі. Білім алушылар тек қана діни білімін жетілдіріп қана қоймай, негізгі орта білімді игеріп және қосымша маман иегерлірі де болады. «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» республикалық ислам діни бірлестігі соңғы жылдары Қазақстанда исламдық білім беру жүйесін нығайтуда жоғары табыстарға қол жеткізді. Сонымен қатар, студенттер санының артып келе жатқанын және медресе колледждерінің жаңа мәртебесін ескере отырып, Даму тұжырымдамасын жүзеге асыру барысында қол жеткізілген міндеттердің нәтижелеріне сүйене отырып, оларды одан әрі дамытудың арнайы даму жоспарын әзірлеу қажет сияқты. [Б.Абдрахман. Еліміздегі діни сауат ашу курстарының маңыздылығы]

Жалпы, Қазақстандағы мұсылмандық білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру үшін «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» тарапынан да, азаматтық қоғам мен мемлекеттік органдар тарапынан да үлкен күш-жігер қажет. Осы уақытқа дейін жоғары білімді, адамгершілігі жоғары рухани дін қызметкерлеріне, тәлімгерлерге, басшыларға сұраныс көп. Ал ұлттың рухани саулығы отандық діни білімнің сапалы дамуына байланысты екені даусыз.

Бүгінгі таңда көпшіліктің назары хиджаб тақырыбына көбірек аударылуда. Қазақстандық қоғам үшін киімнің өзі қауіп төндірмейді деп ойлаймын. Мәселе басқаша: діндарлық формасын өзгерту қауіпі бар, ол қазақтар үшін бөтен мәдениетті және идеологияны енгізуге ықпал етуі мүмкін, сәйкестік, ұлттық менталитет және бірлік шекараларын жоюға алғышарттар жасайды.

Қорытындылай келе, бұл тақырып аясында идеясы келесі зерттеу бағыттарын қарастыру қажет:

- исламның тарихи-өркениеттік қасиеттерін айқындайтын ислам философиялық көзқарастардың қалыптасуы мен дамуының өзіндік ерекшеліктері мен әмбебап көріністеріне өзіндік сипаттамалар беріліп, исламдық білім берудегі қайшылықты тұстары сыни сараптаудан өткізу;

- ислам және қазақ ойшылдарының білім алуға көзқарастары мен еңбектерін зерттеу – қоғамдық құбылыстардың дамуын және өзгеруін, олардың сабақтастығы мен өзара ықпалдастығын нақты зерттеуді, сондай-ақ қойылған міндеттерді орындауға бағытталған тарихи деректердің барынша толық жиынтығын анықтауды және талдауды талап ететін тарихилық, объективтік және жан-жақтылық принциптеріне негіздеу.

- Мешіттер жанындағы діни білім курстарының құрылымы, білім беру әдістемелерін саралау арқылы мемлекетіміздің негізін нығайтудағы, қоғамымызды біріктірудегі ролін айқындау.

- Діни курстарға қатысатын азаматтың әлеуметтік портреті анықтау.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Б.Абдрахман. Еліміздегі діни сауат ашу курстарының маңыздылығы, <https://centre-tur.kz/kk/maqalalar/din-jane-jastar/elimizdegi-dini-sauat-ashu-kurstarynyn-manyzdylygy-410/>
2. А.Құрманбек. Діни сауат ашу курстары. <https://centre-tur.kz/kk/maqalalar/dasturli-din/dini-sauat-ashu-kurstary-773/>
3. Бас мүфти жазғы сауат ашу курсының шәкірттерімен кездесті // <http://mazhab.kz/kk/janalyqtar/el-ishi/bas-mufti-jazgy-sauat-ashu-kursynyn-shakirtterimen-kezdesti-286/>
- 4.Бақыткелді мешіті сауат ашу курсы өткізді “ [https://www.instagram.com/p/CurV8E\\_NtE3/?ysclid=lkkuqta43b777942015](https://www.instagram.com/p/CurV8E_NtE3/?ysclid=lkkuqta43b777942015)
5. Бейсенбаев Б. Діни білім берудің Қазақстандық моделі қалыптасатын болады // <https://islam-atyrau.kz/index.php/2012-12-25-22-23-18/item/257-baktybaj-bejsenbaev-dini-bilim-berudi-kazakstandyk-modeli-kalyptasatyn-bolady>
6. Біздің мешіт алдыңғы жылға қарағанда бала оқытудан жана РЕКОРД ҚОЙДЫ. 220 қыз бала 130 ға тарта ұл бала оқытты // <https://www.instagram.com/p/CvN8LpcN-vJ/>
7. "Бір кәсіпті меңгер" атты әйелдерге тігін курсы ашылды // <https://zeket.online/8-ourworks/655-bir-k-sipti-me-ger-atty-jelderger-tigin-kursy-ashyldy.html?ysclid=lkuyxg9729151664981>
8. «Имани жаз-2022»: Алматыда 2314 бала жазғы курсты тәмәмдады // <https://www.muftiyat.kz/kk/news/country/2022-08-30/40257-imani-zhaz-2022-almatyda-2314-bala-zhazgy-kursty-tmmdady/>

## **ХАЛЫҚПЕН ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ БАҚ-НЫҢ ТЕРРОРИЗМ МЕН ЭКСТРЕМИЗМ ИДЕОЛОГИЯСЫНА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДАҒЫ РӨЛІ**

**Шантемисов Ермек Берикович**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, дінтану және мәдениеттану кафедрасының магистранты  
Ғылыми жетекшісі: философия ғылымдарының докторы, профессор Борбасова  
Қарлығаш Молдағалиқызы

Терроризм мен экстремизм идеологиясына қарсы іс-қимыл – халық арасында профилактикалық жұмыстардың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Бұл осы қауіптермен күресудің күштік әдістері оларды толығымен жоя алмайтындығымен байланысты.

Терроризм мен экстремизм идеологиясына қарсы тұрудың негізгі бағыттары:

1) ақпараттық кеңістіктегі террористік және экстремистік қатерлердің мониторингі – ақпараттық кеңістіктегі жағдайдың жай-күйін зерделеуді, террористік және экстремистік сипаттағы қатерлерді анықтауды, террористік және экстремистік қызмет субъектілерінің жоспарлары мен ниеттері туралы ақпарат жинауды қамтиды;

2) түрлі экстремистік ұйымдардың қатысушылары мен жақтастарының ақпараттық белсенділігін тоқтату – экстремистік контенті бар интернет-ресурстарды бұғаттау жөніндегі іс-шараларды, экстремистік сипаттағы материалдарды таратуға жол бермеу туралы ескертулер жіберуді қамтиды;

3) қоғамда экстремистік идеялардан бас тартуды қалыптастыру – қоғамда, жекелеген әлеуметтік топтар мен ұжымдарда қоғамның экстремизм идеологиясына теріс көзқарасын, экстремистік қызметті жүзеге асырудың заңсыздығы мен қолайсыздығына сенімділікті қалыптастыруға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын қамтиды;

4) экстремизм идеологиясының және радикалды ұйымдардың заңсыз әрекеттерінің беделін түсіру, алдын алу – террористік және экстремистік құрылымдардың, жекелеген тұлғалардың заңсыз әрекеттеріне теріс баға қалыптастыратын экстремизм идеологиясының постулаттарын әшкерелейтін және жоққа шығаратын ақпаратты таратуды көздейді;

5) экстремистік ұйымдар мен топтардың қатысушыларын заңсыз қызметтен бас тартуға итермелеу – террористік және экстремистік ұйымдар мен заңсыз қарулы құралымдардың қатысушыларымен, олардың туыстары мен жақындарымен профилактикалық жұмыстар жүргізуді қамтиды.

Халық арасында терроризм мен экстремизм идеологиясына қарсы іс-қимыл саласындағы жұмыстың дәстүрлі және бұқаралық нысандарының бірі – түрлі деңгейдегі мекемелерде профилактикалық шаралар өткізу болып табылады. Аталмыш жұмыс ақпарат берудің әртүрлі нысандары (кездесу, семинар, баяндамалар жасау, бейнефильмдер мен бейнероликтерді қарау, баспа өнімдерін тарату) арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Халықпен түсіндірме жұмыстарын жүргізудің тиімді түрі – олардың терроризм мен экстремизм идеологиясының деструктивті рөлін әшкерелеуге арналған тақырыптық көркем және деректі кинофильмдерді, телехикаяларды, бейнероликтерді көруін ұйымдастыру, соңынан ұжымдық талқылау жасау. Оны жүзеге асыру үшін білім беру ұйымдарын осындай материалдармен қамтамасыз ету немесе оларға ғаламтордағы сілтемелерін беру қажет.

Біздің дәстүрімізге жат идеологияға теріс көзқарасты қалыптастыру мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізген кезде педагогикалық ұжым мыналарды ескерген жөн:

1) терроризм мен экстремизмнің адамгершілікке қарсы мәніне баса назар аудару;

2) терроризм мен экстремизмнің барлық азаматтар үшін (оның ішінде террористтің немесе экстремистің отбасы мүшелері үшін), өңір және тұтастай алғанда ел үшін деструктивті салдарын көрсету;

3) дәстүрлі діни конфессиялар көшбасшыларының терроризм мен экстремизм идеологиясын айыптауына баса назар аудару;

4) Құран мен өзге де қасиетті діни жазбалардың ережелерін қасақана бұрмалау бойынша терроризм мен экстремизм идеологтарының тактикасын әшкерелеу;

5) идеологтар мен террористерді жалдаушылардың жасөспірімдердің санасын алдау мен манипуляциялаудың психологиялық тәсілдерін қолдануы туралы хабардар ету;

6) террористік сипаттағы және экстремистік бағыттағы қылмыстар жасағаны үшін жазаның сөзсіздігіне сендіру (террористік және экстремистік қызметпен айналысқан жастардың қайғылы тағдырының нақты мысалдарын келтіру);

7) әлеуметтік және тұлғалық проблемаларды күшпен шешпеу, жеке даму және өмірлік табысқа жету мүмкіндігіне сенімділікті қалыптастыру.

Қазіргі негізгі ақпарат көзі – интернет ресурстар: веб-сайттар, блогтар, әлеуметтік желілер. Сондықтан, оның адамдардың ең осал санаттарына, әсіресе жастарға ықпалына тиімді қарсы тұру үшін, тығыз қарым-қатынаста тұрақты және ашық диалог жүргізуге мүмкіндік беретін халық арасында қолжетімді интернет-ресурстарды тұрақты негізде пайдалану қажет.

Интернеттегі терроризм мен экстремизм идеологиясына қарсы тұру үшін тұрақты негізде үгіт-насихат және қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу үшін әлеуметтік желілердің мүмкіндіктерін белсендірек пайдалану қажет. Сонымен бірге терроризм идеологиясымен ақпараттық қарсыласуда мемлекет пен қоғамға көмектесуге ынталы белсенді блогерлермен қарым-қатынастың дұрыс, құрметті форматы қажет.

Терроризм мен экстремизм идеологиясына қарсы тұруда халықты ақпараттандырудың негізгі көзі болып табылатын бұқаралық ақпарат құралдарына маңызды рөл беріледі. Қарастырылып отырған саладағы БАҚ қызметі әрдайым оң мәнге ие бола бермейді.

Бұқаралық ақпарат құралдары халыққа ақпарат таратудың қуатты көзі ретінде террористер тарапынан «хабарларын» қоғамға жеткізудің және билік органдарына қысым көрсетудің маңызды арнасы ретінде қарастырылады. Американдық зерттеуші Б. Накос атап өткендей, «барған сайын әсерлі және қатыгез әрекеттерді ұйымдастыру және осылайша зорлық-зомбылық шегін жоғарылату арқылы террористтер өздерінің әрекеттерінің баспасөзде және қоғамның назарында кеңінен қамтылатынына сенімді» [1].

Бұқаралық ақпарат құралдары террористер мен экстремистердің өз қызметін, оның ішінде террористік актілер мен экстремистік бағыттағы қылмыстардың (қаза тапқан және жараланған адамдардың, материалдық шығындардың және т.б.) салдарын ақпараттық жариялау арқылы жүзеге асыратын халыққа жан түршігерлік әсерінің басты «тасымалдаушысының»

рөлін атқарады. Бұқаралық ақпарат құралдарының арқасында экстремистік құрылымдар өздерінің идеологиясын таратуда және қоғамды қорқытуда тек өздерінің ақпараттық ресурстарын пайдаланған кезде қол жетімді болмайтын бұқаралық аудиторияға қол жеткізе алады.

Өз тарапынан БАҚ экстремистердің іс-әрекеттерін жариялауға мүдделі, оның себебі кез-келген террористік акт немесе экстремистік акция олар үшін аудиторияның назарын аударатын және көру рейтингін көтеретін маңызды ақпараттық себеп ретінде қарастырылады.

Көбінесе бұқаралық ақпарат құралдары жасалған террористік актілер мен экстремистік бағыттағы қылмыстарды жариялауда жай ақпараттық хабарламамен шектелмейді, оқиға орнынан егжей-тегжейлі репортаждарды, оқиғаға қатысушылар мен куәгерлердің эмоционалдық түсініктемелерін, оқиғаның тиісті бейнежазбаларын қамтиды.

Осыған байланысты терроризм идеологиясына қарсы іс-қимылда терроризм мен экстремизм мәселелерін, оның ішінде жасалған террористік актілерді, террористік сипаттағы өзге де қылмыстарды және экстремистік бағыттағы мәселелерді бұқаралық ақпарат құралдарында тиісті ақпараттық жария етуді қамтамасыз ету маңызды мәнге ие болады.

ҚР 1999 жылғы 23 шілдедегі N451 «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңында [2] «Бұқаралық ақпарат құралдары терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға жәрдемдесуге міндетті» екені айтылады.

Бұқаралық ақпарат құралдарына мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге, экстремизмді немесе терроризмді насихаттауға және ақтауға, терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезеңінде олардың техникалық тәсілдері мен тактикасын ашатын ақпаратты таратуға тыйым салынатындығы да аталмыш Заңмен бекітілген.



Еліміздегі терроризм мен экстремизмге тиімді қарсы тұрудың міндетті шарты – билік пен журналистиканың өзара түсіністігі мен ынтымақтастығын орнату. Терроризм мен экстремизмнің алдын алу саласында мемлекет қабылдайтын ақпараттық және мәдени-білім беру шараларын бұқаралық ақпарат құралдары қолдауға, олардың мазмұнын халыққа жеткізуге тиіс.

БАҚ-ның терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимыл шеңберіндегі аса маңызды міндет – террористер мен олардың ерікті сыбайластарына қатысты сот процестерін егжей-тегжейлі көрсетуді қоса алғанда, жазалаудың бұлтартпастығын көрсететін арнайы қызметтердің терроризмге қарсы қызметінің нәтижелерін көрсету.

Билікпен ынтымақтастықта бұқаралық ақпарат құралдары терроризм мен діни экстремизм идеологиясын әшкерелеуге және қоғамдағы дәстүрлі діндердің оң имиджін қалыптастыруға жәрдемдесуге тиіс.

Осы орайда бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық санаға оң көзқарастарды, ең алдымен заңдылық қағидаттарын, мемлекеттілік негіздерін құрметтеуді, әртүрлі әлеуметтік топтар, этникалық құрылымдар мен діни ағымдар өкілдерінің бейбіт қатар өмір сүруін енгізу мүмкіндіктерін пайдалану орынды деп санаймыз.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. Nacos B. L. Terrorism and media: from Iran Hostage to the World Trade Center Bombing. N. Y., 1994. P. 7–8.

2. «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы», ҚР 1999 жылғы 23 шілдедегі N 451 Заңы. [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000451\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000451_)

## **«МӘДЕНИ ЖАРАҚАТ» РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ: ХОЛОКОСТ ТАРИХИ ОҚИҒАСЫ МЫСАЛЫНДА**

**Айтенова Альфия Аманжоловна**  
Абай атындағы ҚазҰПУ докторанты

Холокост тарихи оқиғасы туралы ғылыми ізденістер жүргізуде оның методологиялық аспектісін анықтап алу маңызды. «Мәдени жарақат» методологиясы қоғамдық қатынастар нәтижесінде пайда болатын жарақатты оқиғаларды зерттеу барысында қолданыла алады. Бұл тармақшаның ғылыми гипотезасы – Холокост тарихи оқиғасы «мәдени жарақат» теориялық-методологиялық негіздері арқылы қарастырылады.

Батыс түсінігінде «холокост» терминінің мәні айтулы уақыттардан белгілі. Термин этимологиясы гректің «holocaustos», яғни «holos» – «біртұтас, тұтасымен, толығымен», «kaustos» – «өртеу» сөздерінен шығады. Мысалы, яхудилердің «Библия» тарихында «барлығын өртеу», «күнәхар», «күнә», «тазару» және т.б. секілді құрбандықтың бірнеше түрі болған.

Кейін, 1940 жылдары, Екінші дүниежүзілік соғыстың қызған шағында, Германиядағы яхудилерге қатысты «holocaustos» термині туралы алғашқы түсініктер пайда болды.

Холокост терминінің қазіргі мәні – 1933–1945 жылдар аралығында фашистік Германия мен оның одақтастарының бірқатар еуропалық халықтарды мемлекеттік деңгейде ұйымдастырылған жүйелі қудалау және жаппай қырып-жою шараларын білдіреді. Атап айтқанда, «яхуди» атты халықты толығымен жою міндетіне тұтас бір мемлекеттің ішкі және сыртқы саясаты толығымен жұмыс істеді. Саясатты жүзеге асыру үшін бұрын-соңды

болмаған ұйымдастырушылық және техникалық күштер қолданылды. Кісі өлтірушілерден тұратын арнайы бөлімшелер, құрбандарды өлтіруге арналған газ камералары және мәйіттерді өртеу үшін крематорийлер секілді жою механизмдері құрылды.

Дегенмен, Холокост тарихи оқиғасын зерттеудің маңыздылығы туралы Батыс зерттеулерінде бірқатар пікірлер қалыптасқан және мәселелер кешені қордаланған:

Біріншіден, нацистік Германия жасаған барлық қылмыстар оккупацияланған аумақтардағы бейбіт тұрғындарға қарым-қатынасты реттейтін халықаралық құқықтың принциптері мен нормаларын өрескел бұзу болып табылады (1899 және 1907 жылдардағы Гаага конвенциялары).

Екіншіден, Холокост тарихи оқиғасын зерттеу тарихында құрбандарды анықтау мәселесі әлі күнге академиялық тұрғыдан шешімін таппай келеді. Холокост оқиғасының құрбандарын анықтау мәселесінде зерттеушілердің басым көпшілігі яхуди халқының геноциді идеясына тоқталады. Бұл көзқарас нацистердің жаппай қырып-жою саясатына берілген бағаның немесе көзқарастардың ішіндегі ең бірегейі.

Үшіншіден, Холокост тарихи оқиғасы туралы тұжырымдаманың мазмұны яхудилерді ғана қудалау және жаппай қырып-жоюмен (геноцид) шектелмейді. Бірқатар зерттеушілер «Холокост» ұғымы нацистік террордың барлық құрбандарын қамтуы керек екенін ұсынады. Мәселен, «...Жәбірленушілер қатарына – нацистік режимнің тарапынан қудалау объектісіне айналған яхудилер, рома және синти халықтарының өкілдері, Иегова куәгерлері, гомосексуалдар, психикалық немесе физикалық кемістіктері, мүгедектігі бар кез келген адам немесе адамдар тобы жатады. ...Бұл идеология алдымен Германияның өз аумағында, кейін басып алынған елдердің территорияларында қолданылды. Сонымен бірге барлық жерде жаппай қырып-жоюдың бірдей формалары мен әдістері қолданылды: геттолар, жаппай ату шаралары, концентрациялық лагерьлер және улы газбен тұншықтырып өлтіру. Жаппай қырып-жою идеологиялық концепция негізінде жүзеге асырылды, яғни яхудилер, психикалық науқастар, мүгедектер, сығандар жойылды» [1].

Сонымен қатар, «...Германияның ірі-ірі 18 өлім лагерьі мен олардың сансыз көп бөлімшелерінде яхудилер өздері секілді бейбақтар-сығандар мен славяндар, зәңгілер мен дін өкілдері секілді жаппай азап шекті және ажал тапты. Мұса пайғамбар ұрпағын «Яхуди болғаны үшін жазықты» деп таныған нацистер сығандарды да аямайтын. Нәтижесінде ресми деректерде көрсетілгендей, 1937-1945 жылдардың арасында 6 миллион яхуди мен 2,5 миллион сыған құртылған. Ешкімге аяушылық көрсетілген жоқ» [2].

Төртіншіден, келесі бір мәселе, Холокост тарихи оқиғасының тарихын және оның қоғамдық санада орнын нацистік режимді басынан өткермеген, жаппай қырып-жою науқанының құрбанына айналмаған тұлғалар қалыптастыра алады. Себебі, «Холокост» құрбандары моральдық тұрғыдан аталған тарихи оқиғаны және нацистік саясаттың мәніне объективті түрде баға бере алмайды [3].

Бесіншіден, неміс ұлтының Холокост тарихи оқиғасы туралы естеліктерінің мазмұны санқырлы. Неміс ұлты мұны (неміс болсын, яхуди болсын) қасіретті оқиға ретінде ұжымдық жадысынан шығармай сақтап келеді. Өткен шақтың естеліктері болашақтың еншісінде өңделген әртүрлі өмірлік мәндермен түрленіп, қоғамдық пікірде әртүрлі танымдық көзқарастарды қалыптастырып келеді. Еуропалық рефлексия Холокост тарихи оқиғасының өткен шағы мен болашағы туралы реконструкциялауды пәнаралық аспектіде бағалады.

Мұндай қатынастың негізгі мәні, жарақатты сипатқа ие қоғамдық естеліктерге «ашық», «жүйеленген» және «саналы» қатынас жасалынған жағдайда, оларды қоғамдық деңгейде емдеп шығаруға мүмкіндіктер береді. Кері қатынас жағдайында, өткен шақтың жарақаты жаңа иррационалды қоғамдық құбылыстың қалыптасуына және дамуына себеп болады. Өткен шақ туралы шындықтың немесе жарақатты оқиғаның кінәні өтеу, әлеуметтік катарсиске қол

жеткізу сияқты қызметтерді қозғалысқа келтіретін естеліктер куәгерін/авторын, басқаша айтқанда жарақат тұтқындарын қалыптастырады [3].

Алтыншыдан, постмодернизмнің ұжымдық жадыны сақтау және оның механизмдерін деконструкциялау тәсілі Холокост тарихи оқиғасын белгілі бір әлеуметтік топтың жадысынан өшіріп тастаудың мүмкін еместігін анықтап берді. Себебі, постмодернизм репрезентация дилеммаларын мойындайды, олардың мүмкіншіліктеріне қолдау танытады, белгісіздік жағдайларға табынады, оның эстетикасы болған оқиғаны толық, жан-жақты түсінудің мүмкін емес екенін дәріптейді, кінәні өтеу саясатынан бойын аулақ ұстайды, кез келген жауапкершілікті мойнына алмайды және әртүрлі уәде беруге өзгені үміттендірмейді. Өйткені, Холокост тарихи оқиғасының куәгерлер санының азаюының салдарынан олардың ауызша және жеке айтқан естеліктері әртүрлі мәдени формаларға трансформацияланды. Бірқатар куәгерлер айтқан естеліктер Батыс қоғамының назарын өзіне аударуға жағдайлар жасады. Осылайша, Холокост тарихи оқиғасы Батыс қоғамында жария сипатқа ие болды [4].

Сонымен, қазіргі Батыс қоғамында жад пен оны жүзеге асырудың ерекшеліктері ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басындағы құбылыстар мәнінің тұрақсыздығы мен әртүрлі құрылымдардың өзгеруімен байланыстырылады (жаһандану процесі). Мәдениеттер мен өмір сүру салттары бір-бірімен араласып кетті және олар бір-бірін толықтырды. Бұл қазіргі индивидтің оларды тұтынуына, түрлендіруіне және тасымалдауына қолжетімді болғанын аңғартады.

Батыс қоғамдық қатынастары басшылыққа алып отырған тарихи бағдарсыздық көңіл-күй тәжірибелер құрылымындағы өзгерістердің тек уақытша бір көрінісін меңзейді. Қоғамның өзінің өткен шағы туралы білуге құштарлығы және оны сипаттау әрекеттері жеке тұлғаның болашақ туралы идеяларына ықпал етеді және өз кезегінде болашақ туралы болжамдар, онымен байланысты үміті пен қорқынышын қалыптастырады. Бұл өз кезегінде қоғамдық және жеке тұлғаның жады пен оның мазмұнын ұмыту динамикасын да анықтап жатады.

Мәселен, Батыс қоғамында ХХ ғасырдың басты оқиғаларын басынан өткермеген ұрпақ олар туралы фильмдер мен қордаланған куәліктерден, суреттер мен ескерткіштерден, мәдени орындар мен адамдар бойында қалыптасқан мінез-құлық нұсқаларынан біледі.

Холокост тарихи оқиғасы Батыс қоғамында орын алған басты оқиғалардың бірі ретінде кейінгі ұрпаққа ауызша және материалдық, рәміздік және физиологиялық формада саналуан әсерлі мұра қалдырды. Зиялы қауым өкілдері мен өнер қайраткерлері аталған мұраның мәнін танудағы талпыныстарын концептуалды өнер мен қазіргі қоғамдық ғылымдардың жетістіктерін негізге ала отырып жүзеге асырды. Салаға қатысты зерттеу жұмыстарының көпшілігі жадыда жинақталған өткен шақ туралы тәжірибелерді бүгінгі әлеуметтік кеңістікке сәйкестендіру әрекеттерімен ерекшеленеді [4].

Яхудилер катастрофасы. А.Ицхак нацистік Германияның яхудилерді жаппай қырып-жоюдың негізгі себептеріне: 1) экономикалық (азық-түлік) дағдарысынан құтылу; 2) соғыста неміс тылының қауіпсіздігін қамтамасыз ету; 3) нацистердің нәсілшілдік теориясын жатқызады [5, 124 б.]. Алайда, академиялық және бұқаралық басылымдарда аталған себептердің үшіншісі (нацистердің нәсілшілдік теориясын) қисынды және негізгі екеніне назар аударылады.

Яхудилерді жаппай қырып-жоюдың бастапқы қадамы оларды геттоларға көшіру бұйрығынан басталды. Бұл кезеңде яхудилер арасында аталған бұйрықтың шындығы туралы әртүрлі қауесеттер тарады: 1) яхудилер соғыс майданында қалқан ретінде пайдаланылады; 2) арзан еңбек күші ретінде пайдаланылады; 3) нацистер тарапынан барлық яхудилер жойылады. Өкінішке орай, яхудилер үшінші нұсқаның шындығына сене алмады және оған олардың күмәні мен күдігі басым еді.

Сонымен, нацистік Германияның яхуидилерді жаппай қырып-жою үдерісі үш кезенді қамтиды:

«Бірінші кезең – 1941 жылдың 22 маусымынан 1941/42 жылдың қысының соңына дейінгі уақытты қамтиды. Бұл кезеңде Литвада, Латвияда, Эстонияда, Шығыс Белоруссияда, Шығыс Украинада және Ресей Федерациясының оккупацияланған территорияларында тұратын яхуидилердің басым бөлігі жойылды. Бұл кезеңде Батыс Белоруссия мен Батыс Украинада яхуди халқының көпшілігі әлі тірі еді. Өлім мен жер аудару толқыны Бессарабия мен Солтүстік Буковина яхуидилеріне де келіп жетті.

Екінші кезең – 1942 жылдың көктемінен 1942/43 жылдың қысына дейінгі аралықты қамтиды. 1942 жылдың жазында және күзінде тұтқынға алынған Батыс Белоруссияда, Батыс Украинада және Ресей Федерациясының оңтүстік аймақтарында тұратын яхуидилердің көпшілігі жойылды.

Үшінші кезең – 1943 жылдың көктемінің басынан 1944 жылдың жазына дейінгі уақытты қамтиды. Бұл кезеңде неміс әскері Кеңес Одағы территориясынан шегініп жатты. Геттолар мен еңбек лагерлерінде қалған яхуидилердің басым көпшілігі жойылды, қалғандары Германиядағы лагерьлерге жіберілді» [5, 197 б.].

Нацистер яхуидилерді қатыгездік пен аяусыздыққа лайықты «жағымсыз элемент» деп санады. Жаппай қырып-жоюдың механизмдері мен операциялары «өте құпия» белгісімен және ауызша жүзеге асырылды. Қылмысты дәлелдейтін барлық құжаттар мен айғақтайтын материалдар толығымен жойылды. «СС жаппай қырып-жоюдың іздерін өшіру үшін қолдан келгеннің барлығын жасады. Әрекеттердің барлығы жазбаша түрде құжатталмауы міндеттелді. Майдан концентрациялық лагерьден он шақырымдай жерде және әскерге барлық адам және материалдық ресурстар қажет болған кездің өзінде эшелондар ұйымдастырылды, газ камералары мен крематорийлер жұмысын жалғастырды. Жағдайдан шығудың түпкілікті жолы – «яхуди» мәселесін соңына дейін жеткізу, яғни шексіздіктің соңына нүкте қою керек болды. Бұл ешбір дәлелі жоқ қылмыс болуы керек еді, себебі мұндай жағдайда адам өзінің кінәсіздігі туралы мәлімдей алады. Бұл абсолютті және ұмыт қалған естен шығару «саясатын» білдіреді. Оның мәні – абсурдты, себебі оның құлшынысы мен табандылығы оның саясаттан тыс табиғатына назар аударуға мәжбүрлейді» [6, 45 б.].

Атап өтерлігі, яхуидилерді жаппай қырып-жою саясатының жүзеге асқанынан кейін көп уақыт өтпестен Батыс қоғамы қайғылы оқиғаның себептері мен салдарын игеру және бағалау шараларына көшеді. Мәселен, Освенцим концентрациялық лагерьінің орнына музей салу идеясы Екінші дүниежүзілік соғыстың баяқталғанынан екі жылдан кейін көтеріле бастайды. Алайда, Польша Парламенті заң жүзінде 1947 жылдың 2 шілдесінде бұрынғы Освенцим концентрациялық лагерьінің территориясын «әрқашан поляк және басқа да халықтардың шейіт ескерткіші» ретінде мойындады.

1952–1965 жылдар аралығында Германия билігі Израильге 3 млрд. марк өтемақы төледі.

1970 жылдың 7 қарашасында ГФР канцлері Вилли Брандт Польшаға ресми сапары кезінде Варшава геттосы мемориалына барып, неміс халқының атынан ұлтшылдардың қылмысы үшін кешірім сұрап, басын иді.

2005 жылдың 1 қарашасында БҰҰ Бас Ассамблеясы 27 қаңтарды Холокост құрбандарын еске алудың халықаралық күні ретінде бекітті.

Холокост тарихи оқиғасын бағалау. Ж.-Ф. Лиотар [6] Холокост тарихи оқиғасын естен шығару, ұмыту мәселесі арқылы түсіндіріп беруге талпыныс жасайды. Естен шығару дегеніміз жады, естеліктер туралы таңдаулы естеліктер, қауымдастық пен оның заңдылықтарындағы күмәнді жайттарды ұмытуды талап ету. Естен шығару – ол туралы бірде-бір сөз айтпауды аңғартпайды. Естен шығару – жанжалдардың тираниясын, келіспеушілігін, азаматтық

соғысын, өзара абыройсыздығын білдіреді, жүзеге асқан ашу мен өшпенділікті танытады. Өзі өндіріп шығарған дискурсында пікірлер тайталасын туындатуды мойнына алады. Естен шығару табиғаты риторикалық қажеттілігімен ерекшеленеді, поэтикалық тұрғыдан әртүрлі сипатта жүзеге асады. Мысалы, жанр, репрезентация бойынша кез келген оқиғаны даралап, бөліп алуды, дәріптеуді білдіреді.

Өткен шақта алынған шок әлдебір талқылауды қалайтын және әрдайым қайталанып отыруы мүмкін негіздің қалыптасуына себеп болады. Біртұтастықтың бақылаудан тыс қалауы өткен шақты терістеу, ығыстыру арқылы оның формасын жағымды қалыпқа түсіру үшін белсенді түрде әрекет етеді. Яғни өткен шақ туындатқан симптом өзін-өзі емдеу қызметін атқарады, өткен шақтың қоздыру қызметін басу үшін белгілі бір деңгейде энергия жұмсайды. Мемориалды тарихтың уақытша сипаты оның қоздыру қызметіне қарсы әрекет ететінін аңғартады. Қорытып айтқанда, бұл естен шығарудың саяси қызметін құрайды. Өйткені естен шығару болған және уақыты өтіп кеткен оқиғаны өзіне бағындырады, өткен шақтың оқиғасын болашақтың қызметіне жұмсайды, өткен-қазіргі-болашақ араларындағы уақытша сәттің мәнін ашады.

Жазылмаған тарих, естеліктер тарихшы мамандар тарапынан зерделенеді және зерттеледі. Архив материалдары қарастырылады, құжаттар жинақталады, талдау елегінен өткізіледі. Ізденістердің нәтижесі әртүрлі мәдениет өнімдері арқылы қоғамның назарына ұсынылады. Осылайша, тарих ғылымның бір саласы ретінде естен шығару феноменімен қарсыласады. Оның алуантүрлі естеліктер айтуына және жазылуына кедергілер келтіреді, жүргізіп отырған саясатына өзінің саясатын қарсы қояды, сананы құрбандыққа шалатын уақытша иллюзияны сынға алады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Войтенко Е.А. Холокост на Юге России в период Великой Отечественной войны: 1941-1943 гг. // тема диссертации и автореферата по ВАК РФ 07.00.02, кандидат исторических наук, 2005. – 236 с.
2. Ықсанғали С. Холокост // Түркістан. – 2012. – 19 қаңтар (№13). – Б.12.
3. Ушакин С. «Нам этой болью дышать»? О травме, памяти и сообществах // Травма: пункты: Сборник статей / Сост. С. Ушаков и Е. Трубина. М.: Новое литературное обозрение, 2009. – С. 5–41.
4. Трубина Е. Феномен вторичного свидетельства // Травма, пункты: Сборник статей / Сост. С.Ушакин и Е. Трубина. М.: Новое литературное обозрение, 2009. – С. 171-205.
5. Ицхак А. Катастрофа евреев на оккупированных территориях Советского Союза (1941-1945). – Д.: Центр «Ткума»; Д.: ЧП «Лири ЛТД»; М.: Центр «Холокост», 2007. – 816 с.
6. Лиотар Ж.-Ф. Хайдеггер и «евреи» / Пер. с франц., послесл. и прим. В. Е. Лапицкого. – СПб.: Аксиома, 2001. – 187 с.

Ғылыми басылым

**I АМАНЖОЛ ҚАСАБЕК ОҚУЛАРЫ**  
философия ғылымының докторы, профессор  
Қасабек Аманжол Қасабекұлының 80 жылдығына,  
Бүкіләлемдік философия күніне арналған  
«ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ» атты  
Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының  
**МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

Мақала мәтініне автор жауапты

**№ ИБ 15352**

Басуға 26.05.2024 жылы қол қойылды. Пішімі 60×84 1/8.  
Көлемі 17,8 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс 939.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.